



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ  
МИНИСТРЛІГІ



**Jastar**  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

**«Шекара маңындағы  
еңірлердегі жастардың  
оқу және еңбек  
көші-қонының  
ерекшеліктері»**

**«Особенности учебной  
и трудовой миграции  
молодежи  
в приграничных  
регионах»**

Нұр-Сұлтан, 2022

**Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері  
бойынша талдамалық баяндама**

**Аналитический доклад по результатам  
социологического исследования**



Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрлігі



## «Шекара маңындағы өңірлердегі жастардың оқу және еңбек көші-қонының ерекшеліктері»

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижесі бойынша  
талдамалық баяндама

Шекара маңындағы өңірлердегі жастардың оқу және еңбек көші-қонының ерекшеліктері: «Жастар»  
ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2022. – 177 б.

Бұл талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша жүргізілген «Шекара маңындағы өңірлердегі жастардың оқу және еңбек көші-қонының ерекшеліктері» атты әлеуметтанулық зерттеу нәтижесіне негізделген. Баяндама шекара маңы өңірлердегі жастар арасындағы оқу және еңбек көші-қонының ауқымы мен үрдісін зерттеу нәтижелерін қамтиды.

Көші-қонды басқару саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға, қалың жұртшылыққа, көші-қон саясаты саласындағы сарапшыларға, зерттеушілерге, осы тақырыппен айналысатын мамандарға және барлық мүдделі тарапқа ұсынылады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022

Мазмұны

<b>I. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>	<b>5</b>
<b>II. ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН БҰҚАРАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ</b>	<b>15</b>
1. Қазақстандағы жастардың әлеуметтік өзсезінімі	15
1.1 Әлеуметтік оптимизм деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайға қанағаттануы	15
1.2 Тұрғылықты жері бойынша тұлғалық даму жағдайларына қанағаттану	22
1.3 Алалау фактілері және қауіпсіздік сезімі	30
1.4 Өзсәйкестенім ерекшеліктері	35
2. Көші-қонның негізгі факторлары мен перспективалары	39
2.1 Жастар арасындағы көші-қон көңіл-күйі (ниеті мен бағдары)	39
2.2 Ішкі көші-қон перспективалары	43
2.3 Сыртқы көші-қон перспективалары	45
2.4 Жастардың сыртқы көші-қонының негізгі pull-push қозғаушы факторлары	55
3. Қазақстандық жастардың еңбек көші-қонының ерекшеліктері	66
3.1 Жастардың жұмыспен қамтылу жағдайын бағалау	66
3.2 Еңбек көші-қонының ауқымын бағалау	75
3.3 Еңбек көші-қонының негізгі push-pull факторлары	78
4. Оқу көші-қонының негізгі тенденциялары мен ерекшеліктері	84
4.1 Оқу көші-қонының ауқымын бағалау	84
4.2 Оқу көші-қонының негізгі push-pull факторлары	86
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>93</b>
<b>ҰСЫНЫМДАР</b>	<b>103</b>
<b>III. САРАПТАМАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ</b>	<b>107</b>
1. Жастардың әлеуметтік өзсезінімі көші-қон көңіл-күйін күшейтетін/ әлсірететін фактор ретінде	107
2. Көші-қон процестерінің жағдайы мен перспективасын бағалау	112
2.1 Ішкі көші-қон жағдайы	112
2.2 Сыртқы көші-қонның бағыттары	112
2.3 Сыртқы көші-қонның болжамды тенденциялары	116
2.4 Қазақстан экономикасы үшін көші-қонның салдары	121
3. Көші-қонның push-pull факторлары	124

<b>3.1 Көші-қонның push факторлары</b>	<b>124</b>
<b>3.2 Көші-қонның pull факторлары</b>	<b>128</b>
<b>4. Оқу көші-қоны</b>	<b>129</b>
<b>4.1 Оқу көші-қонының push факторлары</b>	<b>131</b>
<b>4.2 Оқу көші-қонының pull факторлары</b>	<b>134</b>
<b>5. Еңбек көші-қоны</b>	<b>140</b>
<b>5.1 Еңбек көші-қонының push факторлары</b>	<b>142</b>
<b>5.2 Еңбек көші-қонының pull факторлары</b>	<b>147</b>
<b>6. Көші-қонды тежеу/қазақстандықтарды отанына қайтару перспективалары</b>	<b>153</b>
<b>7. Көші-қон саясатының халықаралық тәжірибесі</b>	<b>158</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>162</b>
<b>ҰСЫНЫМДАР</b>	<b>165</b>

## I. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазіргі қоғамда көші-қон процестері – саяси, экономикалық, әлеуметтік және демографиялық өзгерістер сияқты әлеуметтік қайта құрулар кезеңінде күшеюге бейім келетін жеткілікті кең таралған әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Көші-қон жіктелуі бойынша мемлекетішілік және халықаралық болуы мүмкін. Мемлекетішілік көші-қон – халықтың бір ел ішінде қозғалу процесі. Жаһандық көші-қон ағындарына көлемі жағынан үлкен және әдетте континенттер арасында болатын, бірнеше мемлекетті қамтитын, елдер мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуына елеулі әсер ететін қозғалыстар жатады. Көші-қон бойынша халықаралық ұйымының мәліметі бойынша Қазақстан халықаралық мигранттарды ең көп қабылдайтын 20 елдің қатарына кіреді<sup>1</sup>. Қазақстан мигранттарды қабылдап қана қоймай, сонымен қатар кетуші мигранттардың саны ең көп 20 елдің қатарына кіреді<sup>2</sup>.

Көші-қон ұтқырлығы феномені өзінің қабілеті мен қолда бар мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға ұмтылатын жастар үшін аса маңызды. Бұл жағдайда жастардың оқуға, жұмыс іздеуге, туризмге, коммерциялық қызметке, отбасылық қатынастарға және басқа да факторларға байланысты уақытша және тұрақты қозғалысы туралы айтуға болады.

Көші-қон субъектілерінің уәждерін ескере отырып, **еңбек** (экономикалық) және **оқу** (білім алу) көші-қоны ажыратылады. Бұл ретте оқу көші-қонының ерекшелігі – оның еңбек көші-қонына айналу мүмкіндігінде.

Қазіргі таңда жастар арасында мынадай көші-қон процестерін атап өтуге болады:

- Қазақстанда ішкі көші-қон ағынының артуы негізінен жастардың ауылдан қалаға көшуіне байланысты. 2012 жылдан бастап ауылға көшудің теріс сальдосы жыл сайын артып келеді. 2012 жылы ауылдық жерлерге көшудің теріс сальдосы – 17 685 болса, 2014 жылдың өзінде – 30 192 болды, ал 2021 жылы ауылдық жерлерге ішкі көші-қон сальдосы – 74 616 адамнан құралды. Ішкі мигранттарды тартудың негізгі полюстері – Алматы мен Нұр-Сұлтан қалалары – 2021 жылы сәйкесінше 117 169 және 131 015 адам келген. Бір қызығы, ішкі көші-қонның оң сальдосы тек республикалық маңызы бар үш қалада – Нұр-Сұлтанда (31 906), Алматыда (29 253) және Шымкентте (9 774), сонымен қатар Маңғыстау облысында (239) ғана байқалады. Бұл үрдістің айтарлықтай ұзақмерзімді сипаты бар және мемлекеттің ерекше назарында тұр.

- Ресми статистикаға сәйкес жастардың үлкен жас тобы (24-28 жас) ішкі көші-қон белсенділігінің ең жоғары деңгейін көрсетеді (2020 жылы 111 673 адам, оның ішінде 47 430 ер және 64 243 әйел бар). Бұл, ең алдымен, табысты жұмысқа тұру және өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жастардың көшуге деген қажеттілігімен түсіндіріледі.

- Дүниежүзілік статистика көші-қон ұтқырлығы көбінесе әлем халқының әйелдер бөлігіне тән екенін көрсетеді. Бұл ішкі көші-қон қарқынынан да байқалады. Мәселен, 2020 жылы ел ішінде 14 пен 28 жас аралығындағы 113 085 ер адам мен 150 806 әйел көшіп-қонған. Сондай-ақ 2020 жылы Қазақстаннан 14 пен 28 жас аралығындағы 3 060 жас әйел көшіп кеткенін айта кеткен жөн. Жігіттер арасында бұл көрсеткіш осы кезеңде 2 652 адамнан құралды.

Сыртқы көші-қон ұтқырлығының жалпы тенденциясы мынадай: Қазақстаннан кетіп жатқан жастар саны Қазақстанға келіп жатқан жастар санынан басым. Ресми

<sup>1</sup> Доклад о миграции в мире. Международная организация по миграции. БҰҰ КХҰ, 2020 – б. 31. Қараған күн: 18.04.2022 ж. [https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr\\_2020-ru.pdf](https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr_2020-ru.pdf)

<sup>2</sup> Ibid.

статистикаға сәйкес қазақстандық жастар арасындағы сыртқы көші-қонның теріс сальдосы жыл сайын артып келеді. Егер 2012 және 2013 жылдары 14 пен 28 жас аралығындағы халықтың көші-қон сальдосы оң болса, 2014 жылдан бастап көші-қон сальдосы тек теріс болып келеді (2014 жылы – 1 162 адам, 2016 жылы – 3 278 адам). Ең жоғары көрсеткіш 2019 жылы байқалып, көрсеткіш – 5 301 болды<sup>3</sup>. Жас топтары бөлінісінде көші-қонның екі шыңы байқалады: біріншісі 14-15 жас аралығында, екіншісі 26-28 жас аралығында. Кейінгі бес жылда бұл көрсеткіштер бірнеше есеге өсті.

- Халық арасында елден кетушілер санының айтарлықтай динамикасы байқалады, бұл ретте халықтың бір бөлігі жұмысқа және оқуға байланысты елден кетуде. Мәселен, 2021 жылғы ресми статистика бойынша Қазақстаннан 23 885 адам кеткен, оның ішінде 1 277 адам кету себебі ретінде жұмысын, 115 адам оқуын көрсеткен, ал 22 493 адам елден кету себебі ретінде «басқа» нұсқасын таңдаған.

- ҚР СЖЖРА ҰСБ деректері бойынша халық, бірінші кезекте, **Ресейге** кетуі айтарлықтай байқалады – 2020 жылы бұл санды **25 126** адам құрады. **Бұл барлық кету елін қоса алған көрсеткіштен 7 есе көп** (2020 жылы бәрі 28 682 адам елден кеткен). 2000-шы жылдардың ортасында Ресейге кететін адамдар санының күрт төмендеуіне қарамастан, бұл көрсеткіште айтарлықтай ауытқулар бар, ал кетіп жатқандар санының көлемі орнықты түрде үлкен болып тұр (1-сурет).


- Сонымен қатар зерттеулер Қазақстаннан Ресейге келетін мигранттар қатары негізінен **студенттер мен жоғары білікті мамандардан тұратынын көрсетеді**<sup>4</sup>. Мәселен, 2021 жылы кеткен халық арасында жоғары білімі барлар (307 393 адам немесе 41%) және орта кәсіптік білімі барлар (191 488 адам немесе 26%) көп болды. Мамандықтар бөлінісінде елімізден ең көп кетіп жатқандар – техникалық (5 274 адам) және экономикалық (2 573 адам) білімі бар мамандар.

- Ұзақ уақыттан бері елден орыс этносы жастарының кетуі байқалып, жыл сайын елден кетіп жатқан орыс жастарының саны артып келеді. Мәселен, ресми статистикаға сәйкес 2013 жылы 14 пен 28 жас аралығындағы 4 459 орыс республикадан кетсе, 2014 жылы – 5 097, 2015 жылы – 5 189, ал 2016 жылы 5 921 адам кеткен. Жақында жүргізілген көші-қон зерттеулеріне шолу көрсеткендей кеткендердің көпшілігі – елдің солтүстік және орталық аймақтарынан кетіп жатқан этностық орыстар. ҚР СЖЖРА ҰСБ деректеріне сәйкес 2020 жылғы жағдай бойынша елден кеткендердің ең көп саны Қарағандыда (елден кеткендердің жалпы санының 14%), Қостанайда (12%), Павлодарда (11%), Солтүстік Қазақстан (8%) және Шығыс Қазақстан (13%) облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында (9%) байқалған. Осылайша, елден кетіп жатқандардың дені – шекаралас облыстардың тұрғындары. Ranking.kz аналитикалық сайтының хабарлауынша, кетіп жатқан халықтың басым бөлігі – орыс, сондай-ақ неміс және украин қауымының өкілдері<sup>5</sup>. Дегенмен қазіргі геосаяси сын-қатерлерді ескере отырып, көші-қон ағынының айтарлықтай азаюы немесе кешігуі мүмкін.

<sup>3</sup> 2020 жылға арналған статистикалық деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұрынғы ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті) ресми жарияланғаннан кейін жаңартылатын болады.

<sup>4</sup> Доклад о миграции в мире. Международная организация по миграции. БҰҰ КХҰ, 2020 – б. 93. Қараған күн: 18.04.2022 ж. [https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr\\_2020-ru.pdf](https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr_2020-ru.pdf)

<sup>5</sup> Халық көші-қоны. 2019 жыл. [Ranking.kz](http://www ranking.kz/ru/a/infopovody/za-god-v-kazahstan-pribylo-12-tysyach-chelovek-uehalo-srazu-45-tysyach-v-celom-v-2019-godu-strana-poteryala-22-tysyachi-trudosposobnyh-zhitelej) талдамалық интернет-ресурсы. Қаралған күн: 18.04.2022 ж. <http://www ranking.kz/ru/a/infopovody/za-god-v-kazahstan-pribylo-12-tysyach-chelovek-uehalo-srazu-45-tysyach-v-celom-v-2019-godu-strana-poteryala-22-tysyachi-trudosposobnyh-zhitelej>



1-сурет. 2000-2020 жылдар аралығында Ресейге кеткендер саны, адам  
Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ

• Жастардың Орталық Азия елдеріне және Қытайға эмиграциясының көрсеткіштері ТМД елдерімен салыстырғанда айтарлықтай емес және әртекті динамикамен сипатталады. Статистикаға сәйкес 2020 жылы Өзбекстанға 192 адам, ал Қырғызстанға 85 адам кеткен (2-сурет).



2-сурет. 2000-2020 жылдар аралығында шекаралас елдерге кеткендер саны, адам  
Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ

Осының бәрі қазақстандық жастардың ішкі және сыртқы көші-қонының негізгі себептерін, үрдістері мен ерекшеліктерін неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу қажеттігін көрсетеді. Сенімді эмпирикалық деректердің болуы тексерілген басқару шешімдерін қабылдаудың және көші-қон процестерін тиімді басқарудың негізгі шарты саналады.

Жастардың көші-қон ағындарын басқару міндеті бірінші кезекте демографиялық процестерге негізделген ішкі сын-қатерлер мәнмәтінінде де өзекті болып отыр: қартаю, халықтың жыныстық және жас құрылымы, сондай-ақ оның еңбекке қабілетті бөлігінің саны өзгеруі. Атап айтқанда, кейінгі 10 жылда **еліміздегі жастар саны 16,6% кеміді** (-743 324 адам). Елдің жалпы халқының құрылымында жастардың үлесі 7,3%-ға қысқарды: 2011 жылы халықтың жалпы саны 16 673 900 адам болғанда, жастар саны 4 483 207 (26,9%) болса, 2021 жылғы 19 102 465 адамның ішінде жастар саны 3 739 883 (19,6%) бөлігін құрады. Қазақстанның жас тұрғындары санының қысқаруы «демографиялық шұңқыр» мен көші-қон нәтижесінен орын алды.

Бұдан басқа, жастардың еңбек және оқу көші-қоны мәселелері **адами капиталды дамыту** мәнмәтінінде өзекті болып отыр, өйткені таяу уақытта ел алдында белгіленген ауқымды міндеттерді іске асыру үшін жастардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін едәуір арттыру және әлеуетін дамыту қажет. Ел үшін



**экономиканың негізгі секторларын кадрлық әлеуетпен қамтамасыз етудің** де стратегиялық маңызы бар.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі, біріншіден, жастар ортасындағы көші-қон процестеріне мониторинг жүргізу қажеттілігімен, екіншіден, шекара маңындағы аудандар жастарының көші-қон динамикасына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды зерттеумен, үшіншіден, жалпы Қазақстан жастарының, атап айтқанда шекара маңындағы аудандардың көші-қон процестерінің перспективалары мен тәуекелдерін талдау қажеттілігімен негізделген.

### **Бағдарламаның әдіснамалық бөлігі**

**Зерттеу мақсаты** – шекара маңы аймақтағы жастардың оқу және еңбек көші-қонының негізгі себептерін анықтау және талдау.

#### **Міндеттері:**

- жастар ортасындағы көші-қон көңіл-күйін (ниеті мен мақсаты) зерттеу;
- жастардың ішкі және сыртқы көші-қонының негізгі push-pull факторларын анықтау;
- сыртқы көші-қон перспективаларын зерттеу;
- қазақстандық жастардың әлеуметтік әл-ауқатын мынадай критерийлер бойынша бағалау: әлеуметтік оптимизм деңгейі; әлеуметтік-экономикалық жағдайға қанағаттану; тұрғылықты жердегі тұлғалық даму жағдайларына қанағаттану; алалауға ұшырау және қауіпсіздік сезімі; өзіндік сәйкестендіру ерекшеліктері;
- еңбек көші-қонының негізгі үрдістерін және ерекшеліктерін анықтау;
- оқу миграциясының негізгі үрдістерін және ерекшеліктерін анықтау;
- негізгі көрсеткіштерді жыныс-жас және этностық тиесілігіне (немесе бөлінісіне) қарай талдау;
- жастар ортасындағы көші-қон процестері саласындағы жағдайды жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** – Қазақстан Республикасының шекара маңындағы өңірлерінің әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамаларын репрезентациялайтын параметрлер бойынша таңдап алынған 14 жастан 28 жасқа (қоса алғанда) дейінгі тұрғындары (жастар).

**Зерттеу пәні** – жастардың көші-қон көңіл-күйі.

#### **Негізгі ұғымдардың интерпретациясы:**

*Сыртқы көші-қон* – сыртқы көші-қон халық өзінің мемлекеттік шекарасы арқылы басқа елдерге ұзақ мерзімге не тұрғылықты көшуінен тұрады.

*Ішкі көші-қон* – адамдардың бір ел ішінде бір өңірден екінші өңірге көшуі.

*Ығыстыру* – адамның туған жерінде өмір сүруінің қанағаттанарлық емес немесе қиын жағдайларымен байланысты.

*Сәйкестілік* – әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, ұлттық, кәсіби, тілдік, саяси, діни, нәсілдік және басқа топқа жататынын сезіну.

*Иммиграция* – бір ел азаматтарының басқа елге уақытша немесе тұрғылықты келуі.

*Көші-қон саясаты* – бұл халықтың көші-қон қозғалысын басқарудың шарттары, әдістері мен шаралары жүйесі. Көші-қон саясаты билік құрылымдары деңгейінде жалпы қабылданған идеялар мен тұжырымдамалық түрде біріктірілген құралдар жиынтығын қамтиды, олардың көмегімен, ең алдымен, мемлекет, сондай-ақ белгілі бір қағидаттарды сақтай отырып, басқа да қоғамдық институттар алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді көздейді.

*Көші-қон дәлізі* – аумақтық облыс, мемлекеттік шекаралар арасындағы аралық және елдік шекараларды өту үшін буферлік аймақ ретінде қызмет етеді.

*Көші-қон* – адамдардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде орын ауыстыруы.

*Жастар* – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары. Жастар – бұл жас шектерімен және қоғамдағы мәртебесімен ерекшеленетін ерекше әлеуметтік-жас тобы: балалық пен жасөспірім шақтан әлеуметтік жауапкершілікке көшу. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам әлеуметтік дамуға мүмкіндік беретін, оларды жеңілдіктермен қамтамасыз ететін, бірақ қоғам өмірінің белгілі бір саласына белсенді қатысу мүмкіндігін шектейтін жастардың жиынтығы деп түсінеді.

*Білім беру* – білім беру мен оқытудың бірыңғай мақсатты процесі, сондай-ақ алынған білім, машық, құндылықтар, қызмет тәжірибесі мен құзыреттер жиынтығы.

*Тартылыс* – бұл басқа жерлерде өмір сүру үшін тартымды белгілердің немесе жағдайлардың жиынтығы.

*Шекаралас аймақ* – әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағы шегінде шекаралық белдеуге шектесетін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

*Шекара маңы аумағы* – шекаралық аймақты, шекаралық өзендер, көлдер және өзге де су айдындары, ішкі теңіз суларын, мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері белгіленген ҚР аумақтық теңізін, сондай-ақ әкімшілік аудандар мен қалалардың аумақтарын, санаторий-курорттық аймақтарды, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды, объектілерді және басқа да аумақтарды қамтитын Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі шекаралық аймаққа, шекаралық өзендер, көлдер және өзге де су айдындары жағалауларына, теңіз жағалауына және мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне іргелес жатқан аумақтар кіреді.

*Әлеуметтік өзсезінім* – бұл әлеуметтік топ өкілдерінің әлеуметтік жағдайын бағалаудың эмоциялық аспектісі. Әлеуметтік өзсезінім әлеуметтік салыстыру, әлеуметтік сыйақыны, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін, басқа адамдардың ұқсас мүмкіндіктерімен (шарттарымен) мүдделерді іске асыру процесінде қалыптасады.

*Студенттік көші-қон* – 12 айдан астам уақыт бойы өз елінен немесе азаматы болып табылатын елден тыс жерде оқитын студенттердің қозғалысы. Жаһандану дәуірінде жоғары білім негізінен интернационалданды және нарықтық негізде дамыды.

*Еңбек көші-қоны* – адамдардың жұмыспен қамтылу және жұмыс іздеумен байланысты аумақтық қозғалыстарының жиынтығын құрайтын көші-қон түрі.

*Оқу көші-қоны* – білім алу және біліктілік деңгейін арттыру қажеттілігін қанағаттандырумен негізделген көші-қон түрі (тағылымдамалар, қосымша білім, курстар).

*Адами капитал* – бұл экономикалық дамудың, қоғам мен отбасының дамуының қарқынды өндірістік факторы, оның ішінде еңбек ресурстарының білімді бөлігі, білім, зияткерлік және басқарушылық еңбек құралдары, өмір сүру ортасы және еңбек қызметі, дамудың өнімді факторы ретінде адами капиталдың тиімді және ұтымды жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

*Эмиграция* – адамның немесе отбасының көшуі туралы дербес шешімі.

*Push-pull факторлары* – тартылыс (pull) және ығыстыру (push) факторлары.

#### **Гипотезалар:**

– шекара маңындағы өңірлерде жастардың оқу көші-қоны оның аумағында одан әрі жұмысқа орналасу үшін білім алуға деген ұмтылыстан туындайды;

- жастардың оқу көші-қоны туралы шешім қабылдауына шекаралас елдердің жоғары оқу орындарындағы балама нұсқалардан аспайтын оқыту сапасы кезінде **отандық жоғары білімнің салыстырмалы түрде жоғары құны** әсер етеді;
- шекара маңындағы елдерге жұмысқа орналасу мақсатында кететін жастар көбінесе жоғары білімді **білікті кадрлар** санатына жатады;
- еңбек көші-қонының басты себептері **табыс деңгейі мен өмір сүру сапасын арттыру**;
- шекара маңындағы өңірлерде оқу және еңбек көші-қонына көбінесе **қазақ емес ұлттардың** өкілдері аса бейім;
- білім алу және жұмысқа орналасу мақсатында шекара маңындағы елдерге кететін жастар көп жағдайда болатын елге тұрақты тұру үшін **көшуге ұмтылады**. Оқу және еңбек көші-қоны тарихи отанына көшуге және қайта қосылуға арналған өзіндік арна ретінде қарастырылады.

### Зерттеудің әдістемелік бөлігі

**Ақпарат жинаудың негізгі әдісі** ретінде 14-28 жас аралығындағы жастарға бұқаралық сауалнама жүргізіп, «face-to-face» әдісі қолданылды. Бұл әдіс Қазақстанның шекара маңы аймақтарындағы жастар арасындағы жағдай туралы барынша объективті ақпарат алуға мүмкіндік берді.

**Іріктемелі жиынтық көлемі** 2000 респонденттен құралды. Әлеуметтанулық сауалнама Қазақстанның 12 шекаралас облысында (Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облыстары, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары) жүргізілді.

Зерттеуде квотасы бар стратификацияланған көпсатылы іріктеме қолданылды. Бастапқыда облыстар мен қалалар бойынша халық санына қарай елдің шекара маңы өңірлері бойынша іріктеме көлемі айқындалды. Бұдан әрі әрбір өңір бойынша қалалық және ауылдық іріктеме, сондай-ақ гендерлік бөліністегі іріктеме көлемі есептелді.

*Жоба бойынша іріктемелі жиынтықты есептеу, адам\**

	Барлығы	қала	ауыл	еркектер	әйелдер
<b>Қазақстан</b>	<b>2000</b>	<b>794</b>	<b>1206</b>	<b>1039</b>	<b>961</b>
Ақтөбе	137	92	45	70	67
Алматы	316	64	252	164	152
Атырау	108	55	53	55	53
Батыс Қазақстан	100	48	52	52	48
Жамбыл	195	73	122	100	95
Қостанай	122	66	56	63	59
Қызылорда	142	59	83	74	68
Маңғыстау	123	48	75	63	60
Павлодар	105	70	35	54	51
Солтүстік Қазақстан	79	34	45	41	38
Түркістан	385	74	311	203	182
Шығыс Қазақстан	188	112	76	98	90

\*Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2022 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша

Төменде (№1 кесте) сауалнамаға қатысқан жастардың негізгі әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары берілген. Жынысы, жасы, этностық тобы, өңірі, жер түрі бойынша бөлінуі жалпы халықтың ерекшеліктерін көрсетеді.

**№1 кесте. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары**

		Респондент саны	%
<b>Жынысы</b>	Ер	1005	50,3
	Әйел	995	49,8
<b>Жасы</b>	14-18 жас	688	34,4
	19-23 жас	606	30,3
	24-28 жас	706	35,3
<b>Этносы</b>	Қазақ	1547	77,4
	Орыс	307	15,4
	Басқа	146	7,3
<b>Білімі</b>	Аяқталмаған орта, мектептің 9 сыныбы	306	15,3
	10-сыныпта оқимын	125	6,3
	Орта, мектептің 11 сыныбы	235	11,8
	Кәсіптік-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)	664	33,2
	Аяқталмаған жоғары, ЖОО-да оқимын	224	11,2
	Жоғары, ЖОО аяқтаған	410	20,5
	ЖОО кейінгі (магистр)	36	1,8
<b>Жер түрі</b>	Қала	793	39,6
	Ауыл	1207	60,4
<b>Отбасылық жағдайы</b>	Тіркелген некемен тұрады	624	31,2
	Некесін тіркемей бірге тұрады	61	3,1
	Ажырасқан	56	2,8
	Басы бос (бойдақ)	1250	62,5
	Жесір/тұл	2	0,1
	Жауап жоқ	7	0,4
<b>Балалар саны</b>	Баласы жоқ	1394	69,7
	Бір бала	275	13,8
	Екі бала	214	10,7
	Үш бала	80	4,0
	Төрт және одан көп бала	37	1,9
<b>Өңірлер</b>	Ақтөбе	137	6,9
	Алматы	316	15,8
	Атырау	108	5,4
	Шығыс Қазақстан	188	9,4
	Жамбыл	195	9,8
	Батыс Қазақстан	100	5,0
	Қостанай	122	6,1
	Қызылорда	142	7,1
	Маңғыстау	123	6,2
	Павлодар	105	5,3
	Солтүстік Қазақстан	79	4,0
	Түркістан	385	19,3

Осы зерттеуде бақылау бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1. Облыстар бойынша іріктеу – облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша 14-28 жас аралығындағы халық санына сүйене отырып, елдің он екі шекара маңындағы өңірі бойынша іріктеу көлемдері айқындалды.

2. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеме көлемі есептелді. Сауалнамада барлық облыс орталықтары, жекелеген шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер қамтылды.

3. Сауалнама жүргізу нүктелерін іріктеу – қалалық және ауылдық елді мекендерде осы елді мекеннің картографиялық тізімінен шағын аудандар мен көшелерді қарапайым кездейсоқ іріктеу жүргізілді.

4. Үй шаруашылықтарын іріктеу – бағыт бойынша бастапқы нүктеден «сол қол» ережесі бойынша квоталар бойынша келген 1 респондент мөлшерінде бір үй шаруашылығына белсенді сұхбаттарды шектей отырып, қаладағы іріктеудің 5-ші қадамы және ауылдағы іріктеудің 3-ші қадамы бар үй шаруашылығы іріктелді. Бастапқы нүкте ерікті түрде таңдалды.

5. Квотаға сәйкес респонденттерді іріктеу – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша іріктелді – жынысы және жасы – жас-жыныс квотасы – сауалнама барысында респонденттің жасы 14 жастан төмен және 28 жастан жоғары болмауы, сондай-ақ жынысы бойынша репрезентатив болуға тиіс (сауалнамаға қатысатын ерлер мен әйелдер саны Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес әрбір облыс, қала және ауыл бойынша есептелді). 14 жастан 16 жасқа дейінгі респонденттерге ата-аналарының келісімін алғаннан кейін сауалнама жүргізілді.

Іріктеме репрезентатив саналады, яғни бөлінген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақындайды. Бұл ретте іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамаларының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы  $\pm 2,19\%$ -дан аспайды.

Зерттеу барысында **сараптамалық сауалнама әдісі** қолданылады, ол алдын-ала дайындалған сұрақтармен жүргізілетін зерттеу тақырыбы бойынша жоғары білікті мамандармен сұхбат жүргізуден тұрады. Бұл әдіс зерттелетін тақырыпты шешу жолдарын талдауда және іздеуде компетенциясы бар мамандардың пікірін анықтауға бағытталған.

Осы зерттеуде сараптамалық сауалнама әдісі бұқаралық сауалнама нәтижелерін түсіндіру, сондай-ақ шекара маңындағы өңірлерге жастар көші-қоны үрдістері мен ерекшеліктерін айқындау және бағалау және осы мәселе бойынша болжамдар құру үшін қолданылды.

Бұл әдіс сарапшылардың пікірлері негізінде қабылданған бағалау мен шешімдердің жоғары сенімділігімен сипатталады. Сауалнама рәсімі зерттелетін жағдайды талдауды, сарапшылар тобын іріктеуді, сараптамалық бағалауды өлшеу әдісін таңдауды, сарапшылардың жұмысын бағалау рәсімін, алынған деректерді талдауды қамтиды.

Сараптамалық сауалнама өзара әрекеттесудің бірнеше нұсқасымен жүргізілді:

- сарапшымен жеке кездесуде «face-to-face» сұхбаттасу;
- сарапшымен телефон арқылы сөйлесу;
- сарапшының сұрақтар тізіміне электрон пошта арқылы жазбаша жауабы.

**Сараптамалық сауалнаманың** іріктемелі жиынтығын 10 сарапшы құрады. Сарапшылар ретінде көші-қон саласындағы мемлекеттік органдардың өкілдері, көші-қон мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдар мен зерттеу құрылымдарының қызметкерлері, ғылыми мүддесіне халықтың көші-қоны мәселелері, сондай-ақ жастар саясаты мәселелері кіретін ғалымдар тартылды.

### **Инструментарий құрылымы**

Бастапқы ақпаратты жинау үшін әлеуметтанулық зерттеу анкетасы – белгілі бір ережелер бойынша тұжырымдалған және өзара байланысты сұрақтар жиынтығын қамтитын тираждалған құжат қолданылды. Әлеуметтанулық анкетаның

сипаты мен қасиеттері, оның көлемі, құрылымы, сұрақтар құрылысының ерекшелігі тығыз байланысты және осы құралды қолдану жоспарланған сауалнама түрімен, сондай-ақ зерттеу объектісінің ерекшеліктерімен анықталады. Респонденттерге сауалнама 2 тілде – респонденттің таңдауына байланысты қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Зерттеудің далалық кезеңінің ақпаратын жинауды өңірлік супервайзерлер басшылығы арнайы даярлаған сұхбат алушылар іске асырды.

Сараптамалық сауалнама жүргізу кезінде шекара маңындағы елдерге жастардың көші-қонының әртүрлі аспектісі бойынша бірқатар сұрақ пен қосымша сауалды қамтитын арнайы гайд қолданылды.

#### **Ақпаратты өңдеу әдістемесі**

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындысы бойынша сұхбат алушылар жұмысына бақылау (анкета дұрыс толтырылғанын 100% тексеру және даланы телефон арқылы 30% бақылау), сондай-ақ деректерді кодтау, енгізу және өңдеу жүргізілді.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензияланған, орыс тіліне бейімделген SPSS компьютерлік бағдарламасының көмегімен орындалды.

#### **Ақпаратты талдау әдістері**

Бастапқы элеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері мыналар болды:

- 1) деректерді бір өлшемді талдау;
- 2) деректерді екі өлшемді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

#### **Элеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері:**

**1-кезең.** Элеуметтанулық сауалнаманы дайындау.

Мыналарды қамтитын бағдарламаны әзірлеу:

- проблемалық жағдайды анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша әдебиетке шолу;
- мақсаттар мен міндеттерді қою;
- тұжырымдамаларды операциялау;
- гипотеза ұсыну;
- іріктемелі жиынтықты жобалау.

Эмпирикалық ақпаратты жинауға арналған инструментарийді (анкеталарды) әзірлеу:

- анкетаны аудару;
- инструментарийді басқару.

**2-кезең.** Эмпирикалық материалдарды жинау.

Сауалнаманы ұйымдастыру:

- сұхбат алушыларды таңдау, даярлау, нұсқама жүргізу;
- сауалнама учаскелерін бөлу;
- сауалнама бірліктерін таңдау;
- анкеталарды, оларды толтыру бойынша нұсқаулықтарды тарату;
- сұхбат жүргізу.

**3-кезең.** Элеуметтанулық деректерді өңдеу және түсіндіру:

- статистикалық деректерді талдау және өңдеу үшін бағдарламада (SPSS) макет жасау;

- анкеталарды кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);
- анкета деректерін енгізу;
- даланы басқару;
- сызықтық есептер мен әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша есептерді өңдеу және шығару;
- статистикалық талдаудың басқа түрлерін қолдану.

**4-кезең.** Алынған деректерді талдау.

Бастапқы талдау жүргізу:

- сауалнама нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді анықтау;
- кесте шығару;
- диаграмма құру.

Деректерді екінші талдау:

- салыстырмалы талдау;
- қосымша ақпаратты тарту;
- жаңа болжамдар мен ұсынымдар беру;
- зерттеудің қорытынды есебін дайындау.

## II. ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН БҰҚАРАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

### 1. Қазақстандағы жастардың әлеуметтік өзсезінімі

#### 1.1 Әлеуметтік оптимизм деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайға қанағаттануы

Жастардың әлеуметтік өзсезінімі – адам өзі тұратын жерде өзін қаншалықты жайлы сезінетінін көрсететін маңызды көрсеткіш. Қолайсыздық сезімі көбінесе көші-қон көңіл-күйінің күшеюіне әлеуетті түрде әсер етуі мүмкін фактор саналады. Зерттеу барысында әлеуметтік өзсезінімнің бірқатар көрсеткіші сынаққа түсті, соның ішінде мыналар да бар:

- кейінгі жылдағы өмірлік жағдайдың өзгеруін бағалау;
- отбасының экономикалық жағдайын түйсінуге;
- болашаққа деген оптимизм;
- тұрғылықты жеріндегі тұлғалық даму үшін жағдайға қанағаттану;
- қауіпсіздік сезімі және алалаудан қорғану;
- өзін-өзі сәйкестендіру ерекшеліктері.

Қазақстандық жастардың әлеуметтік өзсезінімінің өлшемдері қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық атмосфераға және экономикалық жағдайға айтарлықтай әсер еткен ауқымды оқиғаларға байланысты өзекті бола түсуде. Әуелі, біз әдеттегі өмір ағымын бұзған және көптеген отбасыны экономикалық тұрғыдан әлсіреткен 2020-2021 жылдардағы COVID-19 пандемиясы туралы айтып отырмыз.


Екіншіден, 2022 жылдың қаңтар айының басында Қазақстанда адам шығынына алып келген наразылық акциялары. Бұл оқиғалар қазақстандық қоғамның қажеттіліктері мен мәселелеріне, әсіресе ғаріптікке ұшыраған бөлігіне жаңаша қарауға мәжбүр етті.

Үшіншіден, 2022 жылдың ақпанында басталған Ресей-Украина әскери қақтығысы әлемнің көптеген елін, соның ішінде Қазақстанды экономикалық тұрақсыздық аймағына тартты. Бұл қақтығыс көптеген ішкі саяси мәселені, соның ішінде этносаралық қатынастар саласын, тіл мәселесін шиеленістірді.

Жастардың әлеуметтік өзсезінімінің бір көрсеткіші – жыл ішінде жас адамның және оның отбасының өмірінде болған өзгерістерге баға беру. Сауалнама деректері аталған ауқымды оқиғалардың кері әсеріне қарамастан, өмірлік жағдайдағы өзгерістерге оң баға беру жастар арасында жиі кездесетінін көрсетеді. Осылайша, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі (57,2%) кейінгі бір жыл ішінде өз өмірі жақсы жаққа өзгерді деп санайды («жақсарды» – 28,2%, «жақсарған сияқты» – 29,0%). Сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бірінен сәл астамы (34,9%) кейінгі бір жылда ешқандай өзгеріс байқамаған. Жалпы алғанда, респонденттердің тек 7,0% ғана өз өмірінің және отбасының өмірінің нашарлауын сезінген («нашарлады» – 0,9%, «нашарлаған сияқты» – 6,1%) (№1 диаграмма).




**№1 диаграмма. «Кейінгі бір жылда Сіздің және отбасыңыздың өмірі қалай өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Түрлі этнос өкілі жастарының жауаптарынан айырмашылық байқауға болады. Басқа этнос өкілдеріне қарағанда қазақ жастары өзінің өмірлік жағдайындағы өзгерістерге оң баға береді. Осылайша, қазақтар арасында кейінгі бір жылдағы өмірдегі өзгерістерге оң баға беру басым – олардың 60,8% өмірі мен отбасының өмірінің жақсарғанын атап өтті («жақсарды» – 30,8%, «жақсарған сияқты» – 30,0%).

Орыстар (жалпы – 46,3%) және басқа этностық топтар (40,4%) арасындағы оң бағалардың үлесі салыстырмалы түрде төмен. Орыстар мен басқа этностық топтардың өкілдері кейінгі бір жылда өмірінде өзгеріс жоғы туралы жиі айтты (тиісінше – 43,6% және 47,3%). Басқа этнос өкілдері арасында респонденттер кейінгі жылда өмірі нашарлағанын біршама жиі айтты – 11,6% (салыстыру үшін: орыстар – 8,4%, қазақтар – 6,2%) (№2 диаграмма).

**№2 диаграмма. «Кейінгі бір жылда Сіздің және отбасыңыздың өмірі қалай өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос бойынша, %**




Өңірлік бөлініс кейінгі жылдағы өміріндегі өзгерісті оң бағалаудың ең жоғары үлесі Атырау, Ақтөбе, Қостанай және Қызылорда облыстарында байқалатынын көрсетеді (70%-дан астам). Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарының жастары өзін салыстырмалы түрде азырақ жайлы сезінеді. Мұндағы

оң бағалар 50%-дан аз, респонденттердің шамамен 40-42% ешқандай өзгеріс байқамаған. Оның үстіне, Павлодар және Алматы облыстарында әрбір оныншы респондент жағдайы нашарлағанын сезінген.

Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарындағы жастардың әлеуметтік жағдайы өзіне назар аудартады. Мұндағы жастар басқаларға қарағанда оң өзгерістерді (Батыс Қазақстан – 37%, Жамбыл – 40,5%), аздап жиі – өмірлік жағдайдың теріс динамикасын (тиісінше 11% және 13,3%) атап өтеді. Сондай-ақ осы өңірлерде әрбір екінші дерлік респондент еш өзгеріс байқамаған – 46% (№3 диаграмма).

**№3 диаграмма. «Кейінгі бір жылда Сіздің және отбасыңыздың өмірі қалай өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**



Жастардың әлеуметтік өзсезінімі тәуелді болатын маңызды фактор – бұл индивидтің және оның отбасының материалдық әл-ауқаты, сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз етілуі. Осылайша, шекара маңы өңірлердегі сауалнамаға қатысқан жастардың көбі (56,9%) отбасының әл-ауқаты деңгейін ең маңызды қажеттіліктерді (азық-түлік, киім-кешек, коммуналдық төлемдер) қамтамасыз етуге жеткілікті деп бағалайды, дегенмен ақша жинақтауға қаражат жетпейді. Жастардың үштен бір бөлігі дерлік (32%) отбасы айтарлықтай қымбат заттарды сатып ала алатын болса (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) немесе тіпті молшылықта өмір сүретін болса (табысы жоғары топтар), отбасының әл-ауқатын оң бағалайды. Жастардың 11,2% өзін табысы тек азық-түлікке ғана жететін (9,8%), ал кейбірінің табысы азық-түлікке де жетпейтінін (1,4%) табысы төмен топтарға жатқызды.

Әрбір үшінші дерлік респонденттің жеке пәтері немесе үйі бар (32%). Бұл ретте сауалнамаға қатысқан жастардың 68,1%-ының жеке баспанасы жоқ. Көп жағдайда (56,4%) ата-анасының үйінде/пәтерінде тұрады, ал 2,8% туыстарының немесе достарының үйінде тұрады. 6% жалдамалы пәтерде/бөлмеде немесе хостелде тұрады. Мемлекеттік жалдамалы тұрғын үй бағдарламасын 2,0% (39 адам) пайдаланған. 1%-дан аз жағдайда респонденттер қызметтік тұрғын үйлерде тұрады.

Сауалнамаға қатысқан жастардың 44,7% үшін негізгі табыс көзі – жалақы. Жастардың 41,1% негізінен ата-анасының табысы арқасында күн көреді. 9,6%

жұбайының табысына сүйенеді, ал 4,1% шәкіртақы алады. Жасы ұлғайған сайын ата-анасының қаражаты арқасында күн көретін жастардың саны айтарлықтай азаяды. Үлкен жас тобында (24-28 жас) тек 7% негізінен ата-анасының табысына сүйенсе, төрттен үш бөлігі (75%) өз жалақысына, ал қалған 16% жұбайының табысы арқасында күн көреді. Гендерлік бөліністе жас әйелдердің 18,4% және ерлердің 0,9% жұбайының табысы арқасында күн көретінін байқауға болады.

**№2 кесте. Сауалнамаға қатысқан жастардың материалдық және тұрғын үймен қамтамасыз етілуі көрсеткіштері, %**

Көрсеткіш	Топтар	Жауап нұсқалары	%
<b>Табыс деңгейі (сатып алу қабілеті бойынша)</b>	Табысы жоғары топтар	Молшылықта өмір сүру үшін ақша бар нәрсеге жетерлік	14,8
		Ұзақ пайдаланылатын тауарлардың көпшілігін (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) сатып алу қиындық тудырмайды	17,2
	Табысы орташа топтар	Ақша тек қажетті ашық-түлік пен киім-кешек алуға, коммуналдық төлемдерді төлеуге жеткілікті, ақша жинақтауға қаражат жетпейді	56,9
	Табысы төмен топтар	Ақша тек азық-түлік алуға жеткілікті, бірақ коммуналдық төлемдерді төлеуге ақша жетпейді	9,8
		Азық-түлік алуға да ақша жетпейді, үнемі қарызға күн көруге тура келеді	1,4
<b>Тұрғын үй жағдайы</b>	Жеке баспанасы бар	Жеке пәтерінде	8,9
		Жеке үйінде	23,1
	Жеке баспанасы жоқ	Ата-анасының пәтерінде/үйінде	56,4
		Жалға берілетін тұрғын үйде (мембағдарлама аясында)	<b>2,0</b>
		Жұмыс берушінің қолдауымен жалға алынған тұрғын үйде/қызметтік пәтерде	0,8
		Жалға алынған пәтерде/бөлмеде (жеке тұлғалардан)/хостелде	6,0
		Туыстарының, таныстарының үйінде	2,8
		Жатақханада	0,1
	Жауап жоқ	0,1	
<b>Сіз қандай қаражатқа күн көріп жүрсіз?</b>	Жеке жалақы, табыс		44,7
	Ата-анасының табысы		41,1
	Жұбайының табысы		9,6
	Шәкіртақы		4,1
	Жәрдемақылар мен жеңілдіктер		0,6

Қала тұрғындары арасында жеке тұрғын үймен қамтамасыз етілуі ауыл тұрғындарына қарағанда біршама жоғары (тиісінше 33,3% және 29,9%). Қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда жалдамалы пәтерлерде/бөлмелерде тұру ықтималдығы екі есе жоғары (9% және 4,1%). Қала жастары арасында 2,8% мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасын пайдаланған, ал аталған көрсеткіш ауыл тұрғындары арасында – 1,4%.

Жасы ұлғайған сайын жеке баспанасы бар жастардың үлесі артады. Егер ең жас топтың ішінде пәтер/үй иелері 13% құраса, орта топта – 28,1%, ал үлкен топта – 53,8%. Бұл ретте жас ерлі-зайыптылар арасында тұрғын үймен қамтамасыз етілу 60%-ды құрайды, сондықтан жас отбасылардың шамамен 40% тұрғын үй мәселесін

әлі шешпеген, ал 30%-ға жуығы ата-анасымен/туыстарымен бірге тұрады, қалған 10% жалдамалы тұрғын үйде тұрады (оның ішінде жеке, мемлекеттік, ресми жалдамалы тұрғын үй бар).


18 жасқа дейін пәтер/бөлме жалдайтындардың үлесі 2,8%-дан құралады, одан кейін 18 жастан асқан жастар арасында ол 7,9%-ға және 7,5%-ға жетеді (№3 кесте).

**№3 кесте. Сауалнамаға қатысқан жастардың материалдық және тұрғын үймен қамтамасыз етілуі көрсеткіштері, орналасу және жас бойынша, %**

		Қала	Ауыл	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
<b>Жеке баспанасы бар</b>	Жеке пәтерінде	15,9	4,3	2,5	7,8	16,1
	Жеке үйінде	14,0	29,0	10,5	20,3	37,7
<b>Жеке баспанасы жоқ</b>	Ата-анасының пәтерінде/үйінде	54,5	57,7	80,5	54,8	34,3
	Жалға берілетін тұрғын үйде (мембағдарлама аясында)	2,8	1,4	1,0	2,8	2,1
	Жұмыс берушінің қолдауымен жалға алынған тұрғын үйде/қызметтік пәтерде	0,9	0,7	0,6	1,3	0,6
	Жалға алынған пәтерде/бөлмеде (жеке тұлғалардан)/хостелде	9,0	4,1	2,8	7,9	7,5
	Туыстарының, таныстарының үйінде	2,9	2,7	2,2	4,8	1,6
	Жатақханада	0,1	0,1		0,3	
	Жауап жоқ		0,1			0,1

Сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі ғана өзін табысы жоғары топтардың қатарына жатқызғанымен, жас қазақстандықтардың жартысынан көбі (55,9%) отбасының қазіргі қаржылық жағдайын оң бағалайды. Атап айтқанда, отбасының материалдық жағдайын респонденттердің 13,3% «өте жақсы», ал 42,6% «жақсы» деп бағалаған. Айтарлықтай бөлігі – респонденттердің 39,3% – өз отбасының экономикалық жағдайын орташа деп бағалайды. Бұл ретте теріс бағалардың жалпы көлеміндегі үлесі небәрі 4,3%-дан құралды («нашар» – 4,2% және «өте нашар» – 0,1%) (№4 диаграмма).

**№4 диаграмма. «Сіз отбасыңыздың ағымдағы материалдық (экономикалық) жағдайын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Материалдық жағдайды бағалауда респонденттің этносына және оның тұратын аймағына тәуелділігі бары байқалады. Көбінесе қазақтар (59,2%) ағымдағы қаржылық жағдайды оң бағалайды («жақсы» және «өте жақсы»), дәл солар басқаларға қарағанда «орташа» бағалауды сирек таңдайды – 36,3%. Орыстар арасында оң баға азырақ (47,6%), «орташа» баға жиі кездеседі (44,6%). Басқа этностардың өкілдері қаржылық жағдайға сирек оң баға береді (36,3%), сонымен бірге солардың арасында отбасының материалдық жағдайын орташа деп бағалайтындардың айтарлықтай жоғары үлесі байқалады – 60,3%. Сондай-ақ орыстардың 6,8% отбасының материалдық жағдайына көңілі толмайтынын атап өткен жөн (салыстыру үшін: қазақтар – 3,7%, басқа этностар – 2,7%).


**№4 кесте. «Сіз отбасыңыздың ағымдағы материалдық (экономикалық) жағдайын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Қазақ	Орыс	Басқа
Өте жақсы	15,1	8,8	2,7
Жақсы	44,1	38,8	33,6
Орташа	36,3	44,6	60,3
Нашар	3,7	6,8	2,7
Өте нашар	0,1	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	0,6	1,0	0,7

Өңірлік бөліністе отбасының қазіргі қаржылық жағдайына қанағаттанатындардың үлесі («өте жақсы» және «жақсы») негізінен Қазақстанның батыс өңірлеріндегі жастар арасында көбірек екенін байқауға болады. Сол өңірлерде мұнай өндіруші өнеркәсіптер кеңінен тараған: Маңғыстау (78,8%), Ақтөбе (72,4%), Атырау (70,4%), сондай-ақ Қостанай (70,5%) және Қызылорда (71,1%) облыстары.


Павлодар, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Алматы сияқты облыстарда материалдық әл-ауқаттың төмен бағаланғанын атап өтуге болады. Мұнда өз отбасының әл-ауқатын оң бағалайтын жастардың үлесі айтарлықтай аз (42%-дан аспайды), ал «орташа» деп санайтындар үлесі жоғары (49%-дан 60%-ға дейін). Батыс Қазақстан облысында іс жүзінде әрбір оныншы респондент отбасының материалдық жағдайын теріс бағалайды (11,0%).

**№5 диаграмма. «Сіз отбасыңыздың ағымдағы материалдық (экономикалық) жағдайын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**



Әлеуметтік өзесінімнің маңызды көрсеткіші – халықтың өмірдегі келер өзгерістерді бағалауы (әлеуметтік оптимизм). Жалпы, жас қазақстандықтар әлеуметтік оптимизмнің жоғары деңгейін көрсетеді – негізінен респонденттердің 84,8% жақын болашақта – бір жылда – өмірі жақсаратынын болжайды. Олардың ішінде 50,6% – жағдайы «жақсаратын сияқты», ал 34,2% «міндетті түрде жақсарады» деп есептейді. Сауалнамаға қатысқан жастардың тек 10,2% ғана болашаққа пессимистік көзқараспен қарайды («нашарлайтын сияқты» – 9,0%, «міндетті түрде нашарлайды» – 1,2%).

**№6 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, Сіз/отбасыңыз бір жылдан кейін қалай өмір сүрмек?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің жынысы мен жасы бөлінісінде деректерді талдау бағалауда айтарлықтай айырмашылық барын көрсетпегенін, ал этностық бөліністе айтарлықтай айырмашылық бар екенін атап өткен жөн. Жалпы, қазақтар оптимистік көзқараста – олардың 87,1% өз өмірі мен отбасының өмірінде оң өзгеріс боларын болжайды (орыстар арасында – 76,2%, басқа этностар – 78,1%), сондай-ақ сол оң өзгерістерге үлкен сенім білдіруде (№7 диаграмма). Осылайша, қазақтар болашақта өмірі міндетті түрде жақсаратынын жиі атап өтті – 38,1% (орыстар арасында – 22,1%, басқа этностар арасында – 18,5%), ал орыстар мен басқа этностардың өкілдері аса сақтықпен болжам беріп, бір жылдан кейін олардың өмірі «жақсаратын сияқты» деп жиі айтқан (тиісінше 54,1% және 59,6%).

Бір айта кетері, басқа этностар арасында келер жылы отбасы өмірінде жағымсыз өзгеріс күтетіндердің үлесі салыстырмалы түрде жоғары – 14,4% (салыстыру үшін: қазақтар – 9,4%, орыстар – 11,7%).

**№7 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, сіз/отбасыңыз бір жылдан кейін қалай өмір сүрмек?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос бойынша, %**



Сондай-ақ респонденттердің табыс деңгейін және олардың өміріндегі жақын болашақтағы өзгерістерге көзқарастарын корреляциялау талдау үшін пайдалы. Талдау көрсеткендей, респонденттің/отбасының табыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, ол өзінің болашағына соғұрлым оптимистік көзқараспен қарайды. Осылайша, табысы төмен топтағы<sup>6</sup> жастар болашаққа сирек сеніммен қарайды. Егер тұтастай алғанда табысы төмен жас тұрғындардың 74,5% оң өзгеріс боларын болжаса, сол респонденттердің төрттен бірінен азы (23,8%) ғана мұны сеніммен айтады. Осы топтардағы респонденттердің бестен бір бөлігі (18,8%) бір жылдан кейін олардың отбасы нашар өмір сүреді деп есептейді (орташа көрсеткіш – 10,2%).

Табысы жоғары топтардағы<sup>7</sup> респонденттердің арасында болашаққа оптимистік баға берудің ең жоғары жалпы үлесі бар – 93,7%, бұл ретте шын мәнінде осы топтардағы әрбір екінші респондент (52,3%) жоғары сенімділік дәрежесімен өмірі жақсаратынын болжайды. Бұл топтарда пессимистердің ең аз үлесі бар – 3,2%.

Табысы орташа деңгейдегі<sup>8</sup> топта болашаққа оптимистік бағалау басым – 81,7%, бірақ мұнда әрбір екінші респондент (55,7%) сақтықпен оптимистік көзқараста, ал тек 26% ғана сеніммен қарайды. Бұл топта респонденттердің 12,4% жақын болашақта өмірінде жағымсыз өзгеріс күтеді (№5 кесте).

**№5 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, сіз/отбасыңыз бір жылдан кейін қалай өмір сүрмек?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, табыс деңгейі бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Табысы жоғары топтар	Табысы орташа топтар	Табысы төмен топтар
Міндетті түрде жақсарады	52,3	26,0	23,8
Жақсаратын сияқты	41,4	55,7	50,7
Нашарлайтын сияқты	3,0	10,7	17,5
Міндетті түрде нашарлайды	0,2	1,7	1,3
Жауап беруге қиналамын	3,1	5,9	6,7
Оң жауап (қосынды)	93,7	81,7	74,5
Теріс жауап (қосынды)	3,2	12,4	18,8

Сонымен, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқан жастардың басым бөлігі өмірге оң көзқараспен қарайды және өз өмірін оң бағалайды; бұл негізінен осы жас тобына тән құбылыс. Сонымен қатар қазіргі кездегі өміріне көңілі толмайтын, болашағына пессимистік көзқараспен қарайтын жастардың бір бөлігі басқа өңірге немесе елге көшу туралы көбірек ойлайды деп болжауға болады.

## 1.2 Тұрғылықты жері бойынша тұлғалық даму жағдайларына қанағаттану

Жалпы, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық жастар өзінің тұрғылықты жеріндегі даму жағдайына қанағаттанбаушылықтан гөрі жиірек қанағаттанушылық танытады. Осылайша, респонденттердің 63,3% тұрғылықты

<sup>6</sup> Табысы төмен топтар өзінің (отбасының) сатып алу қабілетін «тамақ сатып алуға ақша жетпейді...» және «ақша тек азық-түлік сатып алуға жетеді...» деп бағалаған респонденттерді қамтиды.

<sup>7</sup> Табысы жоғары топтар өзінің сатып алу қабілетін «молшылықта өмір сүру үшін бәріне ақша жеткілікті...» және «ұзақ пайдаланылатын тауарлардың көбін сатып алу қиындық тудырмайды...» деп бағалаған респонденттерді қамтиды.

<sup>8</sup> Табысы орташа топ (орта таппен шатастырмау керек) сатып алу қабілетін «тек қажетті азық-түлік пен киім-кешек сатып алуға, коммуналдық төлемдерді төлеуге ақша жеткілікті, ал жинақтауға ақша қалмайды» деп респонденттерді қамтиды.

жерінде жастардың өз әлеуетін жүзеге асыруы үшін барлық жағдай жасалғанына сенімді («иә» – 18,5%, «иә сияқты» – 44,8%). Сонымен қатар бұл ретте әрбір үшінші респондент (34,7%) жергілікті жастардың өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері өте шектеулі деп санайды («жоқ сияқты» – 23,1%, «жоқ» – 11,6%).

**№8 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің өңіріңізде жастардың өмірі жақсы ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің этнос және жас ерекшеліктері бойынша елеулі сәйкессіздіктер анықталды. Толыққанды даму жағдайларына қанағаттанушылықты 14 пен 18 жас аралығындағы кіші жас тобы (69,6%) жиі көрсетеді. Орта (19-23 жас) және үлкен (24-28 жас) жас топтары жергілікті жастардың мүмкіндіктерін бағалауда пессимистік көзқараста. Олардың дамуға жасалған жағдайға қанағаттанушылық білдіру ықтималдығы аз (оң жауаптардың үлесі 59%-61%) және ұсынылған мүмкіндіктерге жиі қанағаттанбайды (38%-39%). Ішінара бұл айырмашылық орта мектептен кейін ересек өмірге қадам басқан үлкен жас топтарындағы жастар қиындықтарға тап болуымен байланысты болуы мүмкін. Бұл жас ұрпақтың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге тиіс әлеуметтік, білім беру, мәдени және басқа да инфрақұрылымдардың қолжетімділігі мен сапасына жастар тарапынан сұраныстың артуына әкеледі.

Этностық бөліністе қазақтар мен орыстардың басқа этностарға қарағанда өзі тұратын өңірдегі даму мүмкіндіктеріне көңілі толатынын байқауға болады. Атап айтқанда, қазақтар мен орыстар арасында оң баға беру үлесі 63%-65% аралығында болса, басқа этнос өкілдері арасында ол 48%-дан аспайды. Және керісінше, қазақтар мен орыстар арасында тек әрбір үшінші респондент қанағаттанбағанын айтса, басқа этностар арасында респонденттердің жартысына жуығы (47,3%) қанағаттанбағанын көрсетеді. Осылайша, шағын этностық топтар даму үшін қажетті мүмкіндіктерге және тиісті инфрақұрылымға қол жеткізуде белгілі бір кедергіге тап болып жүруі мүмкін; бұл солар тарапынан белгісіздік пен қанағаттанбаушылықты тудырады (№6 кесте).

Гендерлік бөліністе бағалауда айтарлықтай айырмашылық табылмады.



**№6 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің өңіріңізде жастардың өмірі жақсы ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлт		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Иә, жергілікті жастардың жан-жақты дамуы үшін қажеттінің бәрі бар	22,5	15,8	16,9	19,8	16,0	10,3
Иә сияқты	47,1	43,1	44,1	44,9	47,6	37,7
Жоқ сияқты	18,8	26,9	24,1	22,4	23,8	28,8
Жоқ, жергілікті жастардың даму мүмкіндіктері өте шектеулі	9,2	11,9	13,7	11,4	9,4	18,5
Жауап беруге қиналамын	2,5	2,3	1,3	1,5	3,3	4,8
Қосынды оң жауап	69,6	58,9	60,9	64,7	63,5	47,9
Қосынды теріс жауап	27,9	38,8	37,8	33,8	33,2	47,3

Сауалнама деректерін респонденттердің тұрғылықты жеріне байланысты талдау көрсеткендей қала жастары ауыл жастарына қарағанда (67,7% және 60,4%) даму жағдайына қанағаттанатынын көбірек білдіреді. Ауыл жастары арасында қала жастарына қарағанда даму мүмкіндіктері туралы сыни пікірлер жиі кездеседі (37% және 31,3%) (№7 кесте).


**№7 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің өңіріңізде жастардың өмірі жақсы ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекеннің түрі бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Иә, жергілікті жастардың жан-жақты дамуы үшін қажеттінің бәрі бар	21,7	16,4
Иә сияқты	46,0	44,0
Жоқ сияқты	21,7	24,0
Жоқ, жергілікті жастардың даму мүмкіндіктері өте шектеулі	9,6	12,9
Жауап беруге қиналамын	1,0	2,7
Қосынды оң жауап	67,7	60,4
Қосынды теріс жауап	31,3	37,0

Сауалнама нәтижелері респонденттердің бағалауында өңірлік дифференциация барын көрсетеді. Көбіне Атырау (81,4%), Қостанай (79,5%), Ақтөбе (74,5%), Түркістан (73,8%) және Қызылорда (73,2%) облыстарының жас тұрғындары даму мүмкіндіктеріне қанағаттанушылық танытады.

Жамбыл және Маңғыстау облыстарында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері ең қорқынышты болып көрінеді: мұнда теріс бағалардың үлесі оң жауаптардың үлесінен басым. Мәселен, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында сауалнамаға қатысқан жас тұрғындардың жартысынан көбі (57,4% және 52,9%) жастардың даму мүмкіндіктерін теріс бағалады, оң бағаны берген респонденттердің үлесі – 42,6% және 47,1%. Сондай-ақ жастардың дамуы жағдайларына қанағаттанбаған респонденттердің үлесі сәйкесінше 39% және 44,3% құрайтын Батыс Қазақстан және Алматы облыстарына да назар аудару қажет (№9 диаграмма).

**№9 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің өңіріңізде жастардың өмірі жақсы ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**



Сауалнама барысында респонденттерге тұрғылықты өңірде әртүрлі салада (жұмыспен қамту, әлеуметтік белсенділік, шығармашылық, спорт және т.б.) жастардың тұлғалық дамуы үшін белгілі бір жағдайдың болуын 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды.


Алынған мәліметтерге сәйкес жастардың спорттық даму жағдайына (жалпы 5 ұпайдан 3,54 ұпай) және құқық сақталуына (3,53 ұпай) қанағаттанғаны анықталды.

Жастар өзінің әлеуетін қоғамдық қызметте, бірақ көбіне жергілікті деңгейде жүзеге асыру мүмкіндіктерін жоғары бағалады. Осылайша, азаматтық ұстанымын көрсету үшін жағдайдың болуы 3,34 балмен, жергілікті қоғамдастықты дамытуға қатысу 3,24 балмен бағаланды. Жастар өңірлік/елдік деңгейде саяси өмірге қатысу мүмкіндігін төменірек бағалайды – 3,17 балл, әсіресе қоғамдық кеңес және басқа да консультативтік-кеңесші органдардың мүшесі ретінде мемлекеттік шешімдерді қабылдау бойынша (3,04 балл). Яғни, жастар өзінің қоғамдық-саяси әлеуетін жүзеге асыруда ауқымды деңгейге шығу мүмкіндігіне сенімсіздікпен қарайды.

Жалпы, жастар бос уақытын өткізу және шығармашылық қабілетін дамыту, сондай-ақ сапалы жоғары білім алу жағдайларын орташа деңгейден сәл жоғары деңгейде бағалады.

Жұмысқа тұру мүмкіндіктеріне жастардың көңілі толмайды. Осылайша, мансап құру (2,92 балл), өз қабілетін жүзеге асыруға болатын қызықты жұмысқа орналасу (2,93 балл), лайықты жалақы (2,94 балл) сияқты бағыттар бойынша орташадан төмен бағалар қойылды (№10 диаграмма).

**№10 диаграмма. «1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша сіз тұратын қалада/ауылда тұлғалық дамуыңыз үшін жасалған жағдайдың бар-жоғын бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, орташа балл**



Жас бөлінісі ең кіші жас тобының (14-18 жас) барлық салада өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігінің болуын жалпы оң бағалайтынын көрсетеді; бұл жас ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Бұл топтағылар – негізінен мектеп оқушылары, олар әлі де өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы көбірек теориялық тұрғыда ойлайды. Үлкен жас топтарындағы жастардың практикалық тәжірибесі бар, сондықтан олар бағалауда сыни көзқараспен қарайды. Респонденттердің жасы ұлғайған сайын өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін аз көретінін байқауға болады. Бұл, әсіресе, адамның азаматтық ұстанымын жүзеге асыру және жұмысқа тұру мүмкіндіктерін бағалау мысалында айқын көрінеді.

Этностық бөлініс орыстар тұрғылықты жеріндегі әртүрлі даму мүмкіндігіне оң көзқараспен қарайтынын көрсетеді. Атап айтқанда, басқа этностармен салыстырғанда олар спорттық дамуға, бос уақытты жарамды өткізуге, құқығы сақталуына, азаматтық ұстанымын жүзеге асыруға, жергілікті қоғамдастықты дамытуға атсалысып, шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасалғаны үшін жоғары баға берді. Басқа этностардың өкілдері іс жүзінде аталған мүмкіндіктердің бәріне, әсіресе, азаматтық ұстанымын жүзеге асыруға (барлық деңгейде), жұмысқа табысты орналасуға, бос уақытын жарамды өткізуге, шығармашылық қабілетін дамытуға және сапалы жоғары білім алуға төмен баға берді (№8 кесте).

**№8 кесте. «1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша сіз тұратын қалада/ауылда тұлғалық дамуыңыз үшін жасалған жағдайдың бар-жоғын бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс және этнос бойынша, орташа балл**


Жауап нұсқалары	Жасы			Ұлты		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Спорттық даму	<b>3,67</b>	3,46	3,48	3,52	<b>3,64</b>	3,52
Құқықтарының сақталуы	<b>3,70</b>	3,48	3,43	3,51	<b>3,63</b>	3,55
Азаматтық, қоғамдық ұстанымын іске асыру	<b>3,51</b>	3,30	3,23	3,33	<b>3,48</b>	3,26
Жергілікті қауымдастықты дамытуға қатысу	<b>3,40</b>	3,21	3,15	3,25	<b>3,31</b>	3,01
Бос уақытын жарамды өткізу	3,37	3,16	3,15	3,24	<b>3,34</b>	2,89
Шығармашылық қабілетін дамыту	3,31	3,17	3,17	3,21	<b>3,33</b>	3,09
Сапалы жоғары білім алу	3,24	3,11	3,13	3,20	3,17	2,78
Өңірдің/елдің саяси өміріне араласу	<b>3,32</b>	3,09	3,11	3,18	3,19	3,00
Қоғамдық кеңестің және басқа да консультативтік-кеңесші органдардың мүшесі ретінде мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысу	3,19	3,00	2,94	3,04	3,12	2,81
Жақсы жалақысы бар жұмысқа тұру	3,08	2,90	2,85	2,96	2,95	2,67
Өз қабілетін жүзеге асыра алатын қызықты жұмысқа тұру	3,09	2,91	2,82	2,95	2,93	2,71
Мансап, жақсы қызмет орнын алу	3,09	2,85	2,83	2,94	2,94	2,63

Қалалар мен ауылдарда тұратын жастардың осы сұраққа берген жауабын талдау қала жастары өскелең ұрпақтың тұлғалық дамуы мен шыңдалуы үшін жасалған жағдайларға көбірек қанағаттанатынын көрсетеді. Жас азаматтар осы салалардың бәріне дерлік жоғары баға береді. Спорттық даму (3,85 балл), сапалы жоғары білім алу (3,55 балл), сондай-ақ шығармашылық қабілетін дамыту (3,54 балл) және бос уақытты жарамды өткізу (3,49 балл) жағдайын бағалау айтарлықтай жоғары.

Ауыл және қала жастары шыңдалу үшін іс жүзінде тең мүмкіндіктерді атап өткен бірнеше сала бар. Бұл, ең алдымен, тиісті инфрақұрылым, қаржыландыру, нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету үшін мемлекеттен үлкен шығындарды талап етпейтін салалар. Мәселе мынада: қала және ауыл жастарының құқығы сақталуына және қорғалуына, азаматтық ұстанымын жүзеге асыруға, сондай-ақ елдің/өңірдің, жергілікті қоғамдастықтың қоғамдық-саяси өміріне араласудың басқа да мүмкіндіктері бірдей.

Сонымен қатар ауыл жастары мемлекеттен үлкен жұмсалым қажет ететін салаларда өз әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдайдың және тиісті инфрақұрылымның болуын айтарлықтай төмен бағалайды. Көбіне ауыл жастары өңірдегі жұмыспен қамту мәселелеріне, атап айтқанда, мансап құру мүмкіндігіне (2,77 балл), қызықты жұмысқа тұруға (2,79 балл) және жалақысы жоғары жұмысқа (2,84 балл) көңілі толмайды. Ауыл жастарының сапалы жоғары білім алу (2,91 балл), шығармашылық қабілетін дамыту (3,01), бос уақытын жарамды өткізу (3,06) мүмкіндіктері де төмен бағаланған. Жалпы алғанда, ауыл жастарының спорттық даму мүмкіндіктері орташа деңгейден жоғары деңгейде (3,33 балл) бағаланғанына қарамастан, қаладағы жағдаймен салыстырғанда бұл мүмкіндіктер әлдеқайда әлсіз (№11 диаграмма).

**№11 диаграмма. «1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша сіз тұратын қалада/ауылда тұлғалық дамуыңыз үшін жасалған жағдайдың бар-жоғын бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, орташа балл**



Мәліметтерді өңірлік бөліністе қарастыру Қазақстанның әртүрлі өңіріндегі респонденттердің жауаптары арасында айырмашылық жағары екенін көрсетті. Қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында жастардың шыңдалу жағдайларын бағалауда ең маңыздысы Жамбыл және Маңғыстау облыстарының респонденттері болды; оларда қоғамдық өмірдің ұсынылған барлық бағыты бойынша орташа баға республикалық көрсеткіштен айтарлықтай төмен (№9 кесте). Бір айта кетерлігі, Жамбыл облысында тек екі сала оң бағаланып отыр: спорттық даму және жастар құқығының сақталуы. Басқа бағыттар – жұмыспен қамту, жоғары білім, бос уақытты өткізу, шығармашылықты дамыту, түрлі деңгейдегі қоғамдық-саяси қызметке

араласу – өте төмен бағаланған. Жамбыл облысының жастары қоғамдық кеңестің немесе кез келген консультативтік-кеңесші органның мүшесі ретінде саяси шешім қабылдауға қатысу мүлдем қолжетімсіз деп санайды (1,56 ұпай). Маңғыстау облысының жастары, бағалауына қарағанда, өз әлеуетін дамыту және жүзеге асыру үшін аталған барлық мүмкіндіктің төмендігін сезінеді.

Бірқатар өңірде тек жеке бағыттар төмен бағаланады. Мысалы, Алматы, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстарының жас тұрғындары жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің болуына, сапалы жоғары білім алуға, жергілікті қоғамдастықты дамытуға қатысуға немесе консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына араласуға төмен баға берді.

Өз кезегінде, Атырау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының жас тұрғындары өзін барынша жайлы сезінеді: олар басқаларға қарағанда өзі тұратын өңірде жастардың дамуы үшін жағдайларға салыстырмалы түрде жоғары баға береді. Сонымен қатар Атырау облысында басқа облыстармен салыстырғанда жастардың барлық деңгейдегі (жергілікті қоғамдастық, өңір, ел) қоғамдық-саяси белсенділікке қатысу мүмкіндіктеріне қанағаттанушылық деңгейі біршама төмен. Солтүстік Қазақстан облысында жоғары бағалар арасынан сапалы жоғары білім алу мүмкіндіктеріне қанағаттанушылық деңгейі төмен екенін атап өтуге болады. Ақтөбе облысында жастарды спорт, шығармашылықты дамыту, бос уақытын жарамды өткізуді қамтамасыз ету сияқты үш бағыттағы жағдай барынша қанағаттандырады.

**№9 кесте. «1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша Сіз тұратын қалада/ауылда тұлғалық дамуыңыз үшін жасалған жағдайдың бар-жоғын бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, орташа балл**

	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Түркістан	Орташа
<b>Жауап нұсқалары</b>													
Спорттық даму	<b>3,99</b>	3,38	<b>4,10</b>	3,54	3,55	3,74	<b>4,22</b>	3,61	<b>2,45</b>	3,51	<b>3,91</b>	3,34	3,54
Құқығының сақталуы	3,51	3,41	<b>3,78</b>	3,58	<b>3,90</b>	3,56	<b>4,11</b>	3,34	<b>2,46</b>	3,42	<b>4,11</b>	3,51	3,53
Азаматтық, қоғамдық ұстанымын жүзеге асыру	3,42	3,35	<b>3,67</b>	3,43	<b>2,57</b>	3,40	<b>3,97</b>	3,23	<b>2,41</b>	3,29	<b>3,94</b>	3,50	3,34
Шығармашылық қабілетін дамыту	3,69	3,09	3,85	3,42	2,46	3,64	3,92	3,36	2,51	3,36	3,36	3,04	3,22
Жергілікті қоғамдастықты дамытуға қатысу	3,41	3,13	3,58	3,31	2,32	3,13	3,84	3,37	2,54	3,10	4,07	3,36	3,25
Сапалы жоғары білім алу	3,47	2,92	3,81	3,44	2,27	3,03	3,79	3,32	2,53	3,05	3,11	3,39	3,16
Жарамды бос уақыт	<b>3,70</b>	3,07	<b>3,73</b>	3,52	<b>2,75</b>	3,39	<b>3,78</b>	3,25	<b>2,42</b>	<b>2,82</b>	<b>3,76</b>	3,19	3,23
Қоғамдық кеңестің және басқа да консультативтік-кеңесші органдардың мүшесі ретінде мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысу	3,31	3,06	3,30	3,12	<b>1,56</b>	<b>2,63</b>	<b>3,73</b>	3,26	<b>2,36</b>	2,80	<b>4,01</b>	3,16	3,04
Өңірдің/елдің саяси өміріне араласу	3,32	3,19	3,38	3,22	<b>2,33</b>	2,89	<b>3,70</b>	3,16	<b>2,52</b>	2,87	<b>3,89</b>	3,32	3,17
Жақсы жалақысы бар жұмыс	3,07	2,83	<b>3,49</b>	3,33	<b>2,17</b>	2,72	<b>3,63</b>	3,16	<b>2,33</b>	2,55	3,36	2,92	2,94
Өз қабілетін жүзеге асыра алатын қызықты жұмысқа орналасу	3,06	2,72	<b>3,39</b>	3,31	<b>2,18</b>	2,80	<b>3,58</b>	3,18	<b>2,43</b>	2,58	<b>3,41</b>	2,95	2,93
Мансап, жақсы қызмет орнын алу	3,19	2,72	<b>3,50</b>	3,32	<b>2,05</b>	2,84	<b>3,46</b>	3,14	<b>2,43</b>	2,60	<b>3,47</b>	2,91	2,92

### 1.3 Алалау фактілері және қауіпсіздік сезімі

Зерттеу мақсаттарының бірі жастар арасында әртүрлі белгісі (жынысы, жасы, ұлты, қарым-қатынас тілі, саяси бейімділігі, жыныстық бағдары және т.б.) бойынша алалау фактілерін анықтау болды. Халықтың жекелеген топтарына қатысты алалаудың болуы олардың сенімділігі мен қауіпсіздік сезімін төмендетуі мүмкін. Белгілі бір жағдайларда, мысалы, этностық, тілдік, діни, саяси белгілер бойынша қысым жасау немесе құқық бұзу жағдайлары халықтың елден кетуін күшейтетін елеулі «итермелейтін» әлеуметтік-саяси факторлардың біріне айналуы мүмкін.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей шекара маңы өңірлерде сауалнамаға қатысқан жастардың басым бөлігі қандай да бір себеппен құқығының бұзылуына тап болмаған. Бұл ретте алалау көріністерін бастан өткерген белгілі бір бөлік бар екені де анық (№10 кесте).

Алалаудың кең тараған түрлерінің бірі – жастардың өз пікірін білдіруіне жол бермеу әрекеті. Осылайша, респонденттердің 18,5% қандай да бір мәселеге немесе проблемаға қатысты **өз көзқарасын білдіргісі келгенде** шектеулерге немесе қысымға тап болды. Көбінесе мұндай алалау жағдайларын үлкен жас тобындағы (19-28 жас) жастар атап өтті – шамамен 20%. Қала жастары ауыл жастарына қарағанда өз құқығы бұзылғанын жиі айтты (сәйкесінше 23,7% және 15,1%). Бұл қалалық және үлкен жас топтарындағы жастар өз құқығының бұзылуына төзбеушілік танытатынын, сондай-ақ олар жасына қарамастан кісі пікірін құрметтеуді талап ететінінің күшейгенін көрсетеді. Мұндай фактілерді орыстар сирек (15,3%), ал қазақтар (18,9%) мен басқа этностардың өкілдері (21,2%) жиі көрсетеді (№11 кесте).

Сондай-ақ бірқатар облыста **өз көзқарасын білдіруге** ұмтылуға байланысты қысым көрсету жағдайлары жиі кездеседі. Маңғыстау облысында іс жүзінде респонденттердің үштен екісі осындай фактілерді атап өткен (65,9%), Қызылорда облысында – 37,3%, Павлодар облысында – 28,6%, Жамбыл облысында – 18,5%. Бұл аталған облыстарда жастар өз позициясын еркін білдіру мүмкіндігіне байланысты қанағаттанбаушылық танытатынын, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік шиеленіс тудыруы мүмкін екенін көрсетуі мүмкін.

Жастар 14,5% жағдайда тіл негізінде, атап айтқанда **ана тілінде сөйлегендіктен** құқығы бұзылуы фактілеріне тап болған. Мұндай жағдайларды қазақтар (15,1%) және басқа этностардың өкілдері (15,8%) жиі, ал орыстар (10,7%) сирек атап өтті. Өңірлік бөліністе Жамбыл (30,8%), Қызылорда (22,5%) және Маңғыстау (26%) облыстарының жас тұрғындары басқаларға қарағанда мұндай фактілерді жиі айтады. Бұл ретте Жамбыл облысында мұндай алалау көріністерін қазақтар да (30%), басқа этнос өкілдері де (орыстардан басқа) – 35,3%, ал қалған екі облыста – негізінен қазақтар сезінген.

**Қазақ тілін білмегеніне байланысты** қудалау орын алған тілдік алалаудың басқа жағдайларын респонденттердің 11,1% атап өткен. Басқаларға қарағанда бұл мәселеге орыстар (17,3%) жиі, ал қазақтар (9,8%) және басқа этностардың өкілдері (12,3%) сирегірек тап болды. Мұндай фактілер Маңғыстау (29,3%), Павлодар (21,9%), Қызылорда (20,4%) облыстарында жиі байқалады. Бұл ретте, мысалы, Қызылорда облысында қазақтардың әрбір бесінші бөлігі қазақ тілін білмегені себепті қысымға ұшыраса, Маңғыстау облысында қазақтардың 28% алалауға ұшыраған. Қала жастары мұндай фактілерді ауылдық жерлерге қарағанда жиі айтады (сәйкесінше 16% және 7,9%), ал әйелдер ерлерге қарағанда (сәйкесінше 12,5% және 9,8%) жиі айтады.

Респонденттердің 14% **білім деңгейіне байланысты алалау** фактілеріне ұшыраған (мысалы, білімі болмағанына байланысты немесе керісінше). Бұл фактілерді орта арнаулы және техникалық білімі бар респонденттер (17,2%) жиі

атап өтті, яғни қоғамда білімнің осы деңгейінің беделі жоғы туралы қате түсінік өршіп тұр. Әйелдер ерлерге қарағанда білім деңгейіне байланысты алалауға жиі ұшырайды (сәйкесінше 16% және 12%). Өңірлер арасында сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (48,8%) құқығы бұзылуы фактілеріне тап болған Маңғыстау облысы, сондай-ақ әрбір бесінші респондент осындай фактілерді атап өткен Қызылорда облысы (19,7%) ерекшеленді.

Респонденттердің 13,8% **қаладан немесе ауылдан келгендіктен алалау** фактілеріне ұшырағанын айтты. Қалалықтар (15,3%) бұндай жағдайларды ауыл тұрғындарына (12,8%) қарағанда жиі хабарлайды. Мұндай фактілерді Маңғыстау (31,7%) және Жамбыл (30,8%) облыстарының әрбір үшінші жас тұрғыны айтып отыр. Табысы төмен топтар (27,4%) басқаларға қарағанда мұндай алалау бойынша жиі шағымданды, яғни аз қамтылған қала тұрғындары да (24,7%), ауыл тұрғындары да (28,9%) осындай фактілер бойынша шағымданған.

Респонденттердің 12,9% **жасына байланысты алалауға** ұшырағын. Мұны ауыл тұрғындарына (9,9%) қарағанда қала тұрғындары (17,4%) жиі атап өтеді. Басқа этнос өкілдеріне қарағанда, орыстар мен қазақтар (14,3% және 12,9%) мұны жиі бастан кешіреді. Маңғыстау облысында респонденттердің жартысынан көбі (56,9%) осындай фактілерге тап болған.

Сауалнамаға қатысқан жастардың 12,4% **материалдық әл-ауқат деңгейіне байланысты алалауға** ұшырағанын атап өтті. Табысы төмен топтардың өкілдері құқығы бұзылуы фактілеріне жиі ұшырайды, олардың 27% осындай фактілерге бастан кешіргенін атап өтеді (салыстыру үшін, табысы жоғары топтар арасында – 7%). Маңғыстау облысында әрбір үшінші (32,5%), Жамбыл облысында әрбір төртінші дерлік (23,6%), Қызылорда облысында әрбір бесінші (20,4%) жас тұрғын алалауға тап болған. Мектеп жасындағыларға қарағанда (10%) 19 бен 28 жас аралығындағы топта мүлкіне байланысты алалау көрсеткіші жоғары – 13%-дан астам.

**№10 кесте. «Сізде аталған себептер бойынша қысымшылық, қудалау немесе пәлен қысым көрсету жағдайы болды ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**

Жауап нұсқалары	Иә	Жоқ	Ж/б/қ
Өз көзқарасыңызды білдіргенде	18,5	80,2	1,3
Ана тілінде сөйлегенде	14,5	84,4	1,2
Белгілі бір білім деңгейі бар болу (білімі төмен, тым ақылды және т.б.)	14,0	84,4	1,6
Қалада немесе ауылда дүниеге келген/тұрған	13,8	84,6	1,6
Белгілі бір жаста болу (тым жас және т.б.)	12,9	85,5	1,7
Белгілі бір әл-ауқат деңгейіне ие болу (кедей, бай)	12,4	86,0	1,6
Белгілі бір этностық топтың өкілі болу	11,6	87,0	1,5
Жігіт (ер)/қыз (әйел) болу	11,1	87,4	1,6
Қазақ тілінде сөйлей алмағанда	11,1	87,3	1,6
Белгілі бір діни көзқарасты ұстанғанда	10,3	88,1	1,7
Белгілі бір саяси көзқарасты ұстанғанда	10,1	87,7	2,3
Еліміздің белгілі бір өңірінде/Қазақстаннан тыс жерде дүниеге келген/тұрған	8,1	90,5	1,5
Белгілі бір жынысқа артықшылық бергенде	6,2	91,8	2,0

Жастардың 11,6% **этностық белгілері бойынша құқығы бұзылуы** фактілеріне тап болғанын атап өтті. Шағын этностық топтардың<sup>9</sup> өкілдері жиі алалауға ұшырайды, шын мәнінде олардың әрбір төртіншісі (25,3%) этностық

<sup>9</sup> Бұл мәнмәтінде шағын этностық топтар қазақтар мен орыстардан басқа барлық этносты білдіреді. Елдің этностық құрамындағы этностардың әрқайсының үлесі 4%-дан аспайтындықтан, олар шағын санатқа жатқызылады.



белгілеріне байланысты құқығы бұзылуын бастан өткергенін айтады. Мұндай алалауға орыстардың 12,7%, қазақтардың 10,1% ұшыраған. Қала тұрғындары алалаумен ауыл тұрғындарына қарағанда жиі кездеседі (сәйкесінше 15,3% және 9,2%). Бұл жерде де мүліктік мәртебе адамды алалауға ұшырауға осал ететінін тағы да көруге болады. Осылайша, табысы төмен топтар (22%) басқаларға қарағанда құқығы бұзылғанына жиі шағымданған. Өңірлік бөліністе Жамбыл облысындағы көрсеткіштерге назар аударған абзал, мұнда респонденттердің 30,3% этностық белгілері бойынша алалау фактілерін атап өтеді. Сонымен қатар Жамбыл облысында титулдық емес этнос өкілдерінің (оның ішінде орыстар) әрбір екіншісі, ал қазақтар арасында әрбір төртінші адам құқығы бұзылғанына шағымданады. Маңғыстау облысында да жоғары көрсеткіш байқалады – 36,6%.

**Жыныс бойынша құқығы бұзылғаны** респонденттердің 11,1%-ында болған. Әйелдер ерлерге қарағанда жиі (сәйкесінше 12,7% және 9,5%), қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда жиі (сәйкесінше 12,1% және 10,4%), сондай-ақ 19-23 жас аралығындағылар – 13,4% – осы алалауға жиі кездеседі. Табысы төмен топтар арасында бұл көрсеткіш 24,7%-ға жетеді. Жамбыл облысында әрбір үшінші респондент жынысына байланысты алалауға шағымданады, бұл ретте қыздар (37%) арасында да, ұлдар (30%) арасында да бұл көрсеткіш жоғары.

**Діни көзқарасы бойынша алалау** жағдайларын әрбір оныншы респондент (10,3%) атап өтті. Көбіне мұндай фактілерді Маңғыстау (61,8%) және Қызылорда (19,7%) облыстарының тұрғындары айтты. Сондай-ақ діни көзқарастары бойынша алалауды қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда жиі (сәйкесінше 13,2% және 8,3%), ерлер әйелдерге қарағанда жиі (сәйкесінші 11,2% және 9,2%), 18 жастан асқан жастар (11,1% - 12,2%) ең жас топқа қарағанда (7,6%) жиі айтады.

Сондай-ақ әрбір оныншы респондент (10,1%) **саяси нанымна байланысты құқығы бұзылғанына** тап болған. Мұндай алалауға қала жастары ауыл жастарына қарағанда жиі (сәйкесінше 12,7% және 8,4%), ең жас топқа (7,3%) қарағанда 18 жастан асқан жастар (11,4%-11,8%) жиі кездеседі. Маңғыстау облысында сауалнамаға қатысқандардың 42,3% саяси көзқарасы бойынша алалау фактілерін атап өткен, Қызылорда облысында – 19,7%.

Жыныстық артықшылық (6,2%) және өңір немесе шыққан/тұрғылықты жері (8,1%) сияқты белгілер бойынша алалау фактілері сирек екені байқалды.

**№11 кесте. «Сізде аталған себептер бойынша қысымшылық, қудалау немесе пәлен қысым көрсету жағдайы болды ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Қазақ	Орыс	Басқа
Өз көзқарасыңызды білдіргенде	18,9	15,3	<b>21,2</b>
Ана тілінде сөйлегенде	<b>15,1</b>	10,7	<b>15,8</b>
Белгілі бір білім деңгейі бар болу (білімі төмен, тым ақылды және т.б.)	14,6	13,0	9,6
Қалада немесе ауылда дүниеге келген/тұрған	14,0	11,7	15,8
Белгілі бір жаста болу (тым жас және т.б.)	12,9	14,3	9,6
Белгілі бір әл-ауқат деңгейіне ие болу (кедей, бай)	12,2	12,4	14,4
Жігіт (ер)/қыз (әйел) болу	11,6	6,8	<b>14,4</b>
Белгілі бір діни көзқарасты ұстанғанда	10,9	9,4	5,5
Белгілі бір саяси көзқарасты ұстанғанда	10,4	10,4	6,2
Белгілі бір этностық топтың өкілі болу	10,1	12,7	<b>25,3</b>
Қазақ тілінде сөйлей алмағанда	9,8	<b>17,3</b>	12,3
Еліміздің белгілі бір өңірінде/Қазақстаннан тыс жерде дүниеге келген/тұрған	8,8	5,9	4,8
Белгілі бір жынысқа артықшылық бергенде	6,7	5,9	1,4

Зерттеу аясында этностық белгілері бойынша алалау жағдайларының жиі кездесетінін анықтайтын сұрақ қойылды. Респонденттердің 6,8% ұлтына байланысты құқығы бұзылған жекелеген жағдайлар болғанын атап өтті. Респонденттердің тағы 3% мұндай көріністерді бірнеше рет бастан өткерген, ал респонденттердің 7,4% этностық алалау жағдайларына тап болған адамдарды танитынын атап өтті. Осылайша, респонденттердің 17,2% этностық белгілері бойынша жеке немесе жанама түрде алалауға ұшыраған жағдайы бар (№12 диаграмма).

**№12 диаграмма. «Кейінгі бір жыл ішінде ұлттық тиістілігіңізге байланысты құқық бұзушылыққа ұшырадыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Қазақтар, жалпы алғанда, ұлттық белгісі негізінде құқық бұзушылық көріністеріне басқа этностарға қарағанда сирек болса да кезігіп тұрады. Жалпы алғанда, қазақтардың 8,9% алалау жағдайларын жиі кездестірсе, тағы 6,9% мұндай жағдайлар өздері танитын адамдарда болған мысалдарды біледі.

Орыстар арасында алалау жағдайы басқа этностарға қарағанда жиі байқалады: олардың 13,7% жеке өзі құқық бұзушылыққа тап болған кездегі прецеденттерді атап өтті, оның ішінде 5,2% бірнеше рет ұшыраса, 8,5% алалауды тек жеке жағдайларда бастан өткерген. Шындығында, әрбір оныншы адам жақын ортасына қатысты мұндай жағдайлардың мысалын келтіре алады.

Басқа этнос өкілдері қосындысында 11% алалау көріністеріне тап болғанын айтты, атап айтқанда, олардың 4,8% – бірнеше рет, 6,2% – тек жеке жағдайларда кезіккен, ал тағы 7,5% ұқсас прецеденттерге ұшыраған адамдарды таниды. Жас азаматтардың жас тобы неғұрлым үлкен болса, сол немесе басқа жиілікте өзіне немесе таныстарына қатысты этностық алалау көріністеріне тап болғандардың үлесі соғұрлым жоғары келеді (№12 кесте).

**№12 кесте. «Кейінгі бір жыл ішінде ұлттық тиістілігіңізге байланысты құқық бұзушылыққа ұшырадыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлт		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Иә, бұны бірнеше рет бастан өткердім	3,1	3,6	2,4	2,4	5,2	4,8
Ұлттық тиістілігіме байланысты құқығым бұзылған жекелеген жағдайлар болды	3,3	7,4	9,6	6,5	8,5	6,2
Жоқ, маған мұндай жағдай болған жоқ	84,9	80,4	77,2	82,6	72,3	79,5
Бұл менде ешқашан болған емес, бірақ мен мұны бастан өткерген адамдарды жақсы танымын	6,4	6,9	8,8	6,9	9,8	7,5
Жауап беруге қиналамын	2,3	1,7	2,0	1,6	4,2	2,1

Сауалнама этносы әртүрлі жастардың оқу, еңбек, кәсіпкерлік, саяси және басқа да салаларда тең мүмкіндіктерге ие екеніне сенімін тексерді.

Алынған мәліметтерге сәйкес ұлты орыс жастар арасында Қазақстандағы белгілі бір салада табысқа жету мүмкіндіктері туралы пессимистік бағалау басқаларға қарағанда жиі кездеседі (№13 кесте). Бағаланған он параметр бойынша табысқа жетуде «басқа этностарға қарағанда мүмкіндіктері аз» деп есептейтіндердің үлесі 10,7%-дан 26,1%-ға дейін болды. Көбіне орыстар мынадай салаларда табысқа жету мүмкіндіктерінің төмендегенін атап өтеді: мемлекеттік қызметке орналасу (26,1%), мемлекеттік органдарда басшылық лауазымдарға жету (25,1%), қызметте жоғарылау, жоғары жалақы алатын лауазымға жету (22,5%), қазақстандық жекеменшік компаниядағы жұмысқа тұру (19,9%) және өңірдің/елдің саяси өміріне араласу, мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу (18,6%). 12,4%-дан 15,3%-ға дейін – мемлекеттік білім гранттарын (мамандандырылған мектептерде, қазақстандық немесе шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу үшін) алу қиынырақ деп есептейтіндердің үлесі.

Басқа этностардың өкілдері де (қазақтардан басқа) табысқа жету жолында белгілі бір кедергі сезінеді. Атап айтқанда, олардың төрттен бір бөлігі дерлік (23,3%) мемлекеттік қызметте жұмысқа тұру, әрбір бесінші (20,5%) – мемлекеттік органдарда басшылық қызметке орналасу, 17,1% – қызметте жоғарылау және жоғары жалақыға ұмтылу, 17,1% – өңірдің/елдің саяси өміріне араласу, 16,4% қазақстандық компанияда жұмысқа тұру үшін мүмкіндігі аз деп санайды.

Қазақ жастары өзін барынша жайлы әрі сенімді сезінеді. Белгілі бір салада мүмкіндіктерінің аз екенін сезінетіндердің үлесі 12,5%-дан аспайды.

Тек кейбір салада, этносына қарамастан, жастар шамамен тең мүмкіндік сезінеді – бұл бизнесте табысқа жету және соттарда әділ шешім алу. Бұл салаларда барлық этностық топтағы әрбір он респонденттің бірі ғана өзін сенімсіз сезінеді.

**№13 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, басқа этностарға қарағанда Сіздің этносыңыздың өкілі Қазақстанда мынадай мәселелерді шешуде табысқа жетуге аз не көп мүмкіндігі бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары		Қазақ	Орыс	Басқа
1. Мамандандырылған мектепте оқу үшін мемлекеттік білім грантын алу	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	14,9	8,5	4,1
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	75,1	72,3	80,1
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	7,2	<b>12,4</b>	8,2
	Жауап беруге қиналамын	2,8	6,8	7,5
2. Қазақстандық ЖОО-да оқу үшін мемлекеттік білім грантын алу	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	16,0	7,2	4,1
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	73,3	72,6	80,8
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	7,9	<b>14,3</b>	8,9
	Жауап беруге қиналамын	2,8	5,9	6,2
3. Шетелде оқу үшін білім грантын алу (Болашақ, т.б.)	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	12,5	6,2	4,1
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	72,8	68,4	76,7
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	11,6	<b>15,3</b>	9,6
	Жауап беруге қиналамын	3,1	10,1	9,6
4. Жекеменшік қазақстандық компанияға жұмысқа тұру	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	13,1	3,9	3,4
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	72,3	67,4	73,3
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	11,2	<b>19,9</b>	<b>16,4</b>
	Жауап беруге қиналамын	3,4	8,8	6,8

5. Мемлекеттік қызметке жұмысқа тұру	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	13,8	4,6	4,1
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	72,4	60,9	66,4
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	9,8	<b>26,1</b>	<b>23,3</b>
	Жауап беруге қиналамын	3,9	8,5	6,2
6. Қызметте жоғарылау, жалақысы жоғары лауазымға ие болу	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	12,9	6,5	6,2
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	70,8	62,5	70,5
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	12,5	<b>22,5</b>	<b>17,1</b>
	Жауап беруге қиналамын	3,7	8,5	6,2
7. Бизнесіне табысқа жету	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	10,1	5,2	4,8
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	77,2	76,2	80,8
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	9,8	11,1	9,6
	Жауап беруге қиналамын	2,8	7,5	4,8
8. Әділ сот шешімін алу	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	10,3	4,6	6,2
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	75,7	74,6	73,3
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	9,7	10,7	10,3
	Жауап беруге қиналамын	4,3	10,1	10,3
9. Мемлекеттік органда басқарушы лауазымға ие болу	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	13,8	5,9	6,2
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	72,3	57,7	64,4
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	9,8	<b>25,1</b>	<b>20,5</b>
	Жауап беруге қиналамын	4,2	11,4	8,9
10. Өңірдің/елдің саяси өміріне араласу, мемлекеттің шешім қабылдауына қатысу	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік көп	12,6	9,4	3,4
	Басқа этностардікімен бірдей мүмкіндік	74,4	59,9	70,5
	Басқа этностарға қарағанда мүмкіндік аз	8,0	<b>18,6</b>	<b>17,1</b>
	Жауап беруге қиналамын	5,0	12,1	8,9

#### 1.4 Өзсәйкестенім ерекшеліктері

Әлемдік қауымдастық та, Қазақстан да кейінгі екі жылдағы дағдарыс пен белгісіздік жағдайында адамдардың белгілі бір топқа қатыстылықты аңғару арқылы сенімді болуы, онымен ортақтық сезімін ұғынуы қажеттілігі өзекті бола түсті. Егер бір индивидте өз елінің азаматтарымен тұтас екенін түсініп қана қоймай, сонымен бірге осы қоғамдастықпен бірлік сезіміне (азаматтық сәйкестік) ие болса, онда бұл елдегі адамның әлеуметтік өзсезінімі жайлылықта екенінің көрсеткіші саналады.

Индивид үшін азаматтық сәйкестікпен қатар басқа топтық сәйкестіктер де маңызды рөл атқара алады. Индивид неғұрлым аз топпен қауымдастық сезімін сезінсе және ол осы сәйкестікке қаншалықты басымдық берсе, ол үлкен қауымдастықта, мысалы, ел азаматтарының қауымдастығында өзін соғұрлым аз жайлы сезінетінін білдіруі мүмкін. Адам қандай да бір себеппен өзін бөтен, қажетсіз сезінуі мүмкін, бұл оның азаматтық сәйкестігін әлсіретеді.

Жалпы, қазақстандық жастар арасында азаматтық сәйкестік маңызды орын алуда. Респонденттердің салыстырмалы көпшілігі, ең алдымен, өзін барша қазақстандықпен бірлігін сезінетінін айтты (48,8%). Сонымен қатар жастар өз қатарластарына (44,2%) және өз қаласының/ауылының тұрғындарына (42,7%) қатыстылық сезіміне үлкен мән береді.

Сондай-ақ жастар үшін олармен бір тілде сөйлейтін адамдармен (25,8%) және этностық сәйкестікпен (22,1%) ортақтастық сезімінде болу маңызды. Сәйкестендіру иерархиясында кәсіби және діни сәйкестендіру онша маңызды орын алмайды, оларды респонденттердің 12,7% және 6,9% атап өтті (№13 диаграмма).

**№13 диаграмма. «Төмендегі адамдардың қайсымен Сіз ең алдымен ортақтық (бірлік) сезімін сезінесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %<sup>10</sup>**



Әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларға байланысты мәліметтерді талдау сәйкестендіру иерархиялары әртүрлі топта әрқалай болуы мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар азаматтық сәйкестікке басымдық берілмеуі мүмкін, бұл жайсыздық тудыратын белгілі бір факторға байланысты белгілі бір топтың ел азаматтарының қоғамдастығымен сәйкестендіруінің әлсіреуін көрсетуі мүмкін.

Мысалы, қала және ауыл жастарының сәйкестік иерархиясы әртүрлі. Қала жастары үшін ұрпақ сәйкестігі бірінші орында (46,8%), азаматтық (43,4%) және елдімекендік сәйкестіктен (39,6%) алда. Ауыл жастары арасында өз ұрпағымен бірлік сезімі иерархияда үшінші орында (42,4%), азаматтық сәйкестіктен (52,3%) айтарлықтай төмен. Жас ауыл тұрғындары үшін қала тұрғындарына қарағанда Қазақстанның бүкіл тұрғынымен және олардың елді мекендерімен бірлік сезімі маңыздырақ (№14 кесте). Қала жастары ауыл жастарына қарағанда кәсіби және діни сәйкестікке сәл көбірек мән береді.

**№14 кесте. «Төмендегі адамдардың қайсымен Сіз ең алдымен ортақтық (бірлік) сезімін сезінесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, %**

Қала		Ауыл	
Сізбен замандас адамдармен	46,8	Қазақстан азаматтарымен	52,3
Қазақстан азаматтарымен	43,4	Сізбен қалалас, ауылдас адамдармен	44,7
Сізбен қалалас, ауылдас адамдармен	39,6	Сізбен замандас адамдармен	42,4
Сізбен бір тілде сөйлейтін адамдармен	27,1	Сізбен бір тілде сөйлейтін адамдармен	24,9
Сізбен этносы бірдей адамдармен	20,2	Сізбен этносы бірдей адамдармен	23,3
Сізбен кәсібі бірдей адамдармен	16,1	Сізбен кәсібі бірдей адамдармен	10,4
Сізбен діндес адамдармен	9,3	Сізбен діндес адамдармен	5,3
Бәрімен	0,9	Бәрімен	0,7
Туысқандармен	0,0	Туысқандармен	0,4
Достармен	0,1	Достармен	0,0
Жауап беруге қиналамын	2,3	Жауап беруге қиналамын	2,3

<sup>10</sup> Респонденттер үш жауап таңдай алды.

Респонденттердің этносына байланысты сәйкестендірудің мынадай белгілерін ажыратуға болады. Қазақтар үшін азаматтық сәйкестендіру маңыздылығы бойынша бірінші орында (53,1%), екінші орында – ұрпақтық (жас) және елдімекендік сәйкестік (42,7%).

Басқа этностардың өкілдері үшін Қазақстан азаматтарымен ортақтық сезімінде болу онша маңызды емес. Орыстар үшін ұрпақ сәйкестігі иерархияда бірінші орында (51,5%), ал азаматтық сәйкестік айтарлықтай артта қалумен (30,6%) үшінші орында тұр. Басқа этнос өкілдері үшін ең алдымен олардың тұрғылықты жерімен сәйкестендіру маңызды (50,7%), ал азаматтық сәйкестік үшінші орында (40,4%).

Деректерді жас бойынша бөлу маңызды айырмашылық анықтаған жоқ, тек кіші жас тобы үшін ұрпақтық сәйкестендіру маңыздылығы біршама жоғары фактісін қоспағанда (14-18 жас – 47,7%, 18 жастан жоғары – 42,4%). Еңбекке қабілетті жасқа келген орта және үлкен жаст топтарының өкілдері өз мамандығы бойынша адамдармен бірлік сезімін жиі сезінеді (№15 кесте).

**№15 кесте. «Төмендегі адамдардың қайсымен Сіз ең алдымен ортақтық (бірлік) сезімін сезінесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлт		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Қазақстан азаматтарымен	48,3	46,2	51,4	53,1	30,6	40,4
Сізбен қалалас, ауылдас адамдармен	44,0	43,1	41,1	42,7	38,8	50,7
Сізбен замандас адамдармен	47,7	42,4	42,2	42,7	51,5	44,5
Сізбен бір тілде сөйлейтін адамдармен	27,8	25,1	24,4	25,3	27,7	26,0
Сізбен этносы бірдей адамдармен	20,3	23,6	22,4	22,2	20,2	24,7
Сізбен кәсібі бірдей адамдармен	8,7	12,7	16,4	12,7	13,7	10,3
Сізбен діндес адамдармен	5,7	6,4	8,5	6,9	6,8	6,8
Бәрімен	0,9	0,5	0,8	0,5	1,6	1,4
Туысқандармен	0,3	0,2	0,3	0,3	0,3	0,0
Достармен	0,1	0,0	0,0	0,1	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	2,6	1,3	2,8	1,4	5,9	4,1

Анкеталық сауалнаманың деректерін талдау әртүрлі өңірде жастардың өзсәйкестенім жүйесінде айтарлықтай айырмашылық барын көрсетті.

Халықтың басым бөлігі қазақтар болатын өңірлердегі сәйкестік иерархиясын қарастыратын болсақ, онда бұл өңірлердің көбінде азаматтық сәйкестік басқа сәйкестік түрлерінен басым екенінің жалпы ұқсас көрінісін көруге болады.

Азаматтық сәйкестіктің басымдығы әсіресе Атырау (75,0%), Жамбыл (71,8%) және Түркістан (62,3%) облыстарында айқын байқалады, басқа сәйкестіктер маңыздылығы жағынан айтарлықтай артта қалды. Алматы және Қызылорда облыстарында таңдау жиілігі бойынша бірінші орында тұрғанымен, азаматтық сәйкестіктің басымдығы соншалықты айқын емес. Бұл ретте Ақтөбе облысында ұрпақ сәйкестігі бірінші орында (54,7%) тұрса, азаматтық сәйкестік – екінші орында (50,4%). Маңғыстау облысы бір төбе болып ерекшеленеді; мұндағы ең маңызды екі сәйкестік – ұрпақтық (32,5%) және этностық (29,3%), ал азаматтық сәйкестікті респонденттердің тек 13% таңдаған. Өңірдегі азаматтық сәйкестіктің дағдарысы өңірдегі белсенді көші-қон ағынының байқалуымен, соның ішінде шетелден этностық қазақтардың көшіп келуімен байланысты болуы мүмкін. Өздері үшін жаңа жағдайларға интеграцияланатын мигранттар ел азаматтарымен ортақтығын

әрдайым сезіне бермейді, бейімделудің сәттілігіне байланысты олар ұзақ уақыт бойы «бөтен адамдар» сияқты сезінеді.

Этностық құрамында орыстар айтарлықтай көп өңірлер үшін, ең алдымен, ұрпақ сәйкестігін таңдау, сондай-ақ азаматтық сәйкестіктің маңыздылығының төмендеуі (иерархияда үшінші немесе төртінші орын) тән. Бұл осы өңірлердегі тұрғындар арасында белгілі бір ыңғайсыздық сезімі барын және ел азаматтарынан қашықтығын сезінетіні ықтимал екенін көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда өз замандасымен бірлік сезімін таңдау жастар үшін қолайлы болып көрінеді. Ұрпақ сәйкестігін таңдаудағы басымдықтың ең жарқын мысалы Павлодар (70,5%) және Қостанай (68,9%) облыстарында байқалады. Сонымен қатар бұл өңірлерде азаматтық сәйкестіктің маңыздылығы әлдеқайда төмен және үшінші орында тұр (37,1% және 46,7%). Ұқсас, бірақ соншалықты айқын емес тенденция Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында да байқалады, оларда да ұрпақ сәйкестігі бірінші орында, ал азаматтық сәйкестік үлкен артта қалумен үшінші немесе төртінші орында ғана (Шығыс Қазақстан облысын қоспағанда).

Сауалнамаға қатысқан Түркістан (36,9%) және Қызылорда (35,2%) облыстарының тұрғындары арасында этностық сәйкестік салыстырмалы түрде жоғары, алайда Қостанай (6,6%) және Солтүстік Қазақстан облыстарында (8,9%) өте төмен.

Қызылорда (42,3%), Түркістан (33,2%) және Қостанай (30,3%) облыстарының жастары үшін бір тілде сөйлейтін адамдармен араласу сезімі жоғары екенін айта кеткен жөн. Кәсіби сәйкестендіру Қызылорда облысында айтарлықтай жоғары (21,1%). Басқаларға қарағанда Қызылорда (17,6%) және Алматы (13,0%) облыстарының жас тұрғындары өзінің діни бірегейлігінің маңыздылығын айтты (№16 кесте).

**№16 кесте. «Төмендегі адамдардың қайсымен Сіз ең алдымен ортақтық (бірлік) сезімін сезінесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**


Жауап нұсқалары	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Түркістан
Қазақстан азаматтарымен	50,4	44,9	<b>75,0</b>	36,7	<b>71,8</b>	23,0	46,7	52,8	13,0	37,1	30,4	<b>62,3</b>
Сізбен қалалас, ауылдас адамдармен	42,3	41,5	49,1	36,7	52,8	32,0	49,2	47,2	17,1	48,6	34,2	47,3
Сізбен замандас адамдармен	<b>54,7</b>	28,5	43,5	41,0	31,3	40,0	<b>68,9</b>	50,0	32,5	<b>70,5</b>	54,4	47,0
Сізбен бір тілдей сөйлетін адамдармен	27,7	26,9	24,1	23,9	8,7	15,0	<b>30,3</b>	<b>42,3</b>	11,4	27,6	26,6	<b>33,2</b>
Сізбен кәсібі бірдей адамдармен	13,1	11,4	21,3	10,6	8,2	16,0	15,6	<b>21,1</b>	5,7	6,7	7,6	14,3
Сізбен этносы бірдей адамдармен	14,6	21,5	19,4	14,4	11,8	24,0	6,6	<b>35,2</b>	<b>29,3</b>	14,3	8,9	<b>36,9</b>
Сізбен діндес адамдармен	8,8	13,0	3,7	3,2	5,6	3,0	0,8	<b>17,6</b>	1,6	4,8	6,3	6,0
Туысқандармен	0,0	0,6	0,9	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,8	0,0	0,0	0,3
Бәрімен	0,7	1,9	0,0	1,1	0,0	0,0	2,5	0,0	0,0	1,9	0,0	0,3
Достармен	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	1,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	0,0	10,8	0,0	2,1	0,0	6,0	0,0	0,0	0,0	1,0	0,0	0,3

## 2. Көші-қонның негізгі факторлары мен перспективалары

### 2.1 Жастар арасындағы көші-қон көңіл-күйі (ниеті мен бағдары)

Зерттеу нәтижелеріне көрсеткендей жастар арасында, мысалы, білім алу мақсатында шетелге көшу бойынша теріс пікір немесе қабылдамау жиі кездеспейді. Осылайша, жалпы респонденттердің жартысынан көбі (53,7%) қазақстандық жастардың басқа елдерге білім алу мақсатында көшуіне оң көзқараста. Бұл мәселе бойынша бейтарап позицияны респонденттердің 29,1% ұстанады. Білім көші-қонына қарсылардың үлесі жоғары емес – 16,2% (№14 диаграмма).

**№14 диаграмма. «Айтыңызшы, жас қазақстандықтардың Қазақстаннан басқа елдерге оқуға/білім алуға кетуіне қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Жауаптарды жас бойынша бөлу респонденттердің жасы неғұрлым үлкен болса, білім алу мақсатында жастардың көші-қонына қарсылық білдіретіндердің үлесі соғұрлым жоғары болатынын көрсетеді (№17 кесте). Егер 14-18 жас аралығындағы респонденттердің 13,4% жастардың білім көші-қонына теріс көзқараста болса, ең үлкен топтың арасында – 19,5%.

Этностық бөліністе қазақтар арасында білім көші-қонына деген көзқарас біршама поляризацияланғанын байқауға болады. Яғни, қазақтар арасында бейтарап ұстанымды ұстанатындар аз (27,5%), бірақ көші-қонды қолдайтындардың да – 54% (әсіресе толық қолдайтындар – 35,3%), қолдамайтындардың да – 17,5% (әсіресе толық қолдамайтындар – 12,3%) үлесі жоғары.

Басқа этностық топтардың арасында білім көші-қонына бейтарап қарайтындар үлесі жоғары (31,5%-35,5%), ал қолдамайтындар үлесі төмен – 12,3%-дан аспайды.

**№17 кесте. «Айтыңызшы, жас қазақстандықтардың Қазақстаннан басқа елдерге оқуға/білім алуға кетуіне қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлы		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Оң	36,0	35,3	31,0	35,3	30,0	29,5
Оң сияқты	19,9	19,6	19,1	18,7	21,2	25,3
Бейтарап	28,8	28,9	29,5	27,5	35,5	31,5
Теріс сияқты	4,5	5,1	4,8	5,2	2,6	4,8
Теріс	8,9	10,2	14,7	12,3	8,5	7,5
Жауап беруге қиналамын	1,9	0,8	0,8	1,0	2,3	1,4


Бір айта кетері, Маңғыстау облысының жас тұрғындары арасында жастардың білім көші-қонына теріс көзқарастағы респонденттердің үлесі өте жоғары (69,1%). Басқа аймақтарда бұл көрсеткіш 2%-дан 18%-ға дейін.



Ресей Федерациясымен шектесетін Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында білім көші-қонын қолдаудың салыстырмалы түрде төмен көрсеткішін байқауға болады (оң көзқарас – 32,9% және 38%). Мұнда орташадан жиі бейтарап позиция байқалады (45,6% және 38%).

Білім көші-қонын қолдаудың ең жоғары деңгейін Жамбыл (68,2%), Ақтөбе (65%), Павлодар (62,8%), Түркістан (61,1%) облыстарында (№15 диаграмма) байқауға болады.

**№15 диаграмма. «Айтыңызшы, жас қазақстандықтардың Қазақстаннан басқа елдерге оқуға/білім алуға кетуіне қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**




Нақтырақ айтсақ, жастардың көші-қон көңіл-күйінің ахуалы респонденттердің өзінің тұрғылықты жерінен басқа жерге көшуге ниеті бар ма деген сұрақты сипаттайды.

Сауалнама көрсеткендей респонденттердің басым көбінің (62,5%) ішкі немесе сыртқы көші-қонға қатысты көшіп-қону ниеті жоқ.

Әрбір бесінші респонденттің (20%) ішкі көші-қонға ниеті бар, яғни Қазақстанның басқа қаласына немесе облысына көшуді қалайды. Сыртқы көші-қонға ниеті барын респонденттердің 16,0% атап өтті (№16 диаграмма).

**№16 диаграмма. «Болашақта бір жерге көшкіңіз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Қыздар жігіттерге қарағанда көші-қонға бейім (№18 кесте). Жалпы, қыздардың 41,7%, ұлдардың 30,2% көшуге ниетті екенін көрсетеді. Қыздар арасында елдің басқа қаласына/облысына көшуді қалайтындардың да (22,2%) және сыртқы көші-қонға бейімдердің де (19,5%) үлесі ұлдарға қарағанда жоғары.

Жас – көші-қон көңіл-күйіне әсер ететін фактор. Респонденттердің жасы неғұрлым үлкен болса, олардың бір жерге көшуге деген ұмтылысы соғұрлым аз болады. Сонымен, егер 14-18 жас аралығындағы жастар арасында респонденттердің 52% көшуге ниеті болмаса, 19-23 жас тобында бұл көрсеткіш 62,9%-ға дейін өссе, ең үлкен топта (24-28 жас) бұл көрсеткіш 72,4%-ға дейін жетеді. Жасы ұлғайған сайын әлеуетті ішкі және сыртқы мигранттардың үлесі азая береді. Егер ең жас топтағы әрбір төртінші адам (26%) Қазақстанның басқа қаласына немесе облысына көшуді қалайтын болса, ең үлкен топта – бар болғаны 15,2%. Сыртқы көші-қонға қатысты да осындай тенденция байқалады: жас топта әрбір бесінші адам (19,8%) шетелге кеткісі келеді, ең үлкен топта – 11,8% ғана.

Бұл тек көшіп-қону ниеті екенін ескерген жөн, өйткені есейіп, көші-қонның қаржылық және ұйымдастырушылық аспектілеріне тап болған өскелең ұрпақ өзінің көшу мүмкіндіктерін шынайырақ бағалауы мүмкін (№18 кесте).

**№18 кесте. «Болашақта бір жерге көшкіңіз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**


Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Иә, Қазақстанның басқа қаласына/өңіріне	17,8	<b>22,2</b>	<b>26,0</b>	18,8	15,2	21,4	13,0	19,9
Иә, басқа елге	12,4	<b>19,5</b>	<b>19,8</b>	16,5	11,8	13,9	20,2	<b>28,8</b>
Ешқайда көшкім келмейді	<b>67,7</b>	57,3	52,0	62,9	<b>72,4</b>	<b>63,7</b>	<b>62,2</b>	50,0
Жауап беруге қиналамын	2,1	1,0	2,2	1,8	0,7	1,0	4,6	1,4

Мәліметтерді талдау ең көп екі этностың – қазақтар мен орыстардың жалпы қоныс аударуға құлшынысы аз екенін көрсетеді. Қазақтар мен орыстар арасында әрбір үшінші респондент тұрғылықты жерінен көшуді қалайды, ал басқа этнос өкілдерінің арасында іс жүзінде әрбір екіншісі (48,7%) көшу ниетін көрсетеді.

Орыстарға (13%) қарағанда қазақтар мен шағын этностық топтардың өкілдері ішкі көші-қонға (21,4% және 19,9%) ниетін көбірек көрсетеді. Қазақтардан гөрі орыстар мен өзге ұлт өкілдері елден кетуге ынталылық танытады. Салыстыру үшін айтатын болсақ, орыстардың 20,2%, ал басқа ұлт өкілдерінің 28,8% сыртқы көші-қонға дайын, ал қазақтар арасында көрсеткіш – 13,9% ғана. Бұл ретте қабылдаушы елдердің тартымды факторлары ғана емес, сонымен қатар Қазақстан ішіндегі итермелейтін факторлар да белгілі рөл атқара алады деп болжауға болады. Осы факторлардың бірі титулдық емес этностық топтардың жастарының жоғарыда көрсетілгендей жұмысқа тұру, мансаптық ұмтылыс, білім алу және т.б. салаларда табысты шындалу мүмкіндіктерінің төмендеуіне қанағаттанбауы болуы мүмкін.

Жалпы, қала жастарына қарағанда ауыл жастарының көшуге ынтасы төмен. Мәселен, ауыл тұрғындарының 64,3% ешқайда көшуді қаламайды, қалалықтар арасында көрсеткіш – 59,8%. Ауыл жастары (12,7%) қала жастарына (20,9%) қарағанда сыртқы көшіп-қону ниетін білдіру ықтималдығы аз, бірақ ішкі көші-қон ниеті біршама жоғары (№17 диаграмма).

**№17 диаграмма. «Болашақта бір жерге көшкіңіз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, %**



Өңірлік бөліністе мынадай көрініс байқалады. Жастар көші-қонының әлеуеті ең аз байқалатын өңірлер – респонденттердің 83,7% ешқайда кетуді қаламағанын білдірген Маңғыстау облысы, сонымен қатар Батыс Қазақстан (74,0%), Шығыс Қазақстан (73,9%) және Ақтөбе (73,0%) облыстары. Көші-қон әлеуеті жоғары аймақтарға Павлодар және Түркістан облыстары жатады, оларда іс жүзінде әрбір екінші жас тұрғын тұрғылықты жерін тастап кеткісі келеді (49,6% және 52%).

Ішкі көші-қон әлеуеті жоғары өңірлерге бірінші кезекте әрбір үшінші респондент (34,3%) Қазақстанның басқа қаласына/өңіріне көшуді қалайтын Түркістан облысы, сондай-ақ әлеуетті ішкі мигранттардың үлесі 22,1%-дан 25%-ға дейінгі көрсеткішті құрайтын Павлодар, Атырау, Қызылорда, Қостанай және Жамбыл облыстары жатады.

Сыртқы көші-қонның салыстырмалы түрде жоғары әлеуетін Павлодар (24,8%) және Алматы (20,3%) облыстарының жастары арасында атап өтуге болады (№19 кесте).

**№19 кесте. «Болашақта бір жерге көшкіңіз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**

Өңір	Иә, Қазақстанның басқа қаласына/өңіріне	Иә, басқа елге	Ешқайда көшкім келмейді	Жауап беруге қиналамын
Ақтөбе	15,3	10,9	<b>73,0</b>	0,7
Алматы	12,7	<b>20,3</b>	64,6	2,5
Атырау	<b>25,0</b>	13,9	61,1	0,0
Шығыс Қазақстан	14,9	10,6	<b>73,9</b>	0,5
Жамбыл	<b>22,1</b>	17,9	60,0	0,0
Батыс Қазақстан	8,0	16,0	<b>74,0</b>	2,0
Қостанай	<b>22,1</b>	14,8	63,1	0,0
Қызылорда	<b>23,2</b>	13,4	63,4	0,0
Маңғыстау	4,1	12,2	<b>83,7</b>	0,0
Павлодар	<b>24,8</b>	<b>24,8</b>	43,8	6,7
Солтүстік Қазақстан	12,7	10,1	63,3	13,9
Түркістан	<b>34,3</b>	17,7	47,8	0,3

Жастардың әлеуметтік өзсезінімі көбіне көші-қон көңіл-күйіне әсер етуі мүмкін екенін атап өтуге болады. Атап айтқанда, алдағы өміріне пессимистік көзқараспен қарайтын респонденттердің төрттен бірі дерлік (23,6%) басқа елге кеткісі келеді (оптимистер арасында көрсеткіш бар болғаны 15%). Керісінше, жақын болашақта

өмірінде оң өзгерістерді күтетіндердің пессимистерге (9,9%) қарағанда ішкі көші-қонға (21,7%) ниеті жоғары (№20 кесте).

**№20 кесте. «Болашақта бір жерге көшкіңіз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жақын болашаққа деген оптимизм/пессимизм бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Сіз қалай ойлайсыз, Сіз/отбасыңыз бір жылдан кейін қалай өмір сүрмек?	
	Өміріміз жақсарады (оптимистер)	Өміріміз нашарлайды (пессимистер)
Иә, Қазақстанның басқа қаласына/өңіріне	21,7	9,9
Иә, басқа елге	15,0	23,6
Ешқайда көшкім келмейді	62,4	65,5
Жауап беруге қиналамын	0,9	1,0
Жалпы	100	100

Сондай-ақ №21 кестеден мынаны байқауға болады: олардың отбасының қаржылық жағдайын бағалау неғұрлым нашар болса, респонденттердің басқа елге кетуге деген ұмтылысы соғұрлым жиі болады (24,7%). Салыстыру үшін: материалдық әл-ауқатын жақсы деп бағалағандардың ішінде тек 14% ғана шетелге барғысы келетінін білдірді. Сонымен қатар материалдық әл-ауқат бойынша өзбағаланым жастардың ішкі көші-қонға деген ниетіне әсер етпейді. Мұнда, ең алдымен, материалдық факторлардан бөлек басқа факторлар рөл атқаруы мүмкін. Мысалы, білім берудің неғұрлым тартымды сапасы.

**№21 кесте. «Болашақта бір жерге көшкіңіз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жақын болашаққа деген оптимизм/пессимизм бойынша, %**


Жауап нұсқалары	Сіз отбасыңыздың ағымдағы материалдық (экономикалық) жағдайын қалай бағалайсыз		
	Жақсы	Орташа	Нашар
Иә, Қазақстанның басқа қаласына/өңіріне	19,6	21,0	17,6
Иә, басқа елге	14,0	18,1	24,7
Ешқайда көшкім келмейді	65,0	59,9	55,3
Жауап беруге қиналамын	1,4	1,0	2,4
Жалпы	100	100	100

## 2.2 Ішкі көші-қон перспективалары

Алдыңғы бөлімде көрсетілгендей сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші қазақстандық жас (20%) ел ішінде көшіп-қонуды қалайды. Осы респонденттер тобының көші-қонының негізгі бағыттары қандай?

Әлеуетті ішкі көші-қон үшін ең тартымды орындар қатарына Алматы (30,8%), Нұр-Сұлтан (25,0%) және Алматы облысы (16,8%) кіреді (№18 диаграмма).

**№18 диаграмма. «Қай өңірге/қалаға көшкіңіз келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %<sup>11</sup>**



Өлеуетті ішкі мигранттардың арасында ұлдар үшін Нұр-Сұлтан (27,9%), ал қыздар үшін Алматы (36,7%) және Алматы облысы (19,9%) көбірек тартымды. 14-18 жас аралығындағы жастар жиі Алматыға (33,0%) және Алматы облысына (19,6%), ал 19-23 жас аралығындағы жастар Нұр-Сұлтанға (27,2%) көшуді қалайды.

Жауаптарды ұлты бойынша бөлу көрсеткендей орыс және басқа этностардың жастары Алматыға (сәйкесінше 35,0% және 34,5%), ал қазақтар мен басқа этностар өкілдері Нұр-Сұлтанға (сәйкесінше 25,7% және 24,1%) көшкісі келетінін көрсетті. Алматы облысы қазақ және орыс ұлтының жастары үшін тартымды болып келеді (сәйкесінше 16,9% және 17,5%) (№22 кесте).

**№22 кесте. «Қай өңірге/қалаға көшкіңіз келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Өңір/қала	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Нұр-Сұлтан қ.	27,9	22,6	24,0	27,2	24,3	25,7	20,0	24,1
Алматы қ.	23,5	36,7	33,0	28,9	29,0	29,9	35,0	34,5
Алматы	12,8	19,9	19,6	12,3	16,8	16,9	17,5	13,8
Шымкент қ.	8,4	4,5	7,3	5,3	5,6	6,3	2,5	10,3
Ақтөбе	5,6	2,3	2,8	7,0	1,9	4,2	2,5	0,0
Ақмола	5,0	2,3	2,8	2,6	5,6	3,0	5,0	6,9
Қостанай	4,5	2,3	1,7	3,5	5,6	2,1	10,0	6,9
Солтүстік Қазақстан	2,8	0,0	0,0	2,6	1,9	1,5	0,0	0,0
Жамбыл	1,1	1,4	0,6	0,0	3,7	1,5	0,0	0,0
Батыс Қазақстан	1,1	1,8	1,7	1,8	0,9	1,8	0,0	0,0
Қарағанды	1,1	1,4	0,6	2,6	0,9	1,5	0,0	0,0
Қызылорда	1,1	0,9	1,1	0,9	0,9	1,2	0,0	0,0
Түркістан	1,1	0,9	0,6	1,8	0,9	1,2	0,0	0,0
Шығыс Қазақстан	0,6	0,5	1,1	0,0	0,0	0,6	0,0	0,0
Маңғыстау	0,6	0,0	0,6	0,0	0,0	0,3	0,0	0,0
Павлодар	0,6	1,4	0,6	1,8	0,9	0,9	2,5	0,0
Атырау	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	2,2	1,4	2,2	1,8	0,9	1,2	5,0	3,4

<sup>11</sup> Ішкі көші-қонға ниеті бар респонденттер ғана жауап берді.

Алматы қаласы Алматы (47,5%) және Шығыс Қазақстан (46,4%) облыстарынан шыққан әрбір екінші дерлік әлеуетті ішкі мигрантқа, сондай-ақ Жамбыл (34,9%) және Түркістан (36,4%) облыстарынан шыққан үштен бірден астам әлеуетті ішкі мигрант үшін тартымды өңір саналады. Осылайша, еліміздің оңтүстігі мен шығысында орналасқан жақын маңдағы облыстардың жастары Алматыға жиі ұмтылады. Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарынан келген әрбір үшінші ықтимал мигрант Нұр-Сұлтанға ұмтылады.

Алматы облысы Қызылорда (36,4%) және Атырау (33,3%) облыстарының жастарына көбірек тартымды болып келеді.

Қостанай облысында респонденттердің 40,7% өңірішілік көші-қонға ниетті (№23 кесте).

№23 кесте. «Қай өңірге/қалаға көшкіңіз келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %<sup>12</sup>

Көші-қон бойынша тартылыс өңірі	Тұрғылықты өңір								
	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Қостанай	Қызылорда	Павлодар	Түркістан
Алматы қ.	28,6	<b>47,5</b>	25,9	<b>46,4</b>	<b>34,9</b>	3,7	9,1	23,1	<b>36,4</b>
Нұр-Сұлтан қ.	23,8	<b>35,0</b>	11,1	<b>32,1</b>	25,6	18,5	21,2	26,9	24,2
Шымкент қ.	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	9,1	0,0	16,7
Алматы	23,8	5,0	<b>33,3</b>	14,3	20,9	18,5	<b>36,4</b>	15,4	9,1
Ақтөбе	19,0	0,0	7,4	0,0	2,3	0,0	6,1	3,8	3,8
Қарағанды	0,0	2,5	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	3,0
Жамбыл	0,0	0,0	0,0	0,0	7,0	0,0	0,0	0,0	1,5
Шығыс Қазақстан	0,0	0,0	0,0	3,6	0,0	0,0	0,0	0,0	0,8
Батыс Қазақстан	0,0	2,5	11,1	0,0	0,0	3,7	0,0	0,0	0,8
Қызылорда	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	9,1	0,0	0,8
Маңғыстау	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,8
Павлодар	0,0	0,0	0,0	3,6	0,0	0,0	0,0	7,7	0,8
Түркістан	0,0	0,0	3,7	0,0	4,7	0,0	0,0	0,0	0,8
Ақмола	4,8	2,5	3,7	0,0	4,7	14,8	0,0	11,5	0,0
Атырау	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қостанай	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	<b>40,7</b>	6,1	0,0	0,0
Солтүстік Қазақстан	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	3,0	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	0,0	5,0	3,7	0,0	0,0	0,0	0,0	11,5	0,8

### 2.3 Сыртқы көші-қон перспективалары

Сыртқы көші-қонның перспективаларын қосымша тексеру үшін тұрғылықты жерінен (шетелге немесе Қазақстанның басқа қаласына/өңіріне) көшкісі келетінін атап өткен жастар бөлігіне бірқатар сұрақ қойылды. Жастардың бұл бөлігін жалпы респонденттердің 36% құрады (2.2-бөлімді қараңыз).

Осы топтағы жастардың аз ғана бөлігі эмиграцияға дайындалу бойынша нақты іс-әрекет жасай отырып, шетелге шығуға салмақты ниеті бар. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей жақын арада Қазақстаннан әлеуетті мигранттардың тек 7,4% ғана көшіп кетуге ниетті (сауалнамаға қатысқан барлық жастардың үлесінің 2,7%<sup>13</sup>).


<sup>12</sup> Талдауға әлеуетті ішкі мигрант саны 10 адамнан аз болған облыстар кірмеді.

<sup>13</sup> Респонденттердің жалпы санынан – 2000 адамнан есептегенде.

Әлеуетті мигранттардың негізгі бөлігін елден кетуді ойлап жүрген жастар құрайды. Үштен бір бөлігінен сәл астамы (35,3%) қазір көшуді жоспарламайды, бірақ болашақта көшуге бейім. Сондай-ақ үштен бір бөлігінен астамы (35,7%) қазір көшу туралы ойламайды, бірақ бәрі алдағы өмірлік жағдайларға байланысты болатынын ескертеді (сауалнамаға қатысқан барлық жастардың үлесіне жалпы алғанда 25,6%).

Ықтимал мигранттардың 21,4% ешбір жағдайда басқа елге кетпейді (№19 диаграмма).

№19 диаграмма. «Қазақстаннан көшіп кетуді ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %



Болашақта қыздардың елден кету ықтималдығы жоғары (39,0%), ал жігіттер көшу туралы шешім өмірлік жағдайларға байланысты болатынын жиі атап өтеді (39,1%).

Болашақта негізінен 14-23 жас аралығындағы жастар көшуді жоспарлап отыр (14-23 жас – 38,7%, 19-23 жас – 36,0%). 24-28 жас аралығындағы жастардың салыстырмалы көпшілігінің (40,5%) пікірінше, көшу мүмкіндігі өмірлік жағдайларға байланысты болады (салыстыру үшін: 14-18 жас – 32,7%, 19-23 жас – 36,0%).

Этностық бөлініс орыстар мен басқа этнос өкілдерінің арасында эмиграцияға деген көңіл-күйдің кең тарағанын көрсетеді. Осылайша, олардың арасында көшіп кету ниетін әлдеқашан шешкендердің (сәйкесінше 12,7% және 15,5%), сондай-ақ болашақта жоғары ықтималдықпен басқа елге көшуге ниеттілердің (сәйкесінше 41,2% және 38,0%) жоғары үлесі бар.

Қазақтар арасында елден көшіп кетуге үзілді-кесілді қарсылардың үлесі жоғары – 24,7%, ал шешім қабылдаған әлеуетті эмигранттардың үлесі төмен – 5,3%. Дегенмен қазақ жастарының арасында да айтарлықтай бөлігі елден көшіп кету туралы ойлап жүр (№24 кесте).

**№24 кесте. «Қазақстаннан көшіп кетуді ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Иә, жақын арада көшіп кетемін	7,2	7,5	7,3	7,0	7,9	5,3	12,7	15,5
Қазір емес, болашақта басқа елге көшетін шығармын	30,3	39,0	38,7	36,0	28,9	33,9	41,2	38,0
Осы уақытқа дейін көшу туралы ой болған жоқ, бірақ бәрі өмірлік жағдайға байланысты: мүмкін көшермін, мүмкін көшпеспін	39,1	33,3	32,7	36,0	40,5	35,9	35,3	35,2
Жоқ, ешқандай көшетін ниетім жоқ	23,4	20,0	21,3	20,6	22,6	24,7	10,8	11,3
Жауап беруге қиналамын	0,0	0,2	0,0	0,5	0,0	0,2	0,0	0,0

Қала жастары шетелге шығу үшін көші-қон көңіл-күйіне көбірек бейім. Осылайша, жас қала тұрғындары арасында Қазақстаннан жақын арада көшуді жоспарлағандардың үлесі ауыл тұрғындарына қарағанда жоғары (сәйкесінше 10,0% және 5,4%). Ал, керісінше, көшуге ниеті жоқтардың үлесі қала жастарына қарағанда ауыл жастары арасында жоғары (сәйкесінше 27,5% және 13,5%) (№20 диаграмма).

**№20 диаграмма. «Қазақстаннан көшіп кетуді ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, %**



Жақын арада Қазақстаннан кетуге бел буған жастардың басым бөлігі Қостанай (17,8%) және Солтүстік Қазақстан (16,7%) облыстарында тұрады. Болашақта әйтеуір елден кетуді жоспарлаған жастардың үлесі Солтүстік Қазақстан (44,4%), Павлодар (42,3%) және Алматы (42,3%) облыстарында жоғары.

Өмірлік жағдайлар өзгерген жағдайда Маңғыстау (55,0%), Қостанай (44,4%) және Жамбыл (43,6%) облыстарының жас тұрғындарының салыстырмалы көпшілігі елден кету туралы шешім қабылдауы мүмкін. Атырау (38,1%) және Ақтөбе (36,1%)



облыстарының респонденттері ешбір жағдайда Қазақстаннан кетуге ниеті жоғын жиі айтты (№25 кесте).


№25 кесте. «Қазақстаннан көшіп кетуді ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %

Жауап нұсқалары	Иә, жақын арада көшіп кетемін	Қазір емес, болашақта басқа елге көшетін шығармын	Осы уақытқа дейін көшу туралы ой болған жоқ, бірақ бәрі өмірлік жағдайға байланысты: мүмкін көшермін, мүмкін көшпеспін	Жоқ, ешқайда көшетін ниетім жоқ	Ж/б/қ
Ақтөбе	0,0	36,1	27,8	<b>36,1</b>	0,0
Алматы	4,8	<b>42,3</b>	34,6	18,3	0,0
Атырау	4,8	19,0	38,1	<b>38,1</b>	0,0
Шығыс Қазақстан	2,1	39,6	37,5	20,8	0,0
Жамбыл	9,0	25,6	<b>43,6</b>	21,8	0,0
Батыс Қазақстан	8,3	37,5	29,2	25,0	0,0
Қостанай	<b>17,8</b>	28,9	<b>44,4</b>	8,9%	0,0
Қызылорда	5,8	34,6	36,5	23,1	0,0
Маңғыстау	5,0	30,0	<b>55,0</b>	10,0	0,0
Павлодар	7,7	<b>42,3</b>	21,2	26,9	1,9
Солтүстік Қазақстан	<b>16,7</b>	<b>44,4</b>	33,3	5,6	0,0
Түркістан	8,5	37,0	34,5	20,0	0,0

Жақын арада немесе болашақта шетелге шығуға ниетті жастардың 39% тек басқа елде уақытша қалуды мақсат етеді. Бұл ретте әрбір бесінші адам білім алу үшін (20,8%) және тағы 18,2% уақытша жұмыс үшін барады.

Қазір немесе болашақта шетелге кетуге ниет білдіргендердің жартысынан көбі ұзақ мерзімді эмиграцияға ниетті екенін көрсетеді. Олардың ішінде әрбір үшінші респондент (34,2%) оқуға және жұмыс істеу үшін көшуге, мүмкіндігінше осы елде қалуға дайын екенін атап өтеді. Әрбір төртінші адам (26,4%) жаңа тұрақты тұрғылықты жеріне көшуге ниетті (№21 диаграмма).

№21 диаграмма. «Қазақстаннан көшіп кетуді ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %<sup>14</sup>



Кіші жас тобының өкілдері басқа топтарға қарағанда біраз уақытқа басқа елге оқу үшін көшуді ойлағаны күтілген жайт (31,7%). 19-23 және 24-29 жас аралығындағы жастар кіші топқа қарағанда жұмысқа тұру мақсатында уақытша кетуді қалайды (сәйкесінше 30,4% және 25,7%). 14-18 жас аралығындағы жастар (37,2%) басқа елге оқуға немесе жұмыс істеуге барғысы келеді, сонда мүмкіндігінше жиі қалғысы келеді, бірақ жасы ұлғайған сайын бұл құштарлық әлсірейтінін байқауға

<sup>14</sup> Бұл сұраққа жақын арада немесе болашақта шетелге шығуға ниеті барлар ғана жауап берді.

болады. Бұл ретте тұрақты тұру үшін басқа елге эмиграцияға ұмтылуды 24-28 жас аралығындағы ең үлкен топтағы респонденттер (35,7%) жиі көрсетеді.

Этностық бөліністе, жалпы, қазақтардың шетелге оқуға немесе жұмыс істеуге (қосындысы 46,7%) орыстармен және басқа этностармен салыстырғанда (18,2% және 26,3%) уақытша кететінін атап өтуге болады. Ал, керісінше, қазақтарға (52,8%) қарағанда орыстар мен басқа этнос өкілдері ұзақ мерзімді эмиграцияға (81,8% және 73,6%) көбірек бейім. Орыс респонденттердің ішінде әрбір екінші адам оқуға немесе жұмысқа бару арқылы ұзақ мерзімді эмиграцияға қол жеткізуді қалайды, басқа этнос өкілдерінің тұрақты тұруға бірден бару ықтималдығы жоғары (44,7%) (№26 кесте).

**№26 кесте. «Қазақстаннан көшіп кетуді ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлт		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Уақытша, оқуға	31,7	13,0	8,6	23,8	12,7	15,8
Уақытша, жұмыс істеуге	6,9	30,4	25,7	22,9	5,5	10,5
Оқу/жұмыс істеу, мүмкін болса – сол елде қалуға	37,2	32,6	30,0	30,8	50,9	28,9
Тұрақты тұру үшін	23,4	23,9	35,7	22,0	30,9	44,7
Спортпен шұғылдануға	0,7	0,0	0,0	0,5	0,0	0,0

Әлеуетті эмигранттардың басқа елге көшу ниеті қаншалықты маңызды? Сауалнама нәтижелеріне сәйкес басқа елге қоныс аударғысы келетін респонденттердің тек оннан бір бөлігі (9,1%) ғана баратын елін таңдап, көшу туралы шешім қабылдаған және келесі жылы көшуге ниетті. Әрбір бесінші респондент (20,5%) нақты шешім қабылдаған, көшетін елді таңдаған, бірақ көшетін күнін әлі шешпеген. **Осылайша, егер бүкіл жастардың ауқымына қарасақ, онда барлық қазақстандық жастардың шамамен 5% нақты таңдалған бағытпен және көшуге тиісті дайындықпен (бел буған ықтимал эмигранттар) басқа елге көшуге (уақытша немесе тұрақты) елеулі ниет білдіріп отыр. Олардың 1,4% келесі жылы белгілі бір елге баруға дайын.**

Әрбір төртінші әлеуетті эмигрант (25,7%) елді таңдады, бірақ әлі де көшуге шешім қабылдай алмайды, ал респонденттердің дәл сондай үлесі көшуге шешім қабылдады, бірақ әлі де көшуге мүмкіндігі жоқ (25,4%). Басқа елге көшуді қалайтын респонденттердің 18,2% көшетін ел туралы шешім қабылдамаған. **Осылайша, барлық қазақстандық жастардың 10,7% эмиграцияға ниеті бар, бірақ ойланып-толғанып, таңдау жасап жүр, сондай-ақ әйтеуір кету мүмкіндігін іздестіріп жүр (екі ойлы немесе шешімін таппаған әлеуетті эмигранттар тобы)** (№22 диаграмма).

№22 диаграмма. «Басқа елге көшу туралы шешіміңіз қаншалықты тиянақты?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %



Жас топтары бөлінісінде кіші жас тобында көшуге бел буған әлеуетті эмигранттардың жалпы саны, яғни тиісті дайындықпен эмиграцияға елеулі ниеті барлар (26,9%), үлкен жастағы топтарға қарағанда (31,5%-32,8%) аз екенін байқауға болады. 19-23 жастағылар арасында өз таңдауын жасап, бірақ әлі кетуге бел бумағандардың үлесі (33,7%) жоғары. 14-18 жас аралығындағылар арасында осы уақытқа дейін тек кетуге ниеті бар, бірақ ел таңдау туралы шешім қабылдамаған немесе мүмкіндігі жоқтардың үлесі жоғары (жалпы 49,7%).

Жігіттер мен қыздар арасында бел буған және ек ойлы әлеуетті мигранттардың шамамен тең үлесі бар. Жалғыз ерекшелік, жастар арасында эмиграцияға ниеті бар, бірақ баратын елі туралы шешім қабылдамаған немесе көшу мүмкіндігін таппағандардың үлесі жоғары (сәйкесінше 21,1% және 27,2%). Қыздар арасында көшу туралы шешім екі ойда болу жиі кездеседі, дегенмен ел таңдалған – 28,0% (ұлдар арасында – 21,9%) (№27 кесте).

**№27 кесте. «Басқа елге көшу туралы шешіміңіз қаншалықты тиянақты?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Ел таңдалды, құжат дайындап жатырмын, келесі жылы көшейін деп жатырмын	8,8	9,3	9,0	7,6	11,4	4,7	14,5	26,3
Ниетім байыпты, ел таңдалды, бірақ көшу күнін әлі анықталған жоқпын	21,1	20,2	17,9	23,9	21,4	16,8	23,6	36,8
Ел таңдалды, бірақ кетуге әлі шешім қабылдамадым	21,9	28,0	22,8	33,7	21,4	27,6	29,1	10,5
Көшуге шешім қабылдадым, бірақ мүмкіндік жоқ	27,2	24,4	29,0	21,7	22,9	28,5	18,2	18,4
Кетуге деген үлкен ықыласым бар, бірақ нақты қай ел екенін әлі шешпедім	21,1	16,6	20,7	12,0	21,4	21,0	14,5	7,9
Жауап беруге қиналамын	0,0	1,6	0,7	1,1	1,4	1,4	0,0	0,0


Этностық бөлініс титулдық емес этностық топтар арасында көшуге елеулі ниеті бар анықталған әлеуетті эмигранттардың үлесі қазақтарға қарағанда әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді. Салыстыру үшін: орыстар арасында белгілі бір елге эмиграцияға шындап дайындалуда – жалпы 38,1%, басқа этностар арасында – 63,1%, қазақтар арасында – 21,5%. Сонымен қатар шағын этностық топтардың өкілдері арасында келесі жылы басқа елге қоныс аударатындардың үлесі орыстарға (14,5%) және қазақтарға (4,7%) қарағанда әлдеқайда жоғары (26,3%).

Қазақ жастары көп жағдайда басқа елге көшуге ниетті екенін ғана көрсетеді, бірақ әлі күнге дейін не нақты бағыты, не мүмкіндіктері, не эмиграцияға бел байлағаны жоқ (77,1%). Орыстар арасында әлеуетті эмигранттардың үлесі бел бумағандардың үлесін 61,8% құрайды, ал шағын этностық топтар арасында ең азы – 36,8%.

Сауалнамаға қатысқан әртүрлі этностық топтың барлық жастарынан есептелген мәліметтерге қарасақ, олардың жақын жылдары елден кету ықтималдығы жоғары: қазақтардың 0,6%, орыстардың 2,6%, басқа этнос өкілдерінің 6,8%. Сауалнамаға қатысқан қазақ жастарының 2,3%, орыстардың 4,2%, басқа этностар арасында – 9,6% шындап бел буған, бірақ кету күні әлі шешілмеген.

Қазақстаннан көшуді жоспарлаған жастардың басым бөлігі көшу үшін Ресейді (26,1%), Түркияны (20,8%) және АҚШ-ты (15,3%) таңдаған. Сондай-ақ ең танымал бағыттардың бестігіне Оңтүстік Корея (12,7%) және Еуропа елдері (10,7%) кірді. Сауалнамаға қатысқан барлық жастардың санынан қарасақ, әлеуетті мигранттар баратын эмиграция үшін тартымды «бес» ел мыналар болады: Ресей (барлық респонденттердің 4%), Түркия (3,2%) және АҚШ (2,4%), Оңтүстік Корея (2%) және Еуропа елдері (1,7%) (№23 диаграмма).

**№23 диаграмма. «Қай жерге көшіп баруды жоспарлап отырсыз? Егер бірнеше ел таңдап жатсаңыз, басқаларға қарағанда көбірек ұнайтынын атаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Жауаптарды респонденттердің жынысы мен жасы бойынша бөлу көшу үшін елдерді таңдауда кейбір айырмашылық барын анықтады. Осылайша, қыздар жігіттерге қарағанда Түркияны (23,8%), Оңтүстік Кореяны (14,0%) және Еуропа елдерін (11,9%) жиі таңдайды (жігіттер: сәйкесінше 15,8%, 10,5% және 8,8%). Жігіттер Қытайға (6,1%) және Канадаға (8,8%) көшуді қалайды (қыздар: сәйкесінше 1,6% және 3,6%).

14-18 жас аралығындағы жастар жиі АҚШ (17,9%) және Еуропа елдерін (13,8%), 19-23 жас аралығындағы респонденттер жиі Түркия (23,9%), АҚШ (16,3%) және Еуропа елдерін (10,9%), ал үлен жас тобы Түркияны (28,6%) жиі таңдайды (№28 кесте).

**№28 кесте. «Қай жерге көшіп баруды жоспарлап отырсыз? Егер бірнеше ел таңдап жатсаңыз, басқаларға қарағанда көбірек ұнайтынын атаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Ресей	27,2	25,4	25,5	26,1	27,1	11,2	76,4	36,8
Түркия	15,8	23,8	15,2	23,9	28,6	28,5	0,0	7,9
АҚШ	15,8	15,0	17,9	16,3	8,6	20,6	3,6	2,6
Оңтүстік Корея	10,5	14,0	13,1	12,0	12,9	16,4	1,8	7,9
Еуропа елдері	8,8	11,9	13,8	10,9	4,3	9,3	10,9	18,4
Канада	8,8	3,6	3,4	5,4	10,0	5,6	3,6	7,9
Қытай	6,1	1,6	4,8	2,2	1,4	3,3	0,0	7,9
Ресейден басқа ТМД елдері	1,8	1,0	1,4	1,1	1,4	0,9	0,0	5,3
Жапония	0,9	0,5	1,4	0,0	0,0	0,9	0,0	0,0
Аустралия	0,0	0,5	0,7	0,0	0,0	0,5	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	4,4	2,6	2,8	2,2	5,7	2,8	3,6	5,3

Этностық топтар бөлінісінде алғанда қазақтар Түркия (28,5%), АҚШ (20,6%) және Оңтүстік Корея (16,4%) елдеріне басымдық беретінін байқауға болады. Орыстар арасында, шын мәнінде, әлеуетті эмигранттардың төрттен үш бөлігі (76,4%) Ресей Федерациясына көшуді қалайды, ал әрбір оныншысы Еуропа елдеріне көшуді қалайды. Өзге ұлт өкілдерінің үштен бірінен сәл астамы (36,8%) Ресей Федерациясына, тағы 18,4% Еуропа елдеріне көшуді қалайды.

Ресейлік бағыттың басқалардан ерекшелігі – әлеуетті эмигранттардың едәуір бөлігі (43,8%) көшуге шындап қарайды. Олардың 15% алдағы жылы көшуге дайындалып жатқанын атап өтуге болады, бірақ 28,8% күнін әлі анықтамаған. Бұған қоса, әрбір төртінші адам кетуге бел байламағанын айтады. Яғни, шын мәнінде, Ресей Федерациясын қарастыратын әрбір екінші әлеуетті эмигрант кету туралы шешімді кейінге қалдыруда.

Егер ұлты орыс жастардың Ресей Федерациясына көшу ниетін осы этностық топтың барлық респонденті тұрғысынан қарастыратын болсақ, *алдағы жылдары этносы орыс жастар тарихи отанына жаппай эмиграция жасауы болжанбайтынын көруге болады*. Атап айтқанда, жалпы Ресейге көшу ниетін сауалнамаға қатысқан барлық орыс жастардың 13,7% көрсетеді, оның ішінде:

- 2,6% – келесі жыл ішінде міндетті түрде көшпек;
- 3,5% – бел бұған, бірақ күні белгіленбеген;
- 4,2% – екі ойлы;
- 2,5% – мүмкіндігі жоқ;
- 0,9% – баратын елін әлі нақты анықтамаған.

Осылайша, алдағы жылы орыс жастардың шамамен 3% Ресей Федерациясына кетуі мүмкін, ал 10%-ға жуығы эмиграцияны кейінге қалдыруда, бұл Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа аясында шиеленіскен жағдайға байланысты болуы мүмкін.

Алғашқы «бестіктен» басқа елдерге қатысты айтсақ, жастар осы уақытқа дейін көп жағдайда тек басқа елге кетуге деген ниеті барын ғана білдіретінін байқауға болады, бірақ бұл жастар бел буып, эмиграцияға мақсатты түрде дайын дегенді білдірмейді (№29 кесте).


**№29 кесте. Баратын еліне байланысты эмиграция ниетінің байыптылығы, %**

Жауап нұсқалары	Ресей	АҚШ	Түркия	Оңтүстік Корея	Еуропа елдері
Ел таңдалды, құжат дайындап жатырмын, келесі жылы көшейін деп жатырмын	15,0	10,6	4,7	7,7	9,1
Ниетім байыпты, ел таңдалды, бірақ көшу күнін әлі анықталған жоқпын	28,8	12,8	20,3	12,8	18,2
Ел таңдалды, бірақ кетуге әлі шешім қабылдамадым	25,0	25,5	31,3	35,9	12,1
Көшуге шешім қабылдадым, бірақ мүмкіндік жоқ	18,8	23,4	26,6	28,2	33,3
Кетуге деген үлкен ықыласым бар, бірақ нақты қай ел екенін әлі шешпедім	12,5	25,5	17,2	12,8	27,3
Жауап беруге қиналамын		2,1		2,6	
Бел бұған	<b>43,8</b>	23,4	25,0	20,5	27,3
Бел бумаған	56,3	74,5	75,0	76,9	72,7

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, елден тыс жерлерге көшуді қалайтын жастардың басым бөлігі (60,6%) Қазақстан азаматтығын өзгерткісі келмейді (24,1% – жоқ сияқты, 36,5% – жоқ).

Әрбір үшінші әлеуетті эмигрант (32,6%) Қазақстан азаматтығын өзгертуге ниетті, оның ішінде 13,7% азаматтығын өзгерту ниетіне сенімді. Сауалнамаға қатысқан барлық жастардың 5% ғана азаматтықты өзгерту ниетін білдірді (2,1% толық сенімді) (№24 диаграмма).

**№24 диаграмма. «Қазақстан азаматтығын басқа елдің азаматтығына ауыстырғыңыз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Әлеуетті эмигранттар тобында Қазақстан азаматтығын өзгертуге тілек білдірушілердің үлесі жігіттер (41,2%), 19-23 жас аралығындағы жастар (39,2%), сондай-ақ орыстар мен басқа этностық топтар өкілдері арасында жоғары (сәйкесінше 63,7% және 44,8%). Өз елінің азаматтығын өзгертуге ниеті жоқтардың үлесі жоғары: қыздар (64,2%), 14-18 жас аралығындағылар (62%), 19-23 жас аралығындағылар (55,4%), 24-28 жас аралығындағылар (64,3%) және қазақтар (74,7%). Бұл ретте қазақтар арасында Қазақстан азаматтығын өзгертуге батыл ниеті жоқтардың үлесі жоғары (46,7%).

Сауалнамаға қатысқан әртүрлі этностық топтың барлық жастарын есептеген мәліметке қарасақ, эмиграция жағдайында азаматтықты өзгертуге дайындығын қазақтардың 3,1%, орыстардың 11,4% және басқа этнос өкілдерінің 11,6% көрсеткен (№30 кесте).

**№30 кесте. «Қазақстан азаматтығын басқа елдің азаматтығына ауыстырғыңыз келе ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас, этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Иә	12,3	14,5	9,0	19,6	15,7	8,9	27,3	21,1
Иә сияқты	28,9	13,0	20,0	19,6	15,7	13,6	36,4	23,7
Жоқ сияқты	20,2	26,4	24,8	25,0	21,4	28,0	9,1	23,7
Жоқ	34,2	37,8	37,2	30,4	42,9	46,7	12,7	13,2
Жауап беруге қиналамын	4,4	8,3	9,0	5,4	4,3	2,8	14,5	18,4

Қазақстан азаматтығын өзгертуді қалайтын респонденттердің ішінде әрбір екінші адам Ресей Федерациясының азаматтығын алғысы келеді (51,0%). АҚШ (9,0%), Канада (7,0%), Қытай және Германия (әрқайсысы 6,0%), Оңтүстік Корея және Түркия (4,0%) азаматтығын алу ниеті азырақ айтылды (№31 кесте).

**№31 кесте. «Қазақстан азаматтығын қай елдің азаматтығына ауыстырғыңыз келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %<sup>15</sup>**

Жауап нұсқалары	Көшуге ниет білдіргендердің жалпы санына есебіне қатысты	Сауалнамаға қатысқан барлық жастардың жалпы санына қатысты
Ресей	51,0	2,6
АҚШ	9,0	0,5
Канада	7,0	0,4
Қытай	6,0	0,3
Германия	6,0	0,3
Оңтүстік Корея	4,0	0,2
Түркия	4,0	0,2
Англия	1,0	0,1
Әзірбайжан	1,0	0,1
Аустрия	1,0	0,1
Жауап беруге қиналамын	10,0	0,5

Азаматтығын өзгертуге ниет білдірген орыстардың басым көбі (85,7%) тарихи отаны – Ресей Федерациясының азаматтығын алғысы келетіні күтілген жайт. Басқа этностық топтардың өкілдері арасында көбі Ресей азаматтығын алуға (41,2%) және Германия азаматтығын (29,4%) алуға ниет білдірді. Қазақтардың 29,2% Ресей Федерациясының, 16,7% АҚШ-тың, 12,5% Қытайдың азаматтығын алғысы келеді (№32 кесте).

**№32 кесте. «Қазақстан азаматтығын қай елдің азаматтығына ауыстырғыңыз келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Қазақ	Орыс	Басқа этностар
Ресей	29,2	85,7	41,2
АҚШ	16,7	2,9	0,0
Канада	8,3	2,9	11,8
Германия	0,0	2,9	29,4
Оңтүстік Корея	8,3	0,0	0,0
Түркия	8,3	0,0	0,0
Қытай	12,5	0,0	0,0
Англия	2,1	0,0	0,0
Әзірбайжан	0,0	0,0	5,9
Аустрия	2,1	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	12,5	5,7	11,8

## 2.4 Жастардың сыртқы көші-қонының негізгі pull-push қозғаушы факторлары

Алғаш рет pull-push факторлары (көші-қонның тарту және итеру факторлары) түсінігін америкалық демограф Э. Ли енгізді, ол 1966 жылы өзінің жұмысында миграциялық факторларды түсіндірудің гравитациялық моделін ұсынды. Оның моделі әр аумақта миграцияның әртүрлі факторы маңызды болуы мүмкін екеніне негізделген. Кейбір фактор тарту факторлары ретінде әрекет ете алады, ал басқалары итермелейтін факторлар ретінде әрекет етеді. Мигранттардың кету аумағындағы итермелейтін факторлар: саяси немесе діни қудалау, экономикалық дағдарыстар, әскери қақтығыстар, табиғи апаттар және т.б. Өз кезегінде, мигранттар келетін аумақтарының келесі қасиеттері тартымды болуы мүмкін: саяси тұрақтылық, діни сенім бостандығы, экономикалық әл-ауқат, жақсы жұмыс жағдайлары, жалақыны жоғарылату мүмкіндігі және т.б.<sup>16</sup>

<sup>15</sup> Көшіп кеткен жағдайда азаматтықты өзгертуге ниет білдіргендердің арасында (100 адам).

<sup>16</sup> Савоскул М.С. Обзор теорий международной миграции населения второй половины XX в. / Региональные исследования. - 2015. - № 4 (50).




Кейінірек зерттеушілер Э. Лидің бұл моделі қазіргі заманғы шындықтағы жеке тұлға деңгейінде барған сайын маңызды рөл атқара бастағанын айта бастады, өйткені заманауи коммуникациялық технологиялар әлеуетті мигрантқа келу аумағындағы тарту факторлары туралы жақсы хабардар болуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тарту факторлары әрқашан тек объективті расталған деректерді қамтымайды, көбінесе эмиграция туралы шешімге туыстары мен достарының келу еліне эмоция-бағалау көзқарастары әсер етуі мүмкін. Яғни, кейде индивидтің эмоциялық сенімділігі мен әлеуметтік араласуы шешуші фактор болуы мүмкін. Сондай-ақ pull–push факторларының адамдарға әсері, мысалы, табыс деңгейіне, біліміне, этностық сәйкестігіне, жасына және т.б. сияқты әртүрлі әлеуметтік-демографиялық сипаттамаға, экономикалық жағдайға және т.б. байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір фактор адамның қабылдауына байланысты қарама-қарсы түрде қабылдануы мүмкін: оңнан теріске айналады.<sup>17</sup>

Жастар үшін маңызды рөл атқаратын факторлардың бірі – олар туған жерінде өзінің жеке әлеуетін сәтті жүзеге асыру қабілетіне сенімді болу. Жастар арасында өз елінің аумағында шетелдегідей ойдағыдай шыңдалуы мүмкін емес деген пікір басым болса, ол «итермелейтін» фактор ретінде әрекет ете бастайды. Бұл фактор көмелеттік жасқа енді қадам басып, кәсіби жолын бастаған жас ұрпақ үшін өте елеулі құбылыс.

Сауалнамаға нәтижесіне сәйкес барлық респонденттің жартысынан көбі жастар табысқа жетіп, көпке таныла алады, өзі Қазақстанда емес, тек шетелде толықтай шыңдала алады деген пікірмен келіспейді. Бұл пікірді респонденттердің 53,8% қолдайды («келіспеймін» – 21,5%, «келіспейтін сияқтымын» – 32,3%).

Дегенмен респонденттердің 46,3% Қазақстанда табысқа жету мен көпке танылуға, толықтай шыңдалуға мүмкіндік жоқ деп, қарсы пікірін білдіреді. Осы ретте сауалнамаға қатысқан жастардың бестен бір бөлігінен астамы (21,1%) өз ұстанымына сенімді (№25 диаграмма).

**№25 диаграмма. «Жастар Қазақстанда емес, тек шетелде табысқа жетіп, көпке танылып, толықтай шыңдала алады деген тұжырыммен келісесіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Эмиграция ниетінің байыптылығына байланысты деректерді талдау басқа елге көшуге шындап кіріскендердің арасында Қазақстанда табысқа жету және шыңдалу мүмкіндіктеріне қанағаттанбайтын жастардың пайызы әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді. Осылайша, жақын арада Қазақстаннан кеткелі отырғандардың 80%-ға жуығының және болашақта басқа елге қоныс аударуы мүмкін адамдардың 64%-ының Қазақстандағы жастардың шыңдалу мүмкіндіктеріне көңілі толмайды. Салыстырып қарасақ, эмиграцияға ниеті жоқтардың 42%-ға жуығы ғана жастардың шыңдалу мүмкіндіктеріне қанағаттанбайды. Осылайша, бұл фактор қазақстандық жастарды шетелге «итеруде» маңызды рөл атқара алады (№26 диаграмма).

<sup>17</sup> Савоскул М.С. Обзор теорий международной миграции населения второй половины XX в. / Региональные исследования. - 2015. - № 4 (50).


**№26 диаграмма. «Жастар Қазақстанда емес, тек шетелде табысқа жетіп, көпке танылып, толықтай шыңдала алады деген тұжырыммен келісесіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, эмиграция ниетінің байыптылығына байланысты, %**



Қазақстанда шыңдалу жағдайларына қанағаттанбағандардың үлесі қала жастары арасында (48,9%), 19-23 жас арасында (48,8%), әсіресе ЖОО студенттері (49%), сондай-ақ ЖОО кейінгі білімі бар адамдар (магистр) арасында біршама жоғары – 52,8% және орта арнаулы білімі барлар (48%) арасында біршама жоғары.

Материалдық әл-ауқат факторы жастардың пікіріне айтарлықтай әсер етеді. Жастар өз отбасының әл-ауқатының деңгейін неғұрлым нашар бағаласа, өз еліндегі жеке табысқа жету мүмкіндіктеріне қанағаттанбау деңгейі соғұрлым жоғары болады. Осылайша, табысы жоғары топтар арасында шыңдалу мүмкіндіктеріне 40,2% қанағаттанбайды, орташа табысы барлар арасында – 46,8%, ал табысы төмен топтар арасында көбінің – 60,5% – көңілі толмайды (№27 диаграмма).

**№27 диаграмма. «Жастар Қазақстанда емес, тек шетелде табысқа жетіп, көпке танылып, толықтай шыңдала алады деген тұжырыммен келісесіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, табыс деңгейі бойынша, %**



Эмиграциялық көңіл-күйі бар жастар тобына (барлық респонденттің 15,4%) Қазақстаннан кетуге не итермелегені жөнінде сұрақ қойылды.

Елден итеру және басқа елге тарту ретінде қандай факторларды бөліп көрсетуге болады?

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей оларды елден *итермелейтін негізгі факторлардың* қатарында әлеуетті эмигранттардың басым бөлігі мыналарды атады: жақын айналасындағы адамдардың шетелге кету немесе кетуді жоспарлауы (47,2%) және сыбайлас жемқорлық пен бюрократиялық озбырлық бар елде тұрғысы келмеуі (46,3%). Әрбір төртінші әлеуетті эмигрант болашақта Қазақстандағы саяси жағдай нашарлауы мүмкін деген қорқынышты, алаңдаушылықты бастан кешіреді (25,7%) және өз құқығын қорғауға кепілдік бар деп есептемейді (25,7%). 18,6% өз отбасының экономикалық жағдайы нашарлауын, Қазақстанда қалыпты өмір сүру мүмкін емесін атап өтеді. Әлеуетті эмигранттардың белгілі бір бөлігі үшін әртүрлі алалау көрінісінің болуы итермелейтін фактор екен. Атап айтқанда, солардың қатарында қазақ тілін білмегені үшін қысым көру (22,5%), өз пікірі үшін қудалауға ұшырау (20,5%), ұлтына байланысты алалауға ұшырау (19,2%), жыныстық бағдарына байланысты қысым көру (8,5%) бар. Қазақстандағы қазіргі жағдай үшін итермелейтін фактор – жастардың Қазақстан әскері қатарында қызмет етуді қаламауы (12,1%), бұл «әлімжеттік» («дедовщина») туралы жиі хабарлау және әскерде мерзімді қызметте жүргендердің көп өлуі салдарынан Қарулы күштердің беделінің айтарлықтай нашарлауымен байланысты.

Әлеуетті эмигранттардың шетелге шығуының *негізгі тарту факторлары* анықталды (50%-дан астам): жақсы ақы төленетін жұмыс табуға деген ұмтылыс (81,4%), өзінің әлеуеті мен қабілеттерін жақсырақ іске асыру мүмкіндігі, қызықты жұмыс табу (75,9%), сапалырақ білім алу (64,8%), сапалырақ медициналық және басқа да қызметтерді алу мүмкіндігі (59,0%) және кез келген жұмыс табу (56,0%). Pull-push факторларына жатқызу қиын жалпы себептердің бірі – бұл әдетте жастарға жас тобы ретінде тән өзгеріс қалау, әртүрлілік, саяхатқа ұмтылу (61,2%). Сондай-ақ жастардың отбасымен қайта қосылуға ниеті (22,8%) немесе олар келген елде жұмысқа тұру немесе қолайлы шарты бар оқуға грант алу (18,9%) сияқты нақты себептер (тарту факторлары) бар.

Жалпы алғанда факторларды итеруші және тартушы факторларға біржақты бөлу мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық, алалау, құқық қорғалмауы, саяси тұрақсыздық және т.б. түріндегі итермелейтін факторларды, егер әлеуетті эмигранттар баратын елде сыбайлас жемқорлықтан, қудалаудан және қысымнан қорғаудан немесе басқа да мотивтер бойынша жақсырақ қорғалған болатынына сенімді болса, тарту факторлары ретінде қарастыруға болады. Керісінше, баратын елде жоғары жалақы төленетін жұмыс табу, сапалы білім және медициналық қызмет алу мүмкіндігі түріндегі тарту факторлары жастардың Қазақстанда оны алу мүмкіндігін көрмейтінін көрсетеді (№33 кесте).

**№33 кесте. Жастардың көші-қонын ынталандыратын факторлар, %<sup>18</sup>**

<b>Елден итермелейтін факторлар</b>	<b>%</b>	<b>Баратын елге тартатын факторлар</b>	<b>%</b>
Көптеген досым, танысым, туысым шетелге кетіп жатыр немесе кеткісі келеді	47,2	Жақсы жалақысы бар жұмыс табу мүмкіндігі	81,4
Жемқорлық пен бюрократиялық озбырлықсыз елде өмір сүру үшін	46,3	Басқа елде мен өз әлеуетімді, қабілетімді жақсырақ іске асыруға, қызықты жұмыс табуға мүмкіндік аламын	75,9
Менде болашақта Қазақстандағы саяси жағдайдың нашарлауы мүмкін деген қорқыныш, алаңдаушылық бар	25,7	Сапалы білім аламын	64,8
Басқа елде менің құқығым қорғалады	25,7	Маған керегі тек өзгеріс, әртүрлілік, саяхат	61,2
Қазақ тілін білмегенім үшін қысым көрмеймін	22,5	Сапалы медициналық және басқа қызмет ала алу	59,0
Мен өз пікірім үшін қудаланбаймын	20,5	Кез келген жұмысты табу	56,0
Мен ұлтыма байланысты алалауға ұшырамаймын	19,2	Отбасымен, туысқандарыммен қайта қосылу ниеті	22,8
Менің тұрмыс жағдайым қатты нашарлады, менің (отбасымның) Қазақстанда қалыпты өмір сүруі мүмкін емес болып қалды	18,6	Мен жұмысқа ұсыныс алдым, жақсы жағдайлары бар оқу грантын алдым	18,9
Мен Қазақстан әскерінде қызмет еткім келмейді	12,1		
Мен жыныстық бағдарыма байланысты қудаланбаймын	8,5		

Бір айта кетері, респонденттердің этностық негізі туралы мәліметтерді талдау басқа елге көшу мотивтерінде кейбір ерекшелік барын көрсетті. Осылайша, қазақ жастарының (52,3%) және басқа ұлт өкілдерінің (42,1%) салыстырмалы көпшілігін эмиграцияға итермелейтін маңызды мотив елдегі сыбайлас жемқорлық пен бюрократиялық озбырлық екен (салыстыру үшін: орыстар – 25,5%).

Респонденттердің салыстырмалы көпшілігі орыс және басқа ұлт өкілдері үшін адамдарды елден итеруші факторлары қазақ тілін білмеуіне байланысты алалау (сәйкесінше 34,5% және 36,8%), сондай-ақ ұлты бойынша алалау (сәйкесінше 25,5% және 23,7%). Сондай-ақ орыс жастар арасында Қазақстандағы саяси жағдайдың нашарлауына алаңдаушылықпен себепті елден кетуді қалайтындардың үлесі жоғары (30,9%) (салыстыру үшін: қазақтар – 24,8%, басқалар – 23,7%). Өзге этностар өкілдерінің үштен бірінен астамы (34,2%) үшін олардың құқығы қорғалуына сенім факторы маңызды (қазақтар – 24,3%, орыстар – 25,5%). Қазақтар арасында этностық және тілдік алалау түріндегі итеруші факторлардың да бар екенін атап өтуге болады: 16,8% қазақ тілін білмегеніне байланысты қысымға байланысты да, этностық ерекшелігіне байланысты да көшуге ынталы екенін атап өтті (№34 кесте).

<sup>18</sup> Көшіп кету ниеті бар респонденттер (307 адам) жауап берді.

**№34 кесте. Жастардың көші-қонын ынталандыратын факторлар, этнос бойынша, %**

	Қазақ	Орыс	Басқа
<b>Елден итермелейтін факторлар</b>			
Көптеген досым, танысым, туысым шетелге кетіп жатыр немесе кеткісі келеді	40,7	65,5	57,9
Қазақ тілін білмегеннен қысым көруден қорқу	16,8	34,5	36,8
Болашақта Қазақстандағы саяси жағдайдың нашарлауы мүмкін деген қорқыныш, алаңдаушылық	24,8	30,9	23,7
Құқық қорғалғанына сенімсіз болу	24,3	25,5	34,2
Өз ұлтына байланысты алалаудан қорқу	16,8	25,5	23,7
Сыбайлас жемқорлық пен бюрократиялық озбырлық дамыған елде өмір сүруді қаламау	52,3	25,5	42,1
Өз пікірін білдіргені үшін қудалаудан қорқу	24,3	16,4	5,3
Тұрмыс жағдайының нашарлауы, менің (менің отбасымның) Қазақстанда қалыпты өмір сүруі мүмкін болмады	20,6	14,5	13,2
Қазақстан әскерінде қызмет етуден қорқу/қаламау	11,7	14,5	10,5
Жыныстық бағдарына байланысты қудалаудан қорқу	8,9	10,9	2,6
<b>Баратын елге тартатын факторлар</b>			
Жақсы жалақысы бар жұмыс табу мүмкіндігі	76,6	89,1	97,4
Басқа елде мен өз әлеуетімді, қабілетімді жақсырақ іске асыруға, қызықты жұмыс табуға мүмкіндік аламын	71,0	83,6	92,1
Сапалы медициналық және басқа да қызмет ала алу	53,3	67,3	78,9
Сапалы білім алу	64,0	61,8	73,7
Кез келген жұмысты табу	53,7	56,4	68,4
Маған керегі тек өзгеріс, әртүрлілік, саяхат	61,2	54,5	71,1
Отбасымен, туысқандарыммен қайта қосылу ниеті	20,1	29,1	28,9
Мен жұмысқа ұсыныс алдым, жақсы жағдайлары бар оқу грантын алдым	20,1	12,7	21,1

Бұл ретте басқа елге көшуге ниет білдірген респонденттердің көпшілігінде сәтті көшуге жағдай жоқ. Атап айтқанда, тек 21,2%-ында жұмысқа орналасу немесе оқу гранты бар, ал тағы 23,1% иммигранттарды қолдау бағдарламасына (немесе отандастардың қоныс аударуына) енгізілген. Жартысынан сәл астамы келген елдің тілін біледі (51,8%), 45,6% осы елдің заңдарын біледі және 41,0%-ының өмір сүру үшін қаржысы бар (№28 диаграмма).

**№28 диаграмма. «Басқа елге көшу ниетіңіз болса, Сіздің сәтті көшуіңізге жағдай бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Деректер аталған жағдайлар эмиграциялық ниеттердің байыптылығына қатты әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен, егер келесі жылы шетелге шығуға бел буған әлеуетті эмигранттар тобына қарасақ, бұл көбінесе кетуге мұқият дайындалған және қабылдаушыдан белгілі бір қолдау түрлерін алған адамдар. Атап айтқанда, олардың басым көбінің қаржы жинақтары бар (78,6%), баратын елдегі туыстары немесе таныстары бар (71,4%), сол елдің тілі мен заңдарын меңгерген (71,4%). Шындығында, олардың әрбір екіншісі иммигранттарды (немесе отандастарды) қолдау бағдарламасына енгізілген немесе жұмысқа ұсыныс/оқу грантын алған.

Әлеуетті мигранттардың екінші тобы эмиграцияға байыпты ниеті бар, бірақ кету мерзімі белгісіз, олардың көбі баратын елдің тілі мен заңдарын білуімен сипатталады (60%-65%), бірақ тек жартысы ғана кетуге қаржы жағынан дайын (55,6%). Олар иммигранттарды қолдау бағдарламасына (33,3%) немесе жұмысқа ұсыныс/оқу грантына (23,8%) қосылу түріндегі қолдауға ие болу ықтималдығы аз. Сонымен қатар осы топтағы әрбір екінші адамның баратын елде туыстары немесе достары бар, бұл қосымша қолдау ресурсын қамтамасыз етеді.

Баратын жерін әлдеқашан шешкен, бірақ кетуге әлі бел бумаған әлеуетті мигранттар тобының арасында эмиграцияны жеңілдететін артықшылық қатары сирек. Солардың арасында қазірдің өзінде баратын елдің тілін (58,2%), оның заңдарын білетіндер (48,1%), сонымен қатар өмір сүруге қаржысы барлар (41,8%) аз. Олар баратын елде туыстары немесе таныстары азырақ (39,2%) және иммигранттарды қолдау бағдарламасына сирек қатысады. Дегенмен бұл топтағы әрбір төртінші адамның жұмыс ұсынысы немесе оқу гранты бар. Алайда қалыптасқан жағдайлар осы топтағы адамдардың көбі үшін эмиграция сәтті боларына кепілдік бермейді.

Кетуге ниеті бар, бірақ мүмкіндігі жоқ әлеуетті эмигранттар тобының көбінде сәтті көшу үшін ресурс пен жағдай жоқ. Ең маңызды ресурс – баратын елде туыстары мен таныстарының болуы (41%). Әр үштен бір бөлігі ғана баратын елдің тілін біледі, одан да азы сол елдің заңдарын біледі (23,1%), өмір сүруге жеткілікті қаражаты бар (23,1%), иммигранттарға арналған бағдарламаға қатысады (15,4%). Олардың 5,1%-ында ғана шақыру немесе грант бар. Бұл топ жақын арада көшіп кетуді шешсе, ең жоғары тәуекелге ие болып, басын қауіп-қатерге тікпек.

Сондай-ақ эмиграция кетуге ниет білдірген, бірақ әлі де ел таңдау жағдайында тұрғандар үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Бұл топта тек үштен біріне жуығында қаржы ресурстары, баратын елдегі туыстары немесе таныстары түріндегі қолдау бар, олардың жартысынан азы баратын елдің тілі мен заңдарын біледі. Таңдаудың белгісіздігіне байланысты олар басқаларға қарағанда иммигранттарды қолдау бағдарламасына қатысу немесе жұмысқа/оқу грантына шақыру сияқты артықшылықтарға ие болу ықтималдығы төмен (№35 кесте).


**№35 кесте. «Басқа елге көшу ниетіңіз болса, Сіздің сәтті көшуіңізге жағдай бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**

Жауап нұсқалары	Әлеуетті эмигрант топтары				
	Алдағы жылдары көшіп кетуге байыпты ниеті бар	Эмиграцияға байыпты ниеті бар, бірақ күнін белгілемеген	Ел таңдап, бірақ кетуге бел бумаған	Ниеті бар, бірақ кету мүмкіндігі жоқ	Кеткісі келеді, бірақ елді таңдамаған
Өмір сүру үшін қаржы жинағы бар	78,6	55,6	41,8	23,1	30,4
Баратын елде туыстары немесе жақын адамдары бар	71,4	54	39,2	41,0	33,9
Баратын елдің тілін біледі	71,4	65	58,2	33,3	44,6
Баратын елдің заңын біледі	71,4	60,3	48,1	23,1	44,6
Иммигранттарды (отандастарды) қолдау бағдарламасына енгізілген	50	33,3	19	15,4	14,3
Жұмыс ұсынысы немесе оқу гранты бар	46,4	23,8	25,3	5,1	21,4

Этностық бөлініс көрсеткендей эмиграцияға (негізінен Ресей Федерациясына) ниет білдірген орыс жастарының үштен бірінен астамы (36,4%) иммигранттарды (немесе отандастарды көшіру) қолдау бағдарламасына қазірдің өзінде енгізілген, әрбір бесіншісі (20%) жұмысқа ұсыныс немесе оқуға грант алған. Олардың 38%-ында ғана өмір сүруге жетерлік қаржылық мүмкіндігі болғанына қарамастан баратын елдің тілін, заңын білу, туған-туыстары мен достарының болуы бұл топқа сенімділік береді.

Басқа елдерге саяхаттағысы келетін жастар неден қорқады? Ең алдымен, олар жақындарымен қоштасудан қорқады (23,5%), сондай-ақ өз қабілеттеріне сенімсіздік – кәсіби машықтың, табысты жұмысқа орналасу үшін білімнің жеткіліксіз деңгейі (22,8%). Сондай-ақ әлеуетті эмигранттар баратын елде кездесетін тәуекелдерді өздері көреді: жұмыссыздықтың өсуі (18,6%), иммигранттарға теріс көзқарас (16,6%), иммигранттарға қатысты заңдарды күшейту (15,3%), экономикалық құлдырау (13,7%). Сондай-ақ жинағынан айырылу және табыс көзін таппау (17,6%) де кезігеді, ал сирегірек – жалғыз, достарсыз қалу (12,1%) қорқынышы айтылды (№29 диаграмма).

**№29 диаграмма. «Басқа елге көшу кезінде өзіңіз үшін қандай негізгі қауіп-қатерді байқайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің гендерлік және жас параметрлері мәнмәтінінде деректерді талдау келесіні көрсетті. Жігіттер қыздарға қарағанда жұмысқа табысты орналасу үшін кәсіби машықтары мен білімінің жеткіліксіздігі туралы (28,9%) және баратын елдегі ықтимал экономикалық құлдыраудан қорқу (18,4%) туралы жиі айтты. Дегенмен жігіттерге қарағанда қыздар қаржылық жиған-тергенінен айырылып қалу (19,2%) және шет елде қолдаусыз жалғыз қалып қоярына (15,5%) алаңдайды.

Басқа елге көшу кезінде туындауы мүмкін тәуекелдердің қатарында басқа топтарға қарағанда кіші жас тобы үйде қалған жақындарынан айырылуды (28,3%) және баратын елдегі әскери іс-қимылдан / әскери жұмылдырудан қорқатынын (12,4%) жиі атап өтеді. Орта жастағы топтың салыстырмалы көбін баратын елдегі иммигранттарға теріс көзқарас (22,8%) және жұмысқа табысты орналасу үшін кәсіби машықтар мен білім деңгейінің жеткіліксіздігі (27,2%) алаңдатады. Басқаларға қарағанда үлкен жастағы адамдар жұмысқа табысты орналасу үшін кәсіби машықтың жоғы (25,7%), жинақтарды жоғалту қаупі (22,9%) және баратын елдегі экономикалық құлдырау (20,0%) туралы жиі айтты.

Жастар ұлты бойынша басқа елге көшу кезінде ықтимал тәуекелдерді бағалауында айтарлықтай айырмашылық бар (көрсеткіш жалпы жиынтық мәндерден жоғары). Осылайша, қазақтарды үйінде қалған жақындарынан айырылу



(25,7%) алаңдатса, орыстар – баратын елдегі мүмкін экономикалық құлдырау (23,6%), ал басқа этнос өкілдері баратын елдегі иммигранттарға қатысты заңдардың қатайтылуы (21,1%) және экономикалық құлдырау (18,4%) туралы көбірек алаңдайды (№36 кесте).

**№36 кесте. «Басқа елге көшу кезінде өзіңіз үшін қандай негізгі қауіп-қатерді байқайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Баратын елде иммигранттарға деген теріс көзқарас	16,7	16,6	13,1	<b>22,8</b>	15,7	17,3	16,4	13,2
Өз ұлтымның (этностың) өкілдеріне деген көзқарастың нашарлауы	8,8	10,4	9,7	12,0	7,1	11,7	7,3	2,6
Баратын елде экономиканың құлдырауы	<b>18,4</b>	10,9	9,7	15,2	<b>20,0</b>	10,3	<b>23,6</b>	<b>18,4</b>
Баратын елде жұмыссыздықтың артуы	16,7	19,7	17,2	17,4	22,9	19,2	18,2	15,8
Жұмысқа табысты тұру үшін кәсіби машық пен білімнің жеткіліксіз деңгейі	<b>28,9</b>	19,2	18,6	<b>27,2</b>	<b>25,7</b>	22,9	21,8	23,7
Иммигранттарға қатысты заңдардың қатаюуы	13,2	16,6	17,2	14,1	12,9	15,0	12,7	<b>21,1</b>
Баратын елдегі әскери іс-қимыл / әскери жұмылдыру	8,8	9,3	<b>12,4</b>	6,5	5,7	7,9	12,7	10,5
Қазақстанда қалған жақын адамдардан айырылып қалу	25,4	22,3	<b>28,3</b>	18,5	20,0	<b>25,7</b>	16,4	21,1
Барлық жинақтан айырылып қалу, табыс көзін таба алмау	14,9	<b>19,2</b>	15,2	17,4	<b>22,9</b>	17,3	18,2	18,4
Өзге елде көмексіз жалғыз қалу	6,1	<b>15,5</b>	12,4	9,8	14,3	13,6	7,3	10,5
Ешқандай қауіп-қатер жоқ	1,8	2,1	2,8	1,1	1,4	1,4	5,5	0,0
Менің жасым	0,0	0,5	0,7	0,0	0,0	0,5	0,0	0,0
Оқу	0,9	0,0	0,7	0,0	0,0	0,5	0,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	0,9	2,1	2,1	2,2	0,0	0,9	3,6	2,6

Қауіп-қатерді болжау көбінесе баратын елге байланысты. Өлеуетті жас эмигранттар қандай мәселелерден қорқатынына қарасақ, олар әр елде әртүрлі екенін байқауға болады. Осылайша, Ресей Федерациясындағы жағдайға қатысты ең көп таралған қорқыныш – жұмыссыздықтың артуы (26,3%) және экономикалық құлдырау (20%). Тағы бір айта кетері, Ресейге эмиграция жасауға ниеттілер басқаларға қарағанда әскери іс-әрекет / әскери жұмылдыру сияқты құбылыстан қорқады – 16,3% (орта есеппен – 9,1%).

Түркияны таңдағандардың арасында Қазақстанда қалған жақындарынан айырылып қалудан қорқады – 29,7%, сондай-ақ жинақсыз, табыссыз (23,4%) және жалғыз, доссыз (18,8%) қалудан қорқады.

Басқаларға қарағанда АҚШ-қа жиі кеткісі келетіндер иммигранттарға теріс көзқарастан қорқатындарын (31,9%), сондай-ақ сол жерде жалғыз қалудан қорқуды жиі сезінетінін атап өтті – 17% (орта есеппен – 12%).

Баратын елі ретінде Оңтүстік Кореяны таңдағандарды Қазақстанда қалған жақындарынан айырылу (46,2%), сондай-ақ елдегі жұмыссыздық деңгейінің өсуі (25,6%) мүмкін екені қатты алаңдатады.

Айта кету керек, баратын еліне қарамастан әлеуетті эмигранттардың шамамен бірдей үлесі өзінің кәсібилігіне сенімсіздік білдіреді (23%-26%), бірақ еуропалық елдерді таңдағандар тәжірибесі мен білімінің болмауына байланысты жұмыс таба алмайтынына алаңдайды (30,3%). Ресейді таңдағандар, керісінше, мұндай қорқынышты сирек сезінеді (17,5%).

Сондай-ақ Еуропа елдеріне қатысты айтсақ, онда барлық жинағынан айырылу және табыс көзін таба алмау (33,3%), сондай-ақ жұмыссыздықтың өсуі (24,2%) сияқты қорқыныш сезімі бар (№37 кесте).

**№37 кесте. «Басқа елге көшу кезінде өзіңіз үшін қандай негізгі қауіп-қатерді байқайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, баратын ел бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Ресей	АҚШ	Түркия	Оңтүстік Корея	Еуропа елдері
Баратын елде жұмыссыздықтың артуы	<b>26,3</b>	12,8	9,4	<b>25,6</b>	<b>24,2</b>
Баратын елде экономиканың құлдырауы	<b>20,0</b>	12,8	10,9	7,7	18,2
Қазақстанда қалған жақын адамдардан айырылып қалу	18,8	12,8	<b>29,7</b>	<b>46,2</b>	21,2
Жұмысқа табысты тұру үшін кәсіби машық пен білімнің жеткіліксіз деңгейі	17,5	23,4	23,4	25,6	<b>30,3</b>
Иммигранттарға қатысты заңдардың қатаюы	17,5	14,9	12,5	7,7	6,1
Баратын елдегі әскери іс-қимыл/әскери жұмылдыру	<b>16,3</b>	8,5	12,5	2,6	0,0
Баратын елде иммигранттарға деген теріс көзқарас	12,5	<b>31,9</b>	12,5	15,4	18,2
Барлық жинақтан айырылып қалу, табыс көзін таба алмау	10,0	17,0	<b>23,4</b>	17,9	<b>33,3</b>
Өз ұлтымның (этностың) өкілдеріне деген көзқарастың нашарлауы	6,3	10,6	9,4	5,1	6,1
Өзге елде көмексіз жалғыз қалу	5,0	<b>17,0</b>	<b>18,8</b>	10,3	12,1

### 3. Қазақстандық жастардың еңбек көші-қонының ерекшеліктері


#### 3.1 Жастардың жұмыспен қамтылу жағдайын бағалау

Еңбек көші-қоны жағдайын бағалау үшін бүгінгі таңда жастарды жұмыспен қамту саласында не болып жатқанын, олардың қазақстандық еңбек нарығындағы өз мүмкіндіктерін қалай қабылдайтынын және олардың жұмысқа табысты тұруына қандай негізгі кедергілер бар екенін түсіну қажет.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей сауалнамаға қатысқан жастардың көбі не жұмыс істейді (43,2%), не оқиды (36,8%). Сауалнамаға қатысқан жастардың тек 8,4% ғана оқу мен жұмысты бірге алып жүр.

Қазіргі уақытта жұмыстан да, оқу процесінен де шеттетілген санаттарға келетін болсақ, атап айтқанда: респонденттердің 6,2% балаларды немесе науқас туыстарын күтумен айналысады; 3,1%-ын жұмыссыздар қатарына жатқызуға болады; NEET санатындағылары (не оқымайды, не жұмыс істемейді, не жұмыс іздемейді) – 1,9%. Мүгедектігіне байланысты еңбекке жарамсыз жастардың үлесін 0,4% құрайды (№30 диаграмма).

№30 диаграмма. Сауалнамаға қатысқан жастардың жұмыспен қамтылу мәртебесі, %



Демографиялық көрсеткіштер бойынша сауалнама деректерін талдау көрсеткендей жігіттер (50,0%) арасындағы жұмыспен қамту деңгейі қыздарға (36,4%) қарағанда жоғары, бұл негізінен қыздар жиі оқитынына байланысты (сәйкесінше 38,8% және 34,8%), сондай-ақ балаларға немесе науқас туыстарына қамқорлық жасау ықтималдығы әлдеқайда жоғары (сәйкесінше 12,2% және 0,3%). Жігіттер арасындағы жұмыссыздардың үлесі қыздарға қарағанда жоғары (сәйкесінше 4,3% және 1,9%).

14-18 жас аралығындағы ең жас топтың басым көпшілігін жас студенттер (85,5%) құрайтыны күтілген жайт, олардың арасында жұмыс істейтіндер саны ең аз – 4,2%, бірақ жұмыс пен оқуды бірге алып жүретіндер – 7,8%. Орта жас тобында (19-23 жас) жұмыспен қамтылған респонденттердің саны 47,7%-ға дейін жетеді, ал тек оқып жүрген жас студенттер бестен бірге дейін (20,6%) төмендейді. Бұл топта респонденттер басқаларға қарағанда жиі жұмысты оқумен бірге алып жүреді – 15,5%. Үлкен жастағы топта жұмыспен қамтылғандар саны 77,3%-ға дейін жетеді, оқып жүргендер саны ең төменгі деңгейге – 3,3%, сондай-ақ жұмысты оқумен бірге алып жүретіндер саны 2,7%-ға дейін төмендейді.

Ең жоғары жұмыссыздардың үлесі 19-23 жас аралығында – 5,8%. NEET үлесі орта және үлкен жас топтарында артады (0,6%-дан 2,3%–2,8%-ға дейін). Сондай-ақ балаларына немесе туыстарына қарайтынның үлесі жасына қарай артады (№38 кесте).

**№38 кесте. Сауалнамаға қатысқан жастардың жұмыспен қамтылу мәртебесі, жыныс және жас бойынша, %**


Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Жұмыс істейді	<b>50,0</b>	36,4	4,2	<b>47,7</b>	<b>77,3</b>
Тек оқиды	34,8	38,8	<b>85,5</b>	20,6	3,3
Жұмыс пен оқуды бірге алып жүреді (қосымша жұмыс істейді)	8,5	8,2	7,8	<b>15,5</b>	2,7
Оқымайды, не жұмыс істемейді (жұмыс іздеп жүр)	4,3	1,9	1,2	5,8	2,7
Оқымайды, жұмыс істемейді, жұмыс іздемейді (NEET)	1,6	2,2	0,6	2,3	2,8
Мүгедектігіне байланысты жұмыс істемейді	0,5	0,3	0,3	0,5	0,4
Баланы, науқас туыстарын күту үшін демалыста	0,3	<b>12,2</b>	0,4	7,4	10,8
Жауап беруге қиналамын	0,1	0,0	0,0	0,2	0,0

Жұмыспен қамтудың ең көп сұранысқа ие салалары (респонденттер жұмыс істейтін немесе жұмыс іздеп жүрген жер) – білім беру (13,1%), сауда (12,0%), қызмет көрсету (11,7%). Соңғы екі бағыт жоғары біліктілікті қажет етпейді, бірақ көбінесе бос жұмыс орындары бар.

Респонденттердің 7%-дан 9%-ға дейінгісі құрылыс (9%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету (8,1%), мемлекеттік басқару және қорғаныс (7,4%), өнер, мәдениет, ойын-сауық, туризм (7,4%) сияқты салаларда жұмыс істейді/жұмыс іздейді.

Көлік, ақпарат және байланыс, өңдеу өнеркәсібі, энергетика және сумен жабдықтау (5%-дан 6%-ға дейін) сияқты білікті техникалық мамандарды қажет ететін салалар шамамен бірдей сұранысқа ие. Ауыл шаруашылығы жұмыс істейтін немесе жұмыс іздеп жүрген респонденттердің 5,3%-ында сұранысқа ие (№31 диаграмма).

**№31 диаграмма. «Қай салада жұмыс істейсіз (қосымша жұмыс істейсіз) немесе жұмыс іздеп жүрсіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Сауалнама деректерін демографиялық көрсеткіштер бойынша талдау көрсеткендей жігіттердің басым бөлігі құрылыста (14,6%), сауда, автомобиль жөндеу (11,6%) және көлік (10,2%), ал қыздар білім беру (21,4%), қызмет көрсету (14,7%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер (13,0%), сауда (12,5%) салаларында жұмыс істейді (немесе жұмыс істегісі келеді). Жігіттер қыздарға қарағанда ауыл шаруашылығында (сәйкесінше 7,8% және 1,9%), сондай-ақ өнеркәсіпте (сәйкесінше 7,5% және 1,7%) жұмысқа тұруы ықтималдығы жоғары.

14-18 жас аралығындағы жастар қызмет көрсету саласын (20,9%), өнер, мәдениет, ойын-сауық, демалыс, туризм (16,5%), сауданы (16,5%) таңдайды. Орта жас санатындағы респонденттер көбінесе білім беру (12,4%), сауда және қызмет көрсету салаларында (әрқайсы 12,2%) жұмысқа тұрған немесе жұмыс іздейді. Үлкен жастағы топ негізінен білім беру (14,9%), сауда (11,1%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету (10,4%) салаларында ұсынылған.

Жас ұлғайған сайын біліктілігі төмен жұмыс күші қажет салалардан жоғары біліктілікті қажет ететін салаға өту тенденциясын атап өтуге болады. Мысалы, респонденттердің жасы неғұрлым үлкен болса, олар қызмет көрсету, сауда, ойын-сауық, демалыс пен туризм саласында соғұрлым сирек жұмыс істейді. Оның орнына, жас ұлғайған сайын білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, ақпарат және коммуникациялар, кәсіби және ғылыми қызмет, өнеркәсіп, көлік салаларына сұраныс айтарлықтай артады.

Қазақ жастары көбінесе білім беру (14,8%) және қызмет көрсету (11,1%), орыстар сауда, автокөлік жөндеу (20,4%), қызмет көрсету (12,9%) және көлік (11,8%) салаларын таңдайды, ал басқа этностардың өкілдері сауда және қызмет көрсету саласында (әрқайсы 15,9%) жұмыс істейді. Мемлекеттік басқару және қорғаныс саласында қазақтар (8,8%) орыстарға және басқа этностарға (3,2% және 1,4%) қарағанда жұмысқа тұруға/жұмыс іздеуге көбірек бейім (№39 кесте).

**№39 кесте. «Қай салада жұмыс істейсіз (қосымша жұмыс істейсіз) немесе жұмыс іздеп жүрсіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Білім беру	7,0	21,4	4,4	12,4	14,9	14,8	7,0	8,7
Қызмет көрсету (сұлулық салондары, массаж, фитнес, ванналар, химиялық тазалау, кір жуу, шағын жөндеу және т.б.)	9,5	14,7	20,9	12,2	9,9	11,1	12,9	15,9
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	4,4	13,0	2,2	6,0	10,4	8,6	5,4	8,7
Сауда, автокөлік жөндеу	11,6	12,5	16,5	12,2	11,1	9,8	20,4	15,9
Мемлекеттік басқару және қорғаныс (соның ішінде құқық қорғау және қауіпсіздік органдары, әлеуметтік қамсыздандыру органдары)	6,2	9,1	3,3	6,2	8,9	8,8	3,2	1,4
Өнер, мәдениет, ойын-сауық, демалыс, туризм, тұру және тамақтану қызметтері	6,3	8,9	16,5	8,4	5,3	7,4	7,0	8,7
Ақпарат және байланыс	5,9	5,4	2,2	6,9	5,3	5,6	5,9	5,8
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	2,2	2,8	1,1	1,7	3,3	2,5	2,2	2,9
Өңдеу өнеркәсібі, энергиямен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау, тау-кен өнеркәсібі	7,5	1,7	1,1	5,0	5,7	5,1	4,8	4,3
Құрылыс	14,6	1,3	5,5	10,5	8,4	9,1	8,1	10,1
Көлік	10,2	0,4	3,3	5,3	7,0	5,0	11,8	2,9
Жылжымайтын мүлік операциялары	0,8	1,5	1,1	1,7	0,7	1,1	1,7	0,0
Ауыл шаруашылығы	7,8	1,9	9,9	4,8	5,0	5,5	5,9	1,4
Өзін-өзі жұмыспен қамтушы	0,5	0,0	0,0	0,5	0,2	0,4	0,0	0,0
Жеке кәсіпкер	0,6	0,0	0,0	0,5	0,3	0,5	0,0	0,0
Жауап беруден бас тартамын	3,0	3,7	2,2	4,1	2,9	3,0	2,7	8,7
Жауап беруге қиналамын	1,9	1,7	9,9	1,7	0,7	1,8	1,1	4,3

Респонденттердің жартысы тұрғылықты жерінде жастар жұмысқа тұру мәселесімен ылғи бетпе-бет келеді деп есептейді (50,3%). Сауалнамаға қатысқандардың 36,4% жастар мамандығы бойынша жұмысқа тұруы қиынға соғатынын, бірақ арнайы кәсіби машықты қажет етпейтін жұмыста қиындық жоқ екенін айтады. Жастардың 8,8% ғана жастардың жұмысқа тұруда проблемасы жоқ деп есептейді (№32 диаграмма).

**№32 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің қалаңыздың/ауылыңыздың жастары жұмыс іздеуде және жұмысқа тұруда қиындықтарға кезіге ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Кіші топқа қарағанда орта және үлкен жас топтағы жастар жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін сыни тұрғыдан бағалайды, дегенмен жоғары біліктілікті қажет етпейтін жұмысты табу қиын емес дейді.

Қазақтар мен басқа этностардың өкілдері жастар жұмысқа тұруда үнемі қиындықтарға тап болатынына көбірек сенеді (тиісінше 51,0% және 54,8%). Басқаларға қарағанда орыстар өз мамандығы бойынша жұмысқа тұру мәселесін жиі атап өтті (39,4%) (№40 кесте).

**№40 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің қалаңыздың/ауылыңыздың жастары жұмыс іздеуде және жұмысқа тұруда қиындықтарға кезіге ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлт		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Иә, жастар үнемі жұмысқа тұру мәселесіне тап болады	49,9%	49,8%	51,1%	51,0%	44,6%	54,8%
Жастар өз мамандығы бойынша жұмысқа тұруда қиындықтарға тап болады. Арнайы кәсіби машықтарды қажет етпейтін жұмыс табу қиын емес	31,5%	40,3%	37,7%	36,0%	39,4%	33,6%
Менің қаламдағы / ауылымдағы жастардың жұмысқа тұруда мәселесі жоқ	9,6%	7,6%	8,9%	9,1%	8,8%	4,8%
Жауап беруге қиналамын	9,0%	2,3%	2,3%	3,9%	7,2%	6,8%

Жастардың жұмысқа тұру мәселесімен ылғи бетпе-бет келетінін ауыл жастары (54,7%) жиі айтса, қала жастары (43,8%) мамандығы бойынша жұмысқа орналасудағы қиындықтарды жиі атап өтті. Осылайша, еңбек нарығындағы сұраныс

ұсыныстан алшақ болған кезде қала жастары құрылымдық жұмыссыздыққа жиі ұшырайды. Бұл қазақстандық білім беру жүйесінің мамандарды дайындау кезінде еңбек нарығының сұранысын ескермейтіндігінен болуы мүмкін (№33 диаграмма).

**№33 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің қалаңыздың/ауылыңыздың жастары жұмыс іздеуде және жұмысқа тұруда қиындықтарға кезіге ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, %**



Өңірлік бөліністе жастардың жұмысқа тұру мүмкіндіктерін бағалауда да айырмашылықтар анықталды. Жамбыл (68,2%), Батыс Қазақстан (60%), Түркістан (59,2%), Алматы (54,1%) және Павлодар (51,4%) облыстарының өкілдері жастар жұмысқа тұру мәселелеріне ылғи кезігеді дейді. Сауалнамаға қатысқан Ақтөбе облысының тұрғындарының көпшілігі (56,2%) жастар өз мамандығы бойынша жұмыс табуда қиындықтарға тап болады деп есептейді. Қостанай және Қызылорда облыстарында пікірлер екіге бөлінді: 45%-дан астамы жұмыспен қамту проблемалары туралы айтады, дәл сондай үлес құрылымдық жұмыссыздық бар екенін айтады. Шығыс Қазақстан облысында әрбір төртінші респондент жұмысқа тұру проблемасын көрмейді (№41 кесте).

**№41 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, сіздің қалаңыздың/ауылыңыздың жастары жұмыс іздеуде және жұмысқа тұруда қиындықтарға кезіге ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**


Өңір	Иә, жастар үнемі жұмысқа тұру мәселесіне тап болады	Жастар өз мамандығы бойынша жұмысқа тұруда қиындықтарға тап болады. Арнайы кәсіби машықтарды қажет етпейтін жұмыс табу қиын емес	Менің қаламдағы/ауылымдағы жастардың жұмысқа тұруда мәселесі жоқ	Ж/б/қ
Жамбыл	68,2	30,8	0,0	1,0
Батыс Қазақстан	60,0	29,0	1,0	10,0
Түркістан	59,2	32,5	6,8	1,6
Алматы	54,1	29,7	6,0	10,1
Павлодар	51,4	30,5	10,5	7,6
Атырау	48,1	32,4	16,7	2,8
Маңғыстау	46,3	39,0	13,8	0,8
Қызылорда	45,1	45,1	5,6	4,2
Қостанай	44,3	45,9	6,6	3,3
Солтүстік Қазақстан	38,0	38,0	8,9	15,2
Ақтөбе	32,8	56,2	10,2	0,7
Шығыс Қазақстан	30,9	41,0	24,5	3,7



Жастардың жұмысқа тұруына негізгі кедергілер, сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігінің пікірінше, жұмыс тәжірибесі жоғы (42,2%), төмен жалақы (42,2%) және тұрғылықты жері бойынша жұмыс жоғы (37,3%).

Екінші орынды білім беру жүйесінің жетілдірілмегендігінен туындаған мәселелер тобы алды: жас мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі (19,1%) және алынған кәсіби машықтар мен жұмыс орнында талап етілетіндер арасындағы сәйкессіздік (18,6%), сондай-ақ жұмыс берушілер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің болуы (19,5%) (№34 диаграмма).

№34 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, Сіз тұратын жердегі жастардың жұмысқа тұруына не кедергі?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %



Көбінесе қала жастары жұмыс тәжірибесінің болмауы (49,9%) және төмен жалақы (45,9%) жастардың жұмысқа тұруына кедергі келтіреді деп санайды. Ауыл жастары үшін ең алдымен тұрғылықты жерінде жұмыс орындарының болмауы

(50,7%) жұмысқа орналасуға кедергі болып отыр. Қалада ауылдық жерлерге қарағанда респонденттер құрылымдық жұмыссыздықты (22,3% және 16,2%), жұмыс берушілер тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерін (21,4% және 18,2%), сондай-ақ жас мамандарға қойылатын жоғары талаптарды (13,4% және 7,3%) жиі атап өтеді (№42 кесте).

**№42 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, Сіз тұратын жердегі жастардың жұмысқа тұруына не кедергі?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, %**

<b>Жауап нұсқалары</b>	<b>Қала</b>	<b>Ауыл</b>
Жұмыс тәжірибесінің болмауы	49,9	37,0
Төмен жалақы	45,9	39,8
Алынған білім мен бос лауазымның функционалдық талаптары арасындағы сәйкессіздік	22,3	16,2
Парақорлық, жемқор жұмыс берушілер	21,4	18,2
Еңбек нарығындағы жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі	20,3	18,2
Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы	16,8	50,7
Жас мамандардың жоғары амбициясы	13,4	7,3
Этносы бойынша алалау	5,9	4,8
Ешқандай кедергі жоқ	5,7	4,0
Кәмелетке толмаған баласы болуы	4,9	4,9
Әйел немесе еркек болуына байланысты алалау	3,5	3,6
Білімнің болмауы	0,0	0,1
Еріншектік	0,1	0,0
Жауап беруге қиналамын	2,5	3,6

№43 кестеде жастарды жұмыспен қамтудағы негізгі кедергілер әрбір өңір бойынша жеке көрсетілген. Негізгі кедергі ретінде жұмыс тәжірибесінің жоғын респонденттер 6 облыста атап өтті, бірақ көбінесе Атырау (76,9%) және Қостанай (63,1%) облыстарында.

Төмен жалақы екі солтүстік облыста: Солтүстік Қазақстан (58,2%) және Павлодар (46,7%), сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында (45%) негізгі кедергі болды. Бұл факторды Қостанай (54,9%), Ақтөбе (54,0%) және Атырау (53,7%) облыстарында респонденттердің жартысынан көбі атап өтті.

Жамбыл облысында (67,2%) тұрғылықты жері бойынша жұмыс орындарының болмауы жастардың жұмысқа тұруына айтарлықтай кедергі келтіруде. Сондай-ақ бұл фактор Маңғыстау және Түркістан облыстарында бірінші орында тұр.

Бір қызығы, басқа өңірлерге қарағанда жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлық пен парақорлық мәселесі Жамбыл (36,9%) және Қызылорда (33,1%) облыстарында жиі кездеседі.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысында сауалнамаға қатысқан жастардың 19,1% тұратын жерінде жастардың жұмысқа тұруына еш кедергі жоқ деген пікірде.

№43 кесте. Жастардың жұмысқа тұруына кедергі келтіретін себептер, өңір бойынша, %

Өңір	Жастардың жұмысқа тұруына кедергі келтіретін алғашқы «үштік» себептері		
Ақтөбе	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (56,9%)	Төмен жалақы (54,0%)	Еңбек нарығындағы жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі (32,1%)
Алматы	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (43,4%)	Төмен жалақы (41,1%)	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (36,4%)
Атырау	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (76,9%)	Төмен жалақы (53,7%)	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (33,3%) және Алынған білім мен бос лауазымның функционалдық талаптары арасындағы сәйкессіздік (27,8%)
Шығыс Қазақстан	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (31,4%)	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (29,3%)	Төмен жалақы (28,2%)
Жамбыл	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (67,2%)	Төмен жалақы (45,6%)	Парақорлық, жемқор жұмыс берушілер (34,4%) және Жұмыс тәжірибесінің болмауы (36,9%)
Батыс Қазақстан	Төмен жалақы (45,0%)	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (38,0%) және Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (37,0%)	Алынған білім мен бос лауазымның функционалдық талаптары арасындағы сәйкессіздік (26,0%)
Қостанай	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (63,1%)	Төмен жалақы (54,9%)	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (25,4%)
Қызылорда	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (48,6%)	Төмен жалақы (43,7%)	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (34,5%) және Парақорлық, жемқор жұмыс берушілер (33,1%)
Маңғыстау	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (40,7%)	Еңбек нарығындағы жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі (25,2%)	Алынған білім мен бос лауазымның функционалдық талаптары арасындағы сәйкессіздік (19,5%) және Жұмыс тәжірибесінің болмауы (18,7%)
Павлодар	Төмен жалақы а (46,7%)	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (43,8%)	Алынған білім мен бос лауазымның функционалдық талаптары арасындағы сәйкессіздік (32,4%)
Солтүстік Қазақстан	Төмен жалақы (58,2%)	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (35,4%)	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (26,6%)
Түркістан	Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының болмауы (42,6%)	Төмен жалақы (41,8%)	Жұмыс тәжірибесінің болмауы (35,6%)

### 3.2 Еңбек көші-қонының ауқымын бағалау

Түсініктемелердің біріне сәйкес еңбек көші-қоны – еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында еңбекке қабілетті халықтың аумақтық қозғалысы<sup>19</sup>. Егер адам мәңгі өмір сүру үшін басқа аймақта қалмай, өзінің тұрғылықты жеріне оралса, еңбек көші-қоны уақытша болуы мүмкін. Уақытша еңбек көші-қоны әр түрлі болуы мүмкін: маусымдық, теңселмелі, шөлнекті, вахталық көші-қон, сондай-ақ еңбек мигрантының өз елінен кету-кетпеуіне байланысты ішкі және сыртқы болуы мүмкін.

Сауалнама көрсеткендей сауалнамаға қатысқан жастардың 11,6%-ының уақытша еңбек көші-қоны бойынша жеке тәжірибесі бар, яғни олардың өзі басқа елді мекендерге жұмыс істеуге кеткен, сонымен қатар басқа аймаққа жұмыс істеуге кеткен туыстары да бар. Сондай-ақ жастардың төрттен бір бөлігі дерлік уақытша еңбек көші-қонымен жақындарының тәжірибесі арқылы таныс (23,5%). Осылайша, жастардың үштен бірінен астамы (35,1%) жеке немесе жанама түрде уақытша еңбек көші-қонының тәжірибесіне кезіктірген (№35 диаграмма).

**№35 диаграмма. «Сіз немесе Сіздің туыстарыңыз кейде басқа қалаларға (ауылдарға) жұмысқа бара ма, әлде ондай адамдар жоқ па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Көбінесе уақытша еңбек көші-қонына 19-28 жас аралығындағы респонденттер (19-23 жас – 14,4%, 24-28 жас – 15,7%), сондай-ақ қазақтар – 12,9% жеке бастан өткерген (салыстыру үшін: орыстар арасында – 7,2%, басқа этностар – 7,5%). Өзге этнос өкілдерінің арасында теңселмелі көші-қонға жеке өзі емес, олардың туыстары қатысқаны жиі байқалады – 36,3%. Орыстар арасында жұмысқа жеке тәжірибесі де, туыстарының үлгісі де жоқтардың ең жоғары үлесі бар (73,3%) (№44 кесте).

**№44 кесте. «Сіз немесе сіздің туыстарыңыз кейде басқа қалаларға (ауылдарға) жұмысқа бара ма, әлде ондай адамдар жоқ па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлт		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Мен өзім жұмысқа барамын. Басқа жерлерге жұмыс істеуге кететін туыстарым бар.	4,9	14,4	15,7	12,9	7,2	7,5
Мен өзім жұмысқа бармаймын, бірақ басқа жерге жұмыс істеуге баратын туыстарым бар.	22,5	23,6	24,2	23,3	18,2	36,3
Менің ондай туыстарым да жоқ, мен өзім де жұмысқа бармаймын	71,7	61,6	59,3	63,4	73,3	54,1
Жауап беруге қиналамын	0,9	0,5	0,7	0,5	1,3	2,1

<sup>19</sup> Седова А.В. ТЕОРИЯ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ // Вестник Алтайской академии экономики и права. – 2019. – № 2-1. – Б. 137-145.

Уақытша еңбек көші-қонының жеке тәжірибесі бар жастардың жоғары үлесі Маңғыстау облысында (58,5%) байқалады. Жастардың 10%-дан 13%-ға дейін Қазақстан Республикасының үш оңтүстік өңіріне: Түркістан, Алматы, Қызылорда, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысына жұмысқа бару тәжірибесі бар.

Еңбек көші-қонына ең аз тартылғандар – Ақтөбе (5,1%), Атырау (4,6%), Шығыс Қазақстан (3,7%), Қостанай (4,1%), Павлодар (5,7%) және Солтүстік Қазақстан (5,1%) облыстарының жас тұрғындары.

Жамбыл облысында туыстары басқа облысқа жұмыс істеуге кеткен тәжірибесі бар жастардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі (33,8%) бар.

Ауыл және қала тұрғындарының басқа елді мекенге жұмыс істеуге көшу тәжірибесі бірдей, бірақ ауылда қалаға қарағанда жастар еңбек көші-қонының мысалдарын туыстарының мысалында жиі кездестіреді (26,3% және 19%). Жігіттер қыздарға қарағанда жұмысқа жиі барады (13,1% және 10,1%) (№45 кесте).

**№45 кесте. «Сіз немесе Сіздің туыстарыңыз кейде басқа қалаларға (ауылдарға) жұмысқа бара ма, әлде ондай адамдар жоқ па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**

Өңір	Мен өзім жұмысқа барамын. Басқа жерлерге жұмыс істеуге кететін туыстарым бар	Мен өзім жұмысқа бармаймын, бірақ басқа жерге жұмыс істеуге баратын туыстарым бар	Менің ондай туыстарым да жоқ, мен өзім де жұмысқа бармаймын	Ж/б/қ
Ақтөбе	5,1	12,4	<b>82,5</b>	0,0
Алматы	12,0	21,5	64,2	2,2
Атырау	4,6	17,6	<b>77,8</b>	0,0
Шығыс Қазақстан	3,7	18,1	<b>77,7</b>	0,5
Жамбыл	9,7	<b>33,8</b>	56,4	0,0
Батыс Қазақстан	11,0	27,0	62,0	0,0
Қостанай	4,1	23,0	<b>73,0</b>	0,0
Қызылорда	13,4	28,9	57,7	0,0
Маңғыстау	<b>58,5</b>	23,6	17,9	0,0
Павлодар	5,7	26,7	64,8	2,9
Солтүстік Қазақстан	5,1	19,0	<b>72,2</b>	3,8
Түркістан	10,1	25,2	64,7	0,0

Сауалнама көрсеткендей еңбек көші-қонымен жеке немесе туыстары арқылы хабардар болғандардың көпшілігі көші-қонның тұрғылықты жері шегінде болатынын жиі атап өтеді (52,8%). Әрбір үшінші адам (32,7%) еліміздің басқа облыстарына баратынын айтады. Уақытша еңбек көші-қонының ең сирек тәжірибесі *басқа елдерге барумен* байланысты – 12,4% (№36 диаграмма).

**№36 диаграмма. «Сіз немесе Сіздің туыстарыңыз кейде басқа қалаларға (ауылдарға) жұмысқа бара ма, әлде ондай адамдар жоқ па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %<sup>20</sup>**



Маңғыстау (84,2%) және Атырау (83,3%) облыстарының жас тұрғындары мен олардың туыстары тұрғылықты жеріне жұмысқа жиі кетеді. Жамбыл облысының өкілдері (75,3%) Қазақстанның басқа аймақтарына жиі барады. Солтүстік Қазақстан облысынан жастар немесе олардың туыстары (26,3%) басқа елдерге жиі кетеді. Тұрғылықты жерінде қазақтар (56,5%) жұмысқа жиі барады, ал орыстар (35,9%) басқа елдерге жиі барады (№46 кесте).

**№46 кесте. «Сіз немесе Сіздің туыстарыңыз кейде басқа қалаларға (ауылдарға) жұмысқа бара ма, әлде ондай адамдар жоқ па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, өңір бойынша, %**

Өңір	Қазақстанда тұрғылықты аумақ шегінде	Қазақстанның басқа облысына	Басқа елге	Жауап беруге қиналамын
Ақтөбе	62,5	25,0	8,3	4,2
Алматы	56,6	22,6	18,9	1,9
Атырау	<b>83,3</b>	8,3	4,2	4,2
Шығыс Қазақстан	61,0	26,8	12,2	0,0
Жамбыл	8,2	<b>75,3</b>	16,5	0,0
Батыс Қазақстан	52,6	28,9	18,4	0,0
Қостанай	39,4	42,4	18,2	0,0
Қызылорда	43,3	45,0	10,0	1,7
Маңғыстау	<b>84,2</b>	13,9	2,0	0,0
Павлодар	44,1	35,3	2,9	17,6
Солтүстік Қазақстан	52,6	5,3	<b>26,3</b>	15,8
Түркістан	54,4	31,6	13,2	0,7

Жігіттерге қарағанда қыздарда облысшілік көші-қон тәжірибесі жиі кездеседі (51,4% және 54,2%), жігіттер қыздарға қарағанда басқа елдерге жиі барады (14% және 10,8%).

<sup>20</sup> Бұл сұраққа басқа аймаққа жұмыс істеуге өзі баратын немесе жұмысқа баратын туыстары бар 701 респондент қана жауап берді. Сондай-ақ салыстыру үшін диаграммада барлық 2000 респонденттен есептелген деректер көрсетілген.

Сауалнама деректері бойынша елдегі табыс табу үшін ең тартымды аймақтар – Нұр-Сұлтан (12,2%), Алматы (14%), Атырау (10,5%) және Ақмола (10,0%) облыстары, сондай-ақ Алматы қаласы (9,6%).

Басқа елге көшу тәжірибесі (жеке немесе жанама) бар жастардың білім деңгейіне қарайтын болсақ, олардың үштен бірінен астамының орта арнаулы/кәсіптік білімі бар (34,5%), үштен бірінен астамы (35,6%) әлі мектепте оқиды немесе оны енді ғана аяқтады, әрбір бесіншінің (20,7%) жоғары білімі бар (№47 кесте).

**№47 кесте. «Сіз немесе Сіздің туыстарыңыз кейде басқа қалаларға (ауылдарға) жұмысқа бара ма, әлде ондай адамдар жоқ па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, білім деңгейі бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Қазақстанда тұрғылықты аумақ шегінде	Қазақстанның басқа облысына	Басқа елге
Аяқталмаған орта (мектептің 9 сыныбы)	9,7	11,8	17,2
Мен 10-сыныпта оқимын	3,0	5,7	6,9
Орта (мектептің 11 сыныбы)	10,3	14,4	11,5
Кәсіби-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)	39,5	32,3	34,5
Аяқталмаған жоғары білім (әлі университетте оқимын)	11,4	10,5	4,6
Жоғары (ЖОО бітірген)	23,5	24,0	20,7
ЖОО кейінгі (магистр)	2,7	1,3	4,6

Деректерді барлық сауалнамаға қатысқан жастар бойынша талдасақ, онда:

– жалпы, Қазақстандағы шекара маңы өңірлердегі жастардың 30%-ының ел ішінде уақытша еңбек көші-қонының жеке немесе жанама тәжірибесі бар. Оның ішінде облыс ішілік көші-қонмен 18,5%, облысаралық көші-қонмен 11,5% таныс.

– сауалнамаға қатысқан жастардың 4,4%-ының сыртқы уақытша еңбек көші-қоны тәжірибесі бар (жеке немесе жақын адамдарының тәжірибесі арқылы). Олардың ішінде барлық сауалнамаға қатысқан жастардың 2,3% – Ресейге, 0,6% – Оңтүстік Кореяға, ал 0,4%-ының АҚШ-қа жасаған еңбек көші-қонының тәжірибесі бар.

### 3.3 Еңбек көші-қонының негізгі push-pull факторлары

Еңбек көші-қоны өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты, бұл адамдарды жұмыс іздеп басқа қалаларға немесе елдерге кетуге итермелейтін себептерге айналады.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей жастардың және олардың туыстарының басым көпшілігі үшін басқа елдерге жұмыс істеуге кетуге мәжбүрлейтін факторлар төмен жалақы (58,6%) және тұрғылықты жерінде жұмыс орындарының жоғы (32,2%) екені анықталды.

Сыртқы еңбек көші-қонын ынталандыратын маңызды фактор – баратын елдегі жақсырақ еңбек жағдайлары (18,4%). Басқа елге жұмыс істеуге кету туралы шешім қабылдау кезінде қабылдаушы елде қолжетімдірек және кең мемлекеттік кепілдіктердің болуы (5,7%), мансаптық өсу мүмкіндігі (3,4%), жұмысқа қабылдау процедураларының жеңілдігі және тұрғын үй алу (әрқайсысы 2,3%) сияқты себептер маңызды емес. Осылайша, еңбек мигранттары жиі жоғары жалақы алуды және сирек кәсіби мансабын жүзеге асыруды мақсат етеді.

Осылайша, басқа елдерге уақытша еңбек көші-қонын жасау туралы шешім қабылдауға баратын елдегі тарту факторларына қарағанда итермелеуші факторлар әлдеқайда күшті әсер етеді (№48 кесте).

**№48 кесте. Еңбек көші-қонының факторлары, %\***

<b>Елден итермелейтін факторлар</b>		<b>Шетелге тартушы факторлар</b>	
Тұрғылықты жеріндегі төмен жалақы	58,6	Жақсырақ жұмыс жағдайы	18,4
Тұрғылықты жеріндегі жұмыссыздық, жұмыс болмауы	32,2	Қабылдаушы елде қолжетімдірек және кеңірек мемлекеттік кепілдіктер (тегін / арзан дәрі, жоғары зейнетақы, медициналық сақтандыру және т.б.)	5,7
		Мансаптық өсу мүмкіндігі	3,4
		Тұрғын үй алу мүмкіндігі	2,3
		Жұмысқа тұру процедуралары жеңіл	2,3

\*Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауапты таңдай алады

Жастарды басқа елге жұмысқа баруға итермелейтін себептер туралы сұраққа жауап беру респонденттерінің демографиялық параметрлері мәнмәтінінде кейбір айырмашылық барын анықтады. Жастарды басқа елдерге жұмысқа баруға итермелейтін себептердің ішінде қыздар жігіттерге қарағанда тұрғылықты жеріндегі жалақының төмен деңгейін (тиісінше 64,9% және 54,0%) және тұрғын үй алу мүмкіндігін (тиісінше 5,4% және 0,0%) атап өтті. Жігіттерді еңбек көші-қонына қыздарға қарағанда жұмыссыздық, тұрғылықты жерінде жұмыс болмауы (тиісінше 36% және 27%) жиі «итермелейді».

Кіші және үлкен жас топтарының өкілдері тұрғылықты жеріндегі төмен жалақыны жиі атайды (62,1% және 66,7%). 19-23 жас тобында жұмыссыздық (40,0%) басқаларға қарағанда жиірек аталды. Үлкен жас тобындағы әрбір төртінші адамға баратын елдегі жақсырақ еңбек жағдайлары маңызды фактор екен (24,2%).

Этностық топтар бойынша жалпы жиынтық құндылықтардан елеулі ауытқулар тек басқа этностық топтардың өкілдері үшін байқалады. Осылайша, респонденттердің осы тобында жастарды басқа елге жұмыс істеуге кетуге итермелейтін себептердің ішінде жұмыссыздық (66,7%), тұрғылықты жеріндегі жалақының төмендігі (66,7%) және баратын елдегі еңбек жағдайларының жақсырағын жиі атап өтілді (25,0%) (№49 кесте).



**№49 кесте. «Сіздің немесе туыстарыңыздың басқа елге жұмысқа баруының негізгі себептері неде?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Тұрғылықты жеріндегі жұмыссыздық, жұмыс болмауы	36,0	27,0	27,6	<b>40,0</b>	30,3	27,7	25,0	<b>66,7</b>
Тұрғылықты жеріндегі төмен жалақы	54,0	<b>64,9</b>	<b>62,1</b>	44,0	<b>66,7</b>	59,6	53,6	<b>66,7</b>
Жақсырақ жұмыс жағдайлары	18,0	18,9	13,8	16,0	<b>24,2</b>	17,0	17,9	<b>25,0</b>
Мансаптық өсу мүмкіндігі	4,0	2,7	0,0	4,0	6,1	2,1	7,1	0,0
Тұрғын үй алу мүмкіндігія	0,0	<b>5,4</b>	3,4	4,0	0,0	2,1	0,0	8,3
Жұмысқа тұру процедуралары жеңіл	2,0	2,7	0,0	4,0	3,0	2,1	0,0	8,3
Қабылдаушы елде қолжетімдірек және кеңірек мемлекеттік кепілдіктер (тегін / арзан дәрі, жоғары зейнетақы, медициналық сақтандыру және т.б.)	8,0	2,7	6,9	0,0	9,1	8,5	0,0	8,3
Жауап беруге қиналамын	16,0	13,5	24,1	12,0	9,1	10,6	21,4	16,7

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес Қазақстаннан көшуді жоспарлап отырған респонденттер көбіне олар барғысы келетін елде мансаптық өсуге қол жеткізу оңай деп есептейді (44,3%). Дегенмен әрбір үшінші әлеуетті эмигрант (33,9%) Қазақстанда табысты мансап құруға болады деп есептейді. Шамамен бестен бір бөлігіне жауап беру қиынға соғады.

Бір қызығы, қазақ жастары Қазақстанда мансаптық өсу оңайырақ (қазақтар – 43,9%, орыстар – 9,1%, басқа ұлттар – 13,2%) дегенді жиі айтса, орыстар мен басқа этностардың басым бөлігі басқа елде мансап құру оңайырақ деген пікірде (қазақтар – 36,4%, орыстар – 58,2%, басқа ұлттар – 68,4%) (№50 кесте).

**№50 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, мансаптық өсуге қол жеткізу Қазақстанда оңайырақ па, әлде сіз барғыңыз келетін немесе баруды жоспарлап отырған елде оңайырақ па?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос бойынша, %<sup>21</sup>**

Жауап нұсқалары	Қазақ	Орыс	Басқа	Жалпы
Қазақстанда	<b>43,9</b>	9,1	13,2	<b>33,9</b>
Басқа елде	36,4	<b>58,2</b>	<b>68,4</b>	<b>44,3</b>
Екеуінде де	0,0	3,6	0,0	0,7
Адамға байланысты	0,0	0,0	2,6	0,3
Жауап беруге қиналамын	19,2	29,1	15,8	20,8

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей мансаптық өсу мүмкіндіктері бойынша жастар үшін ең тартымды елдер Ресей (33,1%), АҚШ (17,6%), Түркия (16,2%), Оңтүстік Корея (11,0%) және Еуропа елдері (10,3%) екен (№51 кесте).

<sup>21</sup> Көшіп кету ниеті бар респонденттер (307 адам) жауап берді.

**№51 кесте. «Егер Сіз басқа елде мансаптық өсуге қол жеткізу оңайырақ деп ойласаңыз, қайда екенін көрсетіңізші?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**

Жауап нұсқалары	%
Ресей	33,1
АҚШ	17,6
Түркия	16,2
Оңтүстік Корея	11,0
Еуропа елдері	10,3
Қытай	4,4
Канада	3,7
Ресейден басқа ТМД елдері	0,7
Аустралия	0,7
Жауап беруге қиналамын	2,2

Респонденттердің көпшілігі көшуді жоспарлап отырған қалада/елде өз деңгейіндегі мамандардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін жақсы бағалайды. Осылайша, 30,6% жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жоғары, ал қалған 27,4% орташа деп санайды. Жастардың 7,5% ғана біліктілігі мен білімі бойынша мамандардың мүмкіндігін өте жоғары деп санайды. Сондай-ақ 5,5% жұмысқа орналасу мүмкіндігін төмен деп санайды, 16,0% бұл туралы ойланбаған және әрбір оныншы респондентке өзі барғысы келетін қалада/елде өз деңгейіндегі мамандардың жұмысқа тұру мүмкіндігін бағалау қиынға соқты (№52 кесте).

**№52 кесте. «Сіз баруды жоспарлап отырған қалада/елде біліктілігіңіз бен білім деңгейіңіз бойынша маманның жұмысқа орналасу мүмкіндігін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**

Жауап нұсқалары	%
Өте жоғары	7,5
Жоғары	30,6
Орташа	27,4
Төмен	5,5
Мүмкіндік жоқтың қасы	2,3
Ол туралы ойланбаппын	16,0
Жауап беруге қиналамын	10,7

Деректерді респонденттердің жасы бойынша талдау үлкен және орта жас топтарының өздері көшуді жоспарлап отырған қалада/елде өз деңгейіндегі мамандарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігін жоғары бағалайтынын көрсетті. Осылайша, 19-23 жас аралығындағы респонденттердің 37,0% мүмкіндіктерді жоғары деп бағаласа, 24-28 жас аралығындағылардың көпшілігі жұмысқа орналасу мүмкіндіктері орташа деп есептейді (35,7%). Кіші жас тобында бұл туралы ойламағандардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары (22,8%) (салыстыру үшін: 19-23 жас – 10,9%, 24-28 жас – 8,6%).

Бұл сұрақта респонденттердің ұлтына байланысты жауаптарында да біршама айырмашылық бар. Орыстар арасында жұмысқа орналасу мүмкіндігін орташа деп бағалайтындардың үлесі жоғары (45,5%) (салыстыру үшін: қазақтар – 22,4%, басқалары – 28,9%). Қазақтар арасында мүмкіндігі туралы ойламағандардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары – 18,2% немесе оларды өте жоғары бағалағандар да баршылық – 8,9%.

Қыздар арасында біліктілік деңгейіне қарай жұмысқа орналасу мүмкіндігіне сенімділердің үлесі жоғары. Осылайша, қыздар арасында олардың мүмкіндіктері жалпы жоғары бағаланды – 40,9%, жігіттер арасында – 33,4%. Өз кезегінде, жігіттер өз біліктілігін орташа деп жиі бағалайды (33,3% және 23,8%). Сонымен қатар қыздар


арасында әрбір оныншысы пессимистік баға береді, жігіттер арасында – небәрі 4,4% (№53 кесте).

**№53 кесте. «Сіз баруды жоспарлап отырған қалада/елде біліктілігіңіз бен білім деңгейіңіз бойынша маманның жұмысқа орналасу мүмкіндігін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Өте жоғары	8,8	6,7	9,7	5,4	5,7	8,9	3,6	5,3
Жоғары	24,6	34,2	28,3	<b>37,0</b>	27,1	30,4	30,9	31,6
Орташа	<b>33,3</b>	23,8	22,8	28,3	<b>35,7</b>	22,4	<b>45,5</b>	28,9
Төмен	4,4	6,2	2,8	8,7	7,1	6,1	3,6	5,3
Мүмкіндік жоқтың қасы	0,0	3,6	1,4	2,2	4,3	2,8	1,8	0,0
Ол туралы ойланбаппын	18,4	14,5	22,8	10,9	8,6	<b>18,2</b>	9,1	13,2
Жауап беруге қиналамын	10,5	10,9	12,4	7,6	11,4	11,2	5,5	15,8

Басқа елге еңбек көші-қонын жасауға ниеті барлар жұмыс іздеуді қалай жоспарлайды? Деректерді талдау көрсеткендей бұл топтың тек 16,6% ғана жұмысқа тұру стратегиясын алдын ала ойластырады, атап айтқанда көшу алдында Интернет/Елшілік/Агенттік арқылы мамандығы бойынша жұмыс табуды жоспарлап отыр. Әлеуетті эмигранттардың көпшілігі көшкеннен кейін мамандығы бойынша жұмыс іздей бастайды (23,8%) немесе қазір кез келген жұмысқа орналасады, содан кейін оны игеріп, білім базасы бар өз профилі бойынша жұмыс табуға тырысады (13,4%), немесе қайта даярлаудан өтеді (7,5%) (№37 диаграмма).

**№37 диаграмма. «Егер Сіз көшетін болсаңыз, жаңа елде жұмыс табуды қалай жоспарлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



#### 4. Оқу көші-қонының негізгі тенденциялары мен ерекшеліктері

##### 4.1 Оқу көші-қонының ауқымын бағалау

Зерттеу кезінде сауалнамаға қатысушылардың 43,8% жұмыс істеп жүрді, жастардың 31,6% жалпы білім беретін мектептер мен колледждердің студенттері болды, 12,0% жоғары оқу орындарында және 1,1% магистратура/PhD докторантурада білім алып жатты. Жас қазақстандықтардың 11,7% ғана жұмысқа тұрмаған, яғни олар оқымайтын да, жұмыс істемейтін де еді (№38 диаграмма).

**№38 диаграмма. «Төмендегі тұжырымдардың қайсы Сіздің жағдайыңызға сәйкес келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің жынысы бойынша деректерді талдау жігіттер арасында жұмыспен қамтылғандардың үлесі жоғары екенін көрсетті (жігіттер – 50,3%, қыздар – 37,1%), ал қыздар арасында қазіргі уақытта не оқумен, не жұмыспен айналыспайтындар көбірек (қыздар – 16,4% және жігіттер – 7,0%).

Жас бойынша корреляция мынаны көрсетті: 14-18 жас аралығындағы респонденттердің көпшілігі орта / арнаулы орта білім алады (82,3%), орта жас тобында жұмыспен қамтылғандардың (49,0%) және жоғары оқу орындары студенттерінің айтарлықтай үлесі (24,9%) бар, ал 24-28 жас аралығындағы респонденттердің арасында жұмыспен қамтылғандардың үлесі басым (77,2%).

Этносына қарай мынадай айырмашылықтарды бөліп көрсетуге болады: қазақтар мен орыстар арасында жұмыс істейтін жастардың үлесі жоғары (тиісінше 44,0% және 46,6%), ал басқа этностар өкілдерінің салыстырмалы көпшілігін мектеп оқушылары мен колледждер (39,0%) болды (№54 кесте).

**№54 кесте. «Төмендегі тұжырымдардың қайсы Сіздің жағдайыңызға сәйкес келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Мен орта/арнаулы орта білім алып жатырмын (мектеп, колледж)	31,0	32,1	<b>82,3</b>	9,1	1,4	31,0	30,9	<b>39,0</b>
Мен жоғары білім алып жатырмын	10,8	13,2	9,2	<b>24,9</b>	3,7	11,9	13,7	9,6
Мен магистратурада, PhD докторантурада оқып жатырмын	0,8	1,3	0,1	1,3	1,7	1,0	0,7	2,1
Мен оқымаймын, жұмыс істеп жүрмін	<b>50,3</b>	37,1	4,8	<b>49,0</b>	<b>77,2</b>	<b>44,0</b>	<b>46,6</b>	35,6
Мен оқымаймын да, жұмыс істемеймін де	7,0	<b>16,4</b>	3,6	15,7	16,0	12,2	8,1	13,7

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей оқитын жастардың басым көпшілігі (68,2%) оқуын Қазақстанда жалғастыруды жоспарлайды, ал 18,9% оқуын шетелде жалғастырығысы келеді және 12,9%-ында оқуын жалғастыруға ниеті жоқ (№39 диаграмма).

**№39 диаграмма. «Білім алуыңызды қай елде жалғастыруды жоспарлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %<sup>22</sup>**



Негізгі демографиялық сипаттамалар бойынша мәліметтерді талдау Қазақстанда білім алуды жоспарлағандар арасында жігіттер (жігіттер – 70,6%, қыздар – 65,9%), 14-18 жас аралығындағы жастар (14-18 жас – 72,5%, 19-23 жас – 60,7% және 24-28 жас – 43,8%) және қазақ ұлтының жастары (қазақтар – 70,0%, орыстар – 64,0%, басқа этностар – 59,5%) көбірек екенін көрсетті. Ал, керісінше, шетелде оқуға ниет білдіргендердің арасында қыздар (жігіттер – 14,2% және қыздар – 23,3%), 24-28 жас аралығындағы жастар (33,3%), сондай-ақ орыс және т.б. ұлттар (қазақтар – 17,5%, орыстар – 22,3% және басқалар – 25,7%) көп екені байқалды (№55 кесте).

**№55 кесте. «Білім алуыңызды қай елде жалғастыруды жоспарлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Мен Қазақстанда оқуды жоспарлап отырмын	<b>70,6</b>	65,9	<b>72,5</b>	60,7	43,8	<b>70,0</b>	64,0	59,5
Мен шетелде оқуды жоспарлап отырмын	14,2	<b>23,3</b>	18,1	18,2	<b>33,3</b>	17,5	<b>22,3</b>	<b>25,7</b>
Оқуымды жалғастыру ойымда жоқ	15,2	10,8	9,4	<b>21,0</b>	<b>22,9</b>	12,5	13,7	14,9

Респонденттердің білімі бойынша деректерді талдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жастардың айтарлықтай бөлігі оқуын шетелде жалғастыруды жоспарлайтынын көрсетті (тиісінше 42,3% және 33,3%) (№56 кесте).


<sup>22</sup> Бұл сұраққа қазіргі уақытта орта/орта арнаулы білім (мектеп/колледж), жоғары білім алып жатқан, магистратура/PhD докторантурада оқып жатқан 892 респондент қана жауап берді.

**№56 кесте. «Білім алуыңызды қай елде жалғастыруды жоспарлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Мен Қазақстанда оқуды жоспарлап отырмын	Мен шетелде оқуды жоспарлап отырмын	Оқуымды жалғастыру ойымда жоқ
Аяқталмаған орта (мектептің 9 сыныбы)	73,8	20,8	5,4
Мен 10-сыныпта оқимын	79,2	16,0	4,8
Орта (мектептің 11 сыныбы)	75,0	15,8	9,2
Кәсіби-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)	62,9	15,9	21,2
Аяқталмаған жоғары білім (ЖОО-да оқып жүрмін)	58,5	17,9	23,6
Жоғары (ЖОО аяқтадым)	34,6	<b>42,3</b>	23,1
ЖОО кейінгі (магистр)	46,7	<b>33,3</b>	20,0

Сондай-ақ ауыл жастары арасында (72,2%) Қазақстанда оқуын жалғастырғысы келетіндер қала тұрғындарына (62,3%) қарағанда көбірек. Ал, керісінше, қала жастарының арасында ауыл жастарымен салыстырғанда шетелде оқуды жоспарлағандардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары (тиісінше 22,7% және 16,3%) (№40 диаграмма).

**№40 диаграмма. «Білім алуыңызды қай елде жалғастыруды жоспарлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, %**



#### 4.2 Оқу көші-қонының негізгі push-pull факторлары

Жастардың қазақстандық жоғары оқу орындарында оқуды таңдауының басты себебі – *ата-ана баласын басқа елге жібергісі келмеуі* (36,5%). Айта кету керек, 31,4% өз таңдауын қазақстандық оқу орындарының сапалы, лайықты білім беруімен түсіндіреді (31,4%). Ал 30,4% ата-анасымен жайлы өмір сүруді таңдайды, яғни осы себепті Қазақстанда оқуды таңдайды (№41 диаграмма).

**№41 диаграмма. «Егер Сіз Қазақстанда білім алып жатсаңыз немесе білім алуды жоспарласаңыз, мұның себебі неде?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %\***



\* Қосынды 100%-ға тең емес, өйткені респондент бірнеше жауап таңдай алды

Жас ерекшелігіне қарай жастардың Қазақстандағы білім алуды таңдауының себептері бойынша кейбір айырмашылық бар. Осылайша, үлкен жастағы топта өз таңдауын Қазақстандағы білім алудың шетелдік университеттерге қарағанда арзан болуымен түсіндіретіндердің үлесі әлдеқайда жоғары (14-18 жас – 21,9%, 19-23 жас – 25,4%, 24-28 жас – 47,6%). Кіші және орта жас топтары өкілдерінің көпшілігіне ата-анасы шетелде оқуға рұқсат бермейді (14-18 жас – 37,6%, 19-23 жас – 34,6%, 24-28 жас – 23,8%), сондай-ақ жастардың едәуір бөлігі ата-анасымен бірге тұруды қалайды, сондықтан олар отанында оқуды таңдайды (14-18 жас – 31,7%, 19-23 жас – 27,7%, 24-28 жас – 19,0%). Сондай-ақ осы жас топтары арасында Қазақстанда бюджеттік бөлімге түсу мүмкіндігі жоғары деп есептейтіндердің салыстырмалы түрде жоғары үлесі бар (14-18 жас – 14,0%, 19-23 жас – 11,5%, 24-28 жас – 4,8 %).

Респонденттердің жынысына байланысты айтарлықтай айырмашылық жоқ, тек Қазақстанда білім алуды жоспарлаған жас жігіттер себептердің арасында білім алудың төмен құнын (жігіттер – 27,1%, қыздар – 20,0%) және ата-анасымен жайлы тұруды (жігіттер – 33,3%, қыздар – 27,5%) жиі атап өткен (№57 кесте).



**№57 кесте. «Егер Сіз Қазақстанда білім алып жатсаңыз немесе білім алуды жоспарласаңыз, мұның себебі неде?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жыныс, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жыныс		Жас			Ұлт		
	Жігіттер	Қыздар	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Біздің оқу орындарымыз сапалы, лайықты білім береді	30,0	32,8	31,7	30,8	28,6	<b>34,3</b>	22,5	18,2
Мұнда түсу оңай, талаптар аз, бәсекелестік төмен	25,1	23,0	22,1	29,2	33,3	23,8	22,5	<b>29,5</b>
Мұнда оқу арзанырақ	<b>27,1</b>	20,0	21,9	25,4	<b>47,6</b>	23,8	18,0	<b>31,8</b>
Кетуге дайын емеспін, жаңа жерге бейімделу қиынға соғады	25,1	23,0	23,4	26,2	23,8	24,4	21,3	25,0
Кетуге мүмкіндігім жоқ	24,8	25,9	26,3	22,3	23,8	24,6	28,1	27,3
Ата-анам басқа елге жібермейді	35,3	37,7	<b>37,6</b>	<b>34,6</b>	23,8	<b>39,6</b>	<b>29,2</b>	18,2
Мұнда бюджеттік орынға кіру ықтималдығы жоғары	14,2	12,1	<b>14,0</b>	<b>11,5</b>	4,8	12,6	15,7	13,6
Туыстарымен тұру ыңғайлы, оңайырақ	<b>33,3</b>	27,5	<b>31,7</b>	<b>27,7</b>	19,0	28,2	<b>40,4</b>	<b>34,1</b>
Жауап беруге қиналамын	0,7	1,0	0,7	0,8	4,8	0,4	2,2	2,3

Қазақтар ата-анасы шетелге оқуға жібермейтінін (39,6%) және қазақстандық оқу орындарында сапалы білім беретінін (34,3%) жиі айтқан. Орыс ұлты жастарының салыстырмалы көпшілігі ата-анасымен ыңғайлы өмір сүруді (40,4%) және ата-анасы білім алу үшін шетелге шығуына тыйым салғанын (29,2%) жиі атайды. Өзге этнос өкілдерінің басым бөлігі де ата-анасымен жайлы өмір сүруді таңдағанымен (34,1%), олар Қазақстанда білім алу құны төмен (31,8%) және талаптар аз және бәсекелестік төмен (29,5%) деп санайды.

Ауыл жастарының салыстырмалы көпшілігі Қазақстанда білім алуға деген ұмтылысын отандық оқу орындарында сапалы білім алуға болатындығымен түсіндіреді (қалада – 25,9%, ауылда – 34,7%). Қала жастарының арасында ата-анасымен ыңғайлы және жайлы өмір сүруді таңдайтындардың үлесі жоғары (тиісінше 36,4% және 26,8%). Бұл ретте ауыл жастары арасында Қазақстанда бюджеттік орынға түсу ықтималдығы жоғары деген пікір басым (тиісінше 17,1% және 10,8%) (№58 кесте).

**№58 кесте. «Егер Сіз Қазақстанда білім алып жатсаңыз немесе білім алуды жоспарласаңыз, мұның себебі неде?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, елді мекен түрі бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Біздің оқу орындарымыз сапалы, лайықты білім береді	25,9	<b>34,7</b>
Мұнда түсу оңай, талаптар аз, бәсекелестік төмен	26,8	22,4
Мұнда оқу арзанырақ	<b>28,5</b>	20,5
Кетуге дайын емеспін, жаңа жерге бейімделу қиынға соғады	22,4	25,0
Кетуге мүмкіндігім жоқ	25,0	25,5
Ата-анам басқа елге жібермейді	34,2	37,9
Мұнда бюджеттік орынға кіру ықтималдығы жоғары	<b>17,1</b>	10,8
Туыстарымен тұру ыңғайлы, оңайырақ	<b>36,4</b>	26,8
Жауап беруге қиналамын	0,0	1,3

Қазақстандық жастардың шетел университеттерінде білім алуына қандай тартушы (pull) факторлар әсер етеді? Әлеуетті оқу мигранттарының көпшілігі шетелде білім алуға деген ұмтылысты шетелдік университеттерде жақсы білім алу

(62,1%), халықаралық кәсіби және іскерлік байланыстарды орнату мүмкіндігі (35,5%), шетел университеттерінің дипломдарына сұраныс және мансаптық өсу перспективасы (31,4%), сондай-ақ әлемді көру және өз ой-өрісін кеңейту мүмкіндігімен (29,6%) байланыстырады. Сондай-ақ әрбір төртінші әлеуетті мигрант үшін білім беру ұйымдарының жоғары рейтингі (25,4%), тілдерді үйрену мүмкіндігі (23,1%) тартымды саналады. Әрбір бесінші адам мемлекет қаржыландыратын орынға кірудің жоғары мүмкіндіктерін атап өтті.

Сонымен қатар Қазақстандағы білім берудің негізгі кемшіліктері (push факторлар) қатарында жастар тестілеуден өту қажеттілігін (ОЖСБ, ҰБТ) – 23,7%, шыңдалу және мансап құру мүмкіндіктерінің жоғын (9,5%), университетті бітіргеннен кейін жұмысқа орналасудағы қиындықтар (6,5%), қызығушылық танытатын қызмет саласының дамымауы (4,1%) және қажетті дайындық бейіні бар оқу орындарының болмауы (3,0%) бар (№59 кесте).

**№59 кесте. «Егер Сіз шетелде білім алып жатсаңыз немесе білім алуды жоспарласаңыз, мұның себебі неде?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**

Жауап нұсқалары	%
Жоғары сапалы білім	62,1
Шетелде оқу халықаралық кәсіби және іскерлік байланыстар орнату мүмкіндігін кеңейтеді	35,5
Шетелдік дипломдар сұранысқа ие және мансаптық өсудің кең перспективаларын ашады	31,4
Әлемді көру, ой өрісін кеңейту мүмкіндігі	29,6
Білім беру ұйымдарының (мектептердің, колледждердің, ЖОО-лардың) жоғары рейтингі	25,4
Одан әрі жұмысқа орналасу және өмір сүру мүмкіндігі	24,3
Оқуға түсу кезінде тестілеу нәтижелері маңызды емес (ОЖСБ, ҰБТ және т. б.)	23,7
Тіл үйрену мүмкіндігі	23,1
Бюджеттік орынға түсу ықтималдығы жоғары	19,5
Білім беру ұйымдары жақсы жабдықталуы	18,3
Тәуелсіз болуға үйретеді	17,2
Жайлы жатақханалардың болуы	16,0
Ғылыммен, зерттеулермен айналысуға мүмкіндік бар	14,2
Жоғары шәкіртақы	14,2
Университетке, институтқа қабылдаудың/түсудің жеңілдетілген рәсімдері	13,6
Қазақстанда шыңдалу, мансап құру үшін мүмкіндіктер аз	9,5
Онда туысым, досым, танысым оқиды	7,7
Қазақстанда ЖОО-дан кейін жұмыс табу қиын	6,5
Өкілдік оқу корпустары	5,3
Қазақстанда мені қызықтыратын сала жеткілікті дамымаған	4,1
Қазақстанда қажетті дайындық бейіні бар білім беру ұйымы жоқ	3,0
Жауап беруге қиналамын	0,6

Еліміздің басқа өңірінде оқуға ниет білдірген жастардың көпшілігі (60,7%) өз өңіріне оралуды жоспарлап отыр («иә, жоспарлап отырмын» – 36%, «иә сияқты» – 24,7%). Шетелде оқуға ниет білдіргендердің арасында өз еліне оралуды сирек жоспарлап отыр – жалпы 55,1%.

Шетелге шығуға ниетті әлеуетті оқу мигранттарының үштен бірінен астамы (34,3%) елге оралғысы келмейді. Әрбір оныншысы таңдау туралы әлі шешім қабылдамаған.

Шетелде оқуды жоспарлаған қазақ жастары арасында әрбір төртінші (26%), басқа этностар арасында – жартысынан астамы (орыстар – 51,6%, басқа этностар – 57,9%) басқа елде қалуға ниетті екенін атап өтуге болады (№60 кесте).

**№ 60 кесте. «Егер Сіз басқа өңірге/елге оқуға түссеңіз, оқуды аяқтағаннан кейін өз өңіріңізге/еліңізге оралуды жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, әлеуметті ішкі және сыртқы мигранттар арасында, %**

Жауап нұсқалары	Қазақстанда оқуды жоспарлап отыр	Шетелде оқуды жоспарлап отыр
Иә, жоспарлап отырмын	36,0	30,8
Иә сияқты	24,7	24,3
Жоқ сияқты	10,2	21,9
Қайтпайтыным анық	2,8	12,4
Өз аймағымда оқуды жоспарлап отырмын	18,3	–
Жауап беруге қиналамын	8,1	10,7

Көбінесе жастар шетелде оқу туралы ақпаратты әлеуметтік желілерден (41,8%), бұқаралық ақпарат құралдарынан және Интернеттен (41,2%) алды. Респонденттердің 21,4% шетелде оқу туралы ақпарат іздеген кезде туыстары мен достарының кеңесіне сүйенеді. Сондай-ақ жастар арасында шетелдік білім беруді танымал ету процесіне отандық білім беру мекемелері өз үлесін қосуда. Сауалнамаға қатысқан жастардың 12,0% шетелде оқу туралы өзінің оқу орны арқылы білгенін айтады (№61 кесте).

**№61 кесте. «Шетелде оқу туралы қай дереккөзден білдіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**

Жауап нұсқалары	%
Әлеуметтік желі	41,8
БАҚ пен Интернет	41,2
Ата-анадан, туыстардан, достардан алған кеңес	21,4
Қазақстанның білім беру ұйымдары (мектеп/колледж/университет)	12,0
Бізге сол университеттердің өкілдері келіп, презентация өткізіп, әңгімелесті	5,5
Білім беру ұйымдарының мәселелерімен айналысатын болашақ студенттер баратын елдің министрлігі/мемлекеттік органдары	5,4
Мұғалімдер/оқытушылар/кәсіптік бағдар менеджері кеңес берді	5,3
Сол ЖОО-ның бұрынғы шетелдік студенттерінің ұсыныстары/кеңестері	4,5
Халықаралық білім беру ұйымдарының өкілдері	4,4
Іздемедім, қызықтырмады	0,6
Жауап беруге қиналамын	1,8

14-18 жас аралығындағы жастар көп жағдайда әлеуметтік желілер арқылы (43,1%) және туыстары мен достарынан (23,1%) шетелде оқу туралы ақпарат алды. 19-23 жастағы респонденттердің көпшілігі әлеуметтік желілер арқылы (42,0%), шетелдік жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесулерден (10,1%) және баратын елдерінің болашақ студенттерге білім беру ұйымдарының мәселесімен айналысатын мемлекеттік органдарынан (9,5%) білді. 24-28 жас аралығындағы жас азаматтар үшін ақпарат көзі БАҚ және Интернет (48,6%), жергілікті білім беру мекемелері (21,6%), халықаралық білім беру ұйымдарының өкілдері (16,2%) және баратын елдерінің болашақ студенттерге білім беру ұйымдарының мәселесімен айналысатын мемлекеттік органдары (13,5%) болды.


Сондай-ақ этностық топтар тұрғысынан шетелде оқу туралы ақпарат көздеріндегі кейбір айырмашылық байқалады. Мәселен, орыстар мен басқа этностар өкілдерінің арасында қазақтарға қарағанда ата-анасының, туыстары мен достарының кеңестері (31,7%) маңызды болды (№62 кесте).

**№62 кесте. «Шетелде оқу туралы қай дереккөзден білдіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, жас және этнос бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Жас			Ұлт		
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қазақ	Орыс	Басқа
Өлеуметтік желі	43,1	42,0	21,6	42,6	40,0	38,1
БАҚ пен Интернет	40,6	41,4	48,6	41,4	43,3	34,9
Ата-анадан, туыстардан, достардан алған кеңес	23,1	17,8	10,8	18,2	31,7	31,7
Қазақстанның білім беру ұйымдары (мектеп/колледж/университет)	11,9	10,1	21,6	12,5	6,7	17,5
Білім беру ұйымдарының мәселелерімен айналысатын болашақ студенттер баратын елдің министрлігі/мемлекеттік органдары	3,7	9,5	13,5	6,7	0,8	1,6
Мұғалімдер/оқытушылар/кәсіптік бағдар менеджері кеңес берді	4,9	6,5	5,4	4,9	3,3	12,7
Бізге сол университеттердің өкілдері келіп, презентация өткізіп, әңгімелесті	4,2	10,1	5,4	4,7	8,3	7,9
Халықаралық білім беру ұйымдарының өкілдері	3,7	4,1	16,2	4,5	3,3	4,8
Сол ЖОО-ның бұрынғы шетелдік студенттерінің ұсыныстары/кеңестері	4,4	4,1	8,1	4,4	5,8	3,2
Іздемедім, қызықтырмады	0,9	0,0	0,0	0,2	2,5	1,6
Жауап беруге қиналамын	2,1	1,2	0,0	1,5	1,7	4,8

Шекара маңы өңірлерде қазақстандық жастарды ресейлік жоғары оқу орындарына тартудың түрлі стратегияларын қолдану тәжірибесі орын алуда. Мәселен, сауалнамаға қатысқандардың 15,3% мектепте мұғалімдер оқушыларды Ресейдің жоғары оқу орындарында оқуға бағыттаған жағдайларға тап болғанын айтады. Жастардың 14,8%-ның айтуынша, көптеген сыныптасы Ресей университеттеріне оқуға түскен. Сонымен қатар жастардың 12,5% өзі және олардың сыныптастары бітіру сыныптарында Ресейде өткізілетін бірыңғай мемлекеттік емтиханға (БМЕ) дайындалғанын атап өтті. Жастар дәл осындай саны көрші мемлекеттің жоғары оқу орындарына түсуге шақырту алған (12,5%) (№42 диаграмма).

**№42 диаграмма. «Сіз орта мектепте оқып жүргенде мынадай жағдайларға тап болдыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %**



Орыс және басқа этностық топтардың респонденттері оларды Ресей университеттеріне оқуға бағыттап, шақырды, сонымен қатар Ресейде өтетін БМЕ емтиханын тапсыруға дайындалды және сыныптастарының көрші мемлекеттің университеттеріне түсу жағдайлары болды деп жиі айтқан. Қазақ жастары мұндай үрдістерге сирек кезіккен.

Мектеп бітіруші сынып оқушыларын Ресей ЖОО-на түсуге қалалық мектеп мұғалімдері ауыл мектептеріне қарағанда жиі бағыттаған (тиісінше 19,0% және 12,9%). Сондай-ақ қала мектептерінің түлектері ауыл мектептерінің түлектеріне қарағанда (тиісінше 18,6% және 12,2%) ресейлік жоғары оқу орындарына жиі түскен (№63 кесте).

**№63 кесте. «Сіз орта мектепте оқып жүргенде мынадай жағдайларға тап болдыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, этнос, елді мекен түрі бойынша, %**

Жауап нұсқалары	Ұлт			Елді мекен түрі	
	Қазақ	Орыс	Басқа	Қала	Ауыл
Мектепте мұғалімдер Сізді және Сіздің сыныптастарыңызды Ресей ЖОО-ларында оқуға бағыттады	13,5	<b>18,3</b>	<b>27,0</b>	19,0	12,9
Бітіруші сыныптарда Сіз (Сіздің сыныптастарыңыз) БМЕ-ге дайындалдыңыз (Ресейде өткізілетін бірыңғай мемлекеттік емтихан)	10,9	<b>18,3</b>	<b>15,9</b>	14,5	11,2
Бітіруші сыныптарда Сізді және сыныптастарыңызды Ресейдің ЖОО-ларына түсуге белсенді түрде шақырды	8,9	<b>22,5</b>	<b>27,0</b>	14,8	10,9
Көптеген сыныптастарыңыз Ресей ЖОО-ларына оқуға түсті	11,1	<b>30,0</b>	<b>20,6</b>	18,6	12,2

## ҚОРЫТЫНДЫ

### *№1 тарау бойынша қорытынды*

Көші-қон көңіл-күйіне әсер ететін маңызды фактор – бұл жастардың әлеуметтік әл-ауқаты, ол өз кезегінде адам өзі тұратын жерде өзін қаншалықты жайлы сезінетінін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі көбінесе жас ерекшелігіне байланысты оң әлеуметтік өзсезінімімен ерекшеленеді. Сонымен қатар қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық атмосфераға және экономикалық жағдайға айтарлықтай әсер еткен ауқымды оқиғаларға қарамастан, өмірлік жағдайды бағалаудың нашарлауы байқалмайды (екі жылға созылған пандемия, 2022 жылғы қаңтардағы наразылық акциялары, Ресей-Украина әскери қақтығысы). Атап айтқанда, ҚР шекара маңы өңірлеріндегі сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан астамы кейінгі жылы өзінің өмірлік жағдайы өзгергенін (57,2%) және қазіргі уақытта отбасының экономикалық жағдайын (55,9%) оң бағалайды, сондай-ақ әлеуметтік оптимизмнің жоғары деңгейін көрсетеді – респонденттердің жалпы 84,8% жақын болашақта, алдағы жылы өз өмірі жақсаратынын болжайды.

Сондай-ақ қазақстандық жастар жас ұрпақ өзі тұратын өңірде дамуы үшін жасалған жағдайларға қанағаттанбаудан (34,7%) гөрі, жиі қанағаттанушылық танытады (63,3%). Көбіне жастар өзі тұратын жеріндегі спорттық даму жағдайларына (мүмкін болған 5 балдан 3,54 балл) және өз құқығының сақталуына (3,53 балл) көңілі толады. Жұмыспен қамту саласындағы мүмкіндіктері жастардың көңілі тола бермейді – мансап құру (2,92 балл), өз қабілетін іске асыру мүмкіндігімен қызықты жұмысқа орналасу (2,93 балл), лайықты еңбекақы алу (2,94 балл) үшін жағдайлар орташадан төмен деңгейде бағаланды.

Әлеуметтік өзсезінімнің салыстырмалы түрде төмен деңгейін, сонымен бірге ішкі сенімділік пен жайлылықты аңғартатын кейбір аспекті бар. Жастар арасындағы табысы төмен топтар болашаққа деген оптимизмді аз көрсетеді. Осы топтардағы респонденттердің бестен бір бөлігі (18,8%) бір жылдан кейін өздері/ отбасылары нашар өмір сүреді деп санайды (орташа есеппен – 10,2%).

Этностық фактор өзсезінімге айтарлықтай әсер етеді. Шағын этностық топтардың арасындағы әрбір екіншісі (47,3%) өзі тұратын өңірдегі даму мүмкіндіктеріне қанағаттанбайды, сондай-ақ әсіресе қоғамдық-саяси белсенділік (барлық деңгейде), жұмысқа табысты орналасу, бос уақытын жарамды өткізу, шығармашылық қабілетін дамыту, сапалы жоғары білім алу саласында өз әлеуетін іске асыру мүмкіндіктеріне сенімсіз.

Ауыл жастары өздерінің тұрғылықты жерінде даму мүмкіндіктеріне сирек қанағаттанады. Ауыл және қала жастары шыңдалу үшін іс жүзінде тең мүмкіндіктерді атап өтетін бірнеше сала бар. Өңгіме мемлекеттен тиісті инфрақұрылымға, қаржыландыруға, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуге көп шығындарды талап етпейтін салалар туралы болып отыр – бұл құқық сақтау және қорғау, өзінің азаматтық ұстанымын іске асыру үшін, сондай-ақ елдің/өңірдің, жергілікті қоғамдастықтың қоғамдық-саяси өміріне араласу үшін басқа да мүмкіндіктер үшін жағдай жасау.

Респонденттер неғұрлым үлкен болса, олардың өз әлеуетін іске асыру мүмкіндіктері соғұрлым аз болады. Бұл әсіресе олардың азаматтық белсенділігі мен жұмыспен табысты қамтылуын жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау мысалында көрінеді. Орта мектепті бітіргеннен кейін ересек өмірге аяқ баса отырып, үлкен жас топтары көптеген қиындыққа тап болады және жастардың еңбек нарығында жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін әлеуметтік, білім беру, мәдени

және басқа инфрақұрылымның болуы мен сапасына деген сұраныстарының деңгейі артып келеді.

Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Алматы облыстары сияқты бірқатар өңірде әлеуметтік өзсезінім, оның ішінде отбасының материалдық әл-ауқатын бағалау көрсеткіштері төмендеген.

Алалаудың белгілі бір түрінің болуы жастардың белгілі бір тобындағы қауіпсіздік сезімін төмендетуі және әлеуметтік-саяси факторлардың бірі болуы мүмкін. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей шекара маңы өңірлердегі сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі қандай да бір себеппен өз құқығының бұзылуына кезікпеген. Дегенмен алалау көріністерін бастан кешіретін жастардың белгілі бір бөлігі бар. Ең алдымен, сауалнамаға қатысқан жас қатысушылар белгілі бір мәселе бойынша *өз көзқарасын білдіруге тырысқанда оларға қысым көрсетілетіні* туралы айтады (18,5%).

Жастар ортасындағы белгілі бір қысым *тіл мәселесін* тудырады. Сонымен қатар жастардың өз ана тілінде сөйлегені үшін де (14,5%), қазақ тілін білмеуінен де (11,1%) құқығы бұзылып тұратыны байқалады. Деректерді талдау адам өз ана тілінде сөйлегеніне байланысты құқығы бұзылуы жағдайларын орыстарға қарағанда қазақтар мен шағын этнос өкілдері жиі айтатынын көрсетеді. Қазақ тілін білмеуіне байланысты алалау жағдайларын орыс респонденттер жиі айтады – 17,3%, дегенмен қазақтар арасында бұл фактіні респонденттердің әрбір оныншысы көрсетіп отыр.

Респонденттердің 14% *білім деңгейіне байланысты алалау* фактілеріне тап болды, мұндай фактілерді көбіне қыздар, сондай-ақ орта арнаулы және техникалық білімі бар респонденттер (17,2%) көрсетті, яғни қоғамда білім берудің бұл деңгейінің беделінің жоқтығы туралы теріс көзқарас күшті.

Респонденттердің 13,8% *қалалық немесе ауылдық жердің тумасы болғандықтан алалау* фактілеріне ұшырайтынын атап өтті, бұл ретте қала тұрғындары мұндай жағдайларды ауыл тұрғындарына (12,8%) қарағанда жиі (15,3%) атап өтеді.

Респонденттердің 12,9% *жасына байланысты алалауға* тап болған, мұны қала тұрғындары (17,4%) жиі байқаған.

Сауалнамаға қатысқан жастардың 12,4% материалдық әл-ауқат деңгейіне байланысты алалауға тап болғанын атап өтті. Табысы төмен топтардың өкілдері құқығы бұзылуына жиі ұшырайды, олардың 27% осындай фактілер болғанын айтты (салыстыру үшін, табысы жоғары топтар арасында – 7%).

Сондай-ақ *жынысы* (11,1%), *діни көзқарасы* (10,3%), *саяси сенімі* (10,1%) бойынша құқық бұзу фактілері де бар.

Өңірлік бөліністе Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл облыстарында және жекелеген түрлері бойынша – Павлодар облыстарында алалаудың әртүрлі түрінің (жастардың өз көзқарасын білдіруі, тіліне, материалдық әл-ауқатының деңгейіне, білім деңгейіне және т.б. байланысты) салыстырмалы түрде жиірек кездесетін жағдайларына назар аударылады, бұл осы өңірлердегі жастардың жағдайын мұқият зерделеуді талап етеді.

Респонденттердің 11,6% *этностық белгілері бойынша құқық бұзу фактілеріне* тап болғанын атап өтті. Егер респонденттердің жақын тобының тәжірибесін ескеретін болсақ, жалпы респонденттердің 17,2% этностық белгілері бойынша алалауға тап болған жеке немесе жанама тәжірибесі бар. Мұндай тәжірибе туралы титулдық емес этностардың өкілдері жиі айтады (орыстар – 22,2%, басқа этностар – 18,5%). Жалпы қазақтар басқа этностық топтарға қарағанда сирек болса да, ұлты негізде құқығы бұзылуы көріністеріне тап болып тұрады (15,8%). Жастардың жас тобы неғұрлым үлкен болса, әлдебір жиілікпен өзіне немесе

таныстарына қатысты этностық алалау көріністеріне тап болғандардың үлесі соғұрлым жоғары болады. Мүліктік мәртебесінің төмендігі адамды алалауға бейім етеді, өйткені аз қамтылған жастар топтары этностық белгілері бойынша құқығы бұзылуына жиі шағымданады.

Сондай-ақ жайсыздық сезімі әртүрлі этнос жастарының білім беру, еңбек, саяси және басқа да салаларда тең мүмкіндіктерге ие екеніне сенімсіздік тудыруы мүмкін. Алынған мәліметтерге сәйкес орыс ұлтының жастары арасында Қазақстандағы белгілі бір салада табысқа жету мүмкіндіктері туралы пессимистік бағалаулар басқаларға қарағанда жиі кездеседі. Көбінесе орыс респонденттер келесі салаларда табысқа жету мүмкіндіктерінің төмендегенін көреді: мемлекеттік қызметке орналасу (26,1%), мемлекеттік органдарда басшылық лауазымдарға жету (25,1%), қызметте жоғарылау, жоғары ақы төленетін лауазымға жету (22,5%), жекеменшік қазақстандық компанияға жұмысқа тұру (19,9%) және өңірдің/елдің саяси өміріне араласу, мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу (18,6%).

Басқа этностардың өкілдері де (қазақтардан басқа) табысқа жету жолында белгілі бір кедергі сезінеді. Атап айтқанда, олардың төрттен бір бөлігі дерлік (23,3%) мемлекеттік қызметте жұмысқа тұру, әрбір бесіншісі (20,5%) – мемлекеттік органдарда басшылық қызметке орналасу, 17,1% – қызметте жоғарылатуға ұмтылу және жоғары еңбекақы алу, 17,1% – өңірдің/елдің саяси өміріне араласу, 16,4% – қазақстандық компанияда жұмысқа тұру үшін мүмкіндігі аз деп санайды.

Қазақ жастары өзін барынша жайлы және сенімді сезінеді. Белгілі бір салада мүмкіндіктерінің азайғанын сезінетіндердің үлесі 12,5%-дан аспайды.

Тек кейбір салада, этностық топқа қарамастан, жастар шамамен тең мүмкіндіктерді сезінеді – бұл бизнесте табысқа жету және соттарда әділ шешім алу. Бұл салаларда барлық этностық топтағы әрбір он респонденттің бірі ғана өзін сенімсіз сезінеді.

Адамның елдегі әлеуметтік өзсезінімінің жайлылығының маңызды көрсеткіші адам үшін өз елінің барлық азаматына (азаматтық сәйкестік) ортақтық сезімінің болуы және соның маңыздылығы болуы мүмкін. Егер азаматтық сәйкестіктің басымдығы басқа топтық сәйкестіктерге, мысалы, өзінің этностық тобына немесе діни тобына есе жіберіп қойса, онда бұл өз еліне ортақтық сезімінің әлсірегенін және индивид өзін қауіпсіз және сенімдірек сезінетін сәйкестіктерге ауысуын көрсетуі мүмкін.

Жалпы, қазақстандық жастар арасында азаматтық сәйкестік маңызды орын алуда. Респонденттердің салыстырмалы көпшілігі, ең алдымен, өздерінің барлық қазақстандықпен бірлігін сезінетінін айтты (48,8%). Сонымен қатар жастар да өз замандасына (44,2%) және өз қаласының/ауылының тұрғындарына (42,7%) деген ортақтық сезіміне үлкен мән береді. Сондай-ақ жастар үшін олармен бір тілде сөйлейтін адамдармен (25,8%) және этностық сәйкестілік (22,1%) қауымдастықта болу сезімі маңызды. Сәйкестендіру иерархиясында кәсіби және діни сәйкестендіру айтарлықтай маңызды орын алмайды, оларды респонденттердің 12,7% және 6,9% атап өтті.

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларға байланысты мәліметтерді талдау сәйкестендіру иерархиялары әртүрлі топта әрқилы болуы мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар азаматтық сәйкестік басымдық болмауы да мүмкін, бұл белгілі бір топтың ел азаматтарының қоғамдастығымен сәйкестендіруінің әлсіреуін көрсетуі мүмкін белгілі бір факторларға байланысты жайсыздықты тудырады. Мысалы, орыс респонденттер үшін ұрпақ сәйкестігі иерархияда бірінші орында (51,5%), ал азаматтық сәйкестік айтарлықтай артта қалумен (30,6%) үшінші орында тұр. Басқа этнос өкілдері үшін ең алдымен олардың тұрғылықты жерімен сәйкестендіру маңызды (50,7%), азаматтық сәйкестік үшінші орында (40,4%) жайғасқан.



## №2 тарау бойынша қорытынды

Шетелге, мысалы, білім алу мақсатындағы көші-қонды теріс пайымдау немесе қабылдамау жастар арасында жиі кездеспейді. Мәселен, жалпы респонденттердің жартысынан көбі (53,7%) қазақстандық жастардың басқа елдерге білім көші-қонына оң көзқараста. Білім көші-қонына қарсылардың үлесі жоғары емес және 16,2%-дан құралады.

Жалпы алғанда, шекара маңы өңірлердегі сауалнамаға қатысқан жастардың 36%-ға жуығы тұрғылықты жерін тастап кетуге жеке ұмтылысын көрсетеді. Көбінесе ішкі және сыртқы көші-қонға деген ұмтылысты қыздар, 14-18 жастағы ең кіші жас тобы көрсетеді (үлкен топтар табысты көші-қон үшін өзінің қаржылық, білім беру және басқа ресурстарын шынайырақ бағалаған болуы мүмкін).

Әрбір бесінші респонденттің (20%) *ішкі көші-қонға* ниеті бар, яғни Қазақстанның басқа қаласына немесе өңіріне көшуді қалайды. Орыстарға (13%) қарағанда қазақтар мен шағын этностық топтардың өкілдері ішкі көші-қонға (21,4% және 19,9%) ниетін көбірек көрсетеді. *Ішкі көші-қон* әлеуеті жоғары өңірлерге бірінші кезекте әрбір үшінші респондент (34,3%) Қазақстанның басқа қаласына/өңіріне көшуді қалайтын Түркістан облысы, сондай-ақ ықтимал ішкі мигранттардың үлесі 22%-дан 25%-ға дейін ауытқыған Павлодар, Атырау, Қызылорда, Қостанай және Жамбыл облыстарын жатқызуға болады. Ішкі көші-қон үшін ең тартымды жерлер – Алматы (30,8%), Нұр-Сұлтан (25,0%) қалалары және Алматы облысы (16,8%).

*Сыртқы көші-қонға* ниеті барын респонденттердің 16,0% атап өтті. *Сыртқы көші-қонның* салыстырмалы түрде жоғары әлеуетін Павлодар (24,8%) және Алматы (20,3%) облыстарының жастарында екенін атап өтуге болады. Елден кетуге деген ұмтылысты қазақтарға (13,9%) қарағанда орыстар (20,2%) және басқа этнос өкілдері (28,8%) көбірек көрсетеді. Қала жастарына (20,9%) қарағанда сыртқы көші-қонға ауыл жастары (12,7%) ниетін білдіру ықтималдығы аз, бірақ ішкі көші-қонға ниеті біршама жиі.

Өз отбасының қаржылық жағдайын және алдағы жылға болашағын неғұрлым нашар бағаласа, респонденттердің басқа елге кетуге деген ұмтылысы соғұрлым жиі болады. Пессимистерге (9,9%) қарағанда жақын болашақта өмірінде оң өзгерістерді күтетіндердің ішкі көші-қонға (21,7%) ниеті басымырақ.

Жақын арада немесе болашақта шетелге шығуға ниетті жастардың 39% тек басқа елде уақытша қалуды мақсат етеді. Бұл ретте әрбір бесінші адам білім алу үшін (20,8%) және тағы 18,2% уақытша жұмысқа барады. Қазір немесе болашақта шетелге кетуге ниет білдіргендердің жартысынан көбі ұзақ мерзімді эмиграцияға ниетті екенін көрсетеді. Олардың ішінде әрбір үшінші респондент (34,2%) оқуға және жұмыс істеу үшін көшуге, мүмкіндігінше осы елде қалуға дайын екенін атап өтеді. Әрбір төртіншісі (26,4%) шетелге тұрақты тұрғылықты жеріне көшуге ниетті.

Этностық бөліністе әлеуетті эмигранттар тобында орыстармен және басқа этностық топтармен салыстырғанда (18,2% және 26,3%) жалпы қазақтар жиі оқу немесе жұмыс істеу (жалпы 46,7%) үшін шетелге уақытша кету ықтималдығын атап өтуге болады. Ал керісінше, қазақтарға (52,8%) қарағанда орыстар мен басқа этнос өкілдері ұзақ мерзімді эмиграцияға (81,8% және 73,7%) көбірек бейім. Орыс респонденттердің ішінде әрбір екінші адам оқуға немесе жұмысқа бару арқылы ұзақ мерзімді эмиграцияға қол жеткізгісі келеді, басқа этностардың өкілдері тұрақты тұруға бірден барады (44,7%).

Бұл ретте сауалнамаға қатысқан барлық жастардың тек 5% Қазақстан азаматтығын өзгерту ниетін білдірді (2,1% толық сенімді). Көшіп кеткен жағдайда азаматтықты өзгертуге дайындығын: сауалнамаға қатысқан барлық қазақтардың 3,1%, орыстардың 11,4% және басқа этнос өкілдерінің 11,6% көрсетті.

Шекара маңы өңірлердегі жастардың 4,6%-ының нақты таңдалған бағытымен және көшуге тиісті дайындықпен (бел буған әлеуетті эмигранттар тобы) басқа елге (уақытша немесе тұрақты) эмиграцияға байыпты ниеті бар. Олардың 1,4% келесі жылы белгілі бір елге баруға дайын. Этностық бөлініс келесі жылы олардың елден кету ықтималдығы жоғары екенін көрсетеді: қазақтар – 0,6%, орыстар – 2,6%, басқа этностардың өкілдері – 6,8%. Сауалнамаға қатысқан қазақ жастарының 2,3%, орыстардың 4,2%, басқа этностар арасында 9,6% шындап ойланған, бірақ кету күні әлі шешілмеген. Сауалнамаға қатысқан Барлық жастардың тағы 10,7% эмиграцияға ниеті бар, бірақ әлі екі ойлы және таңдау күйінде, сондай-ақ кету мүмкіндігін іздеуде (ек ойлы немесе әлі бел бумаған әлеуетті эмигранттар тобы).

Эмиграция үшін ең тартымды «бестік» елдерге мыналар жатады: Ресей (барлық респонденттердің 4%-ына ұнайды), Түркия (3,2%), АҚШ (2,4%), Оңтүстік Корея (2%) және Еуропа елдері (1,7%). Орыс ұлтының әлеуетті эмигранттарының ішінде шын мәнінде төрттен үш бөлігі (76,4%) Ресей Федерациясына көшуді қалайды, ал әрбір оныншысы Еуропа елдеріне көшуді қалайды. Қазақтар арасында Түркия (28,5%), АҚШ (20,6%) және Оңтүстік Корея (16,4%) елдеріне басымдық берілген. Өзге ұлт өкілдерінің үштен бірінен сәл астамы (36,8%) Ресей Федерациясына, тағы 18,4% Еуропа елдеріне көшуді жөн көреді. Қыздар жігіттерге қарағанда Түркия, Оңтүстік Корея және Еуропа елдерін таңдайды. Жастар неғұрлым үлкен болса, Түркияға эмиграция соғұрлым доғары, жастар неғұрлым жас болса, АҚШ пен Еуропа елдерін соғұрлым жиі таңдайды.

Басқаларға қарағанда Ресей Федерациясын жиі таңдаған әлеуетті эмигранттардың қоныс аударуға байыпты ниеті бар, олардың 15% алдағы жылы көшуге дайындалуда, ал 28,8%-ының байыпты ниеті бар, бірақ көшетін күнін әлі анықтамаған. Алғашқы «бестіктен» басқа елдерге қатысты көп жағдайда жастардың әзірге тек басқа елге бару ниеті бар, бірақ бұл эмиграцияға мақсатты дайындық емес.

*Алдағы жылы этносы орыстардың тарихи отанына айтарлықтай эмиграция жасауы болжанбайды.* Атап айтқанда, жалпы Ресейге көшу ниетін сауалнамаға қатысқан барлық орыс жастардың 13,7% көрсетеді, оның ішінде орыс жастарының 2,6% алдағы жылы Ресей Федерациясына кетуі мүмкін, 11%-ға жуығы эмиграцияға бел бумаған немесе кейінге қалдыруда, бұл ішінара Ресей-Украина әскери қақтығысына байланысты шиеленіскен жағдайға байланысты болуы мүмкін.

Қазақстандық жастарды шетелге «итермелеуге» ықпал ете алатын факторлардың ішінде, бірінші кезекте, олардың өз Отанында жеке әлеуетін сәтті жүзеге асыру қабілеттеріндегі белгісіздікті атауға болады. Респонденттердің жартысына жуығы (46,3%) Қазақстанда табысқа жігіп, көпке танылуға, толыққанды шыңдалуға мүмкіндік жоқ деген пікірде. Бұл фактордың «итермелеуші» рөлі елден кетуге байыпты ниеті бар эмигранттардың 60%-дан астамы жастардың шыңдалу мүмкіндіктеріне қанағаттанбайтындығымен расталады.

Сондай-ақ оларды елден *итермелейтін* негізгі факторлардың қатарында әлеуетті эмигранттардың көпшілігі мыналарды атады: жақын ортасындағы адамның шетелге кетуі немесе кетуді жоспарлауы (47,2%) және сыбайлас жемқорлық пен бюрократиялық озбырлық бар елде тұрғысы келмеуі (46,3%). Әрбір төртінші әлеуетті эмигрант болашақта Қазақстандағы саяси жағдай нашарлауы мүмкін деген қорқынышты, алаңдаушылықты бастан кешіреді (25,7%) және өз құқығының қорғауына кепілдік бар деп есептемейді (25,7%). 18,6% өз отбасының экономикалық жағдайы нашарлауын және Қазақстанда қалыпты өмір сүру мүмкін емесін атап өтеді. Әлеуетті эмигранттардың белгілі бір бөлігі үшін алалаудың әртүрлі көрінісі болуы итермелейтін фактор саналады. Атап айтқанда: қазақ тілін білмегенінен қысым көру (22,5%), өз пікірі үшін қудалауға ұшырау (20,5%), ұлтына байланысты

алалауға ұшырау (19,2%), жыныстық бағдарына байланысты қысым көру (8,5%). Қазақстандағы қазіргі жағдай үшін ерекше итермелеуші фактор жастардың қазақстандық әскер қатарында қызмет етуді қаламауы (12,1%) болды.

Әлеуетті эмигранттардың шетелге шығуының негізгі тартымды факторлары анықталды (50%-дан астам): жақсы ақы төленетін жұмыс табуға деген ұмтылыс (81,4%), өзінің әлеуеті мен қабілетін жақсырақ іске асыру мүмкіндігі, қызықты жұмыс табу (75,9%), сапалы білім алу (64,8%), сапалы медициналық және басқа да қызметтерді алу мүмкіндігі (59,0%) және кез келген жұмыс табу (56,0%). Pull-push факторларға жатқызу қиын жалпы себептердің бірі – бұл жас тобы ретінде әдетте жастарға тән өзгерістерге, әртүрлілікке, саяхатқа ұмтылу (61,2%). Сондай-ақ жастардың отбасымен қайта қосылуға ниеті (22,8%) немесе олар баратын елде жұмысқа тұру немесе жақсы жағдайлары бар оқуға грант алу (18,9%) сияқты нақты себептер (тартушы факторлар) бар.

Әлеуетті эмигранттар арасындағы мәліметтерді этностық тегі бойынша талдау қазақтар мен шағын этностық топтар Қазақстандағы жемқорлық пен бюрократиялық озбырлық мәселесін тереңірек білетінін көрсетеді. Орыстар мен басқа этностардың үштен бірінен астамы қазақ тілін білмегеніне байланысты алалау түріндегі «итермелеу» факторын, сондай-ақ шамамен төрттен бір бөлігін этностық белгілері бойынша алалауды көрсетеді (қазақтар арасында аз дәрежеде, бірақ этностық және тілдік алалау түріндегі «итермелеуші» факторлар да бар – 16,8%). Орыс жастарының арасында Қазақстандағы саяси жағдай нашарлауына алаңдаушылыққа байланысты елден кетуді қалайтындардың үлесі жоғары (30,9%). Шағын этностық топтардың үштен біріне жуығы өз құқығының қорғалғанын сезбейді.

Басқа елге көшуге ниет білдірген респонденттердің көпшілігінде сәтті көшуге жағдай жоқ. Атап айтқанда, әлеуетті эмигранттардың тек 21,2% жұмысқа немесе оқу грантына ие болса, 23,1% иммигранттарды (немесе отандастардың қоныс аударуын) қолдау бағдарламасына енгізілген. Жартысынан сәл астамы баратын елдің тілін біледі (51,8%), ал 45,6% осы елдің заңдарын біледі және 41,0% көшіп келгеннен кейін өмір сүру үшін қаржы жинақтары бар.

Этностық бөлініс көрсеткендей эмиграцияға (негізінен Ресей Федерациясына) ниет білдірген орыс жастарының үштен бірінен астамы (36,4%) иммигранттарды (немесе отандастардың қоныс аударуы) қолдау бағдарламасына қазірдің өзінде енгізілген, әрбір бесіншісі (20%) жұмысқа ұсыныс немесе оқуға грант алған. Баратын елдің тілін, заңын білу, туған-туыстары мен достарының болуы олардың 38%-ының ғана өмір сүруге қаржылық мүмкіндігі болғанына қарамастан бұл топқа сенімділік береді.

Басқа елге көшудің негізгі қауіп-қатерлерінің қатарында жақын адамдарынан айырылу (23,5%), жұмысқа табысты тұру үшін кәсіби машықтардың және білімнің жеткіліксіз деңгейі (22,8%) жиі аталды. Сондай-ақ әлеуетті эмигранттар баратын елде кездесетін тәуекелдерді өздері көреді: жұмыссыздықтың өсуі (18,6%), иммигранттарға деген теріс көзқарас (16,6%), иммигранттарға қатысты заңдардың қатаюы (15,3%), экономикалық құлдырау (13,7%). Сондай-ақ жинақтан айырылып қалу және табыс көзін таппау қорқынышы (17,6%), ал сирек түрде жалғыз, достарсыз қалу (12,1%) да айтылды.

Қауіп-қатерді болжау көп жағдайда баратын елге байланысты. Ресей Федерациясындағы жағдайға қатысты ең көп тараған қорқыныш жұмыссыздықтың өсуі (26,3%) және экономикалық құлдырау (20%) саналады. Тағы бір айта кетері, Ресейге эмиграцияға ниеттілер басқаларға қарағанда соғыс іс-әрекеті / әскери жұмылдыру сияқты құбылыстан қорқады – 16,3% (орташа – 9,1%).

Түркияны таңдағандардың арасында Қазақстанда қалған жақындарынан айырылып қалу қорқынышы жиі кездеседі – 30%, сондай-ақ жинақсыз, табыссыз (23,4%) және жалғыз, доссыз (18,8%) қалудан қорқады.

Басқаларға қарағанда АҚШ-қа жиі кеткісі келетіндер иммигранттарға деген теріс көзқарастан қорқатынын (31,9%), сондай-ақ сол жерде жалғыз қалудан қорқуды жиі сезінетінін атап өтті – 17% (орташа – 12%).

Баратын елі ретінде Оңтүстік Кореяны таңдағандарды Қазақстанда қалған жақындарынан айырылу (46,2%), сондай-ақ баратын елдегі жұмыссыздық деңгейінің өсуі (25,6%) мүмкін екені қатты алаңдатады.

### *№3 тарау бойынша қорытынды*

Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі не жұмыс істейді (43,2%), не оқиды (36,8%). Сауалнамаға қатысқан жастардың 8,4% ғана оқу мен жұмысты бірге алып жүр. Қазіргі таңда жұмыстан және оқу процесінен шеттетілген санаттарға келетін болсақ, атап айтқанда: респонденттердің 6,2% балаларды немесе науқас туыстарын күтумен айналысады; 3,1%-ын жұмыссыздар қатарына жатқызуға болады; NEET санатындағылар (оқымайды, жұмыс істемейді және жұмыс іздемейді) – 1,9%. Мүгедектігіне байланысты еңбекке жарамсыз жастардың үлесін 0,4% құрайды.

*Жұмыспен қамтудың жоғары сұранысы бар бағыттары* (респонденттер қазірдің өзінде жұмыс істейтін немесе жұмыс іздеп жүрген) білім беру (13,1%), сауда (12,0%), қызмет көрсету (11,7%) саналады. Соңғы екі бағыт жоғары біліктілікті қажет етпейді, бірақ көбінесе бос жұмыс орындары бар. Респонденттердің 7%-дан 9%-ға дейінгісі құрылыс (9%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету (8,1%), мемлекеттік басқару және қорғаныс (7,4%), өнер, мәдениет, ойын-сауық, туризм (7,4%) сияқты салаларда жұмыс істейді/жұмыс іздейді. Көлік, ақпарат және байланыс, өңдеу өнеркәсібі, энергетика және сумен жабдықтау (5%-дан 6%-ға дейін) сияқты білікті техникалық мамандарды қажет ететін салалар шамамен бірдей сұранысқа ие.

Жас ұлғайған сайын жастар біліктілігі аз жұмыс күші қажет салалардан жоғары біліктілікті қажет ететін салаға ауысатын тенденция барын атап өтуге болады. Мысалы, респонденттердің жасы неғұрлым үлкен болса, олар қызмет көрсету саласында, саудада, ойын-сауықта, демалыс пен туризмде соғұрлым сирек жұмыс істейді. Керісінше, жас ұлғайған сайын білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, ақпарат және коммуникациялар, кәсіби және ғылыми қызмет, өнеркәсіп, көлік салаларына сұраныс айтарлықтай артады.

Респонденттердің жартысы тұрғылықты жерінде жастар жұмысқа тұру мәселесімен (50,3%) ылғи кезігеді деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың 36,4% жастар мамандығы бойынша жұмысқа тұруы қиынға соғатынын, бірақ арнайы кәсіби машықты қажет етпейтін жұмыста қиындық жоқ екенін айтады. Жастардың 8,8% ғана жастар жұмысқа тұрарда мәселе жоқ деп есептейді.

*Жастар жұмысқа тұруындағы негізгі кедергілер* – сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігінің пікірінше, жұмыс тәжірибесінің жоғы (42,2%), төмен жалақы (42,2%) және тұрғылықты жері бойынша жұмыс жоғы (37,3%). Көбінесе қала жастары жұмыс тәжірибесінің жоғы (49,9%) және төмен жалақы (45,9%) жастардың жұмысқа орналасуына кедергі келтіреді деп есептейді. Ауыл жастары үшін ең алдымен тұрғылықты жерінде жұмыс орындарының болмауы (50,7%) жұмысқа орналасуға кедергі болып отыр.

Екінші орынды білім беру жүйесінің жетілдірілмегендігінен туындаған мәселелер тобы алды: жас мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге

қабілеттілігінің төмендігі (19,1%) және алынған кәсіби машықтар мен жұмыс орнында талап етілетін машық арасындағы сәйкессіздік (18,6%), сондай-ақ жұмыс берушілер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің болуы (19,5%).

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей жастардың үштен бірінен астамы (35,1%) жеке немесе жанама түрде уақытша еңбек көші-қоны тәжірибесін кездестірді, яғни олар басқа елді мекендерге жұмыс істеуге кеткен немесе басқа жерге жұмыс істеуге баратын туыстарының мысалынан біледі.

Деректерді барлық сауалнамаға қатысқан жастар бойынша талдасақ, онда:

- жалпы, Қазақстанның шекара маңы өңірлеріндегі жастардың 30%-ының ел ішінде уақытша еңбек көші-қонының жеке немесе жанама тәжірибесі бар. Оның ішінде облысышілік көші-қонмен 18,5%, облысаралық көші-қонмен 11,5% таныс. Сауалнама деректері бойынша республика бойынша жұмысқа бару үшін ең тартымды өңірлер – Нұр-Сұлтан (12,2%), Алматы облысы (14%), Атырау (10,5%) және Ақмола (10,0%) облыстары, сондай-ақ Алматы қаласы (9,6%).

- сауалнамаға қатысқан жастардың 4,4%-ының сыртқы уақытша еңбек көші-қоны тәжірибесі бар (жеке немесе жақын адамдарының тәжірибесі арқылы). Олардың ішінде сауалнамаға қатысқан барлық жастардың 2,3% Ресейге, 0,6% Оңтүстік Кореяға, 0,4% АҚШ-қа еңбек көші-қон тәжірибесіне ие.

*Басқа елге көшу тәжірибесі бар* (жеке немесе жанама) жастардың білім деңгейіне қарасақ, олардың үштен бірінен астамының орта арнаулы/кәсіптік-техникалық білімі бар, үштен бірінен көбі әлі мектепте оқиды немесе жақында ғана аяқтаған, әрбір бесінші адамның жоғары білімі бар.

Еңбек көші-қоны аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты, бұл адамдарды жұмыс іздеп басқа қалаларға немесе елдерге кетуге итермелейтін себептерге айналады. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей жастардың және олардың туыстарының басым көбі үшін басқа елдерге жұмыс істеуге кетуге итермелейтін факторлар (push фактор) – төмен жалақы (58,6%) және тұрғылықты жері бойынша жұмыс орындарының жоғы (32,2%).

Сыртқы еңбек көші-қонын ынталандыратын маңызды фактор (pull фактор) – баратын елдегі еңбек жағдайларының жақсы болуы (18,4%). Басқа елге жұмыс істеуге кету туралы шешім қабылдау кезінде қабылдаушы елде неғұрлым қолжетімді және кең мемлекеттік кепілдіктердің болуы (5,7%), мансаптық мүмкіндіктер (3,4%), жұмысқа қабылдау процедураларының жеңілдігі және тұрғын үй алу (әрқайсысы 2,3%) сияқты себептер маңызды емес. Осылайша, еңбек мигранттары көбіне жоғары жалақы алуды, ал әлдеқайда азы кәсіби мансабын жүзеге асыруды мақсат етеді. Осылайша, басқа елдерге уақытша еңбек көші-қонын жасау туралы шешім қабылдауға баратын елдегі тартушы факторларына қарағанда кететін елдегі итермелеуші факторлар әлдеқайда күшті әсер етеді.

Сонымен қатар, жастар үшін мансап және кәсіби шыңдалу мәселесі өзекті болып қала береді. Қазақстаннан көшуді жоспарлаған респонденттердің пікірінше, олар барғысы келетін елде мансаптық өсуге қол жеткізу оңайырақ (44,3%). Бұл ретте әрбір үшінші әлеуетті эмигрант (33,9%) Қазақстанда табысты мансап қууға болады деп есептейді. Бір қызығы, қазақ жастары Қазақстанда мансаптық өсуге қол жеткізу оңай дегенді жиі айтса, орыстар мен өзге ұлт өкілдерінің басым бөлігі басқа елде мансап құру оңай деген пікірде.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей мансаптық өсу мүмкіндіктері бойынша жастар үшін ең тартымды елдер – Ресей (33,1%), АҚШ (17,6%), Түркия (16,2%), Оңтүстік Корея (11,0%) және Еуропа елдері (10,3%).

Респонденттердің көпшілігі көшуді жоспарлап отырған қалада/елде өз деңгейіндегі мамандардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін жақсы бағалайды.

Осылайша, 30,6% жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жоғары, ал 27,4% орташа деп санайды.

Деректерді талдау көрсеткендей әлеуетті еңбек мигранттарының тек 16,6% басқа елде жұмысқа орналасу стратегиясын алдын ала ойластырады, атап айтқанда көшу алдында Интернет/Елшілік/Агенттік арқылы өз мамандығы бойынша жұмыс табуды жоспарлайды. Әлеуетті эмигранттардың көпшілігі көшкеннен кейін мамандығы бойынша жұмыс іздей бастайды (23,8%) немесе әзірге кез келген жұмысқа орналасады, содан кейін үйреніп, өзінің негізгі білім профилі бойынша жұмыс табуға (13,4%) немесе қайта даярлаудан өтуге (7,5%) тырысады.

#### *№4 тарау бойынша қорытынды*

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей оқитын жастардың басым көпшілігі (68,2%) оқуын Қазақстанда жалғастыруды жоспарлап отыр, ал 18,9% оқуын шетелде жалғастырығысы келеді, ал 12,9%-ында оқуын жалғастыруға ниет жоқ. Респонденттердің білімі бойынша деректерді талдау басқаларға қарағанда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жастардың оқуын шетелде жалғастыруға ниет білдіретінін көрсетті (тиісінше 42,3% және 33,3%). Қала жастарының арасында ауыл жастарымен салыстырғанда шетелде оқуды жоспарлағандардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары (тиісінше 22,7% және 16,3%). Шетелде оқуға ниет білдіргендердің арасында қыздар (жігіттер – 14,2% және қыздар – 23,3%), 24-28 жас аралығындағы жастар (33,3%), сондай-ақ орыс және басқа ұлттардың жас өкілдері көп (қазақтар – 17,5%, орыстар – 22,3% және басқалар – 25,7%).

Жастардың қазақстандық жоғары оқу орындарында оқуды таңдауының басты себебі – *ата-ананың баласын басқа елге жібергісі келмеуі* (36,5%). Айта кету керек, 31,4% өз таңдауын қазақстандық оқу орындарының сапалы, лайықты білім беруімен түсіндіреді (31,4%). Ал 30,4% ата-анасымен жайлы өмір сүруді таңдайды, яғни осы себепті Қазақстанда оқуды таңдайды.

Қазақстандық жастардың шетел университеттерінде білім алуына ықпал ететін pull-push факторлардың қатарында: шетелдік жоғары оқу орындарында сапалы білім береді (62,1%), халықаралық кәсіби және іскерлік байланыстар орнату мүмкіндігі бар (35,5%), шетелдік университеттердің дипломдарына сұранысқа ие және мансаптық перспектива бар (31,4%), дүние көру және ой-өрісін кеңейту мүмкіндігі бар (29,6%). Сондай-ақ әрбір төртінші әлеуетті мигрант үшін білім беру ұйымдарының жоғары рейтингі (25,4%), тілдерді үйрену мүмкіндігі (23,1%) тартымды екен. Әрбір бесінші адам мемлекет қаржыландыратын орынға түсудің жоғары мүмкіндігі барын атап өтеді. Сонымен қатар Қазақстандағы білім берудегі негізгі кемшіліктер қатарында жастар тестілеуден өту қажеттілігін (ОЖСБ, ҰБТ) – 23,7%, шыңдалу және мансап құру мүмкіндіктерінің жоғын (9,5%), оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа тұрудағы қиындықтарды (6,5%), қызығушылық танытатын қызмет саласының дамымауын (4,1%) және кадрларды даярлаудың қажетті бейіні бар оқу орындарының болмауын (3,0%) атап өтті.

Шетелге шығуға ниет білдірген әлеуетті оқу мигранттарының ішінде үштен бірінен астамы (34,3%) елге оралуға ниетті емес. Әрбір оныншысы әлі таңдау жасамаған. Шетелде оқуды жоспарлап отырған қазақ жастарының әрбір төртіншісі (26%) басқа елде қалуға ниетті екенін, ал басқа этностар арасында жартысынан көбі (орыстар – 51,6%, басқа этностар – 57,9%) екенін атап өтуге болады.

Көбінесе жастар шетелде оқу туралы ақпаратты әлеуметтік желілерден (41,8%), БАҚ пен Интернеттен (41,2%) алған. Респонденттердің 21,4% шетелде оқу туралы ақпарат іздегенде отбасы мен достарының кеңесіне жүгінеді. Сондай-ақ отандық оқу орындары да шетелдік білім беруді жастар арасында кеңінен

насихаттауға өз үлесін қосуда. Сауалнамаға қатысқан жастардың 12,0% шетелде білім алу туралы оқу орнында білгенін айтады.

Шекара маңы өңірлерде қазақстандық жастарды Ресейдің жоғары оқу орындарына тарту тәжірибесі бар. Осылайша, сауалнамаға қатысқандардың 15,3% мектеп мұғалімдері оқушыларды Ресей университеттерінде оқуға бағыттаған жағдайларға тап болғанын атап өтті. Жастардың 12,5% бітіруші сыныптарда сыныптастарымен бірге Ресейде өтетін Бірыңғай мемлекеттік емтиханға (БМЕ) дайындалғанын айтады. Көрші мемлекеттің жоғары оқу орындарына түсуге шақырту алған жастардың саны да сондай (12,5%). Жастардың 14,8%-ының айтуынша, олардың көптеген сыныптасы Ресейдің жоғары оқу орындарына түскен. Қала жастары қазақстандық студенттерді Ресейдің жоғары оқу орындарына тартудың осындай тәжірибесі бары туралы жиі айтты.

## ҰСЫНЫМДАР

Осы талдамалық баяндамада көтерілген мәселелердің күрделі сипатын ескере отырып, жастардың көші-қон саласындағы жағдайды жақсарту бойынша шараларды жүзеге асыру кешенді, салааралық және профилактикалық сипатта да болуы керек. Жобаның мақсаттарына сәйкес ұсынымдар беріледі, олар:

**1. Жастар арасындағы көші-қон көңіл-күйлерін (ниеттері мен көзқарастарын) зерттеу; критерийлер бойынша қазақстандық жастардың әлеуметтік өзсезінімін бағалау; жастардың ішкі және сыртқы көші-қонының негізгі push-pull факторларын анықтау.**

### Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне:

Қазақстанда кәсіптік, білім алу, әлеуметтік-саяси шыңдалу процесінде айтылмаған кедергілерді, тілдік және этностық ерекшеліктеріне байланысты алалау көріністерін зерделеу үшін қазақ емес жастардың өкілдері арасында әлеуметтік өзсезінімге зерттеу жүргізу. Зерттеу негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне этностық топ пен тілдік машықтарына қарамастан жастардың өз әлеуетін жүзеге асыруына тең мүмкіндік жасау бойынша бірқатар ұсыным әзірлеу.

Алалау және көші-қон қатынастары мәселелері бойынша бағдарламасы әзірленіп, белгілі бір жиілікпен мониторингтік зерттеулер жүргізу.

Көші-қонның негізгі бағыттарындағы елдердегі (Ресей, Түркия, АҚШ, Оңтүстік Корея, Еуропа елдері, Қытай) уақытша және тұрақты эмигранттардың көңіл-күйін анықтау мақсатында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу.

Қазақ тілін тиімді және стрессіз оқыту және осы мәселедегі әлеуметтік шиеленісті төмендету бойынша нақты іс-шаралар әзірлей отырып, тіл саласындағы жағдайды тереңдетілген кешенді салааралық зерттеу жүргізу.

Жастар арасында азаматтық сәйкестік маңыздылығының төмендеу себептеріне зерттеу жүргізу.

Жастардың Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріндегі әскери қызметке деген көзқарасына зерттеу жүргізу.

Шығармашылық саласындағы жастардың өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін кеңейту үшін қазіргі өнер өкілдеріне қаржылай емес қолдау көрсету жүйесін қамтамасыз ету. Екі-үш қалада жергілікті билік органдарымен бірлесіп, өнер іс-шараларын, көрмелерді, заманауи өнер бойынша білім беру семинарларын және т.б. өткізу үшін арт-резиденцияларға эксперименттік түрде орын бөлу.

### Жергілікті атқарушы органдарға, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне:

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Алматы, Маңғыстау облыстарында жастардың әлеуметтік өзсезінімінің көрсеткіштері төмендеген. Бұл бағыттар бойынша жастардың оптимизмін төмендететін, сондай-ақ әртүрлі алалау көрінісінің (тіліне, материалдық әл-ауқатына, білім деңгейіне және т.б. негізінде) таралуын төмендететін негізгі мәселелер бойынша қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

**2. Сыртқы көші-қонның перспективасын зерттеу. Негізгі тенденцияларды анықтау және еңбек көші-қонының ерекшеліктерін анықтау.**

### ҚР Үкіметіне:

Қазақстаннан кететін уақытша (қайтып келетін) еңбек және оқу мигранттарына көмек көрсететін мемлекеттік агенттік құру. Агенттік тарапынан мигранттарға баратын елдің заңдары мен шарттары, ықтимал қауіп-қатер, сақтандыру қажеттілігі



және т.б. туралы алдын ала хабардар етіп, сұранысқа ие машықтар көлемінде тіл курстарын (төмендетілген бағамен) өткізіп, сондай-ақ еңбек көші-қоны кезінде жалпы консультациялық және ақпараттық қолдау көрсету. Агенттіктің функцияларына еңбек және оқу көші-қон ағындарын талдау кіргізуге болады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметі туралы мәліметтерді талдауды күшейту керек. Жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын әрбір өтініш берушінің қажеттілігіне бейімдеп, жас маманды қалыптастырудың барлық кезеңінде жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеп, кәсіптік бағдар беру мен кеңес беруді қамтамасыз ету.

Ұйымдар мен кәсіпорындарда менторлық және тәлімгерлік институтын дамытуға жұмыс берушілерді ынталандыру үшін бірқатар материалдық және материалдық емес шара қабылдау. HR персоналды таңдау мен бағалауға ғана емес, сонымен қатар оны бейімдеуге, дамытуға, оқытуға, ынталандыруға, яғни маманның кәсіби амбицияларын сәтті жүзеге асыруы жоғары дәрежеде болуына байланысты қазіргі уақытта дамымаған аспектілерге жауап беретін HR жұмысын кәсіпорындарда дамыту қажеттілігіне баса назар аударуды күшейту.

Жұмыс берушілерді кадрларды іріктеуде меритократия қағидатын сақтауға ынталандыру бойынша бірқатар нақты шара қабылдау.

Кадрларды іріктеу және жоғарылату кезінде заңдылықты мүлтіксіз сақтауға және этностық, жыныстық, жастық және басқа да белгілерге байланысты алалауға жол бермеуге бағытталған шаралар бағдарламасы әзірленсін. Жұмыста кез келген алалау фактілеріне «мүлдем төзбеушілік» атмосферасын құру.

Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп, орта арнаулы және кәсіптік-техникалық білімі бар мамандардың табысты кәсіби шыңдалу үлгілерін көрсетіп, олар Қазақстанның еңбек нарығында сұранысқа ие екені туралы үнемі хабардар ету.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және ШОБ қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін талдау. Жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік саясат шараларын іске асыру процесіндегі кедергілер мен проблемаларға зерттеулер жүргізу. Қажет болған жағдайда бағдарламаларға түзетулер енгізу, оларды пандемиядан кейінгі кезеңнің өзгерген жағдайларына бейімдеу.

Басқа елдерге жұмыс істеу үшін кейінгі уақытта кету тәжірибесі бар адамдар арасында зерттеу жүргізу, еңбек мигранттары үшін негізгі қауіптерді, олардың себептерін, кету себептерін, кету мақсатына жетудің сәттілігін және т.б. кейіннен қазақстандықтарды – уақытша еңбек мигранттарын қолдау шаралары бар құжаттар (Тұжырымдамалар, Бағдарламалар) әзірлеу.

### **3. Оқу көші-қонының негізгі тенденцияларын анықтап, ерекшеліктерін айқындау.**

Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

Қазақстанның мемлекеттік жоғары оқуы орындарында қазақ тілінде білім алуды тегін ету. Немесе ЖОО орналасқан жердегі тұрғындарға көлемді жеңілдік беру.

Мемлекеттік университеттерді дамытудың мақсатын стратегиялық тұрғыдан айқындау: еліміздегі жоғары білім нарығындағы көшбасшылар позициясына қол жеткізіп қана қоймай, ел ішінде де, сырттан да ізденушілер үшін тартымды, сонымен қатар елдегі жетекші ғылыми сараптама субъектілеріне айналдыру. Білім мен

ғылымның интеграциясын арттыру. Мемлекеттік ЖОО-лардың жетекші позициясы жалпы қазақстандық білім нарығының сапалы өсуін ынталандырады.

Елдегі жоғары білім нарығының дамуының нәтижесі Қазақстанның ортамерзімді перспективада *халықаралық білім беру хабына айналғаны болуға тиіс.*

Еліміздің мемлекеттік жоғары оқу орындарының басшылығы мен профессорлық-оқытушылық құрамын сапасын жақсарту. Тәуелсіз сарапшылардың талдамалық әлеуетін тарта отырып, кең ауқымды пәнаралық зерттеу негізінде, сондай-ақ кең қоғамдық талқылау негізінде қазақстандық мемлекеттік ЖОО-лардың табыстылығын бағалаудың ашық және өлшенетін жүйесін әзірлеу.

Елдегі мемлекеттік ЖОО-ларды қаржыландыру көлемін Назарбаев Университетін қаржыландырумен салыстырылатын деңгейге дейін біртіндеп ұлғайту. Материалдық-техникалық жарақтандыруды жақсарту, әсіресе жоғары білікті техникалық мамандар даярланатын жоғары оқу орындарында.

Қазақстандық жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлықпен және академиялық адалдықты бұзумен күресудің түбегейлі шараларын енгізу. Тиісті Бағдарлама мен оны іске асыру Жоспарын әзірлеу. Жыл сайын мемлекеттік ЖОО-лардың студенттері арасында жасырын сауалнама жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлық деңгейін бақылау.

Әрбір мемлекеттік ЖОО-да орыс тілінде оқытатын топтардың санын анықтап, алдағы 10-15 жылда олардың қысқармауын қамтамасыз ету. Осылайша, орыстілді халықтың кетуі азаяды, сонымен қатар көршілес мемлекеттерден (атап айтқанда, Ресей Федерациясынан) оқу эмигранттарының ағыны болады.

#### Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесе:

Білім беру бағдарламаларының мазмұны әлеуетті жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне, сондай-ақ ғылым мен техниканы дамытудың жаңа тенденцияларына сәйкес келуін қамтамасыз ету. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары білімі бар мамандарға арналған білім беру тапсырысының Қазақстандағы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестігін тұрақты негізде бақылау.

Мемлекеттік ЖОО мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз ынтымақтастықтағы негізгі кедергілерді талдап, оларды жою бойынша тиісті шараларды қабылдау. Бұл жұмыстың нәтижесі *жұмыс берушілер/бизнес тарапынан ЖОО-ларға қаржылық және қаржылық емес қолдауды арттырғаны болуға тиіс.*

#### Оқу-ағарту министрлігіне:

Отандық кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру. Білім беру бағдарламаларының мазмұны ішкі еңбек нарығының қажеттіліктеріне, сондай-ақ ғылым мен техника дамуының жаңа тенденцияларына сәйкес келуін қамтамасыз ету.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған білім беру тапсырысының Қазақстандағы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестігін тұрақты негізде бақылау.

Шетелдік баламалар мысалында экспресс-оқыту әдістері бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесін даярлау. Бұл әдістеме тек жастардың кіші жас топтарына ғана емес, сонымен қатар үлкен топтарға, соның ішінде Қазақстанға оқуға және жұмыс істеуге келетін иммигранттарға да қолданылуы керек.

Мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлау бойынша шараларды, атап айтқанда, бұрын жарияланған Кәсіптік бағдар беру және диагностика жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес іске асыруды бастау. Мерзімді түрде (3 жылда бір рет) қабылданған шаралардың сәттілігін өлшеу.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесе:

Оқытылатын пәндерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқытушылар құрамының сапасын, компьютерлермен, жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету жағдайында ауыл және қала оқушылары мен колледж студенттерінің мүмкіндіктерін теңестіруге күш салу.

### III. САРАПТАМАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ

#### 1. Жастардың әлеуметтік өзсезінімі көші-қон көңіл-күйін күшейтетін/ әлсірететін фактор ретінде

Шын мәнінде, барлық сарапшы жастар өте гетерогенді әлеуметтік топ екенін, олардың проблемалары, қажеттіліктері мен әлеуметтік өзсезінімі тұрғылықты жеріне, жасына, білім деңгейіне, материалдық мәртебесіне, тілдік машықтарына, біліктілік деңгейіне және т.б. байланысты әртүрлі болуы мүмкін екенін айтады.

Сарапшылардың пікірінше, 18 жасқа дейінгі ең жас топ әлеуметтік шиеленісті сирек сезінеді. 18 жастан асқан жастар көбіне қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық және саяси мәнмәтініне енеді, өйткені олар ересек өмірге белсенді қатысады, одан әрі білім алады, жұмысқа орналасады, үйленеді және балалы болады. Сондықтан, жас тобы неғұрлым үлкен болса, «ересек проблемалары» да соғұрлым көбейе түседі, сондықтан әлеуметтік өзсезінімі салыстырмалы түрде төмен болады.

Отбасының материалдық жағдайы да жастардың әлеуметтік өзсезініміне айтарлықтай әсер етеді. Материалдық әл-ауқаты төмен болса, экономикалық мәселелерді шешу басымдыққа айналған кезде, шыңдалу және әлеуметтік белсенділік өмірдің басқа аспектілері екінші орында қалады.

*«Өз өміріне қанағаттанған және өз өміріне қанағаттанбайтын жастар бар. Мүмкін, бұл мәселе де осында шығар. Шынында да, көп жағдайда олар қанағаттанбайды, ал солардың қатарындағы жастардың дені 18 жастан асқан, мектеп жасынан шыққан, ересек адам ретінде қалыптасу мәселелерін шешіп жүрген адамдар. Яғни, бұл мамандық алу, жұмысқа тұру, отбасын құру, мансап құру... 14 жастан 17 жасқа дейін – бұл жасөспірімдер, бұл әлі мектеп бітірмегендер. Мұнда тұлғааралық қатынастар, отбасылық қатынастар, мектеппен, мұғалімдермен қарым-қатынас көбірек болуы мүмкін. Бұл жерде мен балалар да бар деп айтар едім» (этнодемографиялық процестер бойынша сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).*

*«Онша бай емес отбасыларда, нақты материалдық қиындықтары бар адамдар, ең алдымен, экономикалық мәселелерге алаңдайды. Молшылықта өмір сүретіндер кейбір қоғамдық-саяси тұжырымға дейін өсетін сияқты. Мен бұл 100% осындай үлгі деп айта алмаймын, бірақ бұл жерде бір байланыс бар сияқты» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

Жастар – бұл жас ерекшелігіне байланысты көші-қон процестеріне оңай қосылатын жоғары мобильді әлеуметтік топ. Жастардың ұтқырлығының негізгі себебі – өмір сүру сапасын жақсартқысы келетіні. Пандемия зардаптарын жеңілдету жастардың ұтқырлығын арттырады.

*«Жастар – бұл әрдайым жақсы өмір іздейтін, әрдайым саяхаттайтын, жеткілікті ұтқыр және көші-қонға жиі берілетін халық тобы. Білім алу мотивтері, еңбек ету мотивтері бойынша. Бірақ менің ойымша, басты фактор – жастар тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өте ұтқыр болуы... Ал қазір, COVID-19-ға байланысты пандемия зардабы азайған кезде, қазір жастар одан да көп қоныс аударатын болады» (сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы).*

Кейінгі жылдары Қазақстанда жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер, сарапшының пікірінше, жастардың кедейлер мен байлар арасындағы қазіргі алшақтықты, азаматтардың, әсіресе аз қамтылғандардың, халықтың осал топтары арасындағы құқық қорғалмағандығын қатты сезінетінін және қолайсыз деп

санайтынын айғақтайды. Жастар арасында мемлекет жас ұрпақтың пікіріне құлақ салмайды, олар күткен шараларды қабылдамайды деген пікір кең таралған.

Қазақстандық жастардың көші-қон көңіл-күйіне әсер ететін маңызды фактор – әлеуметтік әділетсіздік сезімі, сол арқылы олар жұмыс табу, отбасын материалдық қамтамасыз ету, мамандық алу, біліктілігін арттыру мүмкіндіктерінің төмендегенін түсінеді. Егер бұл мүмкіндіктер өз елінде қамтамасыз етілмеген болса, жастар бұл қажеттіліктерді басқа мемлекетте жүзеге асыру туралы ойлана бастайды. Көші-қон, егер жастардың шұғыл қажеттіліктері қанағаттандырылмаса немесе жастар адамдардың басқа топтарына қатысты әлеуметтік әділетсіздік көріністеріне тап болса, қазіргі өмір жағдайымен келіспеушіліктің көрінісі ретінде наразылықтың бір түрі бола алады. Егер жастар өзін жақсы әрі сапалы өмір сүруге лайық деп санаса, ол тез арада басқа елге көшу туралы шешім қабылдайды. Жастардың өзсезініміне әсер ететін маңызды аспект – қауіпсіздік сезімі.

*«Біз жастар жағдайға толығымен қанағаттанбайтынын және олар түзеткісі келетін белгілі бір нәрсе бар екенін анықтадық. Мысалы, жас ұрпақтың көптеген өкілі азаматтардың құқығы қорғалғанына қанағаттанбайды. Олар кедейлердің құқығы аз, халық арасында әлеуметтік мәртебеде алшақтық бар, өсіресе кедейлер мен байлар арасында үлкен айырмашылық бар деп санайды. Жастар бұл алшақтықтың қысқарғанын қалайды... Жастар біздің мемлекетіміз халықтың осал топтарына жеткілікті көңіл бөлмейді деп санайды. Мысалы, кедей азаматтар немесе мүгедектер. Жастардың пікірінше, осы санаттағы адамдарды біздің мемлекет естуі тиіс және солар үшін әрекет етуге тиіс дейді» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).*

*«Егер жастар туралы айтатын болсақ, олар мемлекет жастарды жеткілікті тыңдамайды деп санайды. Олар мемлекеттің жастар проблемаларына көбірек көңіл бөлгенін, түрлі іс-шаралар мен бағдарламалар өткізгенін, саяси процестерге араласуды қоса алғанда, жастар үшін көбірек мүмкіндік жасағанын қалайды» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).*

*«Егер Қазақстанда қазіргідей әлеуметтік әділетсіздік сақталатын болса, егер үлкен жас топтары қазіргідей кедейшілікте өмір сүре берсе, ал әлеуметтік лифтілер жұмыс істемесе, онда жастар басқа, жақсы жағдай жасалған елдерге жұмысқа кетіп қала береді деп қорқамын. Онда олар жұмыс табуға, жалақыны уақытында алуға, отбасыларын қолдау үшін үйге ақша жіберуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар олар сол жерде мамандық алып, біліктілігін арттыра алады және т.б. Яғни, бәрі біздің ішкі жағдайымыз қандай болатынына байланысты» (сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РҒА ХБИ Көші-қон зерттеулері орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қон жөніндегі зерттеу кеңесінің мүшесі).*

*«Иә, менің ойымша, жастар – көбінесе әрі жиі наразылық білдіретін топ. Мен кетіп, бұл елде өмір сүрмеймін, мұнда жақсы ештеңе күтпеймін. Иә, бұл наразылық көңіл-күйі, соның көрінісі деп санаймын. Себебі жастар жаңа өмір бастай аламын деп ойлайды, бұл басқа елде, жақсы елде жақсы өмір сүруге лайық. Өмір сапасы жақсы, қауіпсіздігі жақсы елде» (сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы).*

Көші-қон белгілі бір дәрежеде сыбайлас жемқорлыққа, непотизмге, таныс-білістікке наразылық формасы саналады. Бұл наразылық әсіресе «өзінің» адамдарын жұмысқа қабылдайтын қазіргі жүйеге қатысты. Бұл әділетсіздік жұмыс орнына үміткерлерді әділетсіз іріктеуге тап болған жастарды қатты ашуландырады. Шетелде білім алған жастардың кадрларды іріктеу жүйесі қалай дұрыс жұмыс істеуі керектігі туралы түсінігі бар. Сондықтан, Қазақстанға оралғанда, беделді

университеттің дипломы мен жақсы кәсіби машықтарға ие бола отырып, өз елінде байланыссыз және протекционизмсіз лайықты жұмыс орнын табу қиын екенін түсініп, сөзсіз көңілі қалады.

*«Көңілі толмаған жастар өте көп. Сыбайлас жемқорлыққа наразы. Өйткені кеткендердің көпшілігі жұмысқа тұра алмады. Олар мұнда сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі өте маңызды рөл атқаратынын жақсы түсінеді. Бұл непотизм, бұл протекционизм. Әрине, бұл қазіргі жүйеге қарсы наразылықтың себебі болып отыр» (Орталық Азия мен Қытайдағы көші-қон жөніндегі сарапшы, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор).*

*«Жастарға әділетсіздік, непотизм, сыбайлас жемқорлық тақырыбы жақпайды. Шетелде оқитын көптеген бала, басқа елде бәрі қалай болып жатқанын, бәрі қалай реттелетінін көреді. Олар сол жерде болып жатқан процестерді, бәрі қалай ұйымдастырылғанын бақылайды. Олар оралып, мұнда бәрі басқаша ұйымдастырылып, бәрі тиімді нақты жұмыс істей алар мүмкіндігін байқайды... Дәл осы шартқа олар риза емес. Яғни, олар онда қандай да бір мамандық бойынша дипломға ие болған кезде, шетелде тағылымдамадан өтіп, екі тілді білсе, жұмысқа орналасуға келеді және біреудің туысы болып табылатын адамға ұтылады, әрине, бұл олардың қатты көңілін қалдырады» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).*

Сарапшылардың көпшілігі жастардың сыртқы көші-қонға деген шешімінің негізі наразылық мотивтері болуы мүмкін деп санайды, бірақ көші-қонның негізгі және шешуші себебі – экономикалық дамыған мемлекетте өмір сүру жағдайлары ыңғайлы өмір сүруге деген ұмтылыс. Сондықтан, жастардың кетуі бұқаралық сипатқа ие болған кезде, бұл, ең алдымен, елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, демек, жеке болашаққа деген наразылықтың бар екенін білдіреді. Эмиграция – бұл жастардың пассивті наразылығы, ол саяси жазықтыққа енбейді, бірақ болашақ еңбек ұрпағын елден итермелейтін маңызды проблемалардың бар екенін көрсетеді.

*«Қазақстаннан шетелге кетудің де, басқа мемлекеттерден Қазақстанға келудің де негізгі себептерінің бірі – экономикалық жағдай. Олар экономикалық жағдай жақсы деп санайтын жерге кетіп, бізге экономикалық жағдайы нашар елдерден келеді. Саясатпен, менің ойымша, бұл өте көп байланысты емес. Мүмкін, біреудің ойы бар шығар, бірақ менің ойымша, дәл саяси себептер бойынша кететіндердің пайызы тіпті жастар арасында да аз» (ҚР ІІМ Көші-қон процестерін мониторингілеу және талдау саласындағы сарапшы).*

*«Қаржылық жағынан қиын қарапайым адамдар саясат туралы ойламайды деп айтуға болмайды. Олар ойлайды. Бір сәтте, егер бәрі қиындап кетсе, егер олар саяси әрекеттерге қатты назар аударып кетсе, олар халықтың радикалды бөлігінде болып қалуы мүмкін. Бірақ соған дейін, менің ойымша, әлі жеткен жоқ. Олар ешқашан жетпес деп үміттенемін. Менің ойымша, бірінші кезекте – бұл экономикалық әл-ауқат және экономикалық тұрғыда шыңдалу мәселелері. Менің ойымша, бұл біздің жастарымыз үшін аса маңызды» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

*«Қай елдерге? Қарапайым принцип. Балық терең жер іздесе, адам жайлы мекен іздейді. Балалар, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатқа деген ұмтылыспен қозғалатындықтан, олар сәйкесінше әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары және олар сенетін елдерге қарайды және бұл үшін негіз бар, өйткені олар үлкен әлеуметтік-экономикалық жетістікке қол жеткізе алатын табысты мысалдар бар» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

«Менің ойымша, бұл жеке таңдау. Себебі наразылық бұл елде жұмыс істеу үшін мүлдем мүмкін емес, өмір сүру мүмкін емес жағдайлар және т.б. болған кезде орын алады. Таңдау бар: сіз елде қалып, аз жалақымен өмір сүре аласыз немесе елден кетіп, жақсы жалақымен өмір сүре аласыз. Яғни, таңдау дәл осы жазықтықта. Таңдау бұл жерде мені қудалайды, қысым көрсетеді деген жазықтықта емес, таңдау мен мұнда ештеңе істей алмаймын деген жазықтықта. Яғни, мәселе басқада. Сондықтан мұнда экономикалық фактор мен перспективалар мәселесі көбірек көтеріледі. Сондықтан мен бұл наразылық деп нақты айтпас едім. Мүмкін, бұл айқын наразылық емес шығар, мүмкін бұл экономикадағы жағдайды көрсететін белгілі бір үрдіс те шығар» **(этнодемографиялық процестер бойынша сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносоциологиялық зерттеулер институты директорының орынбасары).**

«Қазір эмиграция пассивті наразылық ретінде қарастырылады. Адам қалауы басқа, сосын осылайша ол аяғымен дауыс береді де, жиналып, көшіп кетеді. Жоқ, білесіз бе, мен бұны наразылық деп айтпас едім, мен бұны қанағаттанбаушылық дер едім. Бар болғаны адам ыңғайлы және жайлы жағдай тапқысы келеді. Мен наразылық мінез-құлқы бар санат бар екенін жоққа шығармаймын. Сондықтан олар «мен мұндай елде өмір сүргім келмейді, жиналып, кетемін» деп өзі шешті, бірақ менің ойымша, бұл әлі де басты себеп емес. Десе де бұл әлеуметтік-экономикалық себеп» **(сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).**

«Менің ойымша, қандай да бір дәрежеде солай, өйткені өз болашағын Қазақстанда көргісі келмейтін немесе, бірінші кезекте, көрмейтін және қазіргі жағдаймен келіскісі келмейтін адамдар кетіп жатыр. Оларға денсаулық сақтауда, білім алуда үлкен проблемалар бар, сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі бар екені ұнамайды. Міне, осының бәрі адамдардың соған наразылық білдіруіне әсер етеді. Қазіргі жағдайға наразылық білдіреді. Әрине, олар көшеге шықпауы мүмкін, өйткені олар бұл үшін ұсталып қалуы мүмкін екенін біледі. Олар жай елден кетеді. Бұл да наразылықтың бір түрі... олардың көпшілігі өз Отанын жақсы көреді, олар осында туып-өсті. Олар туған және өмір бойы өмір сүрген қаланы немесе ауылды жақсы көреді, бірақ бұл жағдайды көріп, мүмкін, олар басқа елдермен салыстырады және, өкінішке қарай, Қазақстанның пайдасына емес. Сондықтан олар кетуді шешеді. Қандай да бір дәрежеде – бұл осындай наразылық немесе елдің саяси немесе әлеуметтік процестеріне қатысудан бас тарту, өйткені, егер сен наразылықтарға ашық түрде қатыссаң, онда белгілі бір салдары болуы мүмкін» **(сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).**

Көші-қон наразылық көңіл-күйінің көрінісі ретінде, сарапшының пікірінше, халықтың ауқатты топтарына тән болуы мүмкін. Өз наразылығын ашық білдіргісі келмегендіктен, олар экономикасы дамыған елге барғанды жөн көреді.

«Белгілі бір дәрежеде, мүмкін, солай шығар. Егер адам Қазақстаннан кетуге ниет білдірсе, онда басқа елге тұрақты тұруға кетсе, әрине, мұнда бір нәрсе қанағаттанбайды. Тіпті адамдар «наразылығын аяқпен білдіреді» деген өте кең таралған сөз бар. Бұл жерде оларға бір нәрсе ұнамайды, олар ел ішіндегі жағдайды өзгерткісі келмейді, сондықтан басқа елге кетеді. Сондықтан, иә. Мен бұл белгілі бір үнсіз «наразылық» екенімен келісемін» **(халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).**

Екінші жағынан, көші-қонның прагматикалық себептері басым болғанына қарамастан, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық артта қалуын сезіну жастар арасында сыни көңіл-күйдің өсуіне байланысты. Сарапшының пікірінше, қазіргі

уақытта Қазақстанда өзін жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ жастардың бір бөлігінің көші-қонына кедергі жасау қажет болмауы мүмкін. Әйтпесе, наразылық әлеуеті жинақталып қалады.

*«Ең аз дәрежеде – бұл саясат, бірақ ең аз дәрежеде. Қалай болғанда да, кетіп жатқандар мұны ұғынады. Алдыңғы қатарда әрқашан әлеуметтік-экономикалық мүдде тұрады. Бірақ біз әлеуметтік-экономикалық проблемаларды түсіну мен саяси жүйені сынаудың арасы алыс емес екенін түсінуіміз керек. Бірақ мен басқаша айтар едім. Қаңтар оқиғасы бойынша, Қазақстан үшін осындай жастардың қалғанынан гөрі кетіп қалғаны қауіпсіз болуы мүмкін. Өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі жоқ жастардың көп жиналуы біздің қауіпсіздігіміз үшін жастардың шетелге кетуіне қарағанда әлдеқайда үлкен қауіп төндіруі мүмкін» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

### Көші-қонға бейім жастар топтары

Көші-қон қозғалыстары белгілі бір шығын талап ететінін ескере отырып, кететін жастар көбінесе халықтың ауқатты, сонымен қатар жақсы білімі және белгілі бір бөлігінде жұмыс тәжірибесі бар топтар қатарына жатады.

*«Көші-қон үшін белгілі бір ресурс қажет. Билетке ақша керек, виза алу керек, бастапқы күндерге ақша керек, тағысын тағы... Сондықтан сіз «қай жастар кетіп жатыр» деп сұрадыңыз, білімі бар, жұмыс тәжірибесі бар және басқа елде тұру үшін қандай да бір минималды деңгейде қаржылық қоры барлар кетіп жатыр» (этнодемографиялық процестер бойынша сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, директордың орынбасары Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты).*

*«Бірақ тағы да мұның бәрі жеке жағдай. Бізде жиі еңбек көші-қонына, негізі тұрақты тұру көші-қонына жеткілікті түрде жоғары қамтамасыз етілген адамдар барады. Міне, парадокс мынада: Қазақстанда айтарлықтай жоғары табысы бар адамдар жақсы және үлкен нәрсе іздейді. Олар Қазақстанға қарағанда дамыған елдерге кетеді, бұл ретте жеткілікті ақшасы бар. Егер сізде жеткілікті ақша болмаса, сіз басқа елге қоныс аудара алмайсыз, ол жерде күн көре алмайсыз. Сондықтан, иә, бір нәрсе қанағаттандырмаса, адамдар Қазақстаннан көшіп кетеді. Бірақ бұл сондай бір бұқаралық наразылық дегенді білдірмейді. Мен алаңға шығып, митинг өткізгім келмейді, жай кетіп қаламын. Мұның бәрі өте жеке жағдай және әртүрлі фактордың жиынтығы эмигранттардың әртүрлі санатына әрқалай әсер етеді» (халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).*

Көші-қон көңіл-күйінің негізгі тасымалдаушылары туғаннан бастап қалада тұратын жастар бола бермейді. Көбінесе қалаларда тұратын ауылдық жерлерден келген мигранттар одан әрі қоныс аударғысы келеді, өйткені психологиялық тұрғыдан олар тұрғылықты жерді өзгерту деген не екенін біледі және өзгерістен қорықпайды. Этностық тұрғыдан алғанда, Қазақстаннан кетуге деген көңіл-күй қазақ емес этностарда да, қазақ жастары арасында да байқалады.

*«Міне, бір жыл бұрын мен өзім Қазақстанның ірі қалаларында, еліміздің түрлі өңірінде көші-қон көңіл-күйі бойынша зерттеу жүргіздім. Дәл қазір жастардың жартысынан көбі – бұл өзі тұратын қалада тұмаған жастар, олар басқа жерден көшіп келген. Яғни, олар іс жүзінде мигранттар. Қоныс аударғандар үшін одан әрі алға қозғала беру оңайырақ. Ол көші-қон деген не екенін сынап көрді, ал енді тұрғылықты жерін өзгерту олар үшін шетелге кету мүмкіндігі туралы да ойлай береді. Себебі оларда өмірін өзгерту тәжірибесі бар. Айтпақшы, бұл маңызды*



психологиялық сәт» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).

## 2. Көші-қон процестерінің жағдайы мен перспективасын бағалау

### 2.1 Ішкі көші-қон жағдайы

Сарапшының пікірінше, сыртқы көші-қонға қарағанда ішкі көші-қон процесі, атап айтқанда жастардың ауылдық жерлерден қалаларға кетуі үлкен алаңдаушылық тудырады. Сонымен қатар халықтың қартаюы немесе үмітсіз болып жатқан елді мекендердің бұзылуы орын алады. Жастар жақсы жағдай іздеп кетеді, өйткені ауыл жағдайында өздерін таба алмай, өз әлеуетін іске асыра алмайды.

*«Бізде жастардың аудан орталықтарынан, ауылдардан, шағын қалалардан кететіні туралы мәселе аса өткір болуға тиіс. Меніңше, бұл шетелде оқу көші-қонынан әрі өзекті мәселе. Себебі бізде іс жүзінде көптеген өңір бар. Олар перспективасыз қалуда. Ол жерлерде ата-аналар мен ата-әжелер қалады, яғни 45 жастан асқандардың дені сонда қалады. Содан кейін біз ауылда 2-3 үй қалып, ауыл босап қалуы мүмкін жағдайға тап боламыз. Жастар ол жаққа оралғысы келмейді, өйткені олар ол жерде өз болашағын көрмейді» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).*

Зерттеу деректеріне сүйене отырып, сарапшы Шығыс Қазақстан облысы сияқты өңір үшін кейінгі он жылда өңірдің шекаралық жағдайына қарамастан сыртқы көші-қонға қарағанда ішкі көші-қонға баса назар аудару неғұрлым сипатты болып табылатынын атап өтті. Өңір жастары жоғары ұтқырлықпен ерекшеленеді. Сарапшы жастардың ауылдық жерлерден және шағын қалалардан бастап облыс орталығына, одан әрі не Қазақстанның ірі қалаларына, не шетелге, көбінесе Ресейге географиялық орын ауыстыруының қалыптасқан схемасы туралы айтады.

*«Көші-қон әлі де ішкі сипатқа ие. Бірінші кезекте, әзірше. Қазіргі уақытта, кейінгі онжылдықта, мен негізгі екпін көші-қон деп айтар едім, ол біз шекара маңы өңір екенімізге қарамастан, ішкі көші-қонға қатысты. Әсіресе жастарға қатысты. Жастар өте ұтқыр, өте мобильді. Алдын бізде нақты алгоритм, нақты схема бар деп айтқан едім. Ауылдық жерлерден, шағын қалалардан облыс орталығына, ал облыс орталығынан ары қарай кетіп жатыр. Не астаналарға: Алматы, Нұр-Сұлтан, не Қазақстаннан тыс жерлерге» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

### 2.2 Сыртқы көші-қонның бағыттары

#### Шекара маңындағы көші-қон Ресей Федерациясына көшу

Шекара маңындағы облыстарда жастардың көші-қон ағындарының барынша қарқындылығы Ресей Федерациясына қарай екені байқалады.

Біріншіден, Ресей Федерациясына, негізінен аумақтық жақын орналасқан ірі қалаларға: Омбы, Томск, Орынбор, Новосібір, Челябин және басқаларға қарай оқу көші-қоны танымал. Қазақстанның шекара маңындағы облыстарында ресейлік өңірлермен тарихи қарым-қатынас қалыптасқан. Көші-қон ниетіне ресейлік жоғары оқу орындарының жақын орналасуы, сондай-ақ қазақстандық студенттер үшін ресейлік жоғары оқу орындарында білім алу тегін болғаны әсер етеді.

Сарапшының пікірінше, шекара маңы өңірлердегі үлкен көші-қон ағыны туралы мәлімдеме өте асыра айтылған. Керісінше, жас көші-қоны сияқты құбылыс туралы

айтуға болады<sup>23</sup>. Сарапшы атап өткендей, жүргізілген зерттеулер ресейлік бағыттың қажеттілігіне қарамастан, Ресей Федерациясындағы оқу көші-қоны көбінесе қайтарымды екен. Егер бұрын, 2008 жылға дейін (экономикалық дағдарысқа дейін) кетіп бара жатқан жастардың көпшілігі жақсы табыс табу, тиімді шарттармен тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі болғандықтан Ресейде қалса, 2008 жылдан кейін жағдай түбегейлі өзгеріп, 2014 жылдан бастап қайту процесі басталды. 2018-2019 жылдар мигранттардың Ресейде қалуға деген ұмтылысын тағы да көрсетті. Пандемияның басталуы бұл жағдайды қазақстандықтардың қайтатын көші-қонның өсуіне қарай өзгертті.

*«Сонымен, жақсы оқу орындары өте жақын, олар да өздерін көрсете алды. Бұл Новосібір аймағында, Томск аймағында, Челябин облысында. Тиісінше, орыстілді балалар көбінесе осы университеттерге түсуге бағытталған. Мен қазір қалай екенін білмеймін, бірақ 2020 жылға дейін қазақстандық студенттер үшін оқу тегін болды. Бұл фактор өте қатты әсер етті, өйткені біздің қазақстандық жоғары оқу орындарымызда грантқа түсе алмаған балалар Ресей Федерациясына барды және сол жерде ресейлік жоғары оқу орындарына гранттарға түсіп, сонда тегін оқыды. Бірақ бұл студенттерге қатысты» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).*

*«Сіз білесіз бе, шекара маңы облыстарды өте үлкен көші-қон ағымы бар деген – миф. Бұл қайтатын көші-қон. Олар оқуға кетіп, жұмыс істеуге кетіп, кейіннен қайтып келеді. Бұл біз ойлағандай классикалық көші-қон емес» (Орталық Азия елдері мен Қытайдағы көші-қон жөніндегі сарапшы, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор).*

Екіншіден, Ресей Федерациясындағы көші-қон ағындарына этностық фактор жоғары дәрежеде әсер етеді. Сондықтан көшіп-қонушылар ағыны негізінен этностық құрылымында орыс халқының пайызы салыстырмалы түрде жоғары облыстардан байқалады: Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстары. Сарапшының пікірінше, РФ-да Шығыс Қазақстан облысының жастары үшін тартымды аймақтар – көбінесе Сібір, Алтай өңірлері.

Сонымен қатар Ресей Федерациясына оқуға тек этностық орыстар ғана емес, қазақ жастары да, басқа этнос өкілдері де барады.

*«Бұл көбіне Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстары. Бірақ мұнда негізгі факторлардың бірі этностық фактор болып саналады. Себебі бұл қазақ емес халықтың үлесі жоғары облыстар, әзірше жоғары емес. Міне, дәл осы қазақ емес халықтың эмиграциясы жүріп жатыр. Негізгі бағыт – бұл Ресей Федерациясы. Бұл облыстар көршілес Ресей облыстарымен тарихи қарым-қатынаста дамыған» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).*

*«Оқыту мақсатында балалар солтүстікке көбірек баратын шығар. Онда тек этностық орыстар, славяндар ғана емес, этностық қазақтар да бар. Бірақ тағы да, бұл ақпанға дейін болды. Қазір жастар орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орындарына белсенді түрде қабылданады. Мен ЖОО қызметкері ретінде біз бірлескен іс-шараларға, тіпті қанша талапкерге емес, студенттерге көп өтінім алатынымызды атап өтуім керек, бірақ қызығушылық соншалықты үлкен емес, бұрынғыдай емес» (сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы).*

<sup>23</sup> Қайтып оралатын мигранттар – «басқа елде халықаралық мигрант (қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді) болғаннан кейін азаматтық еліне оралған және өз елінде кемінде бір жыл қалуға ниет білдірген адамдар». Дереккөз: Выдержки из заключительного доклада о работе Целевой группы по измерению круговой миграции – определение и измерение круговой миграции. Б.5. Қол жеткізу режимі: [https://unece.org/fileadmin/DAM/stats/documents/ece/ces/2016/mtg/CES\\_2016\\_3-1602195R.pdf](https://unece.org/fileadmin/DAM/stats/documents/ece/ces/2016/mtg/CES_2016_3-1602195R.pdf)

Сарапшының пікірінше, көбінесе еңбек нарығында өзінің бәсекеге қабілеттілігін сезінетін, өзінің кәсіби әлеуетін дамыту үшін амбициясы бар, жоғары нәтижелерге ұмтылатын жастар шығады.

*«Қандай жастар? Өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылған, өзінің бәсекеге қабілеттілігін сезінетін және оны одан әрі дамытқысы келетін өршіл жастар. Яғни, қазір және осы жерде не бар екеніне көңілі толмайтын адам» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

### Орталық Азия елдеріне және Қытайға көшу

Сарапшының пікірінше, шекара маңы көші-қоны негізінен Ресейге кетуге қатысты. Өзбекстан немесе Қырғызстан сияқты елдерге көші-қон тренд ретінде қалыптаспаған. Жастардың Қытайға кетуі – көбінесе кейін елге қайтатын оқу көші-қоны.

*«Мысалы, бізде Өзбекстан мен Қырғызстанға көшу үрдісі жоқ, бірақ бұл да көрші елдер. Қытайға бармайды. Қытай – бұл тек оқу көші-қоны, содан кейін, қазір визаларды қатайту тіпті оқу көші-қонына да әсер етті, әсіресе пандемия кезінде және пандемиядан кейін. Сондықтан шекара маңы тренді тек Ресеймен шекаралас өңірлерге тән» (этнодемографиялық процестер бойынша сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).*

### Алыс шетелге көшу

#### Түркия, Оңтүстік Корея, БАӘ-ге көшу

Сыртқы көші-қонның басқа бағыттары танымал бола бастады. Сарапшының пікірінше, этностық фактор белгілі бір бағыттың сұранысында рөл атқарады. Сарапшы атап өткендей, қазақ жастары да, қазақ емес жастар да шетелге белсенді шығып жатыр. Жас қазақтар үшін Түркия, сирек – Оңтүстік Корея, тіпті сирек – БАӘ танымал бағыт болып келеді. Түркия мәдени, діни, тілдік жақындыққа байланысты тартымды.

Қазақ емес ұлт жастары арасында екі негізгі бағыт бар – Ресей Федерациясы және Еуропа елдері, сирек – АҚШ және Канада.

Сондай-ақ көші-қон көңіл-күйіне шыққан өңірі әсер етуі мүмкін. Сарапшының пікірінше, Нұр-Сұлтан қаласында тұратын жастар көбінесе Батыс Еуропа елдеріне, Алматы қаласындағылар Түркияға қоныс аударуды қарастырады.

Сарапшының пікірінше, өткен жылдары Алматы қаласы мен Алматы облысынан жастардың көші-қонының негізгі бағыттары бірінші кезекте РФ-ға, сондай-ақ Қытай мен Түркияға, халықтың неғұрлым ауқатты бөлігі арасында ЕО, АҚШ елдері болды.

*«Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша Түркия ең танымал бағыт болып табылады деп айта аламын. Бірақ, айтпақшы, егер бізде полиэтностық жастар бар деп айтатын болсақ, онда қазақ жастары да ұтқыр, қазақ емес жастарға қарағанда шет елге жиі қарайды. Олардың векторлары сәл өзгеше. Қазақ жастары Түркияға бағытталған. Түркияға, кейде Оңтүстік Кореяға, ал Араб Әмірліктеріне тіпті аз қарайды. Түркия мәдени жақындыққа, діни жақындыққа, тілдік жақындыққа байланысты біздің балаларымыз үшін өте тартымды. Қазақ емес балалар әр түрлі бағытта қарайды. Онда мен оларды екі үлкен топқа бөлер едім. Ресей Федерациясына қарайтын топ және мүлдем басқа топ – бұл бірінші кезекте Еуропа елдеріне қарайтындар. Екінші кезекте, АҚШ пен Канада. Бірақ*

бұл аз дәрежеде. Көп жағдайда Еуроодақ елдеріне тартылуда. Олар қалай ерекшеленеді? Неге бұлай болады? Мысалы, Нұр-Сұлтанға Батыс Еуропаға қарайтындар көп, Алматыда Түркияға қарайтындар көп» (сарапшы, **әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО**).

«Алматы, Алматы облысы, әрине, кейінгі жылдары, егер біз оқу туралы айтатын болсақ, алдыңғы жылдары Ресей Федерациясы үздік елдер қатарына кірді – бұл бірінші орын. Бұл Қытай, бұл Түркия. Әрине, егер біз халықтың белгілі бір бөлігі туралы айтатын болсақ, онда бұл әрқашан Еуропалық Одақ елдері, бұл АҚШ» (сарапшы, **халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы**).

### АҚШ, Канада және Еуропа елдеріне көшу

Қазақстандықтардың АҚШ-тағы сервис саласындағы біліктілігі орташа және төмен сегменттегі еңбек көші-қоны тренді атап өтілуде. Сондай-ақ мұнда адамдардың өз құқығы қорғалуына, сыбайлас жемқорлықтың болмауына деген сенімі тартымды фактор болады. Еуропа елдеріне көші-қон бағыттары да сұранысқа ие болып отыр.

«Бірақ, әрине, кейінгі жылдары АҚШ-та, негізінен сервисте жұмыс істеу үрдісі байқалады. Яғни, біз әлі де біліктілігі орташа және төмен мигранттар туралы айтып отырмыз» (сарапшы, **халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы**).

«Менің ойымша, Шығыс Еуропа емес, Батыс Еуропа сияқты Еуропаның тартымды елдері бар. Бұл Германия, Франция, Англия, Италия және Испания болуы мүмкін. АҚШ пен Канада да танымал» (сарапшы, **әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ**).

«Яғни, Солтүстік Америка елдеріне көшкен адамдардың сол жердегі өмірі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қаншалықты жаман болса да, олар сол нәрсеге келіседі, сол жерде кез-келген жағдайда олардың құқығы мен бостандығы көбірек және жақсы қорғалады және қандай да бір шындыққа қол жеткізе алады. Онда Қазақстанмен салыстырғанда сыбайлас жемқорлық кең таралмаған, ал бұл Қазақстанда солардың наразылығын тудырған еді» (сарапшы, **әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ**).

### Тарихи отанына оралу факторы

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың көпшілігінің пікірінше, тарихи отанына оралу, отбасымен бірігу факторы бүгінде жастардың көші-қон көңіл-күйінде басым емес. Бұл мүмкіндікті өткен жылдары, «темір перде» ашылғаннан кейін пайдаланғысы келетіндердің бәрі пайдаланды. Өткен үш онжылдықта этностық орыстардың, немістердің, чехтердің, поляктардың және басқа ұлт өкілдерінің едәуір бөлігі Қазақстаннан кетіп қалды. Бүгінгі таңда тарихи отанына кету ниеті жастардың өзіне емес, ата-аналарына тән. Тарихи отанына қайта оралу көбінесе ресми себеп саналады, ал нақты себебі – бұл жақсырақ әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктері бар елге кету ниеті.

«Мен былай жауап берер едім, кеткісі келгендердің бәрі кейінгі 25 жылда кетіп қалды. Мен оны сенімді түрде айта аламын. Адамдар... этностық немістер, чехтер, поляктар, олардың саны өте аз, тіпті этностық орыс топтары да азайды. 2015 жылдың нәтижесі бойынша, егер қателеспесем, екінші үлкен топ бізде этностық өзбектер болды. Ал орыстар, славяндар үшінші орында болды. Қазір, әрине, бұл өзекті емес деп санаймын» (сарапшы, **халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы**).

«Бүгінгі жастар үшін бұл аса өзекті емес. Бұл олардың ата-анасының басында қалған идея, егер олар кеткісі келсе, қандай да бір себептермен кетпеген. Менің ойымша, 90-шы жылдарды бастан өткерген, Кеңес Одағының ыдыраған және Қазақстанда қалған адамдардың көпшілігі үшін – мен қазақ емес адамдарды айтамын – солар үшін бұл идеяның өзектілігі азайды, бірақ ол толығымен жоқ болып кетті деп айтуға болмайды. Бірақ, білесіз бе, менің ойымша, бұл ұғым – тарихи отанмен қайта қауышу деген ұран, клише. Керісінше, оның артында экономикалық және әлеуметтік шыңдалу үшін үлкен мүмкіндіктері бар орын табуға деген ұмтылыс жатыр. Менің ойымша, бұл жерде ешқандай саясат жоқ. Жағдай мүлдем өзгеше» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).

### Қазақстанға көшіп келу

Қазақстан кейінгі уақытқа дейін шығу елінен гөрі қабылдаушы ел болып келді. Жағдай өзгеруде, бірақ мигранттардың ағыны (негізінен еңбек) жалғасуда. Қазақстанға негізінен Орталық Азиядағы шекаралас елдерінің – көбінесе Өзбекстаннан, сондай-ақ Қырғызстаннан азаматтар келеді. Қытай мен Моңғолиядан да көші-қон бар. Жақында Ресейден мигранттар келе бастады.

«Бірақ, сонымен бірге, өзіңіз білетіндей, мүмкін, осыған байланысты болсын-болмасын, әңгімеміздің тақырыбы болсын-болмасын, керісінше, бізге негізінен қандастар келеді, яғни Өзбекстаннан, Қырғызстаннан этностық қазақтар көп келеді, онда олар онша көп емес. Негізінен Өзбекстаннан және қазір Қытайдан көп адам келеді. Моңғолиядан қазір аз келеді, алғашқы жылдары үлкен ағым Моңғолиядан болған сияқты деп айтуға болады. Бірақ олар Ресейден де келеді. Олармен салыстырғанда көп емес... шамамен 80% Өзбекстаннан, қалған елдерден келеді» (ҚР ІІМ Көші-қон процестерін мониторингілеу және талдау саласындағы сарапшы).

### 2.3 Сыртқы көші-қонның болжамды тенденциялары

Жалпы, Қазақстаннан шығатын көші-қон ағындарын сарапшылар елдің халық санының өсуі аясында елеулі деп бағаламайды. Сондай-ақ Қазақстанға бағытталған көші-қон, оның ішінде қайтатын көші-қон да орын алуда.

«...Менің ойымша, бұл мәселе кейде бізге көрсетілгендей өткір емес. Бұл тікелей көші-қон сияқты. Тоқсан сайын біз кейінгі үш айда 12 мың адам кетіп бара жатқанын айтып, дабыл қағамыз. Содан кейін, міне, кейінгі үш айда бізде 20 мың адам кетті және т.б. егер сіз бұл санды бөлек қарасаңыз, онда ол қорқынышты болып көрінеді, ол өте үлкен, міне 36 мың кетті. Бірақ, егер біз деректерге тұтастай қарайтын болсақ, онда бұл халыққа ешқандай әсер етпегенін көреміз. Бізде бәрібір өсім бар, Қазақстанда халық саны өсуде. Эмиграциядан басқа, бізде иммиграция бар. Яғни бізге де келеді. Әрине, әлдеқайда аз, бірақ соған қарамастан келіп жатыр» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).

«Мен шекарада мұндай үлкен ағын бар деп айтпас едім. Статистика мұны, шынын айтқанда, біздің зерттеулеріміз бойынша растамайды» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).

Сарапшы кейінгі үш жылдағы (2020-2022 жж.) оқиғалар дәстүрлі динамиканы, көші-қон процестерінде қалыптасқан трендтерді бұзғанын, сондықтан жағдайдың қалай дамидынын дәл болжау қиын екенін атап өтті. 2020-2021 жж. жағдайға – COVID-19 пандемиясының факторы, 2022 жылы – Ресей-Украина әскери

қақтығысы, сондай-ақ Қазақстандағы «қаңтар» оқиғасы әсер етті. Болжаудың қиындығы сонымен қатар жақын болашақта оқиғалардың қалай дамидыны, олардың жекелеген елдер үшін де, жаһандық ауқымда да қандай саяси, экономикалық, әлеуметтік салдары болатыны анық емес.

Сарапшылардың пікірінше, пандемиялық шектеулер жеңілдегеннен кейін дәстүрлі бағыттар бойынша – бірінші кезекте Ресейге, сирек жағдайда Түркияға, Қытайға, БАӘ-ге, Еуропалық Одақ елдеріне, АҚШ-қа жастардың көші-қоны жанданады (2020-2021 жж. көрсеткіштерімен салыстырғанда). Көші-қонға кейінге қалдырылған сұраныс қайтарылады.

Сонымен бірге сарапшылар көші-қон ағындарының бағыты мен қарқынын өте тез өзгерте алатын ауқымды саяси оқиғалар факторының әсерін атап өтті. Атап айтқанда, пандемияға дейінгі кезеңде бекітілген ағындармен салыстырғанда Ресей Федерациясындағы көші-қон қарқынының төмендеуін болжауға болады. Бұл геосаяси жағдайға, ең алдымен Ресейге салынған экономикалық санкцияларға, соның ішінде білім мен ғылымға қатысты.

Сарапшының пайымдауынша, Ресей Федерациясына көшуге ниет білдіргендердің ішінде шамамен 70-80% бұл бағыттан бас тартады. Бұл Қазақстанның солтүстік шекара маңы облыстарына тән болады.

Сонымен бірге көші-қонға ниеті бар жастар әлі де басқа елге кетуге тырысады. Кейбір сарапшы Ресейге қарсы санкциялар қазақстандық жастардың Қытай мен Түркияға қоныс аудару ниетін күшейтеді деп болжап отыр.

*«Қазір көші-қон үрдістерінің өзгеруі туралы бір нәрсе деу қиын, өйткені 2020 және 2021 жылдар дәстүрлі емес жылдар, олар барлық қалыпты динамиканы, қалыптасқан трендтерді бұзды. Біз осы 2022 жылы Ресейдің Украинадағы әскери қимылдары басталған соң не болатынын көруіміз керек, Ресейден эмиграция күрт өсті, оның ішінде Қазақстанға қарай да... осы жылды (кейінгі жылдардағыдай) 2020 және 2021 жылдармен, ал соларды 2018-2019 жылдармен, сондай-ақ таяу және алыс шетелдер бөлінісінде салыстыру қажет. Содан кейін белгілі бір трендтер туралы айтуға болады» (сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РҒА ХБИ Көші-қон зерттеулері орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қон жөніндегі зерттеу кеңесінің мүшесі).*

*«Менің ойымша, жастардың көшіп келуге деген ықыласы сақталып, арта түседі. Себебі, негізінен, COVID-19 пандемиясымен байланысты шектеулер жеңілдеді немесе біз бейімделдік. Жастар қазір вакцина жасап жатыр. Олардың төлқұжаты бар, яғни бұл енді кедергі емес. Барлық кейінге қалдырылған көші-қон көңіл-күйі қайтадан оралады. Көші-қон дәстүрлі бағыттар бойынша жүргізілетін болады. Бұл Түркия, Қытай, Ресей Федерациясы, БАӘ, Еуропалық Одақ елдері, АҚШ, менің ойымша, білім алу саласында» (сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы).*

*«Мен Ресей Федерациясы векторы өте маңызды өзгерістен өтті деп санаймын. Бұл санкцияларға байланысты, өкінішке қарай, олар Ресей Федерациясының барлық саласын қамтыды. Атап айтқанда, білім және ғылым... векторлар енді Қытайға, Түркияға бағытталған. Менің ойымша, олар сақталады, тіпті санкцияларды енгізу және белсенді пайдалану салдарынан күшейе түсуі мүмкін. Бірақ, мен атап өткендей, Ресей Федерациясына бағытталған көші-қон көңіл-күйінің 70-80% қайта қаралады деп санаймын» (сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы).*

*«Сонымен, менің ойымша, қазір Ресей Федерациясына ағым аздап төмендейді, бірақ ол әлі де басым болады. Адамдар Қытайға оқуға кетеді, өйткені студенттер үшін жақсы жағдайлар бар» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).*

«Бұл жерде мен ешқандай жолмен есептей алмайтын тағы бір фактор бар – бұл саяси оқиғалар. Яғни, қазір өзіңіз түсінесіз, оқиғалар өте тез, кенет, жиі болып жатыр. Бұған дейін эмиграция үшін қолайлы деп саналған аймақтар күрт шиеленіс ошағына айналуы мүмкін және жастар ондай жерге бармайтыны түсінікті. Олар сол жаққа бармаса, онда олар басқа жерге барады. Шешінген судан тайынбас дегендей, олар басқа нұсқаны, басқа бағытты іздейді. Сондықтан мен жақын арада Ресейге көші-қон қарқынының төмендеуін болжаймын» **(сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).**

«Қазір бір нәрсе деп болжау қиын, өйткені жаһандық мәселелер бар – бұл созылыңқы пандемия, елдердің ішкі нарығын қорғау мәселелері, қауіпсіздік мәселелері және т.б. Сондықтан кез-келген уақытта жағдай кез-келген бағытта өзгеруі мүмкін. Бірақ, менің ойымша, Қазақстандағы көші-қон процестері тоқтап қалуы екіталай. Мүмкін қарқыны аздап төмендер? Бірақ оқу көші-қоны мен еңбек көші-қоны жалғасатын болады» **(этнодемографиялық процестер жөніндегі сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).**

Сарапшының пікірінше, Қазақстандағы экономикалық жағдайға теріс әсер етуі мүмкін Украина мен Ресей арасындағы әскери қақтығыстың салдарынан жағдай нашарлаған жағдайда, жастардың жақсы өмірлік перспективаларды іздеуде Қазақстаннан кету тенденциясын күтуге болады. Екінші жағынан, Ресейге этностық орыстардың ағымы төмендейді.

Сонымен қатар сарапшылардың айтуынша, қазір кері процесті байқауға болады – Қазақстанға Ресей азаматтарының едәуір бөлігі уақытша эмигранттар ретінде келеді. Сарапшының пікірінше, себептер әртүрлі: саяси наразылық, қауіпсіздік іздеу, әскерге шақыру жасындағы жастар бар отбасыларда әскери жұмылдырудан аулақ болуға деген ұмтылыс, өз күшін, білімін, машықтарын қолданудың жаңа мүмкіндіктерін іздеу, шындалу мүмкіндіктерін кеңейту.

«Менің ойымша, қазір осындай үрдіс бар және ол тіпті артуы мүмкін. Бұл Қазақстандағы экономикалық жағдайға байланысты болады. Егер Ресейде жағдай одан әрі нашарлай берсе және біз Украинадағы соғыстан рикошетке түсетін болсақ, онда бұл біздің экономикамызға қатты әсер етеді, өйткені біз Ресеймен экономикалық тұрғыдан байланыстымыз. Нәтижесінде кетуге деген ықылас та артады. Егер адамдар өзінің талантын іске асыруда, өзінің кәсіби қызметінде перспективаларды көрмесе, менің ойымша, иммиграция өсетін болады» **(сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).**

«Этностық орыстар қазір Ресейге кетуге асықпайтын шығар. Мүмкін Ресейге иммиграция ағымы қазіргі геосаяси жағдайға байланысты төмендеуі мүмкін. Біз қазір Ресейден Қазақстанға келген этностық орыстардың үлкен ағымын байқап отырмыз. Бірақ басқа елдерге иммиграция жасау ұлғаюы мүмкін» **(сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).**

ЕО және АҚШ елдеріне көші-қон ағынының көлемі сақталады. Жалпы, Солтүстік Америка мен Еуропа елдеріне мигранттар ағыны әлеуетті эмигранттардың қамтамасыз етілу деңгейіне байланысты болады. АҚШ, Канада, Ұлыбритания – ниет білдірушілердің көпшілігі үшін қымбат бағыт, сондықтан жақын арада бұл бағытта жастардың жаппай кетуі күтілмейді. Сарапшының айтуынша, зерттеулерге сәйкес, 14 жастан 24 жасқа дейінгі жас тобы бұл елдерге бару ниетін жиі білдіреді. Мүмкін, егер осы топтың бір бөлігі өз ниетін жүзеге асырса, онда осы бағыттағы мигранттар ағыны біршама артады. Сондай-ақ осы бағытта, жоғарыда айтылғандай, қызмет көрсету саласындағы орташа және төмен білікті жұмыс

сегментінде еңбек көші-қонының тренді байқалды, онда көшу және жұмысқа орналасу бұрын көшіп келген отандастар арасындағы қауымдастық жеңілдетеді.

Сарапшының пікірінше, Франция, Германия, Италия, Чехия және басқалары сияқты бірқатар еуропалық елге мигранттар ағынының көбею ықтималдығы бар, егер олар тегін білім алу бағдарламаларын жалғастырса, сондай-ақ геосаяси жағдай жақсарып, Украина мен Ресей арасындағы соғыс аяқталған жағдайда жалғаса бермек. Швеция, Финляндия сияқты скандинав елдеріне көші-қон ағындары пайда болуы мүмкін.

Сарапшының пікірінше, жас мигранттарды тарту саясатын халық құрылымында жастар жетіспейтін елдер қолданады – бұл көбінесе Еуропа елдері.

Сонымен бірге пандемия кейбір қабылдаушы елдің көші-қон саясатының өзгеруіне әкелді. Мысалы, Германия мигранттар ағынын қысқартты, оларға қойылатын талаптарды күшейтті.

*«Еуропалық бөлігінде, менің ойымша, мұнда бәрі қаржыға байланысты. Дегенмен сол жаққа қарай ағын тікелей артатындай біздің әл-ауқатымыз соншалықты жоғары емес. Бұл батыс елдеріне қатысты. Мысалы, Англия, Францияға, Германияға, Италияға болса, тіл білу арқылы тегін білім алуға мүмкіндік беретін бағдарламалар жұмыс істейді. Менің ойымша, бұл әлі де қолданылады. Мүмкін, Еуропалық бағыттар артар. Бірақ Шығыс Еуропаға қатысты не боларын қазір білмеймін. Егер Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс аяқталса, менің ойымша, Еуропаға ағын әлі де артады. Себебі қазірдің өзінде көптеген адам осында қалуға шешім қабылдаса да, андағы шетелдік университеттерге түскен жастар бар және олар сол жерге бару мүмкіндігін күтуде, яғни, ол бағыт танымалдылығын жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар, білесеніз, қазір Скандинавия елдеріне деген бағыт та жұмыс қарқындауда. Швеция, Финляндия, ең алдымен. АҚШ пен Канадаға келетін болсақ, бұл өте тартымды бағыттар, бірақ қазір біз үшін қымбат. Онда тек санаулы адам кете алады» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).*

*«Бірақ Еуропалық Одақ елдеріне, Америка Құрама Штаттарына қатысты олай болмайтын шығар. Яғни, жастар арасында АҚШ-қа және Еуропалық Одақ елдеріне немесе Канадаға барғысы келетіндердің өте үлкен пайызы бар. Айтпақшы, бұл 14 жастан 24 жасқа дейінгі жастар арасында жоғары, ал 25 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарда сәл төмен. Яғни, болашақта, егер жастар қазір өз ниетін білдірсе, олар мектепті бітіріп, кеткілері келеді. Иә, Америка Құрама Штаттары мен Еуропалық Одақ елдеріне көші-қонның өсу тенденциясы болады. Иә, олар Оңтүстік-Шығыс Азияға да барғысы келетін шығар. Жаңа бағыт – Сингапур, Корея» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).*

*«Білесіз бе, бұл жерде әлі жас құрылымы, жастар тапшылығы сияқты факторлар бар, онда жастар саны Қазақстанға қарағанда аз. Мұнда демографиялық фактор болуы мүмкін, өз жастары Қазақстанға қарағанда аз. Осылай болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, осындай жас құрылымы бар Батыс Еуропа елдеріне қатысты» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

Сарапшының пікірінше, көші-қон қарқынының өсуі жаһандық тренд саналады және Ресей-Украина қақтығысы, сондай-ақ пандемия түріндегі геосаяси факторлардың уақытша әсеріне қарамастан, бұл үрдіс одан әрі артады. Бұл ретте елден шығу, сондай-ақ елге, бірінші кезекте шектес мемлекеттерден: Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Қырғызстаннан сыртқы мигранттардың кіруі де өсетін болады.

Оңтүстік-Шығыс Азия аймағынан – Қытай, Филиппин, Бангладештен еңбек мигранттарының ағыны күтілуде.



«Адам қай жерде жақсы екенін іздейді және әр адам өзінің көзқарасы мен мақсаттарын басшылыққа алады, сондықтан ол өз елінен кетеді. Не көп ақша табу үшін, не шыңдалу үшін, не ыңғайлы жағдайда өмір сүрі үшін. Сондықтан көші-қон өседі деп ойлаймын. Бұл жаһандық тренд, ол жыл сайын көбірек адам көші-қонға берілетінін, тіпті жеткілікті дамған елдерден де кететінін көрсетеді. Шын мәнінде, сондықтан, менің ойымша, бұл жерде еңбек және оқу көші-қон процесі өсетін болады. Бірақ бұл ретте біз дәл осындай үдерісті Қазақстанмен шектес басқа елдерден алатын боламыз. Дәл сол Тәжікстаннан, мысалы, Өзбекстаннан немесе Қырғызстаннан Қазақстанға қарай дегендей» **(халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).**

«Бізге кім келеді? Еңбек эмигранттары көрші елдерден, өңірлерден болады. Оңтүстік-Шығыс Азиядан – Қытай, Филиппин, Бангладештен бағытталған трендтер де бар» **(сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы).**

Сарапшы пандемия ерікті де, мәжбүрлі де (шекаралардың жабылуына байланысты) қайтатын көші-қон трендін белгілегенін айтады. Қазақстан қайтып оралған жастарды қазақстандық жоғары оқу орындарына қайтаруға және бекітуге қолайлы саясат жүргізе бастады.

«Пандемия басталған кезде, ол ерікті, дәлірек айтқанда, мәжбүрлі түрде ерікті көші-қон трендін анықтады. Яғни, карантинге байланысты шекаралар жабылып, студенттер екінші семестрде университеттеріне орала алмады. Сонымен бірге Қазақстан жіберуші ел ретінде, мысалы, Өзбекстан жіберуші ел ретінде жастарды өз университеттеріне қайтару, қайтуына жағдай жасау және шоғырландыру саясатын бастады. Өйткені ешкім жас студенттер мен болашақ мамандардан айрылғысы келмейді. Сондықтан мәжбүрлі және белгіленген тренд – бұл студенттердің кетуі азайғаны, өйткені көбісі пандемия кезінде ҚР-да қалды, ал кейбіреуі Мәскеу және басқа да ресейлік жоғары оқу орындарынан және америкалық ЖОО қоса алғанда, шетелдік университеттерден ауысып келді. Бұл академиялық ұтқырлыққа да әсер етті: мысалы, болашақтықтардың бір бөлігі оралып, онлайн оқыды немесе осында бітірді» **(сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РФА ХБИ Көші-қон зерттеулер орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қон жөніндегі зерттеу кеңесінің мүшесі).**

### Көші-қонның демографиялық факторлары

2003 жылдан кейін туған ұрпақтың еңбекке қабілетті жасына енуі (2000 жылдардың басындағы беби-бум балалары) еңбек нарығында қысымның жоғарылауына әкеледі дейді сарапшы. Жақсы перспективалар және кәсіби іске асыру мүмкіндіктері бар тұрақты (маусымдық емес) жұмыс орындары үшін бәсекелестік артады. Эмиграция артуы мүмкін, өйткені жастардың кетуі жоғары талаптар мен кәсіби амбициясы бар жас кадрларды жұмысқа тұрғызу мүмкіндіктерін іздеуге түрткі болады.

«Әрине, демографияға әлі де қарау керек. Қазір түсетін балалар – бұл 2005-2006 жылы туған балалар. Шамамен 2003 жылдан бастап бізде туу деңгейі көтеріле бастады. Жалпы, қазір бізде жастар саны өте көп, сәйкесінше мектептен көп түлек шығады. Осындай жұмыспен қамту мәселесін шешудің нәтижесі эмиграция болуы мүмкін. Елде өз орнын таба алмайтын және шетелде, жұмыс күші жетіспейтін елдерде іздейтін жастар өте көп. Мүмкін, бұл себеп эмиграцияның жоғарылауына себеп болуы мүмкін. Олар бұл жерден орын таба алмайды» **(сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).**

Сарапшылардың айтуынша, көші-қон процестерінде бұрын анықталған трендтер аясында қазір енді ғана белгілене бастаған үрдістерге назар аудару қажет. Мысалы, Қазақстанда жаңа туған нәрестелер саны жылына 400 мың адамнан асқан 2020-2021 жылдардағы шағын «беби-бумның» салдарын қазірдің өзінде талдау қажет. 2022 жылға арналған алдын-ала мәліметтер туу деңгейі шамамен бірдей қарқынмен болатынын көрсетеді<sup>24</sup>. Мұндай балалар саны үшін қазірдің өзінде тиісті әлеуметтік, білім беру, мәдени және өзге де инфрақұрылымды қарастыру қажет. Бұл балалар болашақта еңбек нарығына шығатынын да түсіну қажет. Қазірдің өзінде ол еңбек ресурстарының осындай өсуіне дайын ба, жоқ па, соны талдау қажет.

*«Жастар және көші-қон саясатын қалыптастыруда ескеретін ең жаңа мәселе – демографиялық проблема. Бұл ең жаңа тренд, ол енді ғана төбе көрсетті, бірақ екінші жағынан, ол дамып келеді және білім беру жүйесі мен ҚР әлеуметтік қорғау жүйесі тарапынан жедел шешімдер қабылдауды талап етеді. 2020 жылы Қазақстанда 430 мыңға жуық бала дүниеге келді. Яғни, бұл әлеуметтік жағынан жақсы болған 80-ші жылдары да болған жоқ. Ал 2021 жылы 447 мың бала дүниеге келді, ал 2022 жылдың 1-тоқсанында тағы 96 мың сәби дүниеге келді, яғни, бұл жағдай – пандемияға байланысты ситуативті демографиялық жарылыс» (сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РҒА ХБИ Көші-қон зерттеулер орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қон жөніндегі зерттеу кеңесінің мүшесі).*

*«1987 жылы – 416-417 мың нәресте туды, иә. Содан кейін бұл абсолютті максимум болды. Ал енді, егер 2020-2021 жылдары және 2022 жылдың бірінші тоқсанында дүниеге келгендерді ескерсек, бұл бір миллионға жуық адам. Елестетесіз бе? Яғни, 5-6 жылдан кейін, балалар 7 жасқа толғанда мектеп жүйесі оларды қабылдауға барлық жаңа технологиямен, диджиталданумен, озық (қайта даярланған) мұғаліммен және т.б. сақадай дайын болуы керек. Бұл біздің тарихымызда әлі болмаған жайт. Бұл бізге бұрыннан белгілі трендтер – демографиялық даму толқындарының аясында (1950-60 жылдардағы беби-бум, 80-ші жылдары туудың өсуі, 90-шы жылдардағы құлдырау және т.б.) және 90-шы жылдардағы шағын ұрпақтың аясында бізде осындай ситуативтік демографиялық бум бар. Мани бум. Мұны естен шығармау қажет. Жеті жылдан кейін, содан кейін 17, яғни 2030 жылдардың ортасында орта және жоғары білім беруде кәсіби оқытудың реформаланған жүйесі болуы керек, яғни жаңа технологиялық жетістіктер негізінде және ең бастысы жаңа ақпараттық буын үшін даяр мұғалімдер мен оқытушылар болуы керек. Ал түлектер Қазақстанда өз орнын табуға тиіс» (сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РҒА ХБИ Көші-қон зерттеулер орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қон жөніндегі зерттеу кеңесінің мүшесі).*

#### 2.4 Қазақстан экономикасы үшін көші-қонның салдары

Сарапшы білімді жастардың сыртқы көші-қонының оң және теріс әсерлері болған кезде көші-қон процесінің көпқырлы сипатын атап өтеді. Ең алдымен, эмиграция – бұл шығу елінен «ақылдылардың кету», ал кәсіпқойлардың иммиграциясы – қабылдаушы елдегі адами капиталдың толығыуы. Сарапшының пікірінше, көші-қон көлемі, жалпы Қазақстан үшін сыни емес, ол Қазақстан экономикасына зиян келтірмейді.

<sup>24</sup> Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2022 жылдың 1 мамырында 127 мың бала дүниеге келді, бұл сәл аз.

Экономикаға тек еңбекке қабілетті жастардың ғана емес, жоғары білікті кадрлардың да кетуі қауіп төндіреді. Бірақ әзірге бұл қауіп, сарапшының пікірінше, кадрлар өз елінен басқа елге және керісінше көшкен кезде циркуляр көші-қонның әсерімен жеңілдейді. Мұнда жаңа тәжірибе мен біліммен байыту орын алады. Процестің барлық жағы пайда көреді.

*«Көші-қон – бұл көпқырлы процесс. Білімді жастардың сыртқы көші-қонының оң және теріс әсерлері бар. Ең алдымен, эмиграция – шығу елінен «ақылдылардың кетуі», ал кәсіпқойлардың көшіп келуі – қабылдаушы елдегі адами капиталдың толығы» (сарапшы, әлеуметтанушы, көші-қон зерттеушісі, PFA ХБИ Көші-қон зерттеулер орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қон жөніндегі зерттеу кеңесінің мүшесі).*

*«Егер 18 жасан 30 жасқа дейінгі еңбекке қабілетті халықты ғана емес, атап айтқанда, жоғары білікті жастардың, дәрігерлердің, IT-мамандардың, биологтардың көшіру – бір жағынан, иә, бұл қауіп. Ұлттық қауіпсіздікке қатер. Бірақ, мен айтқанымдай, қазір циркуляр көші-қон трендімен – бұл таяудағы 5-10 жылға төнетін қауіп» (сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы).*

*«Менің ойымша, пәлендей ешқандай қауіп жоқ. Көшіп жатқандар соншалықты көп те емес. Қазақстанда 19 млн халық бар, ал жылына 20-25 мың адам ғана көшіп жатыр. Бұл үлкен сан емес, олардың барлығы жастар емес» (ҚР ІІМ Көші-қон процестерін мониторингілеу және талдау саласындағы сарапшы).*

Ұзақмерзімді перспективада сарапшы жоғары қауып-қатер көрмейді, өйткені қазақстандық жоғары білікті кадрлар шетелде қалатын болса да, олар онда өзіндік комьюнити құра алады, онда нетворкинг, тағылымдамаға тарту және т.б. арқылы отандастарды тәжірибемен және біліммен байыта алады.

Сарапшының пікірінше, жағымды жақтар бар – оралған мигранттар жаңа білім, машықтар, байланыстар, коммуникациялар, тәжірибе, құндылықтар мен идеялар әкеледі.

Сарапшының пайымдауынша, қайтатын оқу және еңбек көші-қоны елдің ішкі дамуына ықпал етуі мүмкін, өйткені отанына келген жастар жаңа технологиялар, ойлау тәсілдері, мәдени аспектілер туралы білім әкеледі. Жаңа және құнды тәжірибеге қарамастан, елге оралған жастардың әлеуетін толық ашу және оларды іске асыру үшін жағдай жасалмауы мүмкін. Еңбек нарығы сыйымдылығының өсу перспективалары жоғары емес, оның құрылымы мен көлемі таяу жылдары барлық жастарды еңбекке қабілетті жаста лайықты жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Мұндай сәйкессіздік елдің қауіпсіздігі үшін үлкен қауіп-қатер тудырады.

Сарапшы көші-қонның экономикалық әлеуетін қарастыратын болсақ, ел мигранттардың аударымдары арқылы қосымша табыс ала алады, ал кейінірек жаңа дағдылары мен жинақталған капиталы бар білікті мамандар өз бизнесін дамыту үшін елге оралуы мүмкін дейді.

*«Сондықтан бізде жоғары және орта білім болса да, біз бұл балаларды әлеуметтендіргеніміз өкінішті, біз оларға үйретеміз, ал кейін олар басқа елге кетіп қалады. Бірақ бұл жерде тағы бір жағымды жағы бар, тіпті шетелде жұмыс істей отырып, олар әлі де тапқан ақшасын Қазақстанға ата-анасын немесе туыстарын қолдау үшін жіберетін болады және, мүмкін, қандай да бір ақша сомасын жинап алып, осында өздері көші-қон еңбек ететін елдерде алатын жаңа машықтарын қолдана бизнесін дамытатын болады» (халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласының сарапшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).*

Бірқатар сарапшының пікірінше, экономика үшін қауіп-қатер бар – көші-қон елдің адами ресурстарын белгілі бір дәрежеде жояды. Жастардың кетуі және осыған байланысты халықтың қартаюы мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесіне, атап айтқанда зейнетақы төлемдеріне ауыр жүктеме түсіреді. Бұл халықтың экономикалық белсенді жұмыс істейтін бөлігіне ауыртпалық түсіретін болады. Сарапшылар адам ресурстарына мұқият қарау керек деп санайды. Алдағы уақытта 45-50 жыл ішінде шығатын кадрларды кім алмастыратынын есептеу керек, ұрпақаралық трансфер болуы керек.

Сондай-ақ мемлекет білімі мен біліктілігіне көп күш пен ресурстар жұмсаған жастар елден кетсе, экономикаға өз үлесін қоса алмайды, өз елінде жаңа технологияларды дамыта алмайды.

Сарапшының пікірінше, «ақылдылардың кетуі» бар, экономиканы әртараптандыруға, оны дамытуға өз үлесін қоса алатын ақылды, еңбекке қабілетті жастар кетіп жатыр. Жастар жаңа технологияларды, өндірістерді, жалпы бизнесті дамытудың қозғаушы күші болып табылатын басқа елдердің үлгісі бойынша қазақстандық жастардың шығуы елдің технологиялық дамуын «тоқтан ажыратуы» мүмкін.

*«Ол бізде онсыз да аз адам ресурстарын азайтып жатыр. Міндетті түрде азайтады. Әрине, бізде «сабын көпіршігі» жағдайы бар. Демографтардың айтуынша, «сабын көпіршігі» емес, жас мөлшері бар жастар көпіршігі: бізде жастар саны өсуде, бірақ соған қарамастан халықтың қартаюу үрдісі бар және біз келесі 10 жылда Қазақстан халқы барған сайын арта түспек. Бұл халықтың экономикалық белсенді жұмыс істейтін бөлігіне қосымша ауыртпалық әкеледі. Сондықтан өзіміздің адами ресурстарымызды сақтап, бұл жай ғана ресурстар емес, бұл капитал екенін түсінуіміз керек. Егер жастар кетсе, онда экономикаға үлес қосатын және жаңа технологиялар енгізетін жұмыс істейтін адамдардың келесі ұрпағы кетеді деген сөз... Бұл болашақ еңбек ресурстарына әсер етуі мүмкін. Өйткені бүгінде 45-50 жастағы ұрпақ 10-15 жылдан кейін зейнет жасындағы адамдар болады. Олардың орнына кім келеді? Яғни, бұл трансферлер бізде жоғалуы мүмкін. Ұрпақ ауыспайды, айталық» (этнодемографиялық процестер бойынша сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).*

*«Тағы да, әйгілі «brain drain», ақылдылардың кетуі туралы айтсақ – бұл шынымен де орын алып жатқан құбылыс. Біріншіден, біздің экономикамызды дамыту және әртараптандыру үшін Қазақстанда қажет ақылды, еңбекке қабілетті жастар кетіп жатыр. Бізде бұл талантты жастар болмайды... Сонда экономиканы кім дамытады? Ал егер қалғысы келетін және қандай да бір компаниялар, өздерінің жаңа бизнестерін ашқысы келетін, стартаптар жасағысы келетін білікті, білімді жастар болмаса, онда бұл үлкен проблема. Біз қазір басқа елдерде жастардың жаңа стартаптармен, ұсыныстармен, бизнеспен өте белсенді екенін көріп отырмыз және Қазақстан көп нәрседен айырылуы мүмкін» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).*

*«Екіншіден, жастардың көшіп келуі де біздің мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесіне әсер етеді. Себебі бізде жас және қарт адамдар неғұрлым аз болса, бұл да болашақта зейнетақы төлемдеріне әсер етеді» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).*

Сарапшының пікірінше, экономика үшін зиян бар, себебі шетелге әлеуеті жоғары және баратын елде жұмысқа орналасудың жақсы перспективалары бар жастар кетіп жатыр. Шетелдік жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін елге оралған жағдайда да, олар тек ел ішінде ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерде де

сұранысқа ие болады, оларды шетелден компанияның жұмысына тарту мүмкіндігі бар.

*«Бұл жерде біздің кадрларымыздың сол жаққа жұмыс істеуге кетуінен қандай шығынға ұшырайтынымызды біреу есептеп қойған. Менің ойымша, бұған да орын бар, тағы да бізде шетелге ұмтылатын, әлеуеті бар, яғни пайдалы болуы мүмкін жастар оқуға жиі барады, өйткені олардың бәрі өздеріне тән қасиеті бар. Сәйкесінше, біз болашақ мамандардан, болашақ жұмысшылардан айырылып жатырмыз. Менің ойымша, бәрі оралмайды. Оқуға кеткендердің кем дегенде 30 пайызын жоғалтамыз. Қайтып келсе де бұл жігіттердің ұтқырлығы артып, Қазақстан азаматтығын сақтап, шетелге шақыртумен жұмыс істейтін маманға айналады. Яғни, олар, қалай болғанда да, біздің экономикаға жұмыс істемейді, яғни, олар осындай еңбек ұтқырлығын алады» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ).*

Сыртқы көші-қон жастарды деструктивті идеяларға баулудың нақты қаупін тудырады, бірақ елде мұндай қауіптерді бейтараптандыру тетіктері бар.

*«Нақты қауіп туралы... мен мұнда өзімді полиция тұрғысынан қараймын, кейбіреулер кетіп бара жатқанда, олар қандай да бір деструктивті идеяларға қосыла алады, бірақ мұндай адамдармен жұмыс істеудің әдістері бар. Олар негізінен осындай қауіптерді анықтайды және оларды бейтараптандыруға тырысады» (ҚР ІІМ Көші-қон процесстерін бақылау және талдау саласындағы сарапшы).*

### 3. Көші-қонның push-pull факторлары

Push-pull ұғымы факторлар немесе итеруші және тартуші факторлары американдық демограф Э. Ли (E. Lee) 1960 жылдары жасаған эконометриялық моделінде ұсынылды. Оның моделіне сәйкес, көші-қон факторларының әртүрлі тобы әр аумақта маңызды болуы мүмкін: ұстап тұратын, тартатын және итермелейтін, кету мен келуді анықтайтын, кейбір фактор адамдардың үлкен топтарына, ал кейбіреуі тек жеке адамдарға әсер етеді. Атап айтқанда, Э. Ли экономикалық сипаттағы кейбір факторды (жұмыссыздық, табыстың төмен деңгейі, жоғары салықтар); әлеуметтік және саяси (кедейлік, алалау, ар-ождан және діни сенім бостандығына шектеулер, соғыстар); қолайсыз табиғи және климаттық жағдайлар және т.б. итеруші факторларға жатқызды. Тартушы факторларға экономикалық дамудың жоғары деңгейі, жоғары табыс, қауіпсіздік, еңбек нарығына қол жеткізу мүмкіндігі (соның ішінде заңсыз иммигранттар үшін ерекше маңызды бейресми секторда) және басқалар енгізді. Сондай-ақ аумақтар арасындағы қашықтықтың ұлғаюымен үлкен күшпен әсер ететін және көші-қон ағындарын шектеуші ретінде әрекет ете алатын аралық факторлар анықталды. Олардың ішінде – көлікке кеткен шығыс, орын ауыстыруларды заңнамалық реттеу, болжамды келу аймағы туралы ақпараттың қолжетімділігі және т.б. бар<sup>25</sup>.

#### 3.1 Көші-қонның push факторлары

Жастар көші-қоны тақырыбы мәнмәтінінде сарапшылар қазақстандық жастардың әлеуметтік көңіл-күйіне, олардың әлеуметтік-экономикалық өмір жағдайларына қанағаттанушылығына, сондай-ақ көші-қон көңіл-күйіне жоғары дәрежеде әсер ететін неғұрлым маңызды факторларды бөліп көрсетеді.

<sup>25</sup> С.И. Абылкаликов, М.В. Винник. Экономические теории миграции: Рабочая сила и рынок труда. / Бизнес, общество, власть. 2012. № 12. Қол жеткізу режимі: <https://www.hse.ru/mag/27364712/2012--12/71249233.html>

Ең маңызды фактор – жұмыспен қамту саласындағы проблемалар. Сарапшылар Қазақстанда жастарды жұмыспен қамту жағдайы «итермелеуші» фактор болып табылатынын атап өтті.

«Бірақ қазір бұлай кадрларды жібере беру мүмкін емес, өйткені, менің ойымша, біз қандай да бір себептермен сабақ ала алмадық. 90-шы жылдары біздің еліміздегі нарыққа мамандардың өте үлкен қабаты барған кезде, олар өз біліктіліктерін жоғалтқанда және сәйкесінше, өз тәжірибесін ешкімге беруге уақыты болмады... Ал қазір біз сол жайтқа қайта оралудамыз. Егер біз сол кадрларды бағаламасақ, ұрпақты көбейтуге қамқорлық жасамасақ, кадрларға деген қажеттіліктерімізді қадағаламасақ және сәйкесінше оларды қандай да бір жолмен қанағаттандыруға тырыспасақ. Содан кейін бұл не әсер береді? Жетіспейтін мамандарды сатып алатын боламыз. Білесіз бе, мына бір қызық мысал, бірақ бұл көбірек спортқа қатысты... Жапонияда ерлер хоккейі әйелдердікіне қарағанда әлсіз, бірақ соған қарамастан олар бір кездері легионерлерді сатып алуға тыйым салды. Хоккейді тек жапон спортшылар ғана ойнайды екен. Оларға жаттықтырушыларды, кейбір тиісті мамандарды шақыруға рұқсат етіледі, бірақ спортшыларды шақырмайды. Яғни, бұл лауазым, олар өз кадрларын тәрбиелейді. Олардың қазір рейтингтері төмен болсын, қазір құлап, соққыға жығылсын, бірақ соған қарамастан, кейінірек, біраз уақыттан кейін олардың жоғары білікті спортшылары болады. Біздің ел осылай болып жатқанда, бүкіл спорт өз бағытын алсын, енді Олимпиадаға жақсы өту үшін шетелдіктерді

сатып алады. Ал мұндай жағдай барлық салада қайталанғанын қаламас едім. Яғни, бәрібір нәтиже алу үшін инвестиция салу керек. Арамшөптер арасында лалагүлдің қандай да бір түрі өседі деп ойламаңыз» **(сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗИ ҚҚ).**

Көші-қонды әсіресе әкімшілік әдістермен тежеудің қажеті жоқ. Халықаралық және тарихи тәжірибе көрсеткендей, қатаң тыйым салу шараларын енгізу демократиялық құндылықтарға қайшы ғана емес, сонымен қатар тиімсіз. Егер адам елден кеткісі келсе, ол соның жолын табады.

Сонымен бірге көші-қон – қоршаған ғаламдық кеңістікпен ашық қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу мүмкіндігі. Көші-қонды тежеу елге кері әсерін тигізуі мүмкін. Жастарды ұстап қана қоймай, иммигранттар үшін тартымды ел болу үшін тартымды және жайлы жағдай жасау қажет.

«Егер Қазақстан қоршаған кеңістікке ендірілген, интеграцияланатын болса, бұл біздің егемендік кезеңіндегі ең үлкен жетістіктердің бірі болмақ. Біздің әлеммен ашық сөйлесіп, айналамыздағы жаһандық кеңістікпен ашық әрекеттесе алатынымызды тежеу – елестетуге болатын ең жаман шешімдердің бірі. Бұдан ешкім пайда көрмейді, 100%. Ал көп адам ұтылады. Тағы бір нәрсе, сіздің еліңіздің ыңғайлы және тартымды болуына тырысыңыз, сонда жастар дүние жүзін аралап болған соң, әлі де елге оралып, осында өз әлеуетін жүзеге асырады, бұл жұмыс істеуге тұрарлық ел деп» **(сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).**

«Пәкістанда, білесіз бе, оларға кетуге тыйым салынған. Дәлірек айтсақ, олардың шетелге тұрақты тұруға шығуы өте қиын... Грузия өз азаматтарына үзілді-кесілді тыйым салды, мұндай келісімді, мұндай рұқсатты бергісі келмеді. Кейбір басқа елде де солай. Бірақ бәрібір, қалағандар неше түрлі жол тауып, кетіп қалды. Сондықтан көші-қонды дәл әкімшілік шаралармен шектеу аса перспективалы емес. Олардың бізді тастап кетпей, біз үшін ұмтылуының бірден-бір жолы – өмір сүру деңгейін көтеру, экономиканы барлық көріністерімен дамыту керек... Біз оны оқуға, білім алуға жағдай жасау арқылы тежей аламыз. Сапалы білім, жұмыс табу, ақша табу, болашақта отбасын асырау және т.б. Тағы да мұның бәрі экономикаға келіп тіреледі» **(ҚР ІІМ көші-қон процесстерінің мониторингі және талдау саласындағы сарапшысы).**

«Тартушы факторы деген бар, итеруші факторлар бар – жастар неге басқа елге кетеді, оларды басқа елге не тартады? Сол сияқты Қазақстанда да жастарымыздың Қазақстанда қалуы үшін тартымды болатындай жағдай жасауымыз керек. Бұл тағы да шыңдалу, жақсы жалақы, барлық қазақстандықтың өмір сүру деңгейін көтеру мәселелерімен байланысты. Жақсы білім, сапалы денсаулық сақтау, заңдар мен адам құқықтарының сақталуы – осының бәрі еліміз тек жастар үшін ғана емес, жалпы Қазақстан азаматтары үшін тартымды болуына ықпал етеді. Ал бұл жағдайлар жасалғанда адамдардың кеткісі келмейтін болады» **(сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).**

Шетелде жүрген жастардың Қазақстанға оралу мүмкіндігі қандай? «Болашақ» бағдарламасында оқудан өткеннен кейін бағдарламаға қатысушының елге оралуы және Қазақстанның кез келген елді мекенінде белгілі бір мерзімге жұмыс істеуі қажет жағдайлар қарастырылғанын ескере отырып, жастардың бұл бөлігінің елге оралуына кепілдік беріледі. Мамандардың айтуынша, бағдарламаға қатысушылардың біразы белгіленген 5-6 жыл жұмыс істеп, лайықты жағдай таппай шетелге кетіп жатады.

Жастар өз қаражатына оқитын жағдайда, олардың оқу елінде әрі қарай жұмысқа орналасу үшін қалу ықтималдығы жоғары. Бұл әсіресе Еуропа елдеріне

қатысты. Сондай-ақ жақсы жұмыс ұсыныстары бар жоғары білікті жас мамандар баратын елдерде қалуы ықтимал.

Сарапшы 2018 жылы жүргізілген зерттеу деректерін келтіреді, соған сәйкес шетелде оқитын жастардың 50%-ға жуығы өздері білім алған елде қалуға ниет білдірді. Ал өмір сүру сапасы мен деңгейі, өмір сүру жағдайларының жайлылығы, қауіпсіздік деңгейі және олар білім алған елдегі, мысалы, магистратураны бітірген жерде шыңдалу мүмкіндігі сияқты аспектілер факторлар болды. Бұл санаттағы жастар, өкінішке қарай, Қазақстанда олар бұған қол жеткізе алмайды және оқу елінде алатын деңгейге жете алмайды деп сенді. Біз негізінен Еуропа, АҚШ және Канада елдері туралы айтып отырмыз. Білім алғаннан кейін Қазақстанға оралған респонденттердің ішінде оқу еліндегі және Қазақстандағы өмір сүру жағдайларын салыстыра отырып, Қазақстаннан қайтадан кетуге және одан әрі қарай жүруге ниеті барлардың айтарлықтай пайызы болды.

Осыған қарамастан, сарапшы мұндай жағдайға теріс қарауға болмайды, өйткені берік туыстық байланыстарды ескере отырып, *циркуляр көші-қон* орын алады деп санайды. Яғни, жастар Қазақстанға оқтын-оқтын келіп тұратын болады және мұнда бәрі елдегі жағдайға, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың қалай дамып жатқанына байланысты болады.

Қайтымсыз көші-қон Қазақстандағы этносаралық немесе лингвистикалық саладағы жағдайдың нашарлауына айналуы мүмкін. Сонда қазақ емес ұлт өкілдері не тарихи отанында, не алалауға ұшырамайтын елде қалады. Алалаудың кез келген басқа түрі (саяси, діни көзқарастар, жыныстық бағдар және т.б. бойынша) қайтып келмеу факторына айналуы мүмкін.

Көбінесе қайтып оралу – барған елде әлеуметтік жағынан қорғалмағанын (медициналық сақтандыру, зейнетақы жарналары, зейнетақы жарналары жоқ, т.б.) түсініп, басқа елге жұмыс істеу үшін көбінесе уақытша (кейде заңсыз) кететін біліктілігі төмен кадрлардың еңбек миграциясы. Мигранттардың бұл бөлігі баратын елде ұзақ уақыт тұра алады.

Сарапшы зерттеу деректерін келтіреді, соған сәйкес көші-қон көзқарасы бар жастар (бұл барлық респонденттердің шамамен 70%) білім, кәсіптік тәжірибе алғаннан кейін немесе қажетті қаражатты тапқаннан кейін қайтып оралғысы келеді. Баратын елде мәңгі қалғысы келетіндер азшылықта. Осылайша, сарапшының пікірінше, **жастардың шетелге көшуі жиі қайталанатын сипатта болады.**

*«Егер жастар толықтай оралу міндеттемесін алып кетсе, олар қайтып келіп, жұмыс істейді, сосын одан әрі ойланады. Жастар бос болса, оқуын өзі төлесе немесе ата-анасы төлесе, әрине, жастар Еуропада болса, қалуға тырысады. Тіпті Түркияда да, Қытайдың бір жерінде де. Бірақ менің ойымша, уақыт өте біздің Қазақстандағы барлық жастар қайтып келеді, бірақ қазір бұл туралы мәселе емес. Менің ойымша, қазір циркуляр көші-қон мәселесі маңыздырақ. Яғни, олар белгілі бір мерзімге оралуы мүмкін. Қайта оралу үшін жастар өзін жан-жақты қауіпсіз сезінгенде, ең бастысы, туған жерінде лайықты еңбек пен лайықты өмір күтіп тұрған кезде белгілі бір жағдайлар қажет. Өйткені көші-қон әрқашан қабылдаушы елде де, шыққан елде де әлеуметтік-экономикалық, саяси процестердің көрінісі болып табылады» (сарапшы, халықаралық қатынастар саласындағы PhD).*

*«Егер олар мемлекеттік білім беру бағдарламасы бойынша барса, қайта оралады. Қазірдің өзінде белгілі бір шарттар бар. Егер олар шақырушы университет есебінен немесе өз қаражатына барса, онда, әрине, олардың қайтып оралу ықтималдығы аз» (этнодемографиялық процестер бойынша сарапшы, әлеуметтану ғылымының докторы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).*

«Бірде Білім министрлігінде жиын өтіп, онда қазір Батыста жұмыс істеп жүрген барлық ғалымдарды, жас ғалымдарды елге тартып, оларға жағдай жасау, оларға гранттық қаржы бөлу қажеттігін көтерді. Бірақ мен олай ойламаймын. Бізде әзірге Батыста, басқа құрылымдарда жұмыс істеген адамдар қайтып келмейді деп ойлаймын. Ал қазір, менің ойымша, бұл мәселе туралы ойлаудың да қажеті жоқ» **(Орталық Азия және Қытай елдеріндегі көші-қон бойынша сарапшы, саясат ғылымдарының докторы, профессор).**

«Сонымен қатар, мен сізге айтқан зерттеу аясында біз сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі, 70%-дан астамы, әрине, қандай да бір жолмен шетелге шығу мүмкіндігін немесе ықтималдығын есте ұстайтынын білдік. Назар аударыңыз. Бұл олардың кететінін білдірмейді, бұл олардың ешбір жағдайда бармайтындай ұстанымының жоғын білдіреді. Яғни, олар шетелге шығуға болатын нұсқаларды теориялық тұрғыдан қарастырып, дайын отыр. Сондықтан бұл идея оларға жат емес. Бірақ біз олардан келесі сұрағанымыз «егер сіз кетсеңіз, қайтуды жоспарлайсыз ба» деген сауал болды. Содан кейін, осы тақырып туралы айта бастаған бөліктен әлдеқайда көп бөлігі қайту опциясын қарастырады. Яғни, мен барамын, сонда табысқа жетемін, ақша тауып, қосымша мамандық алып, диплом алып, тіл үйренемін және осында Қазақстанға ораламын. Көп бөлігі солай деді. Азы ғана мына нұсқаларды қарастырады: мен ешқашан оралмаймын немесе тек қонаққа келемін» **(сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).**

«Яғни, Қазақстанда адамдардың өте үлкен пайызы мемлекеттен қаржылық қолдау көрмей, шетелге оқуға кетіп, оқу ақысын өздері төлейді. Егер олар мұны өзі қаламаса, біз бұл адамдарды елге қайтара алмаймыз. Қандай шаралар қолданылса да нәтиже бермейді. Тек елдегі жүйелі өзгерістер, нағыз демократиялық, экономикалық дамыған Қазақстанды құру ғана осы жерге қайта оралуға және өз әлеуетін іске асыруға өте тартымды фактор болмақ. Бұл жерде басқа шараларды ұсыну екіталай» **(халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).**

«Ал еңбек көші-қонына кеткендер үшін бұл ұзақмерзімді болу дер едім. Егер бұл заңсыз болса, ол белгілі бір сәтке дейін құқық бұзушылық жасап, елден қуылады немесе адамдар ешнәрсе бұзбаса, елде бес-он жыл бола алады» **(этнодемографиялық процестер бойынша сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносоциологиялық зерттеулер институты директорының орынбасары).**

Әлемдік тәжірибе екінші немесе үшінші буын мигранттарының қайтып оралу мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Мигранттардың ұрпағы көбінесе тарихи отанының мамандандырылған мекемелерімен бірлескен жобаларды бастайды немесе оқу, жұмыс немесе саяхаттау мақсатында келетін уақытша мигранттарға айналады. Сарапшының пікірінше, Қазақстаннан кеткендердің біразының уақыт өте келе онымен байланысын жаңартуға мүмкіндігі бар, дегенмен олардың көпшілігі осы байланыстарды әлі де сақтап, бірлескен трансшекаралық бизнесті дамытып, түрлі салалардағы ынтымақтастықты нығайтады.

«Сіз халықаралық тәжірибенің не көрсететінін білесіз бе? Тіпті азаматтар өз елінен ұзақ уақытқа немесе мәңгіге кетіп, онда жақсы жұмысы тапқанда да, екінші немесе үшінші ұрпақта мигрант болған кезде, уақыт өте келе солардың балалары мен немерелері ата-баба мекеніне деген қызығушылық танытады. Олар не оны жиі кәсіби түрде зерттей бастайды, не осы елдің мамандандырылған мекемелерімен бірлескен жобаларды бастайды. Немесе олар ата-анасының отанына турист ретінде немесе оқу, жұмыс үшін жиі саяхаттай бастайды. Анда-санда ол жаққа тұрақты тұруға да қайтады... «Жастар»

*ғылыми-зерттеу орталығына тек этностық қазақ-қандастармен ғана шектелмей, тереңірек зерттеуді ұсынар едім» (сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РҒА ХБИ Көші-қонды зерттеу орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қоны жөніндегі ғылыми-зерттеу кеңесінің мүшесі).*

## 7. Көші-қон саясатының халықаралық тәжірибесі

### Қытай

Сарапшы 1990 жылдардың басында мигранттар ағыны Орталық Азия елдеріне қарай бет алған кезде, өз азаматтарының жаппай бейберекет миграциясына тап болған Қытайды мысалға келтіреді. Кейінірек Қытай үкіметі көші-қонды бақылай бастады, оның жастарына жағдай жасады: жалақы өсті, баспана мүмкіндіктері пайда болды. Бұл көші-қон ағынын тоқтатты. Бүгінгі таңда Қытай жастарының көші-қон көңіл-күйі төмендеп, кеткендердің енді қайтуға ниеті бар екенін айтады маман. Егер бұрын қытайлық мигранттар өз елінде кейіннен бизнес ашу үшін капитал жинау үшін басқа елдерге кетсе, қазір елден кетудің негізгі себептері Қытаймен байланысты кәсіпорындарда жұмыс істеу екен.

Маманның айтуынша, жағдайды кері қайтара алған маңызды шара – мемлекет тарапынан жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету шаралары. Атап айтқанда, университеттердің түлектерді жұмысқа орналастыруға формалды қатынасының қазақстандық тәжірибесінен айырмашылығы, Қытайдағы барлық ЖОО өз түлектерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етуі керек болды. Сондай-ақ Қытайда жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету, жас мамандарды материалдық ынталандыру шаралары да бар.

*«Мен зерттеп жатқан елдің мысалы – Қытай. 1990 жылдардың басындағы Қытай көші-қоны соншалықты бейберекет болғанын сонша, ол біздің елімізді және Орталық Азияның барлық елдерін де қамтығанын бәріміз жақсы білеміз. Және ол көп алаңдатты, «сары қауіп» туралы мифтер пайда болды. Бірақ кейін Қытай үкіметі бақылауға алып, өз жастарына жағдай жасай бастады. Ал енді олар елінен кеткісі келмейді. Мен сұхбат алғандардың де бәрі үйіне қайтқысы келеді. Өйткені жалақының жоғары деңгейі, баспана алу үміті бар. Осының бәрі аталған көші-қон ағындарын тоқтатты. Бұл, әрине, ең алдымен, өз еліндегі материалдық ынталандыру ғой. Ал енді бастапқы капитал жинап, өз елінде қандай да бір кәсіп ашып, ақша табу үшін кететін қытай жастары қазір жоқ. Қазір Қытайдың көші-қоны, білесеніз, осылай болды. Ол нақты сипатқа ие. Олар мұнай кәсіпорындарына барады, яғни туған жерімен байланысты кәсіпорындарға барады. Олар соны тоқтата алды.*

Олар үшін өте маңызды мәселе – жұмыспен қамту. Барлық ЖОО өз түлектерін жұмыс орынымен қамтамасыз етуі керек. Ал бізде бұл бағдарлама нөлге дейін төмендеді. Білесіз бе, бізде тек ресми жұмыс бар. Студенттер біреумен келісіп, жалған қағаздармен жауып тастайды. Ал жұмысқа орналастыру процесінің өзі іс жүзінде жоқ.

*Сосын, әрине, жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету, жас мамандарды ақшалай ынталандыру. Кеңес дәуірінде Қытайда көші-қон ағынын тоқтатқан кездер өте көп. Менің білуімше дәл осы елде. Өкінішке қарай, менде басқа мысал жоқ. Қытай өте табысты және сәтті тәжірибе көрсете білді» (Орталық Азия мен Қытайдағы көші-қон бойынша сарапшы, саяси ғылымдардың докторы, профессор).*

## Франция

Сарапшының пікірінше, 20-ғасырдың 1960-70 жылдарында вандализм әрекеттерімен қатар жүретін студенттердің бірқатар наразылық акциясы өткен Франция тәжірибесін де ескеру қажет. Бұл толқулардың себебі үлкен жас ұрпақтың еңбек нарығына үлкен амбициялармен, жақсы біліммен келген және жұмыс тапшылығына тап болған жағдай болды. Францияның беделді университеттерінің түлектері өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмады. Бұл жерде сарапшы Қазақстанда қалыптасып жатқан жағдайға ұқсас жағдайды көреді.

60-70 жылдардағы оқиғалардың нәтижесінде Франция үкіметі шаралар мен заңдардың тұтас кешенін әзірледі. Соның бірі – мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ университет түлектерін жұмысқа алатын кәсіпкерлерге салық жеңілдігін беру бағдарламасы болды. Францияда 3 жыл ішінде жұмыс берушіге жас мамандарды жұмысқа қабылдағаны үшін салық жеңілдіктері беріледі. Осы уақыт ішінде маман өз біліктілігін арттыруға, нарықта бәсекеге қабілетті болуға және кәсіби мансабын жалғастыруға мүмкіндік алады. Осылайша түлектерге өз мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік берілді. Сарапшының пікірінше, бұл тәжірибе мұқият назар аударуға тұрарлық.

«Дипломмен – ауылға!» деген сияқты бағдарламалар Қазақстанда да қолға алынып жатқанымен, бұл бағдарламалар урбандалу тренді әлемдік үрдіс екенін, оны кері қайтару қиын екенін ескермейді.

*«Осы студенттердің наразылықтарын басумен қатар, ол жерде баррикадалар салынды, өртенді, талқандалды, заңдардың тұтас пакеті әзірленді. Ал, атап айтқанда, бір бағыт мынадай болды: мемлекет мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ ЖОО түлектерін жұмысқа алатын жеке кәсіпкерлерге жеңілдікті салық салу бағдарламасын әзірледі. Яғни, сөзбе-сөз айтқанда, студенттер диплом алды, сосын олар жұмысқа қабылданды, өйткені, білесіз бе, бұл мәселенің бірі, жұмыс берушінің талаптарының бірі – біздің көптеген түлектеріміз мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі болмағаннан осыдан сүрінеді... Шатаспасам, Францияда солай болды. Яғни, жұмыс беруші пәлен жас маманды жұмысқа қабылдап, салық жеңілдіктерін алады және 3 жыл ішінде оны жұмыстан шығара алмайды. Осы 3 жыл ішінде бітірушінің таңдауы бар, ол ешнәрсе үйренбей, ешнәрсеге ие болмай, сәйкесінше кетерінде сол мінездемені де ала алады» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).*

## Өзбекстан

Сарапшы елде жұмыс күші артық болған жағдайда еңбек көші-қоны мәселесін шешу тәжірибесін мысалға келтіреді. Еңбек нарығы еңбекке жарамды жастардың барлығын қабылдай алмайтын Өзбекстанда мемлекет азаматтардың шетелдегі еңбек көші-қоны мәселесіне прагматикалық тұрғыдан қарады. Артық жұмыс күшін ұйымдасқан түрде, заң аясында шетелге шығаруды жеңілдету жөнінде бірқатар шараға бастамашылық етеді. Әлеуетті еңбек мигранттарын қажетті машықтарға, білімге, оның ішінде тілге үйрететін көптеген рекрутинг агенттіктері ашылды. Шетелде ақша тауып жүрген еңбек мигранттары оларды өз еліне жібереді. Бұл Өзбекстан экономикасына үлкен ақша ағынын береді. Тағы бір оң нәтиже – қажетті капиталды жинап, елге оралып, жеке кәсібін құратындар санының артқаны.

*«Міне, өзбектер бүгін не істеп жатқанын қараңыз. Оларда 32 миллионнан астам адам бар, экономика еңбекке жарамды жасқа жеткен жастардың барлығын қамти бермейді. Ал өзбектер өз еңбек ресурстарын шет елдерге жеткізу процесін өркениетті түрде ұйымдастырды. Оларда көптеген рекрутинг агенттігі, әлеуетті еңбек мигранттарын әртүрлі машықтарға, жұмысшы*



мамандықтарына, орыс тілін қаласа, соны үйрететін агенттіктер жұмыс істейді. Ал сосын Ресей Федерациясында жұмыс істейтін бұл адамдар жыл сайын тапқан ақшасының 1 миллиард доллардан астамын елге импорттайды. Ал бұл ақша экономикаға жұмыс істейді. Яғни, өзбектер өздері жұмыссыздықты азайту үшін қажетті жұмыс орындарын экономикалық тұрғыдан әлі құра алмайтынын түсініп, бұған мүлдем прагматикалық тұрғыдан қарайды. Осылайша олар шетелде ақша табатын, бірақ оны өз елінде жұмсайтын жұмыс күшін экспортқа шығарады. Оның үстіне көбі тапқан ақшасымен келеді, өз ісін дамыта алады» **(халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).**

### Канада

Сарапшы елдегі сұранысы жоғары мамандықтар бойынша мамандарды тарту үшін түрлі преференциялар мен жеңілдіктер қолданылған Канаданы мысалға келтіреді. Мамандардың белгілі бір тобы үшін азаматтық пен міндетті жұмысқа орналастырудың жеңілдетілген нұсқасы қарастырылған. Бұл жүйе тиімді жұмыс істей алады, бірақ Қазақстан қазіргі уақытта жоғары білікті мамандарды, соның ішінде шетелге кеткен қазақстандықтарды жаппай тартуға дайын емес. Осыған ұқсас прецедент бұрыннан да болған, соның салдарынан шетелден оралған қазақстандықтар Қазақстанда 3-4 жыл жұмыс істеп, өзінің өмір сүру және еңбек жағдайларына, сондай-ақ жалпы атмосферасы, қоғамдағы қарым-қатынас сипатына көңілі толмай, кері кеткен.

«...Белгілі бір мамандықтың мамандары тартылатын Канада тәжірибесі қызық. Бұл жерде, мысалы, энергетиктер немесе инженерлер қажет. Және тек осындай адамдарды ғана тартады. Оларға азаматтық пен міндетті жұмысқа орналастырудың жеңілдетілген нұсқасы беріледі. Америкалық Green Card бағдарламасы да жұмыс істейді, олар Green Card бергенде, дарыны жоғары мамандардың азаматтық алу процесі жеңілдейді. Яғни, негізінен, Қазақстан, әрине, мұндай нәрселерді жасай алады, мүмкін, Қазақстаннан тыс жерде тұратын дарынды этностық қазақтарға арнап жасауға болар еді. Иә? Біз грант бере аламыз, айталық, оларды біздің жүйеде оқу үшін осында тарта аламыз, солай ма? Бірақ бір сұрақ туындайды, егер бұл дарынды адамдар болса, онда бұл адамды жалақының орташа деңгейі қанағаттандыра ма? Мысалы, біз сол болашақтықтарға сол саладағы, бір мамандық бойынша барлық қазақстандықтар алатын жалақыдан жоғары жалақы бере алмаймыз. ...бірақ Назарбаев шетелде білімі бар, Батыс университеттерінде жұмыс істеп жүрген барлық этностық қазақты Қазақстанға келіп жұмыс істеуге шақырған кезде осындай мақсат болды. Нәтижесінде бір топ адам келіп жұмыс істеді. Бірақ, әдетте, 3-4 жылдан кейін олардың барлығы өте жағымсыз сезіммен қайтып кетті. Өйткені бұл басқа орта, қарым-қатынастың сипаты басқа. Яғни, соны Қазақстанда қолданса болады, бірақ қиынға соғады. Меніңше, бұл мәселені мүлде қолға алмау керек, бұл Қазақстан үшін соншалықты қорқынышты емес» **(халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).**

Өртүрлі елде, мысалы, Ресейде, Польшада, Батыс Еуропа елдерінде көші-қонға қолайлы жағдай жасауға бағытталған отандастарды қоныстандыру бағдарламалары қабылданғаны бірнеше рет айтылды.

«Мәселен, Польша қабылдауды жалғастыруда, оның үстіне оларға да еңбек ресурстары, адам ресурстары қажет. Ресей ұзақ уақыт бойы мақсатты саясат жүргізіп келеді: ол отандастарды шақырды, сонымен қатар олар отандастар деп атайтындардың өте кең тізімін жасады. Бұл оларға этностық орыстар ғана

емес, бұрынғы Кеңес Одағында өмір сүрген немесе солардың ұрпағы болып табылатын әрбір адамның Ресейге көшуіне негіз береді. Яғни, бұл Ресейге келіп, оның азаматтығын ала алатындардың өте кең тізімі дер едім» **(этнодемографиялық процестер жөніндегі сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).**

«Көптеген ел отандастарды қоныстандыру бағдарламаларын қабылдайды. Негізінен бұл, әрине, отандастармен немесе жоғары білікті мамандармен байланысты. Батыс Еуропа елдері және тек Еуропа ғана емес, Канада, Аустралия елдерінде де, естіген боларсыз, балдық жүйе. Яғни, өзін-өзі орнықтырған, қажет білімі бар, сұранысқа ие мамандығы бар адамды өз еліне тартуға тырысады... Оған сол шарттар бойынша ұпай беріледі, содан кейін адамға келу жеңіл әрі оңай болады. Көптеген ел, Қазақстан да бұдан тыс емес, өз отандастарын, этностық өкілдерін тартуға тырысады. Сондай-ақ Германия... әсіресе 90-шы жылдары кейінгі қоныстанушыларды тартты. Польшада да осындай бағдарлама болған. Ол Ресейде де қабылданды және, менің ойымша, әлі де күшінде. Шара Қазақстанға қарағанда кейінірек қабылданса да, алғашқы жылдары мүлдем дамымай қалды. Қазір қарқын алған сияқты. Сол бойынша Қазақстаннан ғана емес, әртүрлі елден жұрт ағылып жатыр. Мен соның бар екенін, нәтиже беріп жатқанын білемін. Одан бөлек, Ресейде бірнеше жыл бұрын жаңа көші-қон саясаты қабылданды. Ресейде жоғары білім алған тұлғалардың уақытша тұруға рұқсат алу және болашақта азаматтық алу мүмкіндігі бар. Негізінде, барлық ел бірдей дерлік әрекет етеді, әрине, нюанстар бар, бірақ жалпы алғанда, азды-көпті бірдей» **(ҚР ІІМ көші-қон процестеріне мониторинг және талдау саласындағы сарапшы Қазақстан).**

Сарапшы мысал ретінде сыртқы оқу көші-қонын реттеудің тиімді тетіктерінің бірі – Болон жүйесі бойынша жұмыс істейтін Эразмус бағдарламасын келтіреді. Бұл тетіктің артықшылығы – бағдарлама студенттерге уақытша шет мемлекеттердің бірінде білім алып, білім деңгейін байытып, өз еліне оралуға мүмкіндік береді. Сарапшының айтуынша, Кедендік одақ аумағында ғылым мен білім саласында еркін өзара іс-қимыл туралы көптеген құжат пен меморандумға қол қойылған. Бірақ механизмнің өзі, сарапшының пікірінше, жеткілікті түрде әзірленбеген, сондықтан өте тиімді жүзеге асырылмаған. Бұл бағдарламаның қызметін өзара тиімді негізде тиімдірек ұйымдастыру ұсынылады. Эразмус бағдарламасы бастапқыда ЕО елдерінің университеттерін біріктірді және студенттерге ЕО-ның кез келген мемлекетіндегі кез келген дерлік университетте бір семестр немесе екі семестр бойы оқу мүмкіндігін ашты. Бұл елден кету ретінде қабылданбады. Бұл қалыпты процесс болды. Яғни, бір семестр бір елде оқыса, екінші семестрді басқа елде оқиды. Бұдан білім тек тереңдей түседі. Содан кейін өз еліне оралады немесе тағы да біраз уақыт ЕО елдерінің кез келген біреуінде еңбек шартына отырды, ал мұның бәрі ортақ жүйе үшін жұмыс істейді. Бұл өте тиімді жүйе. Уақыт өте келе, Эразмус+ және басқаларының дамуымен бірге барлық Орталық Азия елін осы жүйеге кіргізетін ішкі бағдарламалар пайда болды. Меніңше, көп әңгіме болды, тіпті ғылым мен білім саласындағы осындай еркін өзара іс-қимыл туралы Кедендік одақ аумағында қол қойылған меморандумдар сияқты көптеген құжаттар да болды. Бірақ механизмнің өзі, менің ойымша, жеткілікті түрде әзірленбеді, сондықтан тиімді нәтиже бере алмады. Міне, бір нәрсені реттеудің ең жақсы жолы – бұл тыйым салу емес, әрекет орнату, нәтижесінде ешкім зардап шекпейтіндей етіп реттеу» **(сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).**

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық жастардың көші-қонының (ішкі де, сыртқы да) негізгі және шешуші мотиві – экономикалық тұрғыдан неғұрлым дамыған және өмір сүру жағдайлары анағұрлым қолайлы жерде тұруға ұмтылу (бұл жалпы әлемдік үрдісті көрсетеді). Мамандар жастардың ауылдан қалаға кетуіне байланысты ішкі көші-қон үдерісіне алаңдаулы, өйткені халықтың қартаюуы немесе елді мекендердің адамсыз қалуы олардың келешегін бұлыңғыр етеді.

Негізінен еңбек нарығында өзінің бәсекеге қабілеттілігін сезінетін жастар шетелге кетеді. Сонымен қатар қалада тұратын ауыл мигранттары сыртқы көші-қонда туған қала тұрғындарынан кем емес белсенділік танытады, өйткені олардың көшу тәжірибесі бар және одан әрі көшуге психологиялық тұрғыдан дайын.

Шекара маңы облыстардағы жастардың көші-қон ағынының ең үлкен қарқыны Ресей Федерациясы бағытында байқалады. Ресей Федерациясындағы көші-қон ағымына этностық фактор қатты әсер етеді. Сондықтан мигранттар ағыны негізінен этностық құрылымдағы орыс халқының үлесі салыстырмалы түрде жоғары өңірлерден: Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарынан байқалады.

Ресейлік бағытқа деген сұранысқа қарамастан, Ресей Федерациясына оқу көші-қоны негізінен қайтатын болып келеді.

Өзбекстан, Қырғызстан сияқты шекаралас елдерге көшу үрдіс ретінде қалыптаспаған. Жастардың Қытайға кетуі көбінесе кері білім көші-қоны болып табылады.

Тарихи отанға оралу, отбасымен қайта қауышу факторы, сұхбат алған сарапшылардың көпшілігінің пікірінше, қазіргі таңда жастардың көші-қон көңіл-күйінде басым емес.

Алыс шетелдер бағытында қазақ жастары да, өзге ұлт жастары да шетелдерге белсенді түрде барады. Қазақ жастары үшін Түркия, сирек – Оңтүстік Корея, одан да сирек – Біріккен Араб Әмірліктері баратын жер саналады. Түркия мәдени, діни және тілдік жақындығымен тартымды. Ұлты қазақ емес жастардың арасында екі негізгі бағыт бар – Ресей Федерациясы мен Еуропа елдері, сирек – АҚШ пен Канада.

Жалпы, Қазақстаннан кететін көші-қон ағынын сарапшылар елдегі халық санының өсуі аясында айтарлықтай үлкен деп бағаламайды. Қазақстанға көшіп келушілер, оның ішінде кері көші-қон да баршылық.

Кейінгі үш жылдағы (2020-2022 жж.) оқиғалар көші-қон процестеріндегі дәстүрлі динамика мен қалыптасқан үрдістерді бұзды. 2020-2021 жылдары жағдайға COVID-19 пандемиясының факторы, 2022 жылы Ресей-Украина әскери қақтығысы, сондай-ақ Қазақстандағы «Қаңтар оқиғасы» әсер етті. Болжам жасаудың қиындығы мынада: оқиғалардың жақын болашақта қалай өрбитіні, олардың жекелеген елдер үшін де, жаһандық ауқымда да қандай саяси, экономикалық, әлеуметтік салдары болатыны белгісіз.

Пандемия ерікті де, мәжбүрлі де (шекаралардың жабылуына байланысты) кері көші-қон үрдісін белгіледі. Қазақстанда елге оралған жастардың қазақстандық жоғары оқу орындарына оралуы мен сақталуына қолдау көрсету саясаты басталды. Сарапшылар пандемиялық шектеулер әлсірегеннен кейін жастардың көші-қоны (2020-2021 жылдарға арналған көрсеткіштермен салыстырғанда) дәстүрлі бағытта – бірінші кезекте Ресейге, сирек – Түркияға, Қытайға, Біріккен Араб Әмірліктеріне және Еуропалық Одақ, АҚШ-қа және басқа елдерге күшейетінімен келіседі. Көші-қон сұранысы қайта оралады.

Ресей Федерациясына көші-қон қарқыны пандемияға дейінгі кезеңде тіркелген ағынмен салыстырғанда төмендейді деп болжануда. Бұл геосаяси жағдайға, ең

алдымен Ресейге салынған экономикалық санкцияларға байланысты, бұл басқалармен қатар білім мен ғылым саласына да әсер етті. Ресей Федерациясына көшуге ниеті барлардың шамамен 70-80% бұл бағыттан бас тартады деген болжам бар. Кейбір сарапшы Ресейге салынған санкциялар Қазақстан жастарының Қытай мен Түркияға көшу ниетін арттыруы мүмкін деп болжайды.

Ресейге көрсетілген санкциялық қысымның салдарынан елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауы жағдайында жастар жақсы өмір сүруі үшін Қазақстанды тастап кету тенденциясын, Қазақстаннан Ресейге этностық орыстар ағынының одан әрі азаюын және Ресей азаматтарының едәуір бөлігінің Қазақстан Республикасының аумағына уақытша эмигрант ретінде кіруін күтуге болады.

Жалпы, Солтүстік Америка мен Еуропа елдеріне мигранттар ағыны әлеуетті эмигранттардың материалдық жағдайына байланысты болады. АҚШ, Канада, Ұлыбритания адамдардың көбі үшін қымбат бағыттар саналады, сондықтан жақын болашақта бұл бағытта жастардың жаппай кетуі күтілмейді. Сондай-ақ осы бағытта қызмет көрсету саласындағы орта және төмен білікті жұмыс сегментіндегі қазақ жастарының еңбек көші-қоны үрдісі байқалды, оның көшуіне және жұмысқа орналасуына ертеректе көшіп барған қандастардың қауымдастығы жәрдемдеседі.

Бірқатар Еуропа еліне, мысалы, Франция, Германия, Италия, Чехия және т.б., егер олар тегін білім беру бағдарламаларын және Украина мен Ресей арасындағы қақтығыстардың аяқталуы оқиғасы нәтижесінде мигранттарды тарту бойынша басқа да шараларды жалғастырса, геосаяси жағдайдың жақсаруы мигранттар ағынын арттыруы мүмкін.

Қазір енді ғана пайда бола бастаған тенденцияларға назар аудару керек. Мысалы, 2020-2021 жылдардағы мини беби-бумының болашақ салдарын сараптап, қазірдің өзінде тиісті әлеуметтік, білім беру, мәдени және басқа да инфрақұрылымдарды дайындауды қамтамасыз ету қажет.

Экономикаға қауіп тек еңбекке қабілетті жастардың ғана емес, жоғары білікті кадрлардың кетуінен де болады. Сондай-ақ көші-қон елдегі кадрлық ресурстарды бір жағынан әкетіп жатыр. Жастардың кетуі және соған байланысты халықтың қартаюуы мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесіне, атап айтқанда, зейнетақы төлемдеріне ауыр салмақ түсіреді. Бұл халықтың экономикалық белсенді бөлігіне ауыртпалық түсіреді.

Бірақ әзірге бұл қауіп-қатер мамандар өз елінен басқа елге және керісінше көшкендегі циркуляр көші-қонның әсерімен сейілуде. Егер жоғары білікті кадрлар шетелде қалып қойса, олар сол жерде желі құру, тағылымдамадан өту және т.б. арқылы отандастарының тәжірибесі мен білімін байыта алатын бір қоғамдастық түрін құра алады. Қайтып оралған мигранттар өз еліне жаңа білім, машықтар, нетворкинг, коммуникация, тәжірибе, құндылықтар мен идеялар әкеледі.

Көші-қонның ең маңызды «итеруші» факторы – жастарды жұмыспен қамту мәселесі. Бір жағынан, қазақстандық еңбек нарығы жұмыс орындарының қанағаттанарлықсыз сапасымен, шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері алған күрделі машықтар пайдалы болуы мүмкін мамандыққа сай бос жұмыс орынының іс жүзінде жоғымен сипатталады. Екінші жағынан, мәселе – біліктілігі төмен немесе біліктілігі жоқ жұмысшылардың жалақысының төмен деңгейі. Сарапшылар өз еліндегі өмір сүру деңгейі мен сапасының салыстырмалы түрде төмендігін, сондай-ақ жастар үшін баспананың қолжетімсіздігі де push факторларға жатады дейді.

Ең алдымен, оқу көші-қонының факторлары ретінде Қазақстандағы жоғары және орта кәсіптік білім беру жүйесінің сапасының төмендігі мен тиімсіздігі, оқу ақысының деңгейі, білім беру саласының еңбек нарығының қажеттіліктерін ескермейтіні «итеруші» деп аталды.

Сыбайлас жемқорлық пен непотизм – негізгі итеруші факторлар. Сондай-ақ қазақ емес жастарды итеретін факторлардың қатарында Қазақстанның жетекші оқу орындарына мемлекеттік гранттарды бөлуде тілдік фактор, сондай-ақ этностық алалау факторы бар.

«Тартушы» факторлардың ішінде, ең алдымен, көші-қонның классикалық теориясына сәйкес, көші-қон ағындары неғұрлым дамыған экономикалық аудандарға қарқын алып, техникалық прогресс пен көлік пен коммуникация құралдарының дамуымен күшейетін кездегі экономикалық фактор аталды. .

Қазақстандық талапкерлерді Еуропа елдеріне тартатын негізгі факторлардың бірі – оқу құнының төмендігі және білім сапасының жақсы болуы.

Сондай-ақ иммигранттарды Еуропа мен Солтүстік Америка елдеріне тартатын pull факторлар: иммигранттарға жеңілдіктер қарастыратын көші-қон заңнамасы, жұмыс табу мүмкіндіктері, көпмәдениетті орта, мигранттарға қоғамдағы толеранттық, мәдени ортаға жұмсақ бейімделу, демократиялық құндылықтар, адам құқығының сақталуы, әлеуметтік пакет болуы және жалпы алғанда, өмір сүру деңгейі жоғары болуы.

Түркияда қазақстандықтарды қызықтыратын факторлар – сапалы және қолжетімді білім алу, сапалы медициналық қызмет алу, бизнесті дамыту мүмкіндіктері, жұмсақ климат, жақын мәдениет және түрік тілін оңай үйрену.

Сарапшылар трансшекаралық еңбек миграциясына ықпал ететін келесі факторларды атап өтеді:

- теңселмелі/маусымдық еңбек көші-қонының да, тұрақты жұмыс орнына кетудің де қалыптасқан субөңірлік субмәдениет қалыпты үлгілерінің болуы;

- ортақ тарихи және отбасылық тамырлардың болуы, диаспоралардың ықшам қоныстануы, көптеген ұлтаралық некенің болуы, ортақ тіл;

- көршілес мемлекеттердің шекара маңы өңірлеріндегі адамдар арасындағы тұрақты байланыс, ынтымақтастық және бірлескен кәсіпорындар құру, мәдени-гуманитарлық, ақпараттық алмасу.

*Еңбек көші-қонының жаңа тенденциясы* – жастардың Қазақстаннан шалғай аумақтарды игеруге ұмтылуы. Бұл үрдіс артып келеді. Заңсыз еңбек көші-қоны да артып келеді.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне, көбінесе Оңтүстік Кореяға еңбек көші-қонының салыстырмалы түрде жаңа және күшею үрдісі.

Көбінесе Кореяға еңбек көші-қонының pull факторлары мыналар:

- салыстырмалы қолайлы еңбек жағдайлары;

- жоғары жалақы;

- қолайлы визалық режим (қазақстандықтар 90 күн визасыз бола алады).

Оңтүстік Кореяға Қазақстанның оңтүстік облыстарынан: Алматы, Түркістан облыстары, Шымкент қалаларынан мигранттар көбірек барады.

Сарапшылардың көбінің пікірінше, көші-қонды тежеу мүмкін емес. Бұл жаһандық тенденция әрі қарай да өсе береді. Керісінше, сөз көші-қонның қарқыны мен көлемінің азаюы туралы. «Итеруші» факторларды талдап, оларды теңестіру жұмыстарын жүргізу қажет.

## ҰСЫНЫМДАР

Сарапшылардың көп бөлігі жастардың шетелге шығуына тікелей әкімшілік шаралармен тосқауыл қоюдың мәні жоқ, бұл оң нәтиже бермейді деп есептейді. Жалпы, оқу көші-қоны қайтарылатын болса, оң құбылыс ретінде қабылданады. Сондықтан, күш-жігердің негізгі бөлігі шетелде білім алған немесе қазірдің өзінде кәсіби маман болып жұмыс істеп жатқан жастарды елге оралуға ынталандыруға бағытталуы керек. Ол үшін еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейін көтеруге, жоғары сапалы адами капиталды қалыптастыру тәуелді болатын салаларды дамытуға қатысты бірқатар ауқымды шара қабылдау қажет.

ҚР Үкіметіне, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Ұлттық экономика министрлігіне, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне, жергілікті атқарушы органдарға:

**Біріншісі – жоғары технологиялы өндірістерді дамыту, экономиканы әртараптандыру, креативті индустрияны, туризмді және басқа да салаларды дамыту, соның нәтижесінде жоғары технологиялық жұмыс орындары ашылады,** мұнда жоғары сипаттағы машықтар қажет болады – шығармашылық, сыни ойлау. Тиісінше, **мұндай жұмыс орындарын лайықты жалақы деңгейімен қамтамасыз ету.** Сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз етудегі өңірлік диспропорция мәселелерін шешу. Ауылдық жерлерді дамыту. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін формалды емес, нақты қолдау шараларын қабылдау, нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылады. Сұранысы жоғары мамандарды материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйесін (әлеуметтік пакет, бонус, ынталандыру, мансаптық өсу мүмкіндіктері және т.б.) қамтамасыз ету қажет.

Осы шаралардың барлығы шетелден оқу мигранттары мен жоғары білікті мамандардың елге оралуын ынталандырады, сондай-ақ отандық кадрлардың кетуін азайтады.

*«Тағы да айтамын, бәрі экономикаға келіп тіреледі. Жастарға осы жерде, кем дегенде, шетелде кез келген жерден алуға болатын перспективалардан жаман емес перспективаларды көруге мүмкіндік беру керек. Менің ойымша, бұл негізінен осылай жұмыс істейді. Америкаға, баяғы Оңтүстік Кореяға бәрі бара бермейді... Үйінде жұмыс тауып жатса. Бұл міндетті түрде жоғары біліммен байланысты емес... Неге ол бәрін тастап, ұшып, бір жаққа кетуі керек, ешкім бөтен елде қайда барып, қалай жұмыс табарын да білмейді. Тіпті Ресеймен де қарым-қатынасымыз қалыпты, менталитетіміз азды-көпті, тарих, мәдениет ұқсас болса да, бәрібір басқа елде тұру, басқа елдің азаматы болу әлі де белгілі бір проблемаларды тудырады. Сондықтан мұндағы адамдардың тұрмысы мен жұмысы қолайлы болса, олар ешқайда кетпейді. Біз ең бастысы экономика екенін айтып, сол тезистерге қайта ораламыз. Экономиканың қалай дамыса, көші-қон процестерінің жағдайы да, бағыты да соған байланысты болады» (ҚР ІІМ көші-қон процестерінің мониторингі және талдау саласындағы сарапшысы).*

*«Бірінші – жұмыс орындарымен қамтамасыз ету. Ең бастысы осы. Жастар жұмыспен айналысса, лайықты жалақысы болса, олар ешқашан ешқайда кетпейді» (Орталық Азия мен Қытайдағы көші-қон жөніндегі сарапшы, саясат ғылымдарының докторы, профессор).*

*«Технологиялық тұрғыдан жетілдірілген, жоғары біліктілік қажет болатын жұмыс орындарын құру керек. Яғни, күнделікті жұмыс емес, жоғары сипаттағы машықтар, шығармашылық маңызды, сыни тұрғыдан ойлау керек. Бұл... жоғары сапалы еңбек нарығы... Нарық тереңірек болуы үшін сол қызмет көрсету саласын, туризмді дамыту керек шығар. Көп жұмыс, жоғары жалақы. Шығармашылық индустрия, мен білмеймін... жастар үшін не қызықты және ел*

экономикасын не жақсартып алады, соның бәрі ішінде» (халықаралық білім беру бағдарламалары бойынша сарапшы).

«Білім алған адам қайтып келсе де, ол біраз уақыт оқуға уақытын кетірді, сондықтан біріншіден, қызықты, жалақысы жоғары жұмыс таба алатындай жағдай жасау керек, соған өкінбейтін, қайтып келген елде ол тезірек немесе сол жерде жұмыс таба алатын, жалақысы жақсы, қызықты және т.б. ұсыну керек» (ҚР ІІМ Көші-қон процестерінің мониторингі және талдау саласындағы сарапшысы).

«Біз өзіміздің ресурстық экономикамыздан алыстауымыз керек, басқа салаларды дамытуға инвестиция салуымыз керек. Олар бұл туралы үнемі айтып, сонымен бірге аз жұмыс істейтін сияқты. Соның салдарынан адамдар жұмыс таба алмай жүр» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).

«Сондықтан бұл жерде кешенді тәсіл қажет: жұмыс орындарын құру, жастардың Қазақстанға оралуы және оралғысы келетіні үшін жағдай жасау. Тек, айталық, Нұр-Сұлтан мен Алматыны ғана емес, жұмыс табу қиын, артта қалған өңірлерді де дамыту керек» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).

«Жастарға үлкен қалаларда ғана емес, облыс орталықтары мен ауылдар деңгейінде де жағдай жасау қажет. Жастар басқа жаққа ұмтылмасын деп. Егер олар тұратын жерде бәрі қолайлы болса, онда олардың демалуына және өзін-өзі дамытуға және оқуына жағдай жасалса болды. Ең бастысы, олар бұл жерде өздерін қалай және қайда қолдануға болатынын көреді. Олар осында жұмысқа тұра алады, олар осында жұмыс істей алады, олар мұны істей алады, сонда менің ойымша, бұл шетелдегі оқу көші-қонына сонша уақыт пен күш-жігер жұмсап, қадағалаудан гәрі әлдеқайда тиімді болады деп ойлаймын. Алдымен өз үйімізде бәрін ретке келтіруіміз керек» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗИ ҚҚ).

«Жергілікті билік... бұл жергілікті билікке қаншалықты міндет қойылғанын білмеймін. Бұл әлі есеп беретін министрліктердің міндеті деп ойлаймын. Ең алдымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі. Яғни, модернизация жасау керек. Жастардың наразылық білдірмеуін қамтамасыз етуге бағытталған осындай сапалы жаңғырту болуы керек, наразылық көңіл-күйінің қандай екенін ескеру қажет. Жастар жұмыс істеймін десе, жұмыс берілсін. Біз оқу және еңбек көші-қоны туралы айтып отырмыз, ал олар оқуға дайын, дамуға дайын, жұмыс істеуге дайын және сол үшін лайықты жалақы алуға дайын. Осының бәрі туған жерінде болса, шетелге оқуға кетудің мәні болмас... Оқуын аяқтаған соң қайтады, тек демалуға кетеді. Бұл да сұрақ. Немесе саяхат мақсатында» (сарапшы, халықаралық қатынастар бойынша PhD докторы).

«Жастардың ауылдық жерде қалуға мүдделі болуы үшін, сол жерде қалғысы келетіндей не істеу керектігін ойластырған жөн. Әйтеуір ауылдың беделін көтеру керек, ол жақта қандай жұмыс орындарын ашуға болады, ауыл жастарын туған жерде өзін-өзі қолдана білуге қалай үйрету керек, соны ойластыру керек. Менің ойымша, бұл қазір маңыздырақ» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗИ ҚҚ).

«Әрине, оны тежеу керек, оны реттеу керек, барлық тәуекелді есептеп, демографиялық зерттеу жүргізілуі керек. Көп нәрсе істеу керек. Білім беру бағдарламаларында да, жұмыспен қамту бағдарламаларында да жұмыс істеу қажет. «Жастарды жұмыспен қамту шаралары» деп аталуынан өз басым ешқандай перспектива көріп тұрған жоқпын. Бұл жалпы алғанда экономика мен

еңбек нарығын реформалау шаралары болуы керек» (этнодемографиялық процестер жөніндегі сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).

Оқу-ағарту министрлігіне, Ғылым және жоғары білім министрлігіне, білім беру ұйымдарына, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

**Екіншісі – Қазақстанда білім беру сапасын оның барлық деңгейінде түбегейлі жақсарту бойынша жүйелі шаралар қабылдау керек. Сонымен бірге еңбек нарығының қажеттіліктерін нақты түсініп, мамандарды даярлауды осы қажеттіліктерге бейімдеу керек.**

Білім беру бағдарламалары қайта қаралуы керек, ең жақсы үлгілерге сүйену керек, қажет емес нәрселердің бәрін алып тастап, тек ең қажетті пәндерді қалдыру керек.

Болашақта қазақстандықтар үшін де, шетелдік студенттер үшін де (Чехия үлгісі бойынша) **Қазақстанның мемлекеттік ЖОО-ларында тегін білім алуды** қарастыру керек.

Сарапшының пікірінше, көші-қонды, ең алдымен оқу көші-қонын тежеу шараларының бірі **қазақстандық жоғары оқу орындарын нығайту, алдымен қазақстандық талапкерлер үшін ғана емес, шетелдіктер үшін де білім сапасы жағынан тартымды бірнеше «зәкір» университетін құру** болуы мүмкін.

«Болашақ» бағдарламасы арқылы ғана емес, басқа да бағдарламалар мен бағыттар бойынша қазақстандық студенттердің академиялық ұтқырлық жүйесін одан әрі дамыту.

Жоғары білімнің «культінен» бас тарту идеясын біртіндеп алға жылжыту ләзім. **Орта кәсіптік және техникалық білім берудің беделін көтеріп**, осы білім түрінің артықшылықтары, өзектілігі мен жұмысқа орналасу перспективалары туралы кеңінен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

**«Жауап анық – жақсырақ білім беру бағдарламалары қажет. Бар болғаны артық нәрсені алып тастап, ең қажеттісін ғана қалдыру керек» (этнодемографиялық процестер жөніндегі сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары).**

**«...Не істеу керек, білімімізді өз халқымыз үшін де, басқалар үшін де қалай тартымды ету керек? Елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның білім деңгейі де соғұрлым жоғары болады. Әсіресе ЖОО-да. Ал жоғары білім деңгейі жоғары болған сайын елдің өзінің әлеуметтік-экономикалық деңгейі де жоғары болады. Тиісінше, тартымдылық, миграциялық тартымдылық жоғары болады. Территорияның өзі де, онда орналасқан оқу орындары да тартымды болмақ» (сарапшы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Алтайтану» ҒЗО).**

**«Ендеше, егер біз біреу Қазақстан Республикасында қалғанын қаласақ, академиялық ұтқырлық тек «Болашақ» бағдарламасы арқылы ғана дамымауы үшін білім берудің әрбір деңгейінде – орта және жоғарыда жүйелі өзгерістер қажет. Басқа шаралардың қатарында әртүрлі университетте білім алу бар, бұл ұтқырлықты айтарлықтай арттырады. Яғни, студенттерді Қазақстан Республикасына тартуға, сондай-ақ қазақстандық студенттерді қайтаруға көмектесетін шаралардың толық тізімі және бұл ұсыныстардың бәрі дерлік сіздің баяндамаларыңызда бар, тек соларды оқып шығып, оларды шығарып алу керек. Сондай-ақ Эберт қорының, ЮНЕСКО-ның, ХБҰ-ның баяндамаларын да қарау керек» (сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РҒА ХБИ Көші-қонды**



**зерттеу орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қоны жөніндегі ғылыми-зерттеу кеңесінің мүшесі).**

«...Жоғары білім культінен бас тарту керек. Осы ретте бірнеше жылдан бері орта арнаулы білім беруді алға тартып келе жатқан мемлекетімізге қолдау көрсетуіміз керек. Қазірдің өзінде көптеген ата-ана бұрын КТУ деген не деген қорқынышты сөз деп ойлай бастаған, ал қазір колледж деп аталатын мекемелердің жетістіктер бар – бұл қандай да бір мамандық алу үшін жақсы амал, содан кейін жоғары оқу орындарына түсуге де болады» **(сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗИ ҚҚ).**

«Мүлдем жеткіліксіз. Қазір болып жатқан нәрсенің бәрі білім беруді өлтіруге бағытталған. Әрине, артықшылықтары көп Болон жүйесі біздің білім беру жүйемізге жеткілікті түрде бейімделмеген. Оқу процесінде орын алатын шектен тыс бюрократия оқу процесінің өзін нөлге дейін төмендетті. Міне, осында түбегейлі өзгеріс қажет. Біздің жоғары біліміміз баяғыда тұғырдан төмен түскені баршаға аян. Ал кейбір рейтингтердің басында тұрмыз деген сөздердің бәрі болмашы бір миф» **(Орталық Азия және Қытай елдеріндегі көші-қон бойынша сарапшы, саясат ғылымдарының докторы, профессор).**

Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Оқу-ағарту министрлігіне, білім беру ұйымдарына:

Жастардың жұмыс тәжірибесінің аздығы да олардың бәсекеге қабілеттілігін әлсіретеді. **Студенттердің оқу барысында, жұмыс істеп тұрған мамандандырылған кәсіпорындар базасында практикалық тәжірибе жинақтауы аса қажет.** Қосарлы жүйені барынша тиімді пайдалану керек. Ол үшін жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жарақтандырылуын жақсарту, сондай-ақ әлеуетті **жұмыс берушілермен тығыз жұмыс жасау қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына өз ұсыныстарын енгізуге дейін баруы шарт.**

**«IT мамандықтары, тау-кен өнеркәсібі, химия өнеркәсібі саласындағы бизнес өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеудің жинақталған тәжірибесін пайдалануға болады» (халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).**

**«Жоғары оқу орындарындағы емтихан комиссияларының құрамына болашақ қызметкерлерін білім алу сатысына қарай алатын жұмыс берушілерді қосу ұсынылады» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗИ ҚҚ).**

**Орта кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға, оқу ақысын төлеу деңгейін төмендетуге немесе барлық ТЖББ ұйымында оқуды ақысыз етуге қатты назар аудару қажет.** Осы уақытқа дейін орта техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі еңбек нарығындағы өзгерістерге ілеспе алмай келеді, білікті жұмысшыларға деген қазіргі сұранысты (қысқамерзімді перспективадағы әлеуетті сұранысты айтпағанда) толық қамтамасыз ете алмайды. Сарапшының айтуынша, қазіргі уақытта экономиканың құрылымы өзгеруде, кейбір мамандық «кетіп жатыр», басқалары пайда болуда. Сарапшының айтуынша, **қазір кәсіптік білім берудің үш бағытын дамыту қажет: іс жүзінде техникалық, сервистік (қызмет көрсету саласында) және ақпараттық технологиялар саласында.** Бірақ бұл мамандықтарға сұраныс әлеуметтанулық және басқа зерттеулер барысында үнемі тексеріліп отыруы керек.

**«Кәсіпорындарға тәжірибелі адамдарды жұмысқа алуға мүдделі. Ал жастарда, әрине, оқуды бітіргеннен кейін мұндай тәжірибе болмайды. Міне, тағы бір сұрақ туындайды, өзгертуді қажет ететін тағы бір мәселе – тәжірибенің негізі. Бұл бір бизнес пен оқыту мен білім беру жүйесінің жиынтығы. Бұл оқу**

бағдарламасын, оқу жоспарын жасауға бизнестің әсері болу керек деген сөз. Яғни, сол студенттерге нені, қалай үйрету керек. Университеттермен және IT мамандықтары бойынша, тау-кен өнеркәсібіндегі, химия өнеркәсібіндегі кәсіпорындармен осындай тікелей байланыс бар. Бірақ бұл барлық жерде емес және әрқашан емес» (халықаралық қатынастар және қауіпсіздік саласындағы сарапшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор).

«Жастарда жұмыс тәжірибесі жоқ және бұл жерде сіз айтқандай «жұмыс берушілер не істей алады?» дегенді түсіну маңызды. Тек бітірушілер үшін ғана жұмыс орындарын ашуға болады немесе ЖОО-ны жаңа бітірген жастарға қандай да бір квота бөлуге болады» (сарапшы, PhD, ассистент-профессор, Назарбаев Университеті).

«...Білім беру жүйесін өзгерту үшін бірдеңе ұсыну керек. Бірақ мен олардың тым болмағанда логистикалық жағын жабуын қалаймын. Қалай дегенде де олар біздің университеттерді жақсылап жабдықтасын. Студенттеріміз білім алуы үшін практикалық сабақтар сонда өз деңгейінде өтер еді. Содан кейін маман, шартты маман келсе, университеттен кейін өндіріске, бұл өндіріс оған бәрін үйрету үшін бір жылға жуық уақыт жоғалтады. Ал жұмыс беруші оның өзіне тиімсіз екенін айтып шағымданады. Емтихандар қазір қабылданып жатқанда, комиссиялар міндетті түрде емтихан тапсыратын саладағы жұмыс берушіні қамтуы керек. Білесіз бе, жұмыс берушілер емтихан алушы болуға келісуге дайын. Неліктен? Өйткені олар университет әйтеуір дайындаған сол бір гауһар тастарды өздері іздеп жатыр. Олар оны қазір алып, содан кейін жылтыратуы мүмкін» (сарапшы, әлеуметтанушы, «Стратегия» ӘСЗИ ҚҚ).

«Орта арнаулы техникалық білім беру жүйесіндегі мәселелер де шешімін тапқан жоқ: кейінгі жылдары мамандандырылған оқу орындарының саны көбейгенімен, олардың бір бөлігі ақылы, технологиялық жабдықтардың ақсап тұр, т.б. Орта кәсіптік білім беру жүйесі жұмысшыларға деген қажеттілікті қанағаттандырмайды» (сарапшы, әлеуметтанушы, миграциолог, РФА ХБИ Көші-қонды зерттеу орталығы жанындағы ТМД елдерінің көші-қоны жөніндегі ғылыми-зерттеу кеңесінің мүшесі).

